

А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті

ӘОЖ:811.512.122'355:636

Қолжазба құқығында

БАЙТЕЛИЕВА ЖАНАР ДӘРІБЕКҚЫЗЫ

**Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты
фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі**

10.02.06 – түркі тілдері

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының
докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі
Ә.Т.Қайдар

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2007

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты тақырыптық- мағыналық топтардың этномәдени мәні	9
1.1 Жылқы ұғымының мәдени, тарихи, этнографиялық, тілдік т.б. тұрғыдан зерттелу жайы.....	9
1.2 Жылқыға қатысты ФТ-терді тақырыптық-мағыналық топтарға бөлудің теориялық негіздері.....	15
1.3 Жылқыға қатысты қалыптасқан ФТ-тердегі уәжділік сипаты.....	20
1.3.1 Жасы мен жынысына қатысты уәжділік.....	22
1.3.2 Түр-түсіне байланысты уәжділік.....	25
1.3.3 Сыны мен бабына қатысты уәжділік.....	30
1.3.4 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты уәжділік.....	36
1.3.5 Жылқы шаруашылығына қатысты уәжділік.....	42
1.3.6 Дене мүшелері мен ауруларына қатысты уәжділік.....	44
1.3.7 Ат әбзелдеріне қатысты уәжділік.....	47
2 Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терді зерттеудің антропоцентрлік аспектісі	53
2.1 Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	54
2.1.1 Салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	61
2.1.2 Халықтық өлшемдерге байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық табиғаты.....	67
2.1.3 Әлеуметтік-қоғамдық факторларға байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	70
2.1.4 Дене мүшелеріне байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	73
2.1.5 Қимыл-қозғалыстары мен күй-жайына байланысты қалыптасқан фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	77
2.1.6 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	78
2.1.7 Түр-түсі мен ауруларына қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	80
2.1.8 Мінезіне қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты.....	82
2.2 Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	84
2.2.1 Мінезіне байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	88
2.2.2 Салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	90

2.2.3 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	94
2.2.4 Жылқының бабына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	96
2.2.5 Қимыл-қозғалыстары мен күй-жайына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.....	98
2.3 Түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар.....	99
2.4 Жылқы малына қатысты ФТ-терге ұйытқы болған сөздердің этимологиялық негіздері.....	104
Қорытынды.....	113
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	115
Қосымшалар.....	122

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын биік көтерген қазақ елінің бүгінгі таңдағы алдына қойған мақсаты – дамыған елу ел қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – қай сала болса да барынша еңбек етіп, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау. Осыған байланысты қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулерде қазақ ұлтының болмысы, дүниетанымы тілінде сақталған құнды дүниелерімен танылуда. Академик Ә.Т.Қайдардың осы бағыттағы «Қазақтар: ана тілі әлемінде» және «Қазақ қандай халық» атты көлемді еңбектерін жазу үстінде екендігі ғылыми көпшілікке белгілі. Сонымен қатар ғалымның жетекшілігімен қазақ этносының тілін дүниетанымымен, салт-дәстүрімен, наным-сенімімен байланыстыра зерттеу ісі кеңінен қолға алынып отыр. Себебі қай халықтың болса да қоршаған ортаға, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі қажеттіліктерге байланысты санасындағы ойы, ұғымы тілі арқылы жарыққа шығатыны қазіргі тіл білімінде антропоцентрлік бағыт арқылы дәлелденуде. Осыған байланысты этномәдени мұра, ұлттық таным негізінде жасалған айшықты тұжырым ретінде фразеологиялық тіркестерді (ФТ) зерттеудің мәні зор. Осындай халықтың жадында сақталып, бүгінгі күнге жеткен сөз байлығымызды жинап, толық меңгеріп, өзіндік нақыш-баяуымен келесі ұрпаққа табыс ету – бүгінгі таңдағы қазақ тіл білімінде қалыптасқан этнолингвистика саласының негізгі міндеттерінің бірі.

Профессор Е.Жанпейісов тіл мен этностың арақатынас мәселесін әріден келе жатқан, ежелден бар құбылыс екендігін айта отырып, «тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты» деп тұжырымдайды [1, 7 б.].

Этнолингвистика термині ғылымда Б.Уорф пен Э.Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясынан қалыптасып, «Сепир – Уорф болжамы» деген атқа ие болған.

Этнолингвистика идеясын одан әрі дамытқан, оны әр қырынан және әр деңгейде қарастырған В.Гумбольдт, В.Вундт, А.А.Потебня, Г.Шухардт, Ф.де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ т.б. ғалымдардың зерттеулері этнолингвистиканың «этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқандығын дәлелдей түссе, Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Ф.Журавлев т.б. орыс ғалымдары этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу үрдісін ұстанғаны да белгілі.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың ғылыми-теориялық алғышарттары Ә.Т.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жасалса, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.А.Манкеева, Б.Қалиев, Г.Смағұлова, Р.Авакова, С.Сәтенова, Р.Шойбеков, Қ.Ғабитханұлы, А.Жылқыбаева, Ш.Сейітова, Ш.Қарсыбекова т.б. ғалымдардың жұмыстарынан этнолексиканың

зерттелуіне байланысты этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады.

Қазақ халқының ұлттық болмысы мен танымын көрсететін қазақ тілінің сүбелі қабаттарының бірі – төрт түлікке байланысты, оның ішінде жылқы малына қатысты ФТ-тер деуге болады. Оның нақты көрінісінің дәйегін Т.Қоңыровтың «Қазақ тіліндегі тұрақты теңеулер сөздігінде» берілген 5000 фразеологизмнің 1300-і (25 %) жануарлар атауларымен байланысты болса, оның 449-ы үй жануарлары және оның ішінде ең көбі жылқы малына қатысты фразеологизмдер (103-і, 22,9 %) екенінен көруге болады [2].

Төрт түлікке қатысты ФТ-терді зерттеуге байланысты теориялық мәселелердің ғылыми негізі І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, М.М.Копыленко, С.Сәтенова, Г.Смағұловалардың зерттеу еңбектерінде кеңінен қарастырылады. ФТ-тер қалыптасуының нақты уәжділік және этнолингвистикалық сипаты А.Жылқыбаева, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, Б.Дина, Ш.Қарсыбековалардың зерттеулерінің арнайы зерттеу нысаны болған.

Қазақ этномәдениетін сипаттайтын өзекті арқаудың бірі – қазақ тілінде жылқы малына қатысты қалыптасқан ФТ-тер. Осыған орай аталмыш зерттеудің мақсаты – сөздік қорымыздағы жылқы малына қатысты ФТ-терді барынша жинастырып, тілдік деректерді молынан беру, олардың мағынасын экстралингвистикалық факторлар арқылы ашуға талпыныс жасау.

Қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков: «Ана сүті мен жылқы сүті – біздің тарихымыздың басы», – десе, Қажытай Ілиясұлы: «Қазақ тарихы – жылқы тарихы да, жылқы тарихы – қазақ тарихы», – дейді. Ал қазақ менталитетін философиялық негізде сипаттаған философ-ғалым Д.Кішібеков өз еңбегінде Иран (парсы) мен Тұран арасындағы соғысты бейнелеген Әбілқасым Фирдоусидің «Шах наме» (шахтар кітабы) деп аталған данышпандық шығармасындағы *Тұран* деген атаудың мағынасын «аттылар», «жылқы өсіруші елдер» деп түсіндіреді [3, 10 б.].

Демек, өзіндік мәдениетіне сәйкес күнделікті өмірінің әрбір кезеңін жылқы малымен тығыз байланыстырған қазақ халқы оның (жылқының) өсу, даму кезеңдерін жіті қадағалап, тани білген. Сондықтан да қазақ тілінің сөздік қорында жылқы малының жасына, жынысына, мінезіне, түр-түсіне, қызметіне т.б. байланысты тілдік бірліктердің көптеп қолданылуы – заңды құбылыс. Дегенмен, біз бұларды күнделікті өмірімізде дайын тілдік материал ретінде пайдаланып жүргенімізбен, олардың жасалу жолының этномәдени негіздеріне мән беріп, уәждерін біле бермейміз.

Ұлттық болмыс пен төл мәдениетті тану мен танытуға қатысты тілде қалыптасқан жылқы малына байланысты ФТ-тердің, тарихи-этнографиялық деректердің этнолингвистикалық сипатын зерттеу, талдаудың өзектілігі дау туғызбайды. Сондықтан да бұл тақырыптың этнолингвистикалық тұрғыдан алынып, арнайы қарастырылуы және жылқы малына қатысты ФТ-терге халқымыздың ертедегі дүниетанымы мен наным-сенімдерінің, салт-дәстүрлерінің, әлеуметтік-қоғамдық факторларға қатысты ұғымдарының негіз болып, абстракцияланып, уақыт өте келе адамды бейнелеуге, танытуға дәйек болуын тілдегі нақты

да, бай тіл деректері негізінде анықтау, дәлелдеу – зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақ тілі тілдік деректеріндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің танымдық мәні, жасалу жолдары мен этнолингвистикалық табиғатын ашу – зерттеудің нысанына жатады.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің этнолингвистикалық сипаты.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің этномәдени уәждемелерін анықтау. Осы мақсатқа сай алдымызға төмендегідей міндеттерді қойдық:

- жылқы малына байланысты қазақ тіліндегі және басқа түркі тілдеріндегі зерттеулерге, мәліметтерге тақырыптық-мағыналық тұрғыдан ғылыми шолу жұмысын жүргізу;

- қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терді жинастырып, тақырыптық топтарға жіктеу;

- қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің уәжділік сипатын анықтау;

- қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің этнолингвистикалық табиғатын экстралингвистикалық факторлар арқылы айқындай отырып, мағынасын ашу;

- түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау;

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық зерттеу, жүйелеу, тақырыптық-мағыналық топтастыру, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысының дереккөздеріне: Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі (І.Кенесбаев, 1977), Ә.Қайдардың «Халық даналығы» және «Тысяча метких и образных выражений» сөздіктері, Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегі, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (он томдық: 1974-1986), Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (1966), Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (2005), Кыргыз тилинин фразеологиялық сөздүгү (Ж.Осмонова, К.Конкобаев, Ш.Жапаров, 2001), Türk atasözleri (1993), Древнетюркский словарь (1969) және С.Сәтенованың, Е.Жанпейісовтің, Ж.Бабалықұлының, Х.Арғынбаевтың, А.Тоқтабайдың, С.Қасимановтың, Ә.Ермековтің еңбектері, халық ауыз әдебиеті үлгілері алынды.

Зерттеу жұмысының әдістанымдық негіздері. Зерттеу жұмысына қазақ тіл біліміндегі Ә.Қайдар, Р.Сыздық, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың зерттеу қағидалары теориялық-әдістанымдық тұрғыдан басшылыққа алынып, жұмыстың орындалып шығуына ғылыми негіз болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен нәтижелері. Бұл жұмыста қазақ тіліндегі жылқыға қатысты ФТ-тердің этномәдениетпен сабақтастығы

этнолингвистикалық аспектіде арнайы зерттеліп, төмендегідей нақты нәтижелер қорытындыланды:

- жылқы малына қатысты ФТ-тер жинақталып, тақырыптық-мағыналық топтарға жіктелді;

- жылқы малына қатысты біршама ФТ-терге этнолингвистикалық түсінік берілді;

- жылқы малына қатысты ФТ-тердің этнолингвистикалық сипатын дәйектейтін уәждік белгілері анықталды;

- жылқы малына қатысты ФТ-терге ұйытқы болған біршама сөздерге этимологиялық талдау жасауға талпыныс жасалды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы. Қазіргі уақыт талабында белгілі бір ұлт этносының дүниетанымын, ой-санасын, өркениеті мен мәдениетін тіл арқылы, оның ақпараты арқылы білу – ең маңызды да өзекті мәселелердің бірі. Бұл – қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоцентрилік бағытқа толығымен сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан талдап ашып беру, олардың этномәдени мағыналарын анықтау, «тіл мен ұлт», «тіл мен мәдениет» қағидасына сәйкес интерпретация жасаудың мәні ерекше. Осымен байланысты зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен нақты нәтижелер қазақ тіл білімінің этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының қалыптасуына өз деңгейінде теориялық үлес қоса алады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысы нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын – тіл тарихы, лексикология, фразеология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының теориялық курстарын оқытуда, түрлі арнаулы семинарлар мен курстарды жүргізуде қолдануға болады деп санаймыз.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысы нәтижелерін сөздіктер құрастыруда, мәдени коммуникация қызметтерінде практикалық тұрғыдан құндылығы бар деуге болады.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

- Қазақ тілінің сөздік қорында жылқыға қатысты қалыптасқан ФТ-тер – ұлт болмысы мен мәдениетін сипаттайтын негізгі этномазмұнды ақпарат көздерінің бірі;

- жылқы малына қатысты ФТ-тердің жасалуына жылқының жасы мен жынысына, тегі мен табиғи ерекшеліктеріне, дене мүшелеріне, түр-түсіне, жылқы ауруына, сыны мен бабына, мінезіне, түрлі жай-күйі мен қимыл-қозғалысына, жылқы шаруашылығына, ат-әбзелдеріне қатысты этномәдени атаулар уәж болған;

- жылқы малына қатысты ФТ-терді толық жинақтап, олардың жасалу уәждерін ашып көрсету – этнолингвистика мәселелерінің бірі;

- жылқы малына қатысты қалыптасқан ФТ-тер халқымыздың дүниетанымы мен наным-сеніміне, салт-дәстүріне, әлеуметтік-қоғамдық факторларға байланысты бейнесін жасауға қатысты коннотациялық сипаттағы тілдік бірліктер;

- жылқы малына қатысты ФТ-терге көбінде жылқының тек жақсы қасиеттері негіз болған;

- зерттеу материалы тақырыптық-мағыналық топтарға сараланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері М.Х.Дулари атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткен М.Мырзахметұлының 75 жасқа толу мерейтойына арналған «Түрік халықтары әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: өткені, бүгіні және ертеңі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Тараз, 2005), Тараз мемлекеттік педагогикалық институты ұйымдастырған «Жас ғалым – 2005» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияда (Тараз, 2005), академик Ө.Айтбаевтың 70 жылдық мерейтойына байланысты өткен «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2007), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы «Лингвистикалық жұма» атты ғылыми-әдістемелік лингвистикалық семинарда (2007, маусым) баяндалды.

Зерттеу жұмысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарында, ғылыми басылымдарда 7 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ФТ-ТЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ

Ә.Т.Қайдардың этнолингвистикалық зерттеулердің негізгі қағидасы боларлық мына тұжырымын жылқыға қатысты тілімізде қалыптасқан сан түрлі тақырыптық-мағыналық топтардың этномәдени уәждерін анықтауға негіз деп санаймыз:

«Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» [4, 18 б.].

Демек, тіл арқылы ұлтты тануға бағытталған осы тектес зерттеулердің мәні, пайдаланатын деректері кешенді сипатта болады. Этнолингвист-ғалым тек тілдік деректермен шектелмей, тілтанымдық негізге ғана сүйенбей, сонымен бірге зерттеу барысында этнографиялық, тарихи, философиялық, фольклорлық т.б. зерттеулермен де шектесіп, кешенді зерттеу жүргізеді. Бұл қағиданың жылқыға қатысты тілде сақталған мұрамызды зерттеуге тікелей қатысы бар. Атап айтқанда, қазақ мәдениетіндегі жылқы мәні туралы басқа да ғылым салаларының зерттеу нәтижелері мен мәліметтеріне назар аудару – тиімді әдіс. Себебі төменде келтірілген әртүрлі этномәдени уәждердің ономонологиялық түсініктемелері көбінесе экстралингвистикалық факторлармен байланысты.

1.1 Жылқы ұғымының мәдени, тарихи, этнографиялық, тілдік т.б. тұрғыдан зерттелу жайы

Тұлпар аттар – қазақ тарихының ұлы тарауы. Ол тарауларсыз даланы, туған жерінді тану, сүю мүмкін емес. Әлі күнге қазақтың атты көрсе, мінгісі кеп, шапқысы кеп кететіні – қандағы өлмес қасиет. Белгілі шығыс зерттеушісі, түркітанушы ғалым В.В.Радлов: «Қазақтар үшін ол малдың (жылқының) асыл тастай көркі – барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Қазақ атты сүйікті әйелінен де артық көреді. Өте әдемі, текті ат үшін жұрт сыйлайтын өте әділ де адал адамдардың өздері ұрыға айналады», – деп жазады [5, 67 б.].

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, біздің жыл санауымыздың IV мыңыншы жылының соңында Еуразия сахарасының адамдары даланың ең жүйрік аңы – жылқыны қолға үйреткен. Осы кезеңнен бастап салт атты көшпелілер пайда болған. Белгілі зерттеуші археолог К.Ақышев тағы жылқыны қолға үйретуді: «Верховой конь в истории развития человеческой цивилизации сыграл такую же роль, как паровая турбина для прогресса в индустриальную эпоху.

Использование верховного коня, а затем коня как упряжное животное, ознаменовало начало покорения человеком времени и пространства», – деп жоғары бағалайды [6, 107 б.]. Шығыс және Батыс деректеріне қарағанда, жылқы малы алғаш рет Орта Азияда Түркістанның Иранға жақын өлкелерінде қолға үйретілген. Негізінде бұның б.э.б. 8000–4000 жылдар арасында болғандығы айтылған. Өйткені Орта Азияда, түркілердікі деп анықталған қорғандарда жасалған археологиялық қазбалардан шыққан нәтижелер бұл теорияны дәлелдейді [7, 26 б.] .

Қытай тарихшыларының айтуына қарағанда, Өзбекстанның Ферғана өлкесінде өсірілген асыл тұқымды жылқыларды алу үшін Қытай соғыс жариялаған. Ферғана өлкесі соғыста жеңілгені үшін келісімшарт бойынша Қытайға жыл сайын бұл өлкеде өсірілген айғырлардан жіберіп тұрған, сөйтіп жергілікті Қытай жылқыларының тұқымын жақсартып отырған. Қытайлар атты әскери бірліктерін түркілердің жылқыларын пайдалана отырып құрған, жоңышқа егуді, жылқыларының күтілуі мен бапталу техникаларын түркілерден үйренген. Сондай-ақ, Қытай тарихшыларының мәлімдеуінше, ғұндардың ерекше сүйгені – бәйге бермес жүйрік тұлпарлар болған. Қытай әскербасылары ғұн жылқысын ерекше бағалаған. Күніне мың ли (500 км) жүгіретін олардың тұлпарларын «айтылмайтын ұлы қазына» – деп, оларды «тәңірлік», «мың лилік», «хан терілік» деп атаған [8, 156 б.]. Қазақтар жүйрік аттарды *тұлпар*, *сайгүлік*, *арғымақ* деп атаған. Қандай тұлпар аттар болғаны қазақтың көптеген аңыздарында, эпос жырларында керемет суреттеледі. Мәселен, Қобыланды батырдың Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, ХІХ ғасырдағы тұлпар аттың ардақтысы – Саңырақтың Құлабестісі, Ақан серінің Құлагері т.б.

Жылқының күші де, көркі де, сүті де, жүйріктігі де – бәрі де халықтық қасиетті жасасқан мұралық дүниелер. Олай болса, тіліміздің сөздік қорында жылқы малына қатысты ФТ-тердің молынан қалыптасуы да орынды. Қазақ тіл білімінде жылқы малына қатысты ФТ-тер арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, көптеген түркітанушылардың, тілші-ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ғылыми мақалаларында сөз болған.

Міне, осы орайда көне замандардан бергі рухани өміріміздің байлығын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттауда ерекше рөлі бар жылқы малына қатысты ФТ-терді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу – олардың жасалу жолдарын анықтай отырып, шығу тарихына, мазмұнына, уәждеріне тереңірек қарауға мүмкіндік береді.

Жалпы түркітануда жылқы малы атауларын сөз еткен авторлардың ішінде Н.Махмудов (өзбек тілі), Р.Г.Ахметьянов (татар тілі), А.Шынардың (түрік тілі) еңбектерінің орны айрықша. Сондай-ақ, Т.Дүшеналиева (қырғыз тілі), Т.Урунов (өзбек тілі), М.Н.Губогло (гагауыз тілі), Э.Ф.Ишбердин (башқұрт тілі), К.А.Новиков (тұңғыс-манжұр тілі), Ц.Д.Номинханов (түркі-моңғол тілдері) т.б. ғалымдар зерттеулерінде жан-жануарлар лексикасы әр қырынан қарастырылып, оның ішінде жылқы малына қатысты пікірлер де берілген.

Қазақ тіл білімінде төрт түлік малға қатысты атаулар мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Ш.Жанәбілов (1953), Ә.Жақыпов (1983), Т.В.Линко (1989), С.К.Сәтенова (1990), М.С.Бейсенова (1997), Б.Тлепин (1997),

Р.З.Панзарбекова (1998), Б.С.Тоқтағұл (2005) сияқты тілші-ғалымдардың диссертацияларында жүйелі сөз болады. Сондай-ақ, Х.Арғынбаев, Ж.Бабалықұлы, Е.Жанпейісов, О.Нақысбеков, Ә.Ермеков, С.Қасиманов, Қ.С.Ахметжанов, А.Тоқтабаев, Ж.Сейітқұлова т.б. ғалымдардың зерттеу мақалалары мен еңбектерінде жылқы малына қатысты мәселелер әртүрлі дәрежеде қарастырылды.

Көне түркі тілдерінде жазылған ортағасырлық жәдігерліктерде жылқы малына байланысты сөздер, сөз тіркестері көбірек кездеседі. Айталық, М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» (XI ғасыр) сөздігінде төрт түлік мал атаулары молынан берілген. Осы жазба ескерткіш тіліндегі төрт түлікке қатысты атауларды зерттеген М.Бейсенова жылқы малының жасына, жынысына, түріне, түсіне, мінезі мен қимылына және басқа да ерекшеліктеріне байланысты қолданылатын атаулар, тұрақты тіркестер басқа түлік түріне қарағанда көп кездесетінін айта келе, мынадай нақты мәліметтер береді: «Диуани лұғат ит-түрkte» кездесетін 624 (кейде аз-кем қайталанып келеді) төрт түлік атауларының түркі тілдеріндегі 216-сы жылқы малына қатысты. Яғни М.Қашқари сөздігіндегі төрт түлікке қатысты сөздердің 3-тен 1-і жылқыға қатысты. Бұл – жылқы малының түркілердің өмірінде маңызды рөл атқаратындығының айқын дәлелі. Сөздіктегі жылқы малына қатысты сөздер бүгінгі түркі халықтарының ешбірінің тілінде дәл қазіргі қазақ тіліндегідей дәрежеде сақталмаған. 216 сөздің 99-ы қазіргі қазақ әдеби тілінде не говорында қолданыста бар. Мұның себебі, қазақтардың бұрыннан жылқының қадір-қасиетін танып-біліп, оны ата-бабаларымыздың ұрпағына мұра етіп қалдыра білгендігінде» [9, 157 б.].

XV ғасырда араб тілінен аударылып, Түркияда басылған ветеринарлық зерттеулерде түркілердің жылқы өсіруге байланысты деректері келтірілсе, XVIII-XIX ғасырларда жазылған сөздіктер мен ауылшаруашылығына байланысты, тарихқа байланысты еңбектерде төрт түлік атауларына аз да болса түсініктемелер берілген.

Осындай зерттеу еңбектердің ішінен белгілі түркітанушы В.В.Радловтың қазақ халқының малдары туралы жазған мақаласын [5] ерекше атау керек. Себебі бұл мақалада қазақтың төрт түлікке байланысты атаулары бұрынғы еңбектерге қарағанда жүйелі әрі кеңірек берілген. Зерттеуші мақаласы қазақ халқының тұрмыс ерекшеліктері жайлы қысқаша кіріспеден басталып, әр түліктің жағдайын таратып айтып, малда кездесетін індет ауруларына жеке-жеке сипаттама берумен аяқталады. Автор қазақтардың тұрмыс-тіршілігіндегі жылқы малының алатын орнына тоқталғаннан кейін үйірдегі жылқы санына, жылқының жасына, түсіне байланысты атауларды сөз етеді. Қазақтың барлық тіршілігі, қуаныш-қайғысы жылқымен ажыраспас байланыста екендігін, оның күйеу мен қалыңдыққа, ұрыста батырға, қаза болған иесінің денесін елге жеткізуде, тұлданған ат ырымында, құн орнына жүруде, ас кезінде т.б. тіршіліктің сан-салалы қажетінде атқаратын рөлін жазып қалдырған.

В.В.Радловқа дейінгі ғалым-саяхатшылардың ой-пікірлерін саралап, салыстырып қарағанда бұл тақырыпта А.Левшин жақсы ой айтқан: «Оның (қазақтың) атқаратын барша міндеттері мен қоғамдағы қарым-қатынастары осы

кәсіпке негізделген. Сондықтан оған қай жағынан көз жүгіртсек те сайма-сай қаруланған малшыны көреміз. Малға деген ықылас пен мал бағуда қалыптасқан дәстүр мен дағды оның қимыл-қозғалысына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына негіз, өзек болатыны анық» екендігіне көз жеткіземіз. Кейінгі зерттеушілердің арасынан Ф.А.Фиельструп қазақтарды қоршаған табиғат аясы, бағын мал түрлері және шаруашылықтың дәстүрлі формалары шешілместей түйінделген тұрақты құбылыс екендігін атап өткен болатын [10, 32 б.].

Төрт түлік мал атаулары туралы біршама толық мәліметтерді ХХ ғасыр ғалымдарының зерттеу еңбектерінен табуға болады.

Бұл жөнінде Е.Убрятова [11], Э.В.Севортян [12], А.М.Щербак, [13] Г.Ф.Благова [14] т.б. тілші ғалымдар өз еңбектерінде пікірлерін білдіріп кеткен.

Түркі тілдерін зерттеуші ғалым А.М.Щербактың [13] мақаласы түркі тілдеріндегі төрт түлік мал атауларына тілдік ғылыми талдау жасалған алғашқы құнды еңбек деуге болады. Бұл мақалада жылқы малына қатысты атаулардың біразының этимологиясымен бірге жан-жануарлар атауларының тізімі де берілген.

Р.Г.Ахметьяновтың ғылыми мақаласында [15] татар тіліндегі жылқы шаруашылығына қатысты атаулар жайы әңгіме болса, оның «Общая лексика материальной культуры народов среднего Поволжья» [16] деген еңбегі үй хайуанаттары мен құстарының атауларына, олардың түсіне қарай аталуына салыстырмалы және этимологиялық аспект тұрғысынан жан-жақты талдау жасауға арналады.

ХХ ғасырдың екінші жартысында Ц.Д.Номинхановтың түркі және моңғол тілдеріндегі [17], Э.Ф.Ишбердиннің башқұрт және моңғол тілдеріндегі [18], Е.Г.Корниловтың алтай және чуваш тілдеріндегі [19], К.А.Новиковтың [20] тұңғыс-манжур тілдеріндегі малға, жан-жануарларға, құстарға, балық, бұғы, піл атауларына қатысты материалдарды салыстыра зерттеген еңбектері шықты.

Белгілі ғалым К.М.Мұсаевтың 1975 жылғы еңбегінің [21] «Название животных» деген бөлімінде үй жануарларының жалпы қыпшақ тілдеріндегі атаулары бұған дейінгідей фонетика-морфологиялық және тарихи-лингвистикалық әдіспен ғана зерттелінбей, негізінен, лексика-семантикалық принциптер негізінде жүйеленіп, топтастырылып, олардың қолданылу ареалы нақтыланды.

Қазақ тіл білімінде төрт түлік мал атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу ісі 1950 жылдардан басталды десек, Ш.Жанәбіловтің [22] зерттеуін осы саладағы алғашқы жұмыс деуге болады. Бұл еңбекте қазақ тіліндегі мал атаулары лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелінбегенімен, жылқы малының жасына, жынысына, түсіне т.б. түрлі жай-күйіне байланысты біраз деректер таба аласыз. Бұдан кейінгі зерттеулер қатарына О.Нақысбековтың [23], С.Қасимановтың [24], Х.Арғынбаевтың [25], Ж.Бабалықовтың [26] еңбектерін жатқызуға болады.

Ал сексенінші жылдары зерттеу еңбектердің көлемі ұлғайып, тақырып жағынан сараланып, зерттеу мазмұны тереңдеу қарастырыла бастады. Мәселен, қазақ тіліндегі түйе атауларына арналған Ә.Жақыповтың [27] диссертациясында қазақ тіліндегі түйе шаруашылығына байланысты

атаулардың лексика-семантикалық классификациясы жасалып, атаулардың этимологиясы, диалектілерде қолданылуы, варианттылығы, басқа тілдердегі осындай атаулармен сабақтастығы сияқты мәселелер сөз етілді.

Т.В.Линконның зерттеу жұмысы қазақ және орыс тілдеріндегі жан-жануарлар лексикасын қамтиды [28]. Бұл зерттеуде автор атауларды латынша терминдермен берген: зооним – түріне, жасына, жынысына қарай мал атаулары, боонимдер (лат. *boos (bus)* – крупный – ірі қара, яғни сиыр атаулары, кабаллонимдер (лат. *cabobuss* – лошадь) – жылқы атаулары, камеллонимдер – (лат. *camellus* – верблюд) – түйе атаулары деп сипаттайды.

С.Сәтенованың «Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке» [29] атты ғылыми-зерттеу жұмысында төрт түлікке қатысты тұрақты тіркестердің бейнелі-аялық негізі кеңінен сөз болады. Жылқы малына қатысты тұрақты тіркестер мәселесі осы жұмыста алғаш кеңінен талданды деуге болады. Ғалым төрт түліктің ішінде жылқы малына қатысты тұрақты тіркестердің басқаларына қарағанда тілімізде мол кездесетіндігін айта келіп, біраз тіркестердің бейнелі-аялық негіздеріне тоқталған. Дегенмен бұл жұмыста жылқы малына қатысты ФТ-тер мәселесі түгел шешілді деуге болмайды. Біздің мақсатымыз жылқы малына қатысты осындай түйткілдердің шешімін табу болып табылады. Олар: бұл топтағы ФТ-тердің лексикалық қордағы орны, түркі тілдеріндегі сипаты, мағыналық-тақырыптық топтары, диалектілік ерекшеліктері т.б.

Жылқы малына қатысты мәселелердің зерттелінуі тек тіл біліміндегі еңбектермен ғана шектелмей, басқа да ғылым салаларындағы еңбектерден де орын алады. Мәселен, этнография саласы бойынша 1992 жылы қорғалған А.Тоқтабаевтың диссертациясы [30]. Диссертацияда тарихи деректер негіз етіп алынғанымен, жиналған көп материалдарда 200-ге жуық жылқы атаулары берілген. Әсіресе, жылқының түсіне қатысты атаулар көптеп келтірілген.

Қазақ және түрік халықтарының өркениетіндегі жылқының рөлін айқындау мақсатында жылқы және жылқы шаруашылығына байланысты атауларды салыстыра зерттеген түрік ғалымы Али Аббас Шынардың «Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі» [7] атты зерттеуінен түркі диалектілеріндегі жылқымен байланысты сөздер және осы сөздердің басқа да тілдерге енуі, жылқының түстері мен қасиеттері, халық ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрыптарындағы жылқының алатын орны сияқты мәселелер жайында мәліметтер аласыз.

«Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі» атты А.Мұқышеваның зерттеу жұмысы қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесінің сомдалуы мен өмір шындығын кейіпкер тағдыры және көркемдік мұратын зерттеуді мақсат еткен. Сол арқылы қазақ халқының жылқы малы туралы наным-түсінігі, жазушы ерекшеліктері, қазіргі әдебиеттегі тұлпарлар бейнесін жасаудағы ізденіс арналары, жазушы шеберлігінің сырлары кеңінен қарастырылған [31].

М.С.Бейсенованың жоғарыда аталған ғылыми зерттеуі М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атауларына арналады. Жұмыстың бір тарауында М.Қашқари еңбегінде кездесетін жылқы атауларына кеңінен тоқталып, жылқы малының жалпы атауларына, жынысына қарай

қойылған атауларға, жылқының табиғи ерекшеліктеріне байланысты, түсі мен түріне байланысты және жұмсалыу орнына қарай берілген атауларға этимологиялық талдау жасалған.

Б.Қ.Тлепиннің «Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты» [32] атты диссертациялық жұмысында қазақ тіліндегі қой-ешкі атауларының семантикалық топтары, қой-ешкіге байланысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер жинастырылып берілген.

Р.З.Панзарбекованың [33] ғылыми еңбегі қазақ тіліндегі жан-жануарлар төлінің атауларын қарастырады. Бұл жұмыста үй жануарлары ретінде төрт түлік малдың төл атаулары, оның ішінде жылқы малының төл атауларының дыбыстық және семантикалық өрісі туралы зерттеу жүргізілген.

Келесі зерттеу жұмысы [34] түркі тілдеріндегі төрт түліктің жас мөлшеріне қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипатына арналады. Бұл жұмыспен айналысқан зерттеуші Б.Тоқтағұл түркі тілдеріндегі төрт түлік малдың жас мөлшеріне қатысты атауларды бір лексика-семантикалық топ ретінде қарастырып, олардың танымдық мәні мен қолданылу шегіне жеке-жеке тоқталады.

Қазақ тіліндегі сакральды атауларды этнолингвистикалық аспектіде қарастырған А.Керімбаевтың ғылыми жұмысында [35] жылқының мифосалттық символикасы өте бай және алуан түрлі екендігі сөз болады. Қазақ халқының атқа қатысты көптеген наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары мен ырым-жораларында жылқының сакральды мәні айқын аңғарылады. Аттың сакральдығы «ат тұлдау», «баланы үзеңгіден өткізу», «жылқымен емдеу», «аттың жалын, құйрығын тұмар ету», «аттың басын жерлеу, жылқының қу басымен емдеу», «боз биенің сүтіне шомылу» т.б. тәрізді жораларда ашыла түседі. Диссертацияда жылқының сакральдығын көрсететін жоғарыдағы жоралар мен ғұрыптарға этнолингвистикалық талдау жасалған.

Жоғарыда аталған еңбектердің көбі дерлік жылқы малына қатысты түрлі мәселелерді арнайы емес, төрт түлікке байланысты мәселелер ішінде қарастырғандығы анықталды. Осы тұста «Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты» [36] атты жылқы малына байланысты атауларды алғаш арнайы тілдік тұрғыдан зерттеуге бағытталған Н.Айтбаеваның ғылыми жұмысын ерекше атап өткіміз келеді.

Н.Айтбаеваның зерттеу жұмысы 3 тараудан (1. Зерттеу тақырыбының теориялық негіздері мен жалпы мәселелері; 2. Жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық сипаты; 3. Жылқыға тән атау сөздер мен тұрақты тіркестердің дүниетанымдық сипаты) тұрады. Жұмыстағы 3-тараудың бір тараушасында жылқыға қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің дүниетанымдық сипаты сөз болады. Бұл жұмыста негізінен жылқы малына қатысты жалпы атаулар, жасы мен жынысына қатысты атаулар, дене мүшелеріне қатысты атаулар, тұқымы мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты атаулар, жүрісіне қатысты атаулар, түрі мен түсіне қатысты атаулар, жылқы атауларына қатысты онимдер т.б. және осы атаулардың жасалу жолдары қарастырылады.

Қысқасы, төрт түлік малға байланысты атаулардың, оның ішінде жылқы атауларының (сөз тіркестерінің, тұрақты тіркестердің) көне жазба ескерткіштерден бастап бүгінге дейінгі жарық көрген еңбектерде керегінше сөз болғандығына жоғарыда аталған мәліметтер дәлел болады.

Сондай-ақ, біздің зерттеу жұмысымызда көрнекті ғалым Ә.Т.Қайдардың төмендегі еңбектерінің атқарар рөлі ерекше.

Академик Ә.Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» [37] атты еңбегінде бір буынды түбір негіздің тізімінде 55 жануарлар атаулары келтірілген. Оның 16-сы жылқы атаулары. Ал келесі «Тысяча метких и образных выражений» [38] және «Халық даналығы» [39] атты еңбектерінде төрт түлік атауларына қатысты ФТ-тер этнолингвистикалық тұрғыдан сипатталады. Осы еңбектердің алғашқысында 63 төрт түлікке қатысты фразеологизм кездесе, оның 38-і жылқы малымен байланысты туындаған, ал соңғысында 311 төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдің 161-і жылқы малына қатысты екені айқындалды.

Заман ағымына қарай ғылымда да зерттеу әдістері түрлі бағыттарда даму үстінде. Жоғарыда шолу жасалған еңбектерден көзіміздің жеткені төрт түлік атауларын зерттеу сонау ХІ ғасырда тек сипаттау, салыстыру әдістерімен шектелсе, соңғы уақыттарда салғастырыла (Ц.Номинханов), тақырыптық топ аясында қарастыру (Б.Тоқтағұл), ономазиологиялық негізін анықтау (Ш.Жанәбілов) сияқты әр алуан объектілік тұрғыдан зерттеліп отыр. Ал соңғы 10-15 жыл ішінде дамып келе жатқан этнолингвистика ғылымының аясында төрт түлік ішіндегі жылқы малына қатысты ФТ-тер мәселесі арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Сондықтан да біздің жұмысымыз жылқы малына қатысты ФТ-терді осы аспектіде қарастыруға арналды.

1.2 Жылқыға қатысты ФТ-терді тақырыптық-мағыналық топтарға бөлудің теориялық негіздері

Қазақ этнолингвистикасы – зерттеу объектілерін өзара әрі іштей топтастыра зерттеу принципін қатал сақтауды талап етеді. Бұл жүйелілік принципі талабынан туындайтын әдіс-тәсілдердің біріне жатады. Ондай әдіс-тәсіл – түркі тілдерін зерттеудегі ертеден келе жатқан дәстүр. Ә.Т.Қайдар этнолингвистикалық деректерді «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеуді ұсынған. Олар іштей 30 үлкен (макро) топқа, ал олар өз ретінде 200-дей микротопқа бөлініп қарастырылады. Ғалым ана тіліміздің сөздік қорының мәйегі саналатын ФТ-тердің басым көпшілігінің қай кәсіпке байланысты туындағанына және қазіргі уақыттағы білдіретін ұғымына қарай топтастырудың қажеттілігіне ерекше мән береді. Осыған сәйкес жылқыға қатысты ФТ-тер «сатылы қатысты принцип» бойынша «Табиғат» макротобына енетін «жануарлар дүниесі» деген ірі тараудың «үй хайуандары», оның ішінде «төрт түлік мал» тобына кіретін «жылқы» микротобына жатады.

Сөздердің мағыналық сыбайластығы, жуықтығы оларды белгілі бір топқа басын құрап, белгілі бір жүйе ретінде талдауға мүмкіндік жасайды. Яғни бір лексикалық мағынаны негіз етіп, лексика-семантикалық немесе тақырыптық

топ құруға болады. Мысалы, төрт түлік мал атаулары, адамның жас мөлшеріне, төрт түлік малдың жас мөлшеріне байланысты атаулар т.б. М.М.Копыленконың «классификация по тематическим микросистемам показывает круг наиболее существенных в жизни данного народа понятий, по ассоциации с которыми формируется обозначение абстрактных образов, психологических, интеллектуальных, эмоциональных состояний, манеры поведения и проч» [40, с. 27] деген пікірі жоғарыдағы ойымызды толықтыра түсетіндей.

Фразеологиялық бірліктерді олардың семантикалық басымдықтары бойынша топтастыру қызығушылық туғызатыны күмәнсіз. Оларға мынадай фразеологиялық бірліктер топтарын жатқызуға болады: адамның алуан түрлі дене мүшелерін білдіретін сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын соматикалық фразеологиялық бірліктер – соматизмдер, қазақ фразеологизмдерінің ұлттық ерекшелігін белгілі бір дәрежеде анықтайтын зоонимдік фразеологиялық бірліктер, өсімдіктер дүниесінің ұғымдарымен байланысты фразеологиялық бірліктер т.б.

Тақырыптық принцип бойынша жалпы семантика мен ұғымдарды, заттар мен тіршілік құбылыстарын есепке алу негізінде жіктелетін қазақ тілінің ФТ-тері ірі топтарды құрайды. Бұл топтардың әрқайсысы өз кезегінде бірқатар топшаларға бөлінеді.

Төрт түлік малдың шыққан тектеріне, тұқымдарына, төлдеріне, адамның өмір тіршіліктеріне керекті күш-көліктеріне, сондай-ақ, малдың дене бітімдеріне, ен-таңбаларына, сымбат түрлеріне, мінез-құлықтарына және олардың еті мен сүтіне, жүні мен майына, терісіне т.б. байланысты айтылатын көптеген ФТ-тер қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамының ішіндегі елеулі де күрделі саласы болып табылады. Бұл мәселеде тек «түйе» малына, соның ішінде «нарға» байланысты сөз орамдарының өзі тілімізде қаншама. Айталық, қазақ асыл қылышты *нар кескен* десе, күштілікті, мықтылықты *нар жолында жүк қалмас* немесе *нардай екен* дейді. Ерлік, қайсарлықты *нар тәуекел*, қымбат ұғымын *ердің құны, нардың пұлы; қара нар, қалы кілем* деп те атайды. Тіліміздің сөздік қорын молайтуда, нақтылап айтқанда, байытуда бұл топтағы толып жатқан ФТ-терді жинап, бір жүйеге келтіру – бүгінгі тіл білімі үшін де, ертеңгі болашағымыз – жастардың біліктанымы үшін де өте қажет болып саналады.

Ф.П.Филин көпшілік ғалымдардың мал шаруашылығы, омарташылық, аңшылыққа т.б. байланысты атауларды тақырыптық топ деп қарауын дұрыстамай, бұларды лексика-семантикалық топ деп қарайды да, «лексика-семантикалық топ деп екі не одан көп сөздердің мағынасына қарай топтастырылуын айтамыз» [41, 223 б.] – деп анықтама береді. Сондай-ақ, кез келген лексика-семантикалық топ әйтеуір бір тақырыптық топтың құрамына еніп, соның бір элементі болады деген пікір білдіреді.

Жалпы сөздердің арасындағы мағыналық байланыстарды анықтауда тақырыптық топтар мен лексика-семантикалық топтарға бөлудің мәні зор. Тақырыптық топ сөздердің тек парадигмалық қатынасына негізделінбей, әрі парадигмалық, әрі денотаттардың арасындағы байланыстарға да сүйенеді. Яғни тақырыптық топ көлемі парадигмалық қатардан да, лексика-семантикалық

топтың көлемінен де кең болып келеді. Тақырыптық топтардағы сөздер өздерінің лексикалық мағынасының сыбайластықтарына негізделмей, өздері атау болған заттар мен құбылыстарға негізделетіндігін де ұмытпауымыз керек.

Дегенмен, бұл «Адам», «Қоғам», «Табиғат» макротоптық жүйесінің этнолингвистикалық зерттеулердегі мәнін, тақырыптық-мағыналық, лексика-семантикалық топтастырудың құрылымдық лингвистикадағы тиімділігін жоғары бағалай отырып, тілді ұлт танымымен тығыз байланыста қараған зерттеулерде сол ұғымның атауына не уәж болып тұр деген өзекті мәселе номинация теориясына сүйенуді қажет етеді. Оны пайдаланудың тиімді үлгісі қазақ тіл білімінде баршылық. Мысалы, Б.Қалиевтің, Ж.Манкееваның, Р.Шойбековтің т.б. зерттеулері бұған дәлел.

Өсімдік әлемінің ұлттық атауларын зерттеген Б.Қалиев бүгінде ғалымдардың атауға негіз болатын уәждеменің ортақ жүйесін төрт тақырыптық топқа (табиғат, адам, қоғам, таным) бөліп қарастыруды ұсынып отырғанын айта келе, номинацияның бұл принципін барлық тілдерге ортақ әмбебап деп тануға болатынын айтады [42, 53 б.].

Қазақ тілінің зергерлік өнерінің лексикасын зерттеген ғалым Р.Шойбеков номинациялық принцип деп сөз бен аталатын объекті арасындағы экстралингвистикалық байланысты, былайша айтқанда, атаудың жалпылама уәждік белгілер негізінде қалыптасуын айтады [43, 114 б.]. Ал экстралингвистикалық факторларды жан-жақты зерттемей тұрып, атаулардың шығу себебін анықтау оңай бола бермейді.

Нақты айтқанда, номинация теориясында нысанды, оның қызметін сипаттайтын, атау үшін негіз бола алатын ерекшеліктерін, айрықша белгілерін, сапаларын, яғни тілдік емес те уәждерін анықтауға назар аударылады. Сонымен, қазіргі номинация теориясында зат атауының негізіне уәж болған сол заттың ерекше белгілері, қасиеттері мен сапалары алынады.

Профессор Ж.Манкеева атау қызметі үш бөліктен тұратын қатынаспен сипатталатынын айтады: *реалий – ұғым – атау* [44, 249 б.]. Осыған байланысты атау мен зат арасындағы тілдік емес факторларды жан-жақты зерттемей тұрып, атаулардың шығу себебін анықтау оңай еместігін айта келіп, тіл біліміндегі атаудың (номинацияның) екі дәрежесін атап көрсетеді:

1) бірінші дәрежелі немесе алғашқы атау (первичная номинация). Ол – атаудың аталушы заттың қасиеттерімен уәжделеді.

2) екінші дәрежелі немесе кейінгі атау (вторичная номинация). Онда сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде өзін тудырған түбірмен мағыналық байланысы үзіледі.

Бірінші дәрежелі немесе алғашқы атаулар өте сирек құбылыс. Атауыш сөздер қоры негізінен екінші дәрежелі немесе кейінгі туынды атаулармен және кірме сөздермен толығыады. Алғашқы атаулардың туындылығы көбіне этимологиялық және тарихи талдау арқылы анықталады. Ал екінші дәрежелі немесе кейінгі атаулар (номинация) морфологиялық құрамы және мағынасы жағынан туынды.

Екінші дәрежелі атаудың барлық түрінің негізінде ойлаудың ассоциативті сипаты жатады. Ол көбінесе бұрыннан бар, етене таныс нәрселермен ұқсатумен байланысты болады.

Тіл білімінде сөздің уәжділігінің үш түрі ажыратылады:

- 1) дыбыстық уәж;
- 2) морфологиялық уәж;
- 3) семантикалық уәж.

Ж.Манкеева атауға негіз болған экстралингвистикалық және этнолингвистикалық қағидаларды семантикалық уәж ретінде көрсетеді [44, 256 б.].

Осыған сүйене отырып, халқымыздың тарихын, салт-санасымен байланысты қазақ тіліндегі жылқыға қатысты ФТ-тердің номинациясын анықтаудағы өзекті бір арна – этнолингвистикалық қағида деп танымыз. Мысалы: *ат жалын тартып мінді, ат құйрығын түйісті* т.б. Мұндай семантикалық уәжді арқау етіп дамыған атаулардың түрі тілдегі ерекше құбылыс.

ФТ-тер – өте күрделі лингвистикалық түзілімдер. Олардың күрделілігі құрылымдық типтерінің және синтаксистік модельдерінің көптігімен ғана емес, сонымен қатар тақырыптық та, семантикалық та көпқырлылығымен, алуан түрлі эмоционалды-экспрессивтік ой реңктерін көрсетудегі қабілетімен түсіндіріледі. Көптеген тілдердегі фразеологиялық бірліктерге осы ерекшеліктер тән болып келеді [45, 117 б.].

Бұл тұрғыдан алғанда қазақ тілінде тұтас тілдік байлықтың негізгі бөлігін және көркем-мәнерлеп сөйлеу тәсілдері әлеуетінің ең белсенді әрі шоғырланған бөлігін құрайтын ФТ-тердің типологиялық ерекшеліктерін зерделеу ғылыми-практикалық қызығушылық туғызатыны күмәнсіз. Сонымен қатар қазақ тіліндегі ФТ-тер тек таза сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да сипатталады. Ол тақырыптық көпқырлылығымен, семантикалық және құрылымдық алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Оларда халқымыздың өткен тарихи кезеңдері – оның әлеуметтік-экономикалық, материалдық және рухани мәдениетінің дамуы, ұлттық салт-дәстүрлері, қоғамдық тіршілігінің, тұрмысының, әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастарының және сыртқы дүниені қабылдауының және т.б. өзіндік ерекшеліктері тұтас көрініс тапқан.

Дегенмен қазіргі қазақ тіліндегі ФТ-тердің жалпы жүйесі мен мазмұны, негізгі құрылымдық-тақырыптық және семантикалық топтары мен жіктелген түрлері жөнінде мәлімет болмайынша, осы аталмыш салада ойдағыдай зерттеу жүргізу қиындық туғызары анық.

ФТ-тердің кейбір жекелеген топтарына біршама ғылыми талдаулар жасалған. Қазақ тіліндегі ФТ-терді топтастыру мәселесі С.Сәтенованың, Ш.Қарсыбекованың, Ш.Сейітованың зерттеу жұмыстарында қарастырылған.

Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдерді зерттеген С.Сәтенова тақырыптық топтарға жіктегенде, ең алдымен, тақырыптық топқа бөлуге негіз болатын тірек мүшені айқындау қажет екенін айтады. Сонымен қатар тірек мүшені айқындаудың екі шартын ұсынады: 1) жұп құрауы; 2) фразеологизмнің

мағынасына тірек болуы [46]. Осы екі шарт топтастыру кезінде негізге алынып отырған.

Қазақ тіліндегі өсімдікке байланысты тұрықты тіркестердің этнолингвистикалық сипатын қарастырған Ш.Сейітова зерттеу жұмысында [47] мынадай мақсаттарға сәйкес жинаған тілдік деректерін өзара топтастырып береді: 1) өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің тақырыптық өрісін белгілеу; 2) белгілі бір тақырыптық топқа жататын өсімдік атауларының кездесу жиілігін анықтау; 3) өсімдіктің тұрмыста қолданылуы мен қажеттілігіне қарай халықтың табиғатты қаншалықты дәрежеде танитындығын білу. Бұл жұмыс өсімдікке байланысты тұрақты тіркестерді ботаникалық тұрғыдан емес, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу болғандықтан, оны тұқымына, өсетін жеріне, гүл шоғырына, жемісіне т.б. қарай емес, халық санасында жіктелген топтар бойынша топтастырған.

Сонымен қатар қазақ зергерлік өнерін зерттеген Р.Шойбеков тілдік деректерді топтастыруда тіл білімінде қолданылып келе жатқан әртүрлі кәсіпке, шаруашылыққа қатысты сөздерді белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастырып зерттеу принципін (предметно-тематическая классификация) негізге ала отырып, зергерлік кәсібімен байланысты заттардың атқаратын қызметіне, қолданылу ерекшелігіне, олардың атауларының семантикалық жағынан бірыңғайлылығына, ортақтығына, яғни атаулардың белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді білдіруге қатысына қарай жинастырылған материалды түрлі тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып зерттеуді жөн санайды. Топтастырудың мұндай түрі сөз мағыналарын неғұрлым саралап көрсетуге септігін тигізеді, өйткені атау өзінің бір ғана мағынасында белгілі тақырыптық топқа енеді. Топтастырудың бұл түрі кәсіби лексикаға экстралингвистикалық сипаттама беруге, заттар мен құбылыстардың өздеріне тікелей бағытталған сөз топтарын анықтауға, лингвистикалық жалпы шолу жасауға, оның қазіргі кезеңдегі біртұтас жүйесін көрсетуге ыңғайлы әдістердің бірінен саналады [43, 114 б.].

Ш.Қарсыбекованың «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері» [48] деген ғылыми зерттеу жұмысы қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастыру принциптерін анықтау арқылы олардың тіл жүйесіндегі алатын орнын белгілеу, мақал-мәтелдердің қоғамда қалыптасуына негіз болған о бастағы факторлар мен әр алуан уәждерді анықтау, сонымен бірге мақал-мәтелдердің тілдік табиғатын зерттеу негізінде сан, сапа жағынан ғана емес, мазмұн-мағынасына байланысты әртүрлі деңгей-дәрежеде қарастыруға арналған.

Қазақ тіліндегі ФТ-терді тақырыптық-мағыналық жағынан топтастыру, ең алдымен, олардың тілдік қолданыс аясын анықтайды, халықтың тілжасамдық ұзақ процесін, оның мәдени, рухани, әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігінің белгілі бір шамада елеулі деген аспектілерін көрсетеді. Ә.Т.Қайдар фразеологиялық бірліктерді тақырыптық-мағыналық топтастыруды екі принцип бойынша жүргізуді ұсынады: 1) негізгі немесе орталық сөздердің, яғни басыңқы сыңарларының лексикалық мағынасын және 2) фразеологиялық бірліктердің жалпы мағынасын, яғни заттың, құбылыстың ұғымы берілетін

мағыналардың ескерілуін қадағалайды. Фразеологиялық бірліктерді осы екіұдай принциптің негізінде топтастыру, бірінші жағдайда, фразеологиялық бірліктердің материалдық негізі, образдар мен ассоциативтік түсініктердің дереккөздері, ал екінші жағдайда, осы түсініктерді ауыстырудың нақты аспектілері, яғни көрсету жоспары айқындалуымен анықталады [45, 210 б.].

Сонымен қатар ғалым қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің басым бөлігінің негізгі сыңарлары адамның дене мүшелерін, жануарлар атауларын, әртүрлі табиғи құбылыстарды және т.б. білдіретін ерекше сөздер тобы болып келетінін айтады.

1.3 Жылқыға қатысты қалыптасқан ФТ-тердегі уәжділік сипаты

Уәжділік – синхронды түсінік, оны этимологиямен шатастыруға болмайды. Бұл мәселені профессор М.М.Копыленко: «... труд этимолога в известном смысле заканчивается там, где начинаются усилия мотиволога. Этимолог вскрывает побудительный фактор, признак, который лег в основу наименования, т.е. его мотив. Но закономерности мотивации, наличие или отсутствие мотивированности, группировка мотивов по мотивам – эти и другие проблемы мотивологии в орбиту внимания этимолога не входят», – деп түсіндіреді [49, с. 41].

Осы пікірін нақтылай түсетін ғалымның мына пікірі түркі тілдеріндегі жануарлар атаулары уәждемелеріне әсер ететін негізгі факторларды айқындап көрсетеді:

1) Түркі халықтарының өздерін қоршаған ортаға деген байқағыштық қасиетінің жоғары болуы.

2) Тілдераралық жануарлар атауларына байланысты дамыған омонимияның болуы.

3) Жануар атауларының екінші бір жануар атауы арқылы белгілі мөлшерде дамуы [50, с. 105].

Осы фактілерге сүйене отырып, қазақ халқының қаншама ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып, оның бүкіл қыр-сырын дұрыс тани білгендігіне көзімізді жеткіземіз.

Академик І.Кеңесбаев: «Қазақ тіліндегі бір де бір сөз, не фраза кездейсоқ, қалай болса, солай жасала салмаған. Бәрінің де жүйесі бар: түпнегізі бар, себеп-салдары бар. Қоғам өміріндегі, халық тарихындағы неше түрлі әдеби, мәдени, рухани процестердің ізі көп жерлерде тілден де орын тебеді. Мұның неше алуан дәлелін тілімізде қолданылатын қайсыбір фразалардан да табамыз. Әрқилы әлеуметтік факторларға байланысты туған көптеген фразалардың о бастағы мағынасы әлденеше жүздеген жылдарды артқа тастаған соң, көмескілене бастайды. Тіпті, оның қайсыбір компоненттері әлі мүше ретінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Бұлар қай кезде, қандай жағдайға байланысты, қалай пайда болған деген мәселелердің басын ашу оңай шаруа емес», – деп фраземалардың пайда болу уәждерін табудың өзіндік қиындықтары барын айтады [51, 27 б.].

Табиғи нысандардың уәжділігін зерттеу бойынша жұмыстар өткен ғасырдың 60-ыншы жылдарының аяғында басталған. 1973 жылы қорғалған

М.М.Финатуллиннің диссертациясында [52] уәждеменің теориялық негіздері қарастырылып, қазақ тіліндегі 148 құс атауларының уәждеріне сипаттама жасалған. Уәждер он түрлі ерекшелігі бойынша бөлінген: «дауыс (дыбысқа еліктеу)», «дауыс (дыбысты сипаттау)», «басқа нысандармен ұқсастығы», «көлем», «өзге соматикалық белгілері», «тіршілік ету мекені», «қорек», «түс», «тіршілік ету салты (мінез-құлық)», «иіс». 1983 жылы қорғалған Г.И.Ұйықбаеваның диссертациясында [53] табиғи нысандар атауларының уәждері (бұл жағдайда өсімдіктер) алғаш рет «утилитарлық» («иіс», «дәм», «тұрмыста қолдану», «медицинада қолдану») және «утилитарлық емес» болып екіге бөлінді. «Утилитарлық» уәждер атаулардың 16,88 % - ын қамтиды (бір уәжге 4,17%). Жануарлар атауларының саласында да осыған ұқсас: сегіз «утилитарлық» уәжге («тіршілік мекені», «тіршілік ету салты», «мінез-құлық», «жасы», «көлемі», «иіс», «қорек», «тұрмыста қолдану») 58 жануарлар атауларынан келеді (жалпы 27,7 % , әр уәжге 3,46 %).

Түркі халықтары жануарларға аңшылық пен мал шаруашылығы үшін өзекті болып табылатын белгілері бойынша емес, сезім ағзаларына тікелей әсер ететін («түс», «сыртқы түрі», «дауыс») немесе жануарлардың өздерінің әрекеттері («әрекет етуші») немесе олардың өздері («әрекет нысаны») туралы ойларды көрсететін белгілері бойынша ат береді.

Жоғарыда Ж.Манкееваның атап көрсеткен тіл біліміндегі сөз уәжділігінің үш түрінің ішінде (дыбыстық, морфологиялық, семантикалық) дыбыстық уәж атаудың тарихи бастапқы кезеңімен тығыз байланыста болады да, оны алғашқы уәждеу (примарная мотивированность) деп атайды. Бірақ бара-бара уәжділіктің бұл түрі әлсіреп, басқа екі түрі күшейе түседі. Бұл жағдайға қарап көптеген ғалымдар сөздің мағынасының, атауының негізіндегі дыбыстық, дыбысбейнелеуіштік табиғатты жоққа шығаруға тырысты. Бірақ осы бағыттағы кешенді әрі терең теориялық зерттеулердің дамуы мен бай тілдік материал жинақталуы барысында дыбыселіктеуіш пен дыбысбейнелеуіш теорияларын біріктіріп, жеке ғылым саласы мен әдісі ретінде қалыптасқан фоносемантика дыбыстық уәжді сөздің ішкі формасы ретінде анықтауды мақсат етеді [44, 250 б.].

Кеңестік тіл білімінде С.В.Воронин негізін салған фоносемантика әдістерінің көмегімен атаулардың дыбысбейнелеуіштік және дыбыселіктеуіштік табиғаты анықталады [54]. Қазақ тіліндегі деректерді осы ыңғайда кең көлемде алып зерттеген ғалым К.Ш.Хұсайыновтың еңбегі [55] қазақ тіл білімінде номинация теориясының өзегін құрайтын дыбыстық уәждеуінің зерттелуіне, дамуына көп үлес қосқан.

Ал морфологиялық уәж – сөздің мағынасы мен морфологиялық құрылымының арасындағы байланыс.

Бұл мәселеде қазақ тіл білімінде байырғы түбірлердің табиғатын ашуға арналған Ә.Т.Қайдардың монографиясының орны ерекше. Ғалым түбірлердің тарихи морфологиялық құрылымын, түзілуін былайша түсіндіреді: «Каждый вновь прибавляющийся к первичной основе грамматический формант придает ей новое значение, материализует и конкретизирует выражаемое ею явление,

образное представление, приближая ее к обычным лексическим единицам языка» [37, с. 175].

Семантикалық уәж – номинациялық қағиданың дыбыстық және морфологиялық уәждерімен тығыз байланысты.

Ж.Манкееваның атауға негіз болған экстралингвистикалық және этнолингвистикалық қағидаларды семантикалық уәж ретінде көрсеткенін жоғарыда атап кеттік.

Қазақ тіліндегі материалдық мәдениет лексикасына қатысты қалыптасқан атаулардың экстралингвистикалық қағидалары ретінде ғалым мыналарды көрсетеді:

- а) заттың жасалған материалына байланысты (көйлек > көн+лек);
- ә) сол заттың атқаратын қызметіне байланысты (шапан > жан);
- б) заттың формасына байланысты (сұлама, төңкерме);
- в) заттың жасалу технологиясына байланысты (сүзбе, талқан).

Ал этнолингвистикалық қағиданы ғалым тек қана тілдік фактілер арқылы сақталған халқымыздың тарихын, құбылыстар атауын, салт-санасын білдіретін қазақ тіліндегі материалдық мәдени лексиканың номинациясын анықтаудағы өзекті бір арна деп таниды.

О бастағы атауға семантикалық уәж ретінде қызмет еткен белгілер тарихи тұрғыдан ескіріп, ұмытылып, жоғалуы да мүмкін. Соның нәтижесінде оның мағынасы да көмескіленеді. Ол тарихи лексикология, тарихи морфология т.б. зерттеулерді диахрондық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді [44, 265 б.].

1.3.1 Жасы мен жынысына қатысты уәжділік

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқының ең құрмет тұтатыны – жылқы малы десек, жылқы малы ұғымынан туындаған ФТ-тер қолданыс жиілігі жағынан да басқа төрт түлікке қарағанда алғашқы орынға ие. Өйткені оған қатысты ФТ-тер тілімізде молынан кездеседі. Қазақ үшін мінсе көлік, жесе тамақ, ішсе сусын, кисе киім болған жылқы малымен оның тұрмыс-тіршілігі қай-қай заманнан тығыз байланыста болған. Бұл байланысты біз қазақ тілі тілдік материалдары негізінде құрастырылған көптеген сөздік материалдарынан да көреміз.

Жинастырған тілдік материалдардың ішінде жылқы малының *жас ерекшелігіне* және *жынысына* қатысты ФТ-терді бір топқа топтастырдық. Өйткені бұл топқа кіретін атаулардың кейбірі жылқы малының жынысына қарамай ортақ атау ретінде қолданылады.

Жылқы түлігінің ерекшелігіне қарамай, алты айға дейінгісін – *құлыншақ*, *құлын*, алты айдан бір жасқа дейінгісін – *жабағыз*, бір жастан екі жасқа дейінгісін – *тай* десе, екіге толып, үшке аяқ басысымен жыныс ерекшелігіне байланысты атаулары да өзгеріп, еркегін – *құнан*, үш пен төрттің арасындағысын – *дөнен*, төрт пен бестің арасын *бесті* десе, ұрғашыларын – *құнажын байтал*, *дөнежін байтал* және *бие* деп атайды. Бес жастан жоғары піштірілген еркек жылқының бәрін *ат* дейді. Кейде олардың жасын қосып та атай береді. Дөненінде піштірілмесе *сәурік* (жеке үйірге ие болмаған құнан-

дөнендер), *дөнен айғыр, бесті айғыр, айғыр, жасамалы айғыр* (қартаң тартқанын) деп олардың жасына қарай атайды. Ал әртүрлі себептермен айғырдың піштірілгендерін *азбан* (азбан – төрт түлікке ортақ атау) дейді. Бес жастан жоғары ұрғашы жылқының бәрін *бие* деп атағанмен, оның да бірқыдыру түрлері болады. Мәселен, тайында айғырдан шығып, байталында құлындаса, оны *құлық бие* десе, төрттен асқан биелер қысыр қалса, оларды *қысыр бие*, екі-үш жыл қысыр болған семізін *ту бие*, ал мәңгі тумайтын немесе әдейі құлындатпайтын биелерді *бедеу* деп атаған [25, 36 б.].

Құлын – жылқының алты айға дейінгі төлі. Жаңа туғаннан бастап желіге байланғанға дейінгі кезеңде *құлыншақ* деп атайды (1-1,5 айлық кезең). Құлыншақты желіге байлаудың екі шарты бар. Оның біріншісін қазақ *қарақұлақ болу* десе, екіншісін *өркен тастау* деген тіркеспен айтқан. «Қарақұлақ болудың» мәнісі мынада: құлыншақ құлағының ішкі жүні сары мамық сияқты болады да, тарала келе сол жүнді қара қылшық басады. Бұл – марқаю нышаны, құлындық кезеңге жеткендігі, байларманға көнбістігі. Ал *өркен* – құлыншақтың ішінен түсетін бірінші тоңғақ. Желіні сабасына келген мама биенің құлыншағы уызға бөгіп, өркенін ерте тастайды. Өркені түскен құлынды жылқы малына кәнігі шаруа тапжылтпай таниды. Жүні жылтыр, көз жанары нұрлы, қабағы ашық, қимылы ойнаңқы болса – өркені өсіп (пісіп) түскендік нышаны. Көз жанары кіреуке, жүні іріңкі, қабағы салғын, қимылы сылбыр болса – өркені түспегені. Шаруа оны «*өркені қатқан*» дейді. Мұндай құлынды байламайды [56, 10 б.].

Құлын – биенің жас төлі. Өте сұлу келеді. Сондықтан тілімізде «*құлын мүше*» деген фразеологизм қалыптасқан. Жаңа туған құлынды «*құлан мүшелі құлын*», «*арғымақ денелі құлын*», «*қаз мойын құлын*» деп те атайды.

Қазақ халқы құлынды өсіп, өнуіне, тұқымына, мінезіне қарай бірнеше жіктерге бөліп, әртүрлі атаған. Мысалы: *күн қақты құлын* – енесі мініліп жүріп, жөнді ембей, сүттен қақтығып қалған құлын; *будан құлын* – әр тұқымнан туған құлын; *дүбір аяқ құлын* – қыс айларында туған құлын; *мәйекті құлын* – енесінің сүтіне тойған, тоқпейіл құлын; *марқа құлын* – қыс ішінде туған құлын; *кенже құлын* – май айының аяғында туған құлын; *қара құлақ құлын* – жас құлынның тез ширап, байлануға келгені; *жетім құлын* – енесі өліп немесе енесін қасқыр жеп, жетім қалған құлын [22, 30 б.]. *Шу асау құлын* – қашып қолға ұстатпайтын қашаған құлын; *еміншек құлын* – енесінің сүтсіз құлындағанынан немесе енесінің сүтке жарытпауынан емізік арқылы өсірілген құлын; *тіленшек құлын* – қолдан сүт ішіп үйреніп, көрінген кісінің соңынан еріп жүретін құлын; *асау құлын* – желіге байласа да жуасымайтын құлын. Құлын кезінен бастап құнанына дейін енесін еміп, ақ жілік болған жылқы төлін – *арда емген* деген. *Арда емген* тіркесі ауыс мағынада «оңаша, еркін иемденді» деген ұғымды білдіреді. Үйірде жылқы көп болған жағдайда адамдар барлық биелерді күнде сауып үлгере алмайды, сондықтан құлын енесін екі, тіпті үш жасқа дейін еміп жүреді. Мұндай құлындар анағұрлым күйлі, арынды және еркін болып өседі. Ата-ананың қамқорлығына бөленіп, жан-жақты дамуы үшін барлық қажетті жағдайлары бар, молшылықта өскен бала туралы да осылай айтады. Осылайша мұнда да мағынаның ауысуы дамуы үшін қолайлы жағдай жасау тәрізді бірдей

белгінің негізінде жүзеге асқан. Мысалы: *Арқада өскен арда ең, атағың шулы дардай ең. Бұлшығың кессе былқ етпей, Бекпатша қызыл нардай ең* (ҚТТС, 1т., 321 б.).

Бие – жылқының құлындайтын ұрғашысы (ҚТС, 100 б.). Ш.Жанәбілов зерттеу еңбегінде мынадай бие атауларын көрсеткен: *буаз бие* – айғырдан шығып кеткені; *құлынды бие* – құлыны бар бие; *тайлы бие (қысыр бие)* – айғырдан шықпай қалған немесе айғырдан шығып, іш тастап кеткен бие, былтырғы туған құлыны арқылы сауылатын қысыр бие; *мес бие* – жуан қарынды, денесі үлкен, күшті, сүтті көп беретін бие. Мұндай биелердің тоқаштығы білінбей, бірқалыпты тұрады; *сауулы (құлыны жоқ) бие* – құлынын қасқыр жеп немесе құлыны өліп, басқа биенің құлынына телінбей, өлген құлынның терісі арқылы немесе құлынсыз сауылатын бие; *тел бие* – құлыны өліп, басқа биенің құлынына телінген бие; *сақа бие* – бес-алты құлындаған бие; *сақа құлық бие* – бес-алты жасқа дейін жүріп, кейіннен айғырдан шығып, ең алғашқы құлындағаны; *үлкен құлық бие* – міністен ерғашты болып, күшкөліктен басылып, үйірге қосылмай жүріп, кейіннен айғырдан шығып, құлындаған ірі бие; *кіші құлық бие* – тайында айғырдан шығып, құнажынында құлындаған; *қасабалы бие* – құлындап жүрген биелердің жеті-сегіз жастағысы; *шарланған бие* – құлыны өліп, не құлынын қасқыр жеп, басқа биенің құлынына телінбей, мүлдем сауылып кетіп, семірген биені осылай атайды; *асау бие* – құлынды биенің сауылып үйретілмегені; *бошалауық (жершіл) бие* – қысқы мекенінен жайлауына барып құлындайтын немесе туып-өскен жеріне кетіп құлындайтын биені бошалауық бие деп айтады; *құнды бие* – тұқымы суыққа төзімді, мініске берік, құлынды жақсы туатын, сүті мол бие; *құтымсыз (құнсыз) бие* – сүті аз, суыққа төзімсіз, құлыны нашар болып туатын бие; *құт бие* – үнемі ұрғашы құлын құлындап, құлыны өлмей өскен сүтті бие; *құртық бие* – құлынды биелердің ішіндегі ең кішісі, сүт өнімділігі жоқ, құлынды әлсіз туатын, тұқымы нашар бие; құлындауына қарай: *құлық бие, айғырдан шыққан бие, ерте бие, кенже бие, арамза бие; жасына қарай: тоқтаған бие, тай бие, буаз дәнежін бие, бесті бие, кәрі бие, лақса бие, жасаған бие, сары қарын бие; сауылуына қарай: қожыраған бие; емшек және желін бітісіне қарай: шипі емшек бие, тар үрпілі бие, кең үрпілі бие, тік емшек бие, сыңар емшек бие, бүйен емшек бие, быртық емшек бие, талтақ емшек бие, тостаған желін бие, қара желін бие.*

Айғырларды жас мөлшеріне байланысты *сәурік айғыр* (3-4 жастағы піштірілмеген, әрі үйірге салынбағанын айтады), *азбан айғыр* (алты жасында піштірілген жылқы) және *құтпан айғыр* (құт айғыр – үйірінде бірнеше ұрғашы жылқылар болатын жасамалы айғыр) т.б. деп айтады. Сонымен қатар тілімізде жылқының еркегіне қатысты *ақта ат* тіркесі кездеседі. Бұл тіркестегі *ақта//ахта* сөзі қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдерінде «піштірілген» мағынасында жұмсалады. ҚТҚЭС-нде бұл сөздің көне және қазіргі түркі тілдерінде *ақ* – ағу ұғымын білдіретіндігі берілген. Ірі қараны кесу, пішу процесінде де аталық ұрықты ағу сияқты мән жатыр. Олай болса, *ақта* сөзінің түбірі *ақ* (ағу) сөз соңындағы *-та* – жұрнақ (ҚТҚЭС, 26 б.). Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде де осы мағыналары келтірілген (Севортян,

1974, 77 б.). Демек, *ақта ат* – айғыр қылып үйірге салған, кейін (6-7 жаста) тарттырылған ат болса керек.

«*Бие құлындамай, байтал аты қалмайды*», «*байтал шауып бәйге алмас*», «*қубас айғыр құнанын қажылайды*» деген сияқты жылқының жасы мен жынысына қатысты т.б. мақал-мәтелдерді көптеп кездестіруге болады. Мұндағы «қубас» деген ұғым жылқы малына қатысты, әдеттегідей, «артынан құлын ермеген» деген мағынада емес, бауырынан еркек құлын ермеген айғырға қарата айтылады. Ал өзінен еркек құлын болмаған айғыр үйіріндегі өз кіндігінен емес, басқа айғырдан туған тай-құнандарды жайпап қуып, өз үйірін қызғанады. Бұл өз үйіріне шаппайтын, оны басқадан қызғанатын жылқы малының өзіндік бір әдеті. «*Байтал шауып бәйге алмас*» ФТ-і ұрғашы малдың үлкен додаға түсіп, жеңіп шыға алмастығын хабарлайтын тіркестердің бірі. Қай кезде болмасын қазақ түрлі жарыстарға, аңшылыққа, жорыққа тек жылқы малының еркегін ғана пайдаланған. Еркек жылқылар тұрғанда құлындайтын ұрғашы жылқының озып шығуы екіталай. Бұл тіркес ерлер жасайтын істерге ұмтылған әйел адамдарына салыстырмалы түрде қолданылады.

1.3.2 Түр-түсіне байланысты уәжділік

Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың орны ерекше болғандықтан, олардың түр-түсін де дәл анықтап, өзіне сәйкес ат қойып, оны қолдана білуге ерекше мән беріп келген. Сондықтан да болар халықтың дүниетанымынан, салт-санасы мен әдет-ғұрпынан, наным-сенімінен төрт түлік малдың түсіне байланысты, әсіресе жылқы малының түр-түсіне байланысты атаулар айрықша орын алады.

Қазақ жылқышылары мал басы бүтіндігін көбінесе санап емес, түрлеп-түстеп түгендеген. Мәселен, *жирен байтал*, *қасқа құлын* т.б. әр жылқыны тек өзіне тән түр-түсімен таныған. Жылқы малын таза ақ, қара, сары деп атау өте сирек кездеседі, мұның себебі жылқы түстерінің өте күрделі, көптеген түстердің араласып келуінен болса керек [30, 66 б.].

Төрт түлік малын түстеп танымаған, тіпті қора-қора қойын түр-түсіне қарап ажыратпаған малшы қазақ ертеректе сирек кездескен. Әсіресе жылқы малын түр-түсіне қарап саралап, әр түсті атауына сай тап басып танып, оны таратуға келгенде қазақтар алдына жан салмаған. Осылайша өмір талабынан туып, ғасырлар бойы қалыптасып, дәстүрге айналған төрт түлік мал түр-түсінің сан алуан атаулары бүгінде тіл байлығынан ерекше орын алады.

Тарихи мәліметтерге қарағанда, қыпшақ қоғамында әрбір ру-тайпаның жылқылары өзінің ерекше түр-түсімен ерекшеленеді. Кейде белгілі бір тайпаның атауы жылқысының түсі бойынша анықталған. Бұл жағынан батыс қыпшақ бірлестігінің құрамына енетін бір тайпаның «кулабаоғлы» (құла жылқылы) аталуы, сондай-ақ, Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи кесенесінде тайқазанды жағалай «он сан Алаштың» ұшына он түрлі жылқы қылынан шашақтар тағылған он туы ілінгені назар аудартады. Тулардың түстері: *қаракөк, шұбар, торы, күрең, құла, кері, боз, бурыл, жирен, шабдар*.

Ен-таңбасыз тай мен тайлақ, қой мен қозылы мал баққан ата-бабаларымыз өз малын меншіктеп, иелік ету үшін оларды түсі-түгіне қарап, танып, айыруды ерекше дамытқан, сонымен қатар жылқы малына ат қоярда оның түр-түсіне ерекше мән берген. Қамбар батырдың Қарақасқасы, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Тарғынның Бозтарланы, Ақан серінің Құлагері, Балуан Шолақтың Ақбозаты, Жәңгір ханның Ақмоншағы, Абылайдың Алшаңбозы, Райымбек батырдың Көкойнағы, Төлегеннің Бозжорғасы, Толыбайдың Шымқарасы осы сөзімізге дәлел. Өз зерттеулерінде 250-дей жылқы түсіне қатысты атаулардың көпшілігі ақ түске (26-сы) байланысты екендігін (Ақжал, Аққұйрық, Дәуак, Ақшап, Аққұлақ, Ақбоз, Ақсұр т.б.) зерттеуші Т.В.Линко атап көрсетеді [28].

Моңғолдардың қолбасшысы Сұлтан Саид өзінің Қасым ханның ордасына 1513 жылы келгендігі туралы М.Дулатиға айтқан әңгімесінде Қасымның оған бүкіл малы мен жылқы табындарын аралатып көрсеткендігін айтады. Сонан соң: «Менің екі-ақ атым бар, сол екеуі осынша малымнан артық тұрады» – депті. Саид Дулатиға: «Мен бұл екеуіндей малды өмір бойы көрген емеспін», – дейді. Қасым хан сол екі аттың біреуін сыйға беріпті. Оның аты «Оғлан-Торук» екен. М.Қашқаридың еңбегінде торығ, торуғ деген сөздер «торы» («торы ат») деген мағына беріп, жылқының түр-түсін білдіреді [7, 42 б.].

Жылқы малының түр-түстерін сөз етуге байланысты тағы бір жағдай оның түр-түсі жасына байланысты өзгеріп отыратындығы. Жылқының құлын, тай кезіндегі түсі құнан, дөнен шыққанда, бесті болғанда өзгеріп кетуі мүмкін. Мәселен, көк тай өсе келе боз дөнен болуы ықтимал. Сондықтан түр-түстің жылқы жасына да қатысы бар екен.

Түрік ғалымы А.Шынардың зерттеуінде түрік тіліндегі жылқы түстерін атау үшін қолданылған сөздерді мынадай екі топқа бөледі: 1) тек қана жылқы түсін білдіретін сөздер; 2) көбінесе түсті білдіретін, сонымен қатар жылқы түсін білдіретін сөздер. Бірінші топқа төмендегі сөздер кіреді: *жирон* (ала), *саман* (құла), *торығ* (торы), *чавкар*, *бурыл* (темір қыр), *самантроуг* т.б. Екінші топқа болса төмендегі сөздер кіреді: *көк*, *ақ*, *қара* т.б. [7, 46 б.] . Сондай-ақ, қазақтарда жылқылардың түстері немесе қылдарымен байланысты атаулардың 33-тен астам екендігін айтады. Мұнда ғалымның айтып отырғаны жылқы түр-түсін білдіретін негізгі жалаң атаулар болу керек, себебі қазақ тілінде жылқы түсін білдіретін жалпы атаулар көрсетілген мөлшерден әлдеқайда көп кездеседі.

«Диуани лұғат ит-түрkte» жылқының түсіне қатысты атаулар жайы да сөз болған. Оны осы еңбектегі төрт түлік мал атауларын зерттеген М.Бейсенованың диссертациясынан кездестіре аламыз. «Диуани лұғат ит-түрkte» жылқының сыртқы түріне, түсіне қатысты атаулар мынадай сипатта берілген: *ала ат*, *түкүз ат* (*төбел ат*), *аақ ат* (*ақбоз ат*), *боймал ат* (*ала мойын ат*), *бұл ат* (*ала аяқ ат*), *йалғы ат* (*ақ жал ат*), *йағыз ат* (*қарагер ат*), *ой ат* (*торы ат*), *ор ат* (*жирен ат*), *тезүклік* (*қасқа ат*), *тыш ат* (*қасқа ат*), *тығ ат* (*қоңыр ат*), *торығ* (*торы ат*), *том-торуғ* (*нағыз торы ат*), *уғар ат* (*қасқа ат*), *чындан ат* (*сары ат*), *чілгу ат* (*құла ат*), *қашқа ат* (*қасқа ат*), *қыз гул ат* (*көк теңбіл ат*), *қыр ат* (*құла ат*), *құла ат* (*құла ат*)» [9, 35 б.].

Қазақ тіліндегі негізгі түр-түстердің атауларын санасақ, он бір болады: *қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қоңыр, қара, сұр, боз, ақ, көгілдір*. Бірақ төрт түлік малдың түр-түс атаулары өзінше де, басқа түр-түстердің атаулары осы сөздерге қосымша, қосарлана айтылып және салыстырмалы түрде жасалып жатады [57, 84 б.].

Белгілі этнолог Жағда Бабалықұлы жылқы түстерінің бір мыңға жақын болатынын анықтаған. «Қазақ халқы бүкіл өң-түсті *қылаң, баран* деп екі текті топқа жіктейді. *Қылаң* дегені – ақ, боз, ақ боз, шаңқан, шаңқан боз, тарлан, ақ тарлан, т. б. *Баран* дегені – қара, қоңыр, көк, жасыл, қызыл, күрең, жирен, торы, сұр, күлгін, құла, шабдар, сары, т.т. Халқымыздың баранға жіктеген өң-түстері табиғаттағы кемпірқосақ түсі негізінде аталған деуге болады», – деп жылқы малына тән түстерді атап көрсетеді [58].

Ертедегі жылқылы байлар да жылқы табындарын *баран топ, қылаң топ* деп екіге бөлу рәсімін жасаған. Баранға: кері, қара, торы, жирен, күрең; қылаңға: боз, бурыл, құла, шабдар, ала, көкала, қарала т.б. кірген. Жалпы *баран, қылаң* атты сөздердің астарында ақ пен қара, яғни әр нәрсені екіге жарып, ақ пен қараға бөлу принципі қалыптасқан [30, 67 б.].

А.Тоқтабаевтың этнографиялық тұрғыдан жүргізілген зерттеу еңбегінде жылқы түсіне қатысты 200-ге жуық атауларды 8 топқа бөліп көрсеткен.

Қазақтың мал шаруашылығын зерттеуші Х.Арғынбаевтың еңбектерінен жылқы түсін беретін атаулардың үш тобын кездестіресіз: *қылаң, баран, ала*. *Қылаңға* ақ боз, бурыл, көк бурыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, құла жирен, шабдар, көк, сұр, құла кер, нар қызыл, қызыл, сары қызыл түстерді, *баранға* торы, қара, қара көк, қара сұр, қоңыр, жирен, күрең түстерді, ал *алаға* сары ала, сұр ала, көк ала, кер ала, қара ала, қоңыр ала, күрең ала, шұбар жатады [25, 90 б.].

Жылқы малының түр-түсіне қатысты атауларды топтастыра беруде жоғарыда аты аталған этнолог Ж.Бабалықұлының еңбегі өзгелерден айрықша. Себебі автор түр-түстерді мейлінше жан-жақты қарастырып, жүйелеп берген.

Ата-бабаларымыз малдағы ала түсті: *сауысқан ала, ит ала* деп екі топқа жіктейді. Өзгермейтін, құбылмайтын, бір тал түк немесе қылын қисайтпайтын, табиғи түсін, үлгі, көлем қалпын бұзбайтын ала жылқыны – *сауысқан ала* деп атайды.

Табиғи үлгі, пішін, қалып сақтамайтын, денеді белгілі бір тұрақты орны жоқ, бірде үлкен, бірде кіші, қыңыр-қисық, тұрақсыз өң-түсті атты *ит ала* деп атайды. Шындығында, жылқы жануардың түсі «ит алаға» жақын. Себебі меңсіз, қалсыз, дақсыз, жылқы кемде-кем кезігеді.

Қазақтың жылқыға байланысты шыққан наным-сенімдерінің ішінде жылқы малының түсіне байланысты жора-жосықтары өз алдына бір сала десе болады. Түркі-моңғол көшпенділерінің «жылқы ғұрпын» зерттеген Л.П.Потапов жылқы түсінің салт-дәстүрдегі мәнінің айрықша екендігіне тоқталады [59, 24 б.].

Қазақ халқының түсінігінде бұрын жылқының қай түсі жақсы болып саналғандығын ұлтымыздың салт-дәстүрлерінен, наным-сенімдерінен байқауға болады. Т.Әлішеровтің айтуынша, қазақ аттың *торы, күрең* түстісін жоғары

бағалаған. Мұндай ат әрі көрікті, әрі төзімді болады. Егер шаты, құйрығы, шоқтығы қара болса, оның да жақсы ат болғаны. Қабағы, жал-құйрығы, шаты, көздері мен еріндері қара болса, *жирен* және *құла ат* та жақсы болады. *Бурыл ат* та осындай. *Қара жылқының* кейде қызыл және шегір көзділері болады, олар шәлкес мінезді келеді. *Көк жылқының* тәуірі сирек кездеседі, ал көзінің арт жағы, құйрығы бозғыл, арқасында қара жолағы бар сұр жылқы да жақсы болады. *Ала жылқыны* ешкім де мақтамайды, оның арасынан жақсы ат көп шықпайды [60, 48 б.].

«Түркілерде Шығыс *көк* (көгілдір және жасыл), Оңтүстік *қызыл*, Батыс *ақ*, Солтүстік *қара* түспен белгіленген. Күлтегіннің мінген аттарының түстерінің Шығысқа жасаған сапарларында *торы* мен *құла*, оңтүстікке жасаған сапарларында *қызыл*, Батысқа жасаған сапарларында *ақ*, Солтүстікке жасаған сапарларында *қаракөк* түсінде болуы бізге бұл жылқы түстерінің оның дұшпанына қарсы сапарының бағытын да білдіреді. Бір жағынан ғұн императоры Метенің де әскер жүйесін жылқылардың түстеріне қарай құрғандығы белгілі болған. Мете Қытай әскерлерін қоршап алғанда «Шығысқа *шұбар*, оңтүстікке *торы*, батысқа *қаракөк* жылқыларды орналастырған. Бұны түркілердің қолданған соғыс техникасы деуге болады» [7, 42 б.] .

Қазіргі қазақ әдебиетінде, оның ішінде баспасөзде халқымыздың ең жақсы көретін түсі *ақбоз* деп дәріптеліп жүр. Шын мәнісінде, халқымыздың *боз* түсті ардақтауы мүлдем басқаша екенін, ал қазақтың жылқы түлігіндегі жақсы көрген түсі *қаракөк* болғанын қазақ халқының жылқы шаруашылығын зерттеуші А.У.Тоқтабаев ел арасынан жинаған материалдарымен дәлелдейді [61, 214 б.].

Тәжірибелі жылқышылар мен бапкерлер *боз* түстінің *баран* түстіге қарағанда әлсіз болатынын айтады. «*Қаракөк не жүйрікті алам, не берікті алам*» деген мәтелден берік аттардың *қаракөк* түстен шығатынын байқаймыз. Мұнан кейінгі қазақтардың жақсы көретіні – *шұбар түсті жылқы*. Атбегілердің айтуынша, *шұбардың* тұқымы өте аз, бірақ айрықша сүйкімді келеді.

Боз түсті жылқыларды қадірлеу әртүрлі әдет-ғұрыптарға, жөн-жораларға қатысты. *Боз* биенің сүтіне шомылса, адам бойындағы ауру-сырқау, қайғы-қасірет кетеді деп ырым қылады. Сондай-ақ, ел, жер тағдыры сынға түскен шешуші ұрыстар алдында *ақбоз* ат сойып, әскерге ақ жол тілеген. 1726 жылы үш жүздің басы бірігіп, Әбілқайырды бас қолбасшы сайлап, жоңғарға қарсы шыққанда осындай рәсім орындалған [61, 216 б.].

Жеңістің хабарын білдіру үшін *ақбоз* атты жаушы, жеңілісті білдіруге *баран* атты (қара атты) жаушы жіберілген. Сонымен қатар *ақбоз* атты құрбандыққа шалу: көптен келмеген туыс-жегжаты келгенде, жаугершілікте жоғалып кеткен тумасы табылғанда, табындағы мал өліп, жылқы шығынға ұшырап, тоқтамай қойғанда, жеті атадан соң қыз алысқанда, хан сайлағанда, Наурыз той басталарда орындалады.

Н.Төрөқұловтың «*Ақбоз ат*» деген шығармасында халық қаһарманы Б.Момышұлы *ақбоз* атты қалайтындығын: «*Жылқының ақбозын халық қасиетті деп санайды. Біздің елдің батагөй қариясы да, ел қорғайтын батыры да ақбоз*

айғыр мінген. Егер сол аттың иесі шейт болса, оның асына ақбоз атын шалатын болған. Бұл ертеден келе жатқан дәстүр, түсінесің бе?..» – дегені ақбоз түстің қадір-қасиетін көрсетіп тұрғандай [60, 163 б.].

Бұрын хандар, бекзадалар, ауқатты бай адамдар, бақсылар, сал-серілер астындағы атының түсімен бірдей киім тіккізіп киген. Абылай хан Алшаңбозына мінгенде, ақ киім киіп шыққан. Ә.Марғұлан «Жиреншенің аты жирен түсті ат мініп, жирен түсті киім кигеніне байланысты шыққан» деп түсіндіреді [8, 219 б.].

Малдың түр-түсіне байланысты айтылатын атаулардың кейбіреулері түр-түстік мәнде қолданылғанымен және табиғаттағы түр-түстерге сәйкес келгенімен олардың өзіндік ерекшеліктері де бар. Мәселен, *қызыл жалау* және *қызыл ат*, *қызыл сиыр* дегендегі *қызыл* сөзінің мәні бірдей емес [57, 91 б.].

Халқымыздың тілінде жылқы малының түр-түсіне байланысты көптеген ФТ-тер қалыптасқан.

Алалы жылқы, ақтылы қой ФТ-і мыңғырған мал; табын-табын жылқы; қотан-қотан қой мағынасын береді. Өмірде жылқы малының әртүрлі түсі (торы, кер, жирен, құла, боз т.б.) басым болса, қойда негізінен ақ түс басым болып келеді. ФТ-тің этномәдени мәні осында жатса керек. Мысалы:

Алалы жылқы, ақтылы қой

Аңдыған бөрі жемей ме,

Иесі ұйықтап жатқан соң (Махамбет).

Ала тайдай бүлдіру ФТ-і екі түрлі мағына береді: 1) Лаң, бүлік салды, атыстырып-шабыстырды, астан-кестені шықты. Мысалы: *Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не қара басты, көк төбет!* (С.Омаров). 2) Қатты ашуланды, долданды.

Ала тайдай бөліну. Бөліну, жекелену тәрізді мағынада қолданылады. Мысалы: *Күн өтті, ай өтті. Бір уақытта елдің іші ала тайдай бөлініп, адам басы дал болды да қалды* (Ғ.Мүсірепов).

Ала айғырдан ала аяқ тумаса да, ала тұяқ туады – не болса да (адам немесе мал) бәрібір тегіне тартатынын айтады.

Бір биеден ала да туады, құла да туады – біркелкі, бірдей нәрсе (адамдар) жоқ дегенде айтылады. Мысалы: *Бір биеден ала да туады, құла да туады деген рас қой, Сәлімнің кіші баласы тым пысық, үлкені сорайып, нағашыларына тартқан білем, өте бос* (АТ). Байқап отырсақ, ФТ-тер жасауда *ала* сөзі жиі қолданылады екен. Бұл сөз түркі тілдерінде жылқы мағынасын да білдіреді. Қазақ тілінде, түркі тілдерінің сөздіктерінде *ала* сөзінің көбіне сындық мағыналары, жылқының түсін білдіретіндігі сөз болады да, ал «ат» мағынасы көп айтыла бермейді. Сондықтан оның «жылқы ішінде көрнекті, жүйрік ат» мағынасын біле бермейміз. Қазақтың эпостық жырлары мен ақын-жыраулар мұрасында *ала* сөзі «ат», «азбан» ұғымында жиі кездеседі. Мысалы: *Ерлер мінген алаға, Көңілім толды санаға* («Алпамыс»). Бұл мысалда *аланың* түске еш қатысы жоқ. Академик Р.Сыздық «Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ» деген мақаласында [62, 72 б.] ақынның бір өлеңіндегі «Міне алмаған алаға-ай» деген тармағының соңғы сөзі *алағай*, *ала* – «ат, азбан», яғни ол – «ертеңнен шапса кешке озған, ылдидан шапса төске озған, томаға көзді қасқа азбан»

екенін айтады. Бұл сөз *ала, алаша, алаша ат* тұлғасында өзге түркі тілдерінде жиі қолданылады. Орысша *лошадь* сөзін түркінің *алаша ат* дегенінен шыққандығын көрсететін пікір де бар [63, 38 б.]. *Ала* сөзі қазақ тілінде символдық сөз болып танылған, ол мықты, күшті жылқының синонимі, алаға міну – батырлықтың, күштіліктің образы. Бұл бейнелі фразеологизм эпостарда жиі қолданылған: батыр өзінің күшін, айбатын көрсеткісі келгенде, «жылқы ішінде аламын» дейді, сол сияқты «ерлер мінген алаға, көңілі толды санаға» («Алпамыс» жырында), «мінген аты ала еді, қылшық жүнді қара еді» («Қобыланды» жырында) [62, 72 б.].

1.3.3 Сыны мен бабына қатысты уәжділік

Сақ, ғұн, үйсін заманынан бері қарай қазақ даласы жылқының неше алуан әдемі, сұлу мүсінділерін баптаған. Олардың аса қадірлегені әсіресе, тұлпар аттар болған. Әдебиетші-ғалым Ж.Дәдебаев қазақ халқының тұлпар баптаудағы көп ғасырлық бай тәжірибесі біздің қолымызға түгел жетпегенін, оның көпшілігі ерте дәуірдегі білгірлермен бірге ұмыт болғанын айтады [64, 5 б.]. Әртүрлі деректер арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткен ат сыны, ат баптау үлгілері сол байырғы тұлпар сыны мен тұлпар баптаудың үзік-үзік жұрнақтары дерліктей ғана. Қазақ тілінде жылқының жасына, жынысына, түр-түсіне, мінезіне т.б. байланысты ФТ-термен қатар оның сыны мен бабына қатысты ФТ-тердің де кездесуі осыған байланысты болса керек.

«Тіл – тұла бойы тұнып тұрған тарих» деген сөздің мәнісіне этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан көненің көзіндегі сыры мол дүниеге тереңірек үңілгенде жетесіз. Жылқы малының бабы мен сынына қатысты қолданылатын атаулар тіліміздің осындай қат-қабат қойнауларында жатқан мұраларымыздың бірі болып саналады.

Жылқы көшіп-қонуға да ыңғайлы әрі төзімді, қысы-жазы аяғынан жайылады, олардың азығы да (жемі, шөбі) өзге малға қарағанда өзгеше. Ол кез келген шөпті жемейді, иіскеп, тандап жейді. Басқа мал түлігі жайылған жерге де жайыла бермейді, лай су ішпейді. Сол себепті де оның еті де, сүті де денсаулыққа шипалы. Жылқының дені сау, терісі жылы, жұмсақ, көрінісі сұлу болуын бағалаған қазақ олардың түрлі қасиетіне аса көңіл бөлген. Біздің енді тоқталғалы отырғанымыз осылардың ішінде жылқы малының сыны мен бабына қатысты ФТ-тер.

Қазақ тілінде ат сыншылары мен баптаушыларына байланысты мынадай атаулар қалыптасқан: *ат сыншысы, атсейіс, атпаз, атбегі, бапкер, сайыпкер, сайыпқыран*.

Бұлардың ішінде жиі қолданылатыны – *ат сыншысы* мен *атбегі* атаулары. Жалпы «сыншы» деген сөз әуелде атты сынаудан, соған сын беруден шыққан, сонан соң келе-келе басқа да мағына алған деген де пікірлер бар [60, 68 б.]. Өйткені қазақ халқы өзі басқаларға сын-мін айтқанда көбінде атқа теңеп, жылқы малымен салыстырып, шендестіре сөйлейді. Белгілі әдебиетші-ғалым Б.Кенжебаев: «Қазақ халқы – малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын

жақсы мен жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп, әртүрлі теңеулер жасайды», – дейді. Мәселен, көрікті, сымбатты, көркем адамдарды көргенде «*құлын мүшелі*», «*қысыр емген құлындай*» деп келсе, жігіттерге байланысты «*жылқы мінезді*», «*суытқан аттай*», «*арғымақтай*», «*жараған жүйріктей*» деген сөз орамдарын қолданған.

«Ата балаға сыншы», «Біткен іске сыншы көп» деген мақал-мәтелдерден *сыншы* сөзінің «жақсы-жаманды айырып сын айта алатын, мінін көргіш адам» мағынасын аңғаруға болады. ДТС-да «Sinay» деген сөз «испытание, проверка» мағынасын беретіні көрсетілген (ДТС, с. 504).

«Сыншы» сөзі «сын» сөзінің «жұмыстың жақсы-жаманын талдап, екшеп айтылатын пікір» мағынасынан туындап тұр. Оның бұдан басқа бірнеше мағыналары бар. Демек, *ат сыншысы* да аттың жақсы-жаман қасиеттерін тани алатын, тұлпарды басқа жылқылардан жазбай айыра алатын адамға байланысты туындаған атау екені анық.

Тілімізде ат сыншыларының жылқы мүшелеріне сын айтуына байланысты туындаған мынадай тіркестерді кездестіруге болады: *шоқтығы биік, қамыс құлақ, құлан жал, кер маңдай, биік қабақ, теке танау, салпы ерін, кең сағақ, дөңгелек тұяқ, шолақ бақай, түзу жіліншік, жалпақ тізе, жалпақ жауырын, тар мықын, тыртық сауырын, түлкі тірсек, күлте құндыздық, салқы төс*. Бұл жақсы атқа айтылған сын.

Бәйге атын тани білетін сыншы, бапкерді халқымыз *атбегі* деп те атаса, атты жаратып баптауды кәсіп етушілікті *атбегілік* деген.

Атбегілерді кейде *атсейіс, атпаз, сайыпкер* деп те атаған. Мысалы: *Абай әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір, саятшы, атсейіс, сыншы боп шығады* (М.Әуезов). *Атпаз көрген ат таныр, Ұстаз көрген хат таныр* (Мақал). *Ол жылқы баласын танудың нағыз сайыпкері* (С.Бақбергенов). Мұндағы *сайыпкер* сөзі тілімізде тек атбегілікті білдірмей «сайысқа түсуге жетік адам; сайысшы» деген мағынаны де береді (ҚТС, 546 б.). Сол сияқты *сайыпқыран* сөзінің де қолданылу аясы тек атбегілікпен шектелмей, «асқан батыр, мықты, ер» (ҚТС, 546 б.) мағынасында да қолданылады. Кейбір аймақтарда (Оңтүстік Қазақстан облысы) білгішсіне сөйлейтін адамдарға байланысты осы сөз қолданылады.

XIX ғасырда белгілі Күреңбай, Шоқай, Киікбай деген ат сыншылары болған. Сондай-ақ, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың да ақындықпен қоса сыншылық қасиетін қазақ қауымы «Аттың сыны» өлеңімен танып білді. Осылардың ішінде Күреңбай сыншының жүйрік аттың әрбір мүшесіне айтқан мына сыны айрықша: «*тәует бас, қамыс құлақ, қой жұтқыншақ, сағағы кең, оны «үңгір сағақ» деген, салпы ерін, бұлан мойын, құлан жал, қоян жон, быртық бақай, жер соғарлы, тазы тізе, ит жіліншік, құс топшы, серке сан, шоқтығы өргек, қақпан бел*» [64, 8 б.].

Тәует бас – қазақ жүйріктерінің басы шағын, етсіз болып келеді, *қамыс құлақ* – құлағы қамыс сияқты тік, *қой жұтқыншақ* – жұтқыншағы қойдың жұтқыншағына ұқсайды, *кең сағақ* – үңірейген, кең сағақ, *салпы ерін* – ерні салбыраңқы келеді, *бұлан мойын* – қаз мойын сұлу көрінгенімен, шабуға

жаралған жүйрік үшін жайсыз. Нағыз жүйріктің мойны ұзын емес, бұланның мойнындай жұмырланып келеді, *құлан жал* – жалы қалың да емес, сұйық та емес, құланның жалындай майда келеді, *қоян жон* – жоны жұмырланып, қоян жонданып тұрады, *бота тірсек* – жүйріктің тірсегі ботаның тірсегіндей маймиып келеді. Маймиған тірсекті артқы аяқтарының серпіні ғаламат күшті болады. Жүйрікті жүйрік ететін осындай серпінділік.

Қазақстан жылқышыларының арасында болып, олармен сұхбаттасқанда Кеңес Одағының маршалы С.М.Буденный айтты деген мынадай әңгіме бар: «Жақсы атта он бес түрлі белгі бар екен. Сол белгілердің бәрі түгел бойынан табылған жылқыны ғана нағыз жылқы деп атауға болады екен. Он бес түрлі белгі үш қасиеттен тұратын бес төркінге барып саяды» [60, 48 б.].

Жақсы аттың *бірінші төркіні* – *ер мінезді еркек*. Еркектен алынатын үш белгі: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Шыдамдылықты көнбістік деп те айтады. Еркек біткеннің өзінен де бұл үш сипат табыла бермейтіні рас, бірақ біз табылуын тілейміз. Қалай да осы үш қасиетті еркекке тән белгілер деп танып, төркінін де еркек дейміз: жайдары мінез, күш және шыдамдылық. Атқа күш пен шыдамдылық қандай керек болса, жақсы мінез де сондай керек. Жақсы аттың иесіне сенімді серік болып кеткені сол жайдары мінезден туады. Ал күш пен шыдамдылықтың неге керектігі кімге болса да түсінікті болу керек...

Жақсы ат сипатының *екінші төркіні* – *әйел*. Әйелден үш белгі алынады. Ең алдымен, өкпе мен жүректің ұясы – кеуде кең салыңқы болу керек. Кеудесі шығыңқы, шалқақ келген бір әйел болады ғой. Сол сипат алынады. Кейде оны *қораз төс* деп те атайды. Әйелден алынатын екінші белгі – қозғалыс қимылдарының әсемдігі мен ыңғайлылығы. Жақсы аттың әрбір қозғалысы ерке әйелдің қозғалысындай ыңғайлы да, әсем де болуға тиісті. Дөрекі ат шаруаға да, әскерге де қолайсыз. Ат деген, әйтеуір, көлік емес, салтанатты, сәнді көлік. Ол көңілді көтеріп, бойынды өсіреді. Әйелден алынатын үшінші сипат – аттың түгі болады. Әйелдің шашы қандай әдемі болса, аттың түгі де сондай көрікті болсын. Ала-құла, күлге аунағандай көмескі түстер аттың сәнін бұзады, дене сұлулығын бүркеп тұрады. Аттың сұлулығының бірі түріне байланысты. Кекілі қалай біткен, құйрық-жалының бітімі қандай, түгінің түсі ажарлы ма, осының бәрін де әйел сипатынан аламыз. Сонымен жақсы аттың әйелден алатын сипаттары – салыңқы, кең кеуде, әсем, ыңғайлы қозғалыс, аттың әдемі түсі-түгі екен.

Үшінші төркіні қояннан алынады: етсіз, жеңіл бас, кең ашылған көз және ұшқырлық. Басы етті жылқы кейде күшті болғанмен, өнерсіз, ыңғайсыз, дөрекі болады. Және бастың еттілігі – күштің де белгісі емес. Басы етсіз жылқының бар мінезі көрініп тұрады. Аттың сүріншек, үркек болмауы үшін көздері жұмық болмай, ашық болуы керек. Ат айналасын еркін көріп отырса, аяғын да ойнай басады, жүрексінебейді. Қояннан алынатын үшінші белгі – ұшқырлық. Бұл әлгі дыр етпе, шу дегендегі жақын жердің ұшқырлығы емес. Оны ағындылық деуге болады. Ал бұл ұшқырлық аттың бар жүрісінде болуға тиіс. Абайдың «екі көзін төңкеріп» дейтіні, «қоян жақ», «шапқан атқа жеткізбес», «бөкен желіс» дейтіндері осы тұсқа қабысып та қалып отыр.

Төртінші төркіні – түлкі. Азулы аңның ішінде атқан оқтай тік жорытатыны түлкі. Аттың алды-арты кезек солқылдамай, бар денесі жинақы, әрі ықшам, әрі атқан оқтай тік жүруі өте қымбат қасиет. Бұл белгіні біз түлкіден алдық. Түлкіден алынған екінші белгі – құлақтарының дұрыс бітуі. Аттың құлағы қатар біткен екі саусаққа ұқсап я болмаса қоянның құлағына ұқсап, қақ төбесінде тұрса да жақсы емес. Дәл дұрыс біткен құлақ түлкінікі деуіміз керек. Түлкіден алынған үшінші сипат – құйрығы. Аттың құйрығы да түлкінің құйрығындай, түбінен ұшына қарай бір тегіс жіңішкере барып бітсе, ат сұлу көрінеді. Артқы мүшелері жасырынбай, өзінің әдемі түрін табады. Сонымен түлкіден алынатын үш белгі – оқтай тік жүріс, құлақтың дұрыс бітуі, түбі жуан, ұшына қарай бір тегіс жіңішке біткен сұлу құйрық.

Бесінші төркіні – есек. Әр түлік малдар мен аңдардың ішінде бастың астыңғы жағы айқын көрініп тұратыны есек. Онымыз жақтың етсіздігіне байланысты. Етті басты малдардың екі жағы да айқын көрінбей тұрады. Біз айтып отырған етсіз басты аттың, әсіресе, астыңғы жағы бар сызығымен айқын көрініп тұруы қажет. Мұндай жақ есекте ғана бар. Сондықтан етсіз жақты содан алдық. Есектен алынған екінші белгіміз – төрт аяқты тең басуы. Төрт аяғын жерге бірдей тең басатын хайуан есек қана. Ол төрт аяқтың тең бітуіне байланысты. Кейде алдыңғы аяқтары майысып, тілерсегі тілерсегіне тиіп тұратын жылқылар болады. Бұл біздің сынға толмайды. Есектен алынған үшінші белгі – төрт тұяқтың дұрыс бітімі. Табаны өмірде «қазтабандап» жерге тимейтін дөп-дөңгелек қобы тұяқ есекте ғана. Сонымен жақсы аттың есектен алатын сипаттары – етсіз жақ, тең біткен төрт аяқ, қобыланып дөңгелек біткен тұяқ екен.

Ерте кездерде жылқы тандап алудың бір түрінде батыр қолымен оның белін ұстап көрген. Батырдың қолының салмағынан ат тітіркейді, аяғын бүгіп отырады немесе белі бүгіледі. Бұл сыннан өткен жылқы мықты болып саналады. Қарақалпақтардың «Қырық қыз», қазақтардың «Қобыланды батыр» дастандарында осындай желілер кездеседі [65, 203 б.].

Мүмкін болған жағдайда тұлпар болар құлынға алғашқы қырық күнде – қулықтың сүтін, екінші қырық күн бойы қысырдың сүтін емізеді. Алғашқы тоқсан біткен соң, құлынға түрлі жылқы аурулары жұқпас, жоламас үшін, жеміне қызыл дәрі қосып береді. Жемге мұндай дәрі қосып беру ХІХ ғасырға дейін келіп жеткен. Қазақтар оны «алтын күкірт» деп атаған. Түркістан төңірегінің атбегілері сайгүліктерінің жеміне жібек құртының қиын қосып беретін болса керек. Дөнен шыққанда, тұлпарды ашық аспан астына шығарып, бас білдіреді, таралып өссін деп, мойнына жібек арқан тағып сүйретеді. Бес жасқа келген тұлпарды, белдің қызығын көрсін деп, бес бедеуге салу қажеттілігіне көңіл бөлінген. Тұлпарды алты жасқа келгенде де мінбеген, бұл жасқа келгенде жануарды ақтатып, ерекше бағым-күтімге алған. Оның алты жаста азу тісін жаруына, жеті жаста аршынын түзеп, мүшесін сыртқа салуына (дене мүшелерінің толысуына), сегіз жаста саны толысуына көңіл бөлінген. Тоғыз жасқа келгенде ғана, тұлпарды үйретіп, мойнына жібектен арқан сүйреткен. Шын тұлпар осындай күтімнен кейін ғана кемеліне келгенге ұқсайды [64, 7 б.].

«Атты қамшымен айдама, жеммен айда», «Ат шаппайды, бап шабады» деген мақалдардың туындауына халқымыздың жылқы малының бабын жақсы біліп, бағып-күтуге үлкен мән беруі себеп болған деп ойлаймыз.

Бапкер деп аттың күтімін білетін адамды айтады. Қазақта жүйрік аттың өзіндік ерекше күтімі болады. Мұны баптау дейді. Бапкерлікпен айналысу кез келген адамның қолынан келе беретін іс емес. Ол үшін жылқы малының бүкіл қыр-сырын жете білу қажет. Мәселен, нағыз бапкер көктемдегі көк шөпті бәйге атына жегізбеген. Себебі мұнан кейін жылқының бауыры ісіп, шаппайды, қу шөппен жемдегенде, жүйрік ішінде май қалмайды. Сайгүліктің тезегін тексергенде қу болса, жүйріктің ішкі майы тазаланған, яғни мұны «*қу тезек бабына келген екен*», – деп айтқан. Жүйріктің ішінде май болса, құмалағы жасыңқырап шайналысып түседі. Жүйрік атқа «кең ішек» болсын деп бие сүтін беретін болған. Жүйрік аттың тері әртүрлі болады. Оны *бордақ тер, ащы тер, тұнық тер* деп бөлген. Ауыл арасында шапқылай жүріп бусындырып терлетуді – *бордақ тер* дейді. Мұндайда шайырланған қара бордақ шығады. Жүйріктерді қара жарысқа қосып *ащы тер* шығарады. Тердің дәмі қышқыл келеді. Үнемі қара жарысқа қосылған жүйріктен тұнық, су тер шығады. Мұны *мөлдір тер* деп атайды. «*Бәйгеге қосар атыңның, ерін алма терін ал. Күреске түсер батырдың, көңілін жайла, шерін ал*» деген мақал осындай ат баптау шараларынан туындаса керек. Сондай-ақ, жүйріктерді арқандап бақпайды. Бос қояды. Бұл аяқ-қолының кең қимылдауына қажет. Тіл-сұқтан сақтау үшін жүйрік аттың кекілі астына немесе үкіге қосып, кейде құйрыққа жасырып дұғалы тұмарларды тағады.

Мінілетін жылқының күтілуі мен бағылуы ескі дәуірлерде әйелдер тарапынан жасалған. «Қобыланды батыр» жырында батыр атын Құртқа бағып баптайды. Дегенмен түркілерде соғыс кезінде жылқылардың күтілуін немесе бағылуын тек қана батырдың өзі қадағалаған. Құртқа жылқыны тек қана өсірмейді, оны баптайды, күтеді. Бес жыл бөлек күткеннен кейін Тайбурылдың толығымен өсіп жетілгендігі туралы шешім қабылдайды. Құртқа жылқыға өз баласы сияқты қарайды. Оған жыр айтады, жалын тарайды, сипайды, сүйеді [65, 236 б.].

Атты баптау наурыз айының алғашқы күнінен басталып екі жарым айға созылады. Бапкер наурыздың бірінші күнінен бастап, күн сайын кешке қара аяңмен 3-4 шақырым жер жүріп қайтады. Мұндай жүрістен кейін ат жерге жатпас үшін оның шылбырын мама ағашқа қысқа етіп байлап, таң асырады. Мұны *таң астыру // таң асып шығу // таң асыру* деген тіркестермен айтады.

Мұны *ат суыту*, кейде *ат жарату* дейді. Суытудың ат баптаудағы рөлі зор. Алғашқы кездерде қара аяңмен басталған суыту сәуір айынан бастап желіске салып суытумен жалғасады. Соңғы 1-1,5 шақырым қашықтықты шоқырақпен алуға тиісті.

Бәйгеге бір немесе бір жарым апта қалғанда, атты суытудың ең маңызды кезеңі басталады. 4-5 шақырым қашықтықта ат алдымен аяң жүріспен жүріп, одан кейін желіске көшіп, желістен – шоқыраққа, шоқырақтан шабысқа ауысады, шабыстан қайтадан шоқыраққа, одан желіске көшеді.

Бәйгеге бір-екі күн қалғанда атты жиі аяңдатып, суы қанғанша суғарып, аз-аздап сұлымен жемдейді де, қаңтарып қояды. Яғни шөп жегізбес үшін аттың басын кекжите байлауды *қаңтару* дейді.

Кей аймақтарда «*арлау*» деген сөз бар. Бұл «атты баптап, күтіп міну, бәйгеге қосуға ыңғайлап әзірлеу, баптау» дегенді білдіреді. Бірақ бұл атсейістің немесе атпаздың баптауы, суытуы, терін алуы емес, жалпы атты бабымен мініске бағыштау. Мысалы: *Арлаған бедеу аттай Базар едім, дүние бекер екенсің қалайдағы* (Базар жырау).

Жауынгерлік ат – қазанатты өсіру, тәрбиелеу, баптаудың да арнайы әдістері, жолдары болды. Ол туралы батырлар жырында көп айтылады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Тайбурылды баптау былай суреттеледі:

*Сұлтанымын деп жан аты,
Күн түсірмей көзіне,
Жан тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді...
Қырық күнге шейін Бұрылға
Құлықтың сүтін емізді
Және қырық күн біткенше
Қысырдың сүтін емізді.
Сексен күні біткесін,
Тоқсан күні жеткесін,
Алмасын, – деп, талмасын, – деп,
Маңқа қолқа болмасын деп,
Жемісіне қосып Қыз Құртқа,
Қызыл дәрі жегізді.
Түндікпенен күн берді,
Дәрілеген жем берді.
Құртқаның баққан Бұрылы
Жасқа толып **тай** шықты,
Жалтырап маңдай ай шықты.
Тайдан құнан бұл шықты,
Тасқа тиген тұяғы
Көмірдей ойып жаншыпты.
Құнаннан шығып **дөненді**,
Күн көрмеген көбеңді,
Жуандап мойны өссін деп,
Бір **байталға** жіберді.
Бестісінде үйретіп,
Жібек арқан құлаштап,
Таралып мойны өссін деп,
Ұзын байлап сүйретті.
Алты жаста ақтатты.
Өзіне өлшеп Бұрылдың
Алтыннан тұрман қақтатты.*

«Ер Тарғын» эпосында да Тарғын батыр өзінің Тарланын осылай тәрбиелеген:

*Сен құлында емдің, тайда емдің,
Құнан жаста арда емдің,
Дөнен жаста үйреттім,
Алты қабат ала арқан
Бес жасқа келгенде,
Белдің қызығын көрсін деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Арпа-бидай асаттым ... –*

деп келеді. Сонымен, тілімізде аттың сыны мен бабына байланысты *ат жарату, ат суыту, жарату ат, жыландай жарату ат, сүмбідей жарады, мейіздей қатып жарады, қанжардай қатып жарады, «атты арпамен айда», «арпасыз ат қыр аса алмас, арқасыз батыр әскер басқара алмас», «андызды жерде ат өлмейді, иірлі (дәрі ретінде пайдаланылатын шөп) жерде ер өлмейді»* т.б. ФТ-тер кездеседі.

1.3.4 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты уәжділік

Тарихтың қай кезеңінде болса да қазақ даласындағы көліктің негізгі түрі – жылқы болғандықтан, оның тұқымын сол жердің табиғатына, заман мүддесі мен мүмкіндігіне бейімдей жақсарту мақсатымен сырттан келген басқыншылар да, Ресей отаршылары да, жергілікті хандар мен билер, батырлар мен байлар да, жүйрік-жорға мінген ел еркесі серілер мен салдар да өз әлінше әрекет жасады. Әрине, бұл әрекеттердің қай-қайсысы болсын мал тұқымының жаңа түрін шығарудағы қазіргі ғылыми-зоотехникалық әдіс-әрекеттерге тіпті ұқсамайды. Сондықтан да қазақтың мал шаруашылығы туралы жазылған көптеген еңбектерде «қазақ халқы жылқы тұқымын асылдандыруда ешбір әрекет жасамады» деген үзілді-кесілді пікір айтушылар да аз болған жоқ.

Тым әріректегі тарихқа бармай-ақ, XVIII ғасырдан бергі заманға біраз көз салсақ, қазақ жылқысының тұқымын жақсарту барысында ғылыми тұрғыда болмағанмен біраз игілікті әрекеттер істелінгенін байқау қиын емес. XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ даласын жан-жағынан қысымға алған жаугершілік кезең. Шығыстан Жоңғар, солтүстік-батыстан Ресей отаршылары, оңтүстіктен Орта Азия хандықтары қазақ елін жан-жақтан ортаға алды. Бұлардың бәріне қарсы тұрып өзінің елдігін сақтау үшін қазақ халқы сақадай сайланып, әр уақытта елін қорғауға немесе оларға кеткен есесін қайтаруға дайын тұру қажет болды. Ол үшін ер азаматтың, ең алдымен, сайгүлік аты болу керек [60, 27 б.].

М.Әуезов: «Бұрынғы бақташы қазақ көшпелі тірлігінде түйеде жампоз, жылқыда тұлпар, сиырда тынжы, қойда құтпан, келепан дейтін ерен-ерек жан иелерін арман еткен» (Оңтүстік сапарынан). Бертініректе Төребай Тұрсынұлы да осылай «төрт түліктен қандай асылдар шығады» деген сауал қояды да, оған негізінен сол жоғарыдағы сияқты мазмұнда жауап қайырады: «Жылқыдан

тұлпар, түйеден желмая, қойдан келепан, сиырдан қара тіл деген жүйріктер шығады екен» – дейді [60, 86 б.]. Қазақ жылқысынан сан алуан жорға түрлері де шыққан. Жорғасы бар жылқыны қазақ халқы жүргізбей-ақ, дене бітіміне қарап айыра біледі. Өйткені олардың сыртқы пішіні төгілмелі, денесі ырғалып, жорғаға тән ерекшеліктер бесенеден белгілі болып тұрады. Сонымен қатар бұлардың бірнеше түрі де болады. Мәселен, *жол жорға, су жорға, шайқалған жорға, тайпалған жорға, тұсау жорға, шалыс жорға* т.б. Осы аталған жорға түрлерінің бәрі бірдей бағаланбайды. Нағыз жорға жарыстарына қосатын – *су жорға, тайпалған жорға, шайқалған жорға* түрлері жатады да, бұлар ерекше бағаланады.

Қазақтың жорға сүйетіні соншалықты, тіпті жорғасы жоқ құлынды кейде жас кезінен жорғалай басуға дағдыландыратын әуесқойлар да жиі кездесетін. Ол үшін құлынды былқылдаған батпақты жерден не қалың құмды жерден жиі өткізеді немесе екі аяғына өре салып айдау арқылы аяқтарын жорғалай басуға дағдыландыратын. Мұнымен көбінде жасөспірім балалар әуестенетін. Бұл әдіспен жорғасы жоқ жылқыны нағыз жорға етуге болмайды.

XIX ғасырдағы халқымыздың өмірін зерттеген орыс зерттеушілерінің қазақтың мал шаруашылығына қатысты жазған еңбектерінде де қазақ жылқыларының арғымақ, қазанат, қарабайыр сияқты асыл тұқымдарының атаулары айтылады.

Зерттеуші тіл маманы Ш.Жанәбілов өзінің зерттеуінде арғымақ биеге былай деп анықтама береді: «Арғымақ бие – дене бітісі сұлу, көрікті, майда жалды, құйрығы орта қалыңдықта болып, сирақтары ұзын, жіңішке, асыл (шыны) сүйекті, қаз мойынды, қамыс құлақты, шоктықты келген бие» [22, 23 б.].

Қазақтың ауыз әдебиетінде де *арғымақ* сөзін жиі қолданатындығын кездестіреміз.

*Арыстандай екі бұтын алышайтып,
Арғымақ мінген өкінбес* (Доспамбет).

*Сай арғымақ сайлаған,
Найзасына жалау байлаған* (Ер Шобан.)

Арғымақтардың негізі – таза қанды түркіменнің ахалтекесі (текежәуміт) немесе таза қанды араб жылқысы болған.

Ахалтеке тұқымы көшпелі түркілердің көне заманда пайда болып, осы уақытқа дейін жеткен асыл тұқымды жылқысы болса, таза қанды араб жылқысы – арабтар Орта Азияны жаулап алғаннан кейін көшпелі бәдәуи жылқысын Орта Азия, Персия елдерінің асыл тұқымды жылқыларымен будандастыру арқылы шығарылған. Бұл асыл тұқымды жылқыларды қазақтар ерте заманда да, кейін де көп ұстап, көп өсірген.

Арғымақ тұқымы жүйріктігімен, алысқа шабар ұшқырлығымен ерекшеленеді. Оның тұла бойынан жүйріктік пен шабысқа бейімділікті сезуге болады. Арғымақтың дене бітімі сұлу, белі тазының беліндей иілген, тік мойынды, басы кішкене келген, аяқтары ұзын, жіңішке, тұяқтары кішкентай, құйрық-жалы қысқа, жүні тықыр болған.

Қазақ арғымақтары тегі жағынан арабы не түркімен жылқысы болғанмен, қазақ даласына, оның климатына бейімделіп өсірілгендіктен, ыстық-суыққа төзімділігі, алыс қашықтыққа шабуға шыдамдылығы жағынан олардан асып түсетін. XIX ғасырдағы орыс авторының «Лучшие породы киргизских лошадей – Арғымак» деген мақаласында таза қанды түркімен ахалтекесімен қазақ арғымақтарын жарыстырғанда, олардың түркімен жылқысынан басым түсіп, озып кеткені айтылады [60, 215 б.].

Сонымен «арғымак» (қазақ арғымағы) жергілікті табиғи ортаға бейімделіп өсірілген, қазақтың өзіндік асыл жылқы тұқымы деуге болады. Яғни қазақ арғымақтары мен түркімен не араби жылқылары бірдей емес. Бағалы жылқы тұқымы болғандықтан арғымақтарды хандар, батырлар, байлар ұстағаны түсінікті. Әдеби деректерден әйгілі Қасым ханда, беріде Абылай ханда осындай арғымақтар үйірі болғанын білеміз.

Бұл арғымақтарды қазақ халқын құрған ру, тайпалар ерте заманнан өсіре бастаған сияқты. Көне түркілердің петроглифтерінде, қазақтардың тасқа салған суреттерінде арғымақтарды өзіне тән дене бітімінен, тік мойнынан, иілген белінен, жіңішке сирақтарынан т.б. айыруға болады. Жылқыны бес саусағындай білген көшпелілер шартты салған суреттерде де арғымак тұқымын дәл бейнелейді. Көп суреттерде бұл ерекшеліктердің тұрақты көрініс табуы – олардың жеке аттың сыны емес, жылқының тұқымдық ерекшелігі екенінің дәлелі. Арғымак – қазақтар өсірген жабыдан кейінгі жылқы тұқымы.

Жылқының бұл тұқымының (арғымақтың) тағы бір ерекшелігі оның адам айтса нанғысыз қайырымдылығы мен кісіге үйірлігінде. Ол өз иесіне итше үйреніп, беріліп үйірленеді де, жатты теуіп, тістеуге дейін барады. Арғымак, тұлпар аттарды баптау қазақ халқының мәдени тіршілігімен тығыз байланысып отыратын. Бұл аттар Отан қорғау ісінде ерекше рөл ойнап, батыр ерлердің қанатты серігі болды. Бейбіт кезде бұл аттарды қазақ халқы ас-той үстінде қызықтап, сәулетті спорт түрінде қолданды [30, 20 б.].

Арғымак алысқа шабатын жүйрік болғанымен, иесімен бірге соғыстың бар тауқыметін көтеретін әскери ат болуға жарамайтын. XIX ғасырдағы жазба деректерде мұндай жылқы тұқымын арғымақтар мен далалық қазақы жылқыларды будандастыру арқылы алатыны айтылады. Ол үшін арғымак айғырларын жабы тұқымдас биелермен шағылыстыратын болған. Бұл буданды «қазанат» деп атаған. Орта Азияда мұндай тұқымды «қарабайыр» деп атайды. Қазақтар да қазанатты кейде «қарабайыр» деген.

Қарабайыр, қазанат

Қара жолда қалдырмас,

Қара жолда қалдырып,

Қанатыңды талдырмас (Мақал).

Жабайы айғыр мен биелерді қолға үйретулері ұзаққа созылғандығы ескерілсе, «қарабайыр» терминінің мағынасы одан әрі түсінікті болар еді. Жабайы жылқылар кез келген тауда немесе таулы жерлерді мекендемейді. Олардың мекені адамдардан ұзақ жатқан жайылымдар мен таулар болған. Осыдан келіп қарабайыр аттары елсіз жерлерден, қара тау немесе байырлардан шыққан, көбейтілген немесе қолға үйретілген жылқылар екендігі белгілі

болады. Қарабайыр тұқымына берілген бұл атаудың жермен де байланысы бар. Мысалы, Әзірбайжан республикасына тәуелді Қарабах автономиялық республикасына таулы өлкеде өскен атақты, күшті «Қарабах» аттарының есімі берілген. Түркімендердің текежәуміт аты болса ру атына байланысты қойылған. Әсіресе бұл аттармен аталатын жылқылар, негізінде түркімен жылқысы ретінде танылады. А.Шынардың пікірінше, қазақтардың да таңдап алған *тұлпар* сөзі ескі сөз болып табылып, «соғыс аты» мағынасын білдіреді. Бұл «тұлпар» (толпар) түбірден тараған, «аңыздағы қанатты ат»: тұл-пар, тұл-бар «соғыс аты – қапан» [7, 22 б.].

Қазақ биесінің тұқымы басқаның да жақсы қасиетін алып, өзінікін де жоғалтпайды. Сондықтан *қазанат* арғымақтың жүйріктігін, қазақтың жабы тұқымының төзімділігін, аштыққа, суыққа шыдамдылығын, екеуінің де алыс жолға беріктігін қабылдаған. Ауыз әдебиетінде де қазанаттың осы қасиеттері және оның арғымақтан туғаны айтылады.

Арғымақтан туған қазанат

Шабуыл салса нанғысыз... (М.Өтемісұлы).

Арғымақтың баласы,

Жазда алты ай жорытса,

Еш өкпесі қабынбас... (Шалкиіз жырау).

Қазақтар осы қасиеттері үшін *қазанатты* арғымақтан жоғары бағалаған. Мысалы:

Арғымақ ат көп бақтым,

Садағасы кетсін буданнан, –

деген сөздерді Досбол шешеннің толғауларында кездестіреміз. Қазанат қазақ жылқыларының үшінші тұқымы, бұл да асыл тұқым. Бұл тұқым арнайы соғыста батырлар міну үшін шығарылған. Қазанаттың дене бітімінен жүйріктік те, күш те бірдей сезіледі. Сырт келбеті ер атына сай. Денесі үлкен, омырауы мен кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұяғы үлкен, жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық-жалы қысқа, басы онша үлкен емес, танауы үлкен, тез семіретін, майды сыртына жинайтын, сазандай дөңгеленіп келген мойны жуан болып келеді.

Бергі кезде қазақтың байырғы төл жылқысының тұқымына сырттан әкелінген әртүрлі жылқы тұқымының, әсіресе, Орта Азия хандықтарынан шыққан арғымақ, қарабайыр тұқымдарының әсері мен табиғи сұрыпталуы нәтижесінде қазақ жылқысының бірқыдыру түрлері қалыптасты. Олар: *Батыс Қазақстан, Адай, Әулиеата, Орталық Қазақстан, Жетісу, Найман және Оңтүстік Алтай* жылқылары деп бөлінеді [60, 20 б.].

Ш.Жанәбіловтің еңбегінде [22, 17 б.] жылқы тұқымдары деп біраз атауларға тоқталған. Олар: *қазақ жылқысы* (ауа райының қандай жағдайына болса да төзімді, жем-шөп талғамайды, үнемі далада, тебінде, жайылымда өсіп-жетілген), *жабы* (мұның денесі ірі, шомбал, тұрқы ұзын, аяқтары қысқа, өте төзімді, жұмысқа төзімді, күшті, салт мінуге де, жегуге де ыңғайлы), *адай жылқысы* (қазақ жылқыларының бір түрі. Салт мініске қолайлы, басы жеңілдеу, шоқтығы шығыңқы, сауыры етсіздеу, итарқалау, аяқтары жіңішке, сіңірлі келеді), *көшім жылқы* (басы үлкен болғанымен дөрекі емес, мойнының

ұзындығы орташа, шоқтығы биік, әдемі, кеудесі кең, төсі алшақ, қабырғалары шеңберлі, арқасы тегіс те жазық, белі толық, кейде қайқы бел болып келеді), *қостанай жылқысы* (бұл жылқы Қостанай облысының «Қостанай» мен «Майкөл» жылқы заводтарында және облыстың колхоздарында, сонымен қатар, Челябині облысындағы «Троицк» жылқы заводында жергілікті қазақ жылқылары таза қанды, салт мінетін дон жылқыларымен будандастырылған), *буденный жылқысы* (бұл еліміздегі өсіріліп шығарылған жаңа жылқы тұқымдарының ішіндегі ең таңдаулыларының бірі. Аталмыш тұқымды шығаруға Кеңес Одағының Маршалы С.М.Буденный басқарған бір топ мамандар мен тәжірибелі адамдар қатынасты. Буденный тұқымын таза қанды, салт мінетін жылқының айғыры мен дон тұқымының биелерін шағылыстырып шығарған), *дон жылқысы* (мұның шыққан жері – Дон өзенінің маңайы. Жергілікті жердің ауа райына өте төзімді), *ахалтеке жылқысы* (бұл тұқым араб жылқысынан бұрын шығарылған және ең ежелгі тұқым болып саналады. Ол осы күнгі түркімен жылқысының ұрпағы), *таза қанды, салт мінетін жылқы* (бұл өте жүйрік, әсіресе жақынға шапқанда ұшқыр келеді), *желісті жылқылар* (осыдан 150 жыл бұрын Воронеж облысының «Хренов» жылқы заводында араб, дат, голланд тұқымдарын өзара будандастыру арқылы шығарылған). Осылармен қатар *шобыр* (мініске, күш-көлікке өте мықты келетін шабан ат), *тұғыр* (шобырдың ең жақсысы, мініске мықты ат), *мәстек* (тоқ-аштығы білібейтін жуан денелі, қарынды, бойы қысқа, күшті боп келген ат), *дәрбіт* (жуан денелі, аяқтары әлді, бойы зор, өзі күшті, құйрық-жалы қалың келген жылқы), *қолау* (қолы түскен тай, құнан байталдарға қаратылып айтылады; бұл атау мезгілі жетпей қатты мініс көріп, ер батқандықтан қолы (алдыңғы аяғы) ауырған, қолы түскен, алдыңғы аяғын баса алмай қалған) деген ұғымды білдіретін атаулар кездеседі.

Қазақ жылқыларының тұқымына байланысты зерттеу жүргізген Х.Бабаджановтың мақаласында «қазақтардың жылқыны қандай қасиеттеріне байланысты қалай бөлген?» деген сұраққа халықтық терминологияны мысалға келтіреді. Бұл – орыс мамандарына күтпеген жаңалық болып, кейінірек қазақ жылқысы туралы жазылған қай еңбекті алсақ та олар Х.Бабаджановтың классификациясына сүйенетінін көруге болады.

Жүрдек – күші мығым ат пен бәйге атының арасындағы салт жүріске жарамды жылқылар. Жүрдектігіне қарап сұлу ат деп те атаған. Алыс жолда жорықтарға шаршамайды.

Жүйрік – шабатын аттар. Еуропа халықтарында желгіштер бірінші орында тұрса, қазақтар салт мінетіндердің ішінен шабатын аттарды бағалаған. Аттың мұндай қасиеттерін табу – өнердің ішіндегі ең қиыны екенін ескертеді зерттеуші.

Жүйрік аттардың өзі үшке бөлінеді.

1) *қарғыншыл* – 2,4,8 верст қашықтыққа шабады. Мұндай жылқылар мүлдем бағаланбайды, қарғыншылда жүрдектік қасиеті ғана болса мал орнына санайды.

2) *қашағаншыл* – бұларды көбінесе жылқышылар мінеді. Аз қашықтыққа жылдам шабады, табынды қайыруға, құрықпен асауды ұстауға ыңғайлы. Басты қасиеті – ылдым-жылдым, шапшаң бұрылады, тез қимылдайды.

3) *жүйірік* – бәйге аты. Бұл топқа алыс қашықтыққа шаршамай, қарқынын жоғалтпай шабатын аттар кіреді. Зерттеуші қазақ бәйгесінің еуропалық дәстүрлі қысқа айналымдарының бөлек екенін, бәйге аттарының қысқа қашықтықтарда (дистанция) қасиетін көрсете алмайтынын айтып өтеді [60, 23 б.].

Жылқының тегі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты атаулар: *сайгүлік, пырақ, дүлдүл, қазанат, екітүгей, арғымақ, дәрбіт, тұғыр, қашыр, тарпаң, керқұлан, тұлпар, талау, мәстек, ақалтеке, тобышақ, текежаумыт, жабы, қарабайыр, жорға, жүйірік, асау, шабан, суын, жайлауыш, алатаң, бөдес, шобыр*. Осылардың ішінде көп жағдайда ФТ-тердің қалыптасуына негіз болғандары *жорға, жүйірік, сайгүлік, тұлпар, арғымақ, пырақ, дүлдүл, тарпаң* деген атаулар. Мысалы:

Тарпаң жігіт ФТ-і адамның өрескел, дөрекі іс-әрекетін сипаттайды, сонымен қатар қыңырлық, қырсықтық тәрізді мінездің кейбір белгілерін де көрсетеді. Мысалы, *Ехластан: «бұл қай Жұнысов?» деп те сұрай алмады, түрлері де ала-құла, мінездері де әлем-тапырық қырдың бір топ тарпаң жігіттерін бастап келген офицер формалы басшы қазақтан да жай-жапсарды сұрай қою орынсыз көрінді* (Х.Есенжанов).

Ақ сандақ жүйірік ФТ-і тілде тоқтамастан ағызып айтатын ақынның талантын сипаттайтын теңеу ретінде қолданылады. Мысалы: *Домбырасын қасына қойып, терін сүртіп жатқан Нысанбайға: – Көп жаса, ақ сандақ жүйірігім, – деді Қасым төре, – көңілімізді көтеріп тастадың ғой* (І.Есенберлин).

Сөзге жүйірік ФТ-і өзінің ойын жеткізе білетін, қажетті сәттерде абдырамай жол таба білетін, тапқыр адамды сипаттайды. Мысалы: *Сөзге жүйірік, әңгімеге ұста Зүбекең тыңдаушысын ұйыта сөйлейді* (ҚТТС, 4 т., 256 б.).

Қолы жүйірік ФТ-і өз ісінің шебері, епті адам туралы айтқанда қолданылады. Мысалы: *Құлағың сақ, қолың жүйірік жігітсің, түбі жақсы күйші сен боларсың* (ҚТТС, 6 т., 287 б.).

Соңғы аталған ФТ-тердің бейнелі-аялық негізі жүйіріктің шапшаң қарқыны, арындылығы болып табылады. Халық бейнелі түрде өз ісінің шебері жөнінде айтқанда өзгелерінен өзінің шапшаңдығымен ерекшеленетін жүйірік пен қарастырылып отырған нысан арасында балама жасайды.

Алдына қара салмау ФТ-і шешендік, маңдай алды болу деген мағыналарды береді. Мысалы: *Алдына жан салмаған Біржанға Сараны да жеңу мұрат. Бірақ ол Сараны көруді, тілдесуді, сырласуды арман етіп келеді* (М.Әуезов).

1.3.5 Жылқы шаруашылығына қатысты уәжділік

Ана тіліміздің ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпағына асыл мұра боп ауысып келе жатқан ұшан-теңіз сөз байлығының бір ұшығы біздің

халқымыздың ата кәсібімен сабақтасып жатады. Ғасырлар талқысынан өтіп, илеуі қанған бояуы қанық ең көне сөздер негізінен малға қатысты туындап, тіліміздің ең сүбелі, құнарлы қабаты ретінде қалыптасты. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қай халықтың да сөздік қоры өз шаруашылығына біршама тәуелді болатыны айқын. Кез келген этностың тілдік бірлік арқылы өзіне тән танымдық ой-пікірі қалыптасқан. Мысалы, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз болса, араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атаулар қалыптасқан [66, 155 б.].

Ертедегі грек авторлары Геродот пен Страбонның мәліметтерінен сақтар мен массагеттердің мал шаруашылығымен айналысқандығы және жылқы түлігін ерекше қастерлеп, оны өздері табынған күнге арнап құрбандыққа шалатыны кездеседі. Сондай-ақ, Аррианның келтірген деректері бойынша, сақ пен ғұндардың мал бағуы өте ерекше болған. Оларда жылқы, түйе, қой мейлінше көп болған. Жазы-қысы олар бір ғана малдың соңында жүреді, ылғи шөбі шүйгін, кең өрісті қоныстайды. Олардың керек қылатыны малдың сүті, оның еті, көп жейтіні әсіресе жылқының еті [8, 53 б.] .

Кең байтақ жерді алып жатқан еліміздің табиғаты жылдың әр мезгілінде жергілікті тұрғындарын көшіп-қонуға мәжбүр еткен. Сондықтан да олардың басты шаруашылығы – мал шаруашылығы болып табылады. Суы мол өзендерден қолдан суаруға болатын жерлерде ғана егіншілікпен айналысатын елді мекендер болған. Мал – көшпелі халықтың басты күнкөрісі болғандықтан, қазақтар үнемі өздерінің малға тәуелділігін сезініп отырған. Соның ішінде жылқы малының көшпелілер тұрмысында алар орны ерекше болғандықтан, сөздік қорымызда төрт түліктің ішіндегі жылқыға қатысты түрлі ФТ-термен бірге жылқы шаруашылығына қатысты да ФТ-тер мол кездеседі.

Жылқы күзеуге байланысты *тұқыл күзеу, жылқы күзеу, құнажын байтал күзеу, құнан күзеу, қысыр күзеу, тай күзеу* т.б. тіркестер кездеседі. Жылқы малының жас мөлшеріне қарай дәстүрлі тәртіппен олардың құйрық-жалын қырку, қысқартуды *жылқы күзеу* деп айтады. Жылқы күзеу сәуір айының ортасынан бастап, аяқты мал көк қуалай бастағанда жүзеге асырылады. Тайдың жалы күзелгенде, көбіне «кекіл», «шоқтық» қалдырмайды, осыны *тұқыл күзеу* дейді, өйткені бала-шаға болмаса, онда да ауыл арасында, мал өрісіндік жерге болмаса, қазақта тайды ұзақ сапарға, жиынға міну салты болған емес. Демек, кекіл, шоқтық іспетті көріктеуіш нышан қажетсіз. Бұл тұста да шаруаның малсақтық психологиясы көзге түседі.

Жылқы шаруашылығында жиі қолданылатын сөздің бірі – үйір. *Үйір* – бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас 15-20 шақты биелер тобы. Мысалы: *Менің бәйбішем биыл төркіндей барып, бір үйір жылқы әкелген еді* (Ә.Әбішев).

Біздің осы күні айтып жүрген төрт түлік малдың *бөлігі, үйірі, табыны, отары* деген ұғымдар орнына бір кездерде *бөлук, өгүр, сүрүк* сөздері жұмсалған. О.Нақысбековтің пікірінше, қазіргі жылқы тобының бір бөлегін білдіретін *үйір* сөзі М.Қашқаридегі *өгүр* сөздерінің фонетикалық жағынан өзгерген түрі. Мұндағы фонетикалық айырмашылық түркі тілдерінде жиі кездесетін құбылыс, яғни *г* мен *й* дыбыстарының алмасуы [23, 55 б.].

Үйір сөзіне қатысты *үйірге қосылды* (өз ортасына қайта келді, қатарға қосылды), *үйірге салды /түсті/* (үйір алды, үйірге қосты), *үйірден айырылды* (өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады), *үйірін алды* (басын айналдырды, сөзге еліктірді), *үйірін сұйылтты* (айнала-төңірегіндегілерді мүйіздеп сыйғызбады, маңына жолатпады), *үйірін тапты* (өзі өскен ортаға қосылды), *үйірімен үш тоғыз* т.б. ФТ-тер туындаған.

Шу асауларды үйреткенде қолданылатын әдісті *шұра салу* деп атайды. Асау аттың үстіңгі ерніне қамшының бүлдіргесін кигізіп, сабымен бұрау салады. Шұраны әдетте шу асауға салады. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Оспанның асау тайды үйрететін тұсында *шұрайлап* деген сөз кездеседі. Шұра салуды жазушы *шұрайлау* деген нұсқада қолданған: *Бірақ өзге асаудан көрмеген ызаны көріп, екі жығылып алған Масақбай ақ тайға қатты ызаланып алған. Құлақтан басып, бұғалықпен буындырып, екі езуін шұрайлап, тайды өлердей жазалаған* (М.Әуезов). Шаруашылықты жүргізудегі, төл күтіп-баптап үйретудегі осы әрекеттің көрінісі *құлындағы даусы құраққа жетті* – «қатты қиналып, шыңғырған дауыс шығарды» деген мағынадағы фразеологизмнің жасалуына себеп болған.

Келесі тоқталатын сөзіміз – *құрық*. Құрық – жылқы ұстайтын бас жағында ілмек жібі бар ұзын ағаш. *Құрық* сөзіне байланысты туындаған ФТ-тер: *құрық көрмеген, құрық әкету, құрығынан кеткен (құтылған) жоқ, құрығына түсті (ілінді), құрығы ұзын, құрық әкетті (алды), құрық басы (бойы), құрық берді, құрығы жеткен жер, құрық көрмеген, құрыққа сырық жалғады* т.б.

Ә.Т.Қайдар [37, 56 б.] бұл сөздегі *құр* тұлғасын *-ық* сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сөз құрамындағы «өлі» түбір ретінде көрсеткен (*құр+ық, сыр+ық*). Ә.Нұрмағамбетов [67, 87 б.] бұл атауды ертедегі түркі тілдері сөздігінен табуға болатындығын айтады. Онда «уқрук» сөзі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген «арқан» (ДТС, 613 б.) ұғымын білдіреді. Дыбыстардың орын алмастыруы нәтижесінде «уқрұк» – «құрық» болып өзгергендігін айтады.

Сонымен қатар қазақ халқында жылқыларға таңба салу дәстүрі болған. Дәстүр бойынша таңбаны жылқының жамбасына салған. Жылқы жамбасына салынған бұл таңба сол аттың кімдікі екенін не қай рудікі екенін білдірген. Осыған байланысты тілімізде *тайға таңба басқандай* деген ФТ қолданылады.

Бұл ФТ-тің пайда болуына негіз болған таңба салу дәстүрі емес (яғни таңба басу, салу), тайдың жамбасындағы таңбасының алыстан басқа таңбалардан анық, жақсы көрінуі.

1.3.6 Дене мүшелері мен ауруларына қатысты уәжділік

Жылқы малының дене мүшелерін түгелдей танып, айтып беретін жақсы ат сыншылары не бапкерлер бүгінде некен-саяқ. Десек те, біз қарастырған деректердің ішінде жылқы малының мүшелерін атап көрсеткен Ж.Бабалықов, С.Қасиманов, А.Тоқтабаев сияқты этнограф-ғалымдарымыздың еңбектерін кездестірдік. Жылқы малының дене мүшелеріне байланысты С.Қасиманов 44 атау, А.Тоқтабаев 46 атау, ал Ж.Бабалықов 84 атауды берген. Олар: *құлақ ұшы,*

құлақ, құлақ түп, кекіл, сырғалық, маңдай (орай), көз, кеңсірік, бет сүйек бүдірі, тұмсық, танау, үстіңгі ерін, шұралық, ауыз, езу, астыңғы ерін, иек, астыңғы жақ, шықшыт, бауыздау, тамақ, өндірішек, топшы, омырау, омырау бұлшығы, төссүріншек, шынтақ, қаржілік, тізе, жіліншік, тұсар, шаша, бақай, құндыздық, көбе, жұлық, тұяқ, мөртабан, майөкше, жерсоғар, барлау, қолаңса, қолтық, төс, үзеңгілік, бауыр, кіндік, шап, шап орай, ума, үлпершек, қылта, тілерсек, тірсек (шідерлік), сан, тобық, таң, жаңбырлық, ұршық, құйрық, күнтимес, аламай, құйрық түп, жая, сауыр, сербек, бөктеріншек, мықын, бел, қаптал, арқа, тебінгілік, басарқа, шоқтық сүйек, шоқтық жал, мойын түп, жуан мойын, мойын, май жал, қыл жал, қылмойын, желкелік, көк желке, төбе сүйек.

Бұл атаулардың ішінде біразы түрлі жануарларға тән ортақ атаулар болса, енді бір тобы тек жылқыға тән атаулар. Мысалы: *жал, шаша, шідерлік, сербек, аламай, қалбағай, жаңбырлық* т.б. Қалбағай – жамбастың үстіңгі жағындағы сыртқа шығыңқырап тұрған омыртқа ұшы. Демек, қалбағайлы дегеніміз – қалбағайы үлкен, қалбағайы шығыңқы жылқы туралы айтылатын сөз. Мысалы: *Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы, Алды, арты бірдей келсе ерге жайлы* (Абай).

Тізіп беріп отырған осы атаулардың негізінде тілімізде көптеген ФТ-тер қалыптасқан.

Ат жалын құшты. Еңкейе келіп, етпетінен ат мойнына асыла құлады ұғымын береді. Мысалы: *Қален оның сойылын қағып жіберген бойы темір сүйменімен оны иықтың тұсына ала соқты. Қаба сақалды ат жалын құшты* (Ә.Нұрпейісов). *Екінші жігіт кеп қартты қамшының астына ала бастаған кезде, кесек денелі бір әйелдің қолындағы бақаны желкесінен тиіп, ат жалын құштырды* (Қ.Әміров).

Ат кекілін кесісті «кетісті, араздасты, мүлде безді» мағынасында қолданылады. Мысалы: *Екеуін де бай жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ* (Ғ.Мұстафин). *Жаңа жылда жас балапан өсеміз, Байдан аулақ ат құйрығын кесеміз* (А.Тоқмағамбетов).

Ат бауырына алды; аттың бауырына алып, сабады. Атпен қуып, өлімші етіп сабады дегенді білдіреді. Мысалы: *Сен неге қашасың деп, аттың бауырына алып сабады* (ҚЕ).

Ат жалын тартып мінді «адам болды, ер жетті, азамат болды» мәніндегі ФТ. Мысалы: *Алыс елдің қонақтары бірсәрі болса, Тобықтының өзінен де ат жалын тартып мінген еркектен бірде-біреу қалмағандай.*

Ат құлағы көрінбейді ФТ-і екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) өте биік, өте ұзын. Мысалы: *Шоқпардай сары торы тұр басын иіп, Көрінбес ат құлағы тоғай биік* (І.Жансүгіров); 2) ақ түтек боранға байланысты айтылады. Мысалы: *Аспаннан жауып, жерден көтеріліп ат құлағы көрінбейтін ақ боран ұйтқып соқты-ай кеп* (Ж.Мұзапаров).

Ат құлағында ойнау «пысық, өте икемді, жеңіл» (атқа минуте құмар, шабандоз кісі туралы айтылады). Мысалы: *Қазақтың бес жасар баласы ат құлағында ойнауды ешбір мектептен оқыған жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Күдері (күдіре) бел, күпшек сан фразеологизмі жырларда жиі кездеседі. Мысалы: *Еңселігі екі елі, Егіз қоян шекелі, Шекелігі үш елі, Күдері белді, күпшек сан* (М.Мөңкеұлы). Жыр жолдарында берілген осы фразеологизмнің құрамындағы *күдері, күдіре* сөздері тілімізде көп қолданыла бермейді. Р.Сыздық: *күдері* – «жұмсақ иленген теріден жасалған бау», ал *күдіре* – «мықты, күшті» ұғымын білдіретін сөз дейді [70, 76 б.].

Ал Е.Жанпейісов «Абай жолы» эпопеясындағы көне тілдік элементтерді зерттеп, тарихи-этимологиялық тұрғыдан жан-жақты талдай келе, *күдері, күдіре* сөздерін бір сөз деп тұжырымдап, «дөнес, шығыңқы» деген ұғымды беретіндігін айтады.

Ғалым С.Сәтенова жоғарыдағы ғалымдардың пікірлері мен түрлі сөздіктердегі бұл сөзге берілген мағыналарын сараптай келе, «күдіре» – «арқажотасы дөңкіш (шығыңқы) мал» (күдірей де содан шыққан, күдері – «малдың өте қалың, мықты, бірақ жұмсақ етіп иленген жон арқасының терісі, теріден жасалған белдік, тартпа, қамшы» деген пікір айтады [46, 229 б.].

Енді ауруларына қатысты тілдік деректерге тоқталсақ. Қазақ халқы ұлан-байтақ елінің барлық жерінде төрт түлікке бірдей келетін індеттерді әр түлікке қарай өзінше жеке атау беріп, әрқилы шаралар қолданған. Мысалы, жұқпалы топалаң ауруын жылқыда «*жамандат*», түйеде «*қарабез*», ірі қарада «*қараталақ*», «*ылаң*», қойда «*топалаң*», ешкіде «*шекшек*» деп атаған. Бұл атаулар әр түлікте байқалатын топалаңның көрнекті белгілерін аңғартады. Жылқыда топалаң көбінесе ісік түрінде байқалады. Бұл жұғымтал ісікті «жамандат» дейді. Жылқының *жамандаты*, халықтың байқауынша, көбінде жаздыгүні кездеседі. Кейде мұны «*ісік*» не «*тегене*» деп те атаған.

Жылқы малының ауруларына байланысты атаулар М.Қашқаридың сөздігінде де берілген. Олар: *етілген* (ат ауруының бір түрі, I, 173); *йағыр* (жауыр, III, 16); *йағырлығ ат* (жауыр ат, III, 56); *чілдек* (аттың денесіндегі жара, I, 442); *йандық ат* (жабы, III, 51); *сеңгірегі ат* (сарппен ауырған ат, II, 397); *таз ат* (котыр ат, III, 163) [9, 95 б.]. Бұл атаулар қазіргі тілімізде қолданылып жүрген жылқы ауруларының аттарымен сәйкес келе бермейді. Бүгінде жылқы ауруларының халқымыз берген аттарымен бірге шетелдік терминдермен де (мысалы, эпизоотиялық лимфангоит) берілетін атаулары бар. Бірақ ондай атаулар тек сол салада жүрген мал дәрігерлерінің сөздік қорында қолданылады да, ал қарапайым халық сөздік қорымыздағы бұрыннан қолданылып келе жатқан атауларды пайдаланады.

Жылқыда болатын жұқпалы аурудың бірі – *маңқа*. Халық маңқаның өкпеге түсетін ауыр түрін «*көкірек маңқа*» дейтін де, танауға түсетін жеңілдеу түрін «*боз маңқа*», «*танау маңқа*» деген тіркестермен атайтын.

Жылқыда кездесетін маңқа тектес жұқпалы аурулардың бірі – *мандам* (эпизоотиялық лимфангоит). Мұны кейде «*шұбыртпа*» деп те атайды. Ауру басталысымен емдемей, асқындырып алса, бөріткендері көбейіп, малдың тұла бойын алып кетеді. Мұндай асқынған түрін халық «*жаңбыр мандам*» дейді.

Құлынның тамағынан шыққан ісіктердің бір түрін қазақ *сақау*, яки «*саржақ*», «*шығу*» деп атайды. «*Құлындағы сақау – құнандағы ақау*» деген тіркестің шығу тарихы осы ауру атымен байланысты.

Халықтың әр түлікте кездесетін бір ауруды басқаша атауы ұлтымыздың төрт түлікті жақсы тани білгендігінің тағы бір айғағы. «Қотыр», «көнтек», «көңқотыр», «қыршаңқы» деген ауру аттарының бәрін қотыр деуге болады. Осылардың ішінде жылқыда кездесетіні – «қыршаңқы». Қыршаңқы көбіне алдымен жылқының қапталынан және жаяның үстінен басталады да, малдың жүні сиреп, реңсізденеді, қайызғағы бұрқырап тұрады. Десек те *қотыр* сөзі жылқыда кездесетін бұл ауру түрінде қолданыла береді. Мысалы, «*Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді*» деген мақалда көп міністен, ауыр жұмыстан, күтімсіздіктен арқасы жауыр, үсті-басы сауыс қотыр болған жылқының қорада тұрса дуалға, қашаға, т.б. сүйеніп, қасынып мазасы кеткенде, жайылымға шыққанда көзі сау аттарға жақындай алмай, бір жерде ғана оттап, қозғалмай тұратын көзінің зағибы бар соқыр атты тауып алып, соған сүйкеніп, соны айналшықтап, төңіректен жүріп алатын әдеті болады, мақал соны айтып тұр.

Халық арасында жылқы түлігінде кездесетін басқа да ауру аттары және оларды емдеу тәсілдері сақталған. Мысалы:

Қара өкпе. Жылқының өкпесі ісіп, қабынады. Зертен болып ауырады. Бұл ауруды емдеу үшін жылқының мойнындағы күре тамырдан қан алады. Аурудың асқынғандығы байқалса, қарандыз немесе рауғаштың кептірілген түбірлерінің қайнатындысын жылқының аузына үш күндей аш қарында құятын немесе қарандыз түбірін уақтап турап, жемге араластырып жегізетін болған. ХІ ғасыр мұрасы М.Қашқаридың еңбегінде «*Андуз болса, ат өлмәс*» (Андыз болса, ат өлмес) деген мәтелде айтылған андыз – осы емдік шөп тамыр.

Талақ – жылқының көк бауыры ісетін ауру. Оны емдеу үшін белдеменің канатынан үш елі тастап арнаулы бізді сұғады.

Мішаяқ – жылқы төрт аяқтап аунай беретін ауру. Мұндай кезде алқым безі іседі.

Сайткелді – ат зорығып, шаршап, денесі суымай жылы су ішкеннен болатын ауру.

Нозала – көзіне перде шеміршек, шел өсетін жылқының көз ауруы. Бұл ауруды емдеуде мына әдісті қолданған: инеге жіп сабақтап алып, шеміршекті көктей тартып кесіп алып тастайды.

Жүген ауру – жылқының күн шығысқа қарап, құйрығын тарап, тынышсыздануы. Емдеу әдісі: жылқының басын жүгенге ұқсастырып қарып күйдіреді. Белгі салып ырымдайды. Пәле-жала «қарылды» деген сенімнен туындағанға ұқсайды. Жылқының аузына ыстық жас тал салып шайнатады.

Ишектің ақ құртымен ауырған жылқының жігері кетіп, ариды. Емдеу әдісі: қымыздың тұнбасын тотияйынның ертіндісіне қосып, жылқының танауына құяды.

Ити деп көбіне жаңа туған құлын қатып-сеніп, итиіп, тілін жалақтатып енесіне ере алмауын айтады. Мұндай құлындар әсіресе қулық биелерден туады.

Қара қаптал – айғырдың зәрі бұзылып, қамшысының (қасасының) сырты қотыр болып, жия алмай қалатын ауруының аты.

Киеңкі – биенің, байталдың несемі бұзылып ауыратын ауру.

Богымала (тышқаншық) – жылқы көзінің алдын ала кеңсірік сүйегінен томпиып шығатын ауруының аты.

Өлі – жылқының қара терге түсіп бір тұрып, бір жүріп, жайылмай, теңселіп жүретін ауруының аты. Бұл аурумен ауырған жылқыны қазақ *өлі (тышқан) тиді* дейді.

Шилі қара – бұрын көбірек мініліп арқасы жауыр боп жазылып, мінсең арқасы тез кетіп, тағы сондай жауыр болатын жылқы ауруы.

Лоққы (лоңқа) – жылқының ыстық-суықты болуынан жауыр болып, сол жауырдың асқынып, өлі еттеніп ісіп кетуін осылай атайды.

Өлі ет – жауыр болған жылқының арқасындағы жауырын шыбыннан қорғаймын деп иегімен қағып ісіріп, асқындырып, іріңі жарылмай тұрғанда пайда болған ет.

Қараталақ, қаталау – ішектегі жынның қатуынан болатын жылқы ауруы.

Тісеу – құлын, тай, құнан сияқты малдарда болатын тіс ауруы. Сақау туралы жоғарыда айттық, ал *тісеу* аттың сүт тістерінің түсуіне байланысты болатын ауру. «*Құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін айту*» деген тіркестің пайда болуына осы ауру аты арқау болған.

1.3.7 Ат әбзелдеріне қатысты уәжділік

Қазақ халқы ерге ерекше көңіл бөлген. Ерден басқа да әбзелдерге де ерекше мән берген. Ер-тоқым жабдықтарын қыздар тағатын сәнді әшекей бұйымдарға ұқсата жасайды. Ер мен басқа да жабдықтар әркімнің жағдайына қарай сәнделеді. Ердің сәнді болуымен қатар оның адамға жайлы болуына да көңіл бөлінген. Ұзақ жолға немесе сапарға шыққан адамның ыңғайлы отыруы, жаумен шайқасуында жеңіске жетуіне де әсер етеді. Ер аттың шайқас немесе жарыс кезінде тік тұрғанда, айналған кездерде адамның ыңғайлы отыруын, жерге құлап түспеуін қамтамасыз етеді. Екінші жақтан, ер тек қана адамның отыруына ыңғайлы құрал емес, атқа да зиян келтірмейтін құрал болуы тиіс.

Түркілер жылқыға ерсіз мінбеген. Осыған орай *ерттеп міну, ерттеулі аттай* деген ФТ-тер қалыптасқан. Дегенмен ерсіз, жайдақ мінгендіктері де кездескен.

Аттың үстін қажымауы үшін ердің астына *терлік* салынады. Терліктің жұмсақ әрі тері сіңіргіш болуы керек. *Мойындық* пен аттың үстіңгі жақ жабдықтары жүннен болмау керек. Аттың белі ашылып қалып, жауыр болмауы үшін терліктің жасалуына ерекше көңіл бөлген. Атты тынықтыру мен суытылуы аттың денсаулығы үшін өте қажет. Қазақ тілінде терлік терминімен бірге оған жақын мағынада *ішкілік, тоқым* сөздері қолданылады. *Тізгіннің* де маңызды қызметі бар. Дастандарда тізгіннің жібектен болуы байлықтың нышаны болған.

Ер – атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасалатын арнаулы жабдық. Сахалардың дастандарында *ер* үш бұрышты болып көрсетілген және ердің басы қымбат таспен сәнделгендігі айтылған. «Алпамыс батыр» дастанында аттың өсуімен бірге оның ер-тоқымы да жаңарып отыратындығы бейнеленген. Ердің мынадай түрлері болады: желқом ер, қалмақ ер (үйрек бас ер), әскери (орыс) ер, құранды ер, ойма ер, ағаш ер, күміс ер, алтын ер, боқан ер, бежін ер, қоқан ер, ашамай.

Желқом ер – тоқымы қоса тігілген ер.

Қалмақ ер – алдыңғы жағы иіліп жасалған ер.

Әскери ер – атты әскерге арналған шоқ бас ер.

Құранды ер – бірнеше бөлік мықты ағаштардан құрастырылып, екі қапталы тұтас ағаштан шабылып, қасына сүйектен оймыш, асыл тастан көз салып жасалған ер.

Ойма ер – алдыңғы, артқы қасы, екі қапталы, белағашы жеке-жеке ағаштан ойылып, қиылып жасалған ер, «ойма қасты ер» деп те аталады.

Ағаш ер – ағаш қаңқалы, көпшілік қолды, ықшам, жеңіл ер.

Күміс ер – алдыңғы және артқы қастарының, екі қапталдың сыртқы бетіне, қас қырына қойылатын алуан түрлі ойылып қиылған, сүзілте оймышталған жұқа темірлер, үсті таза ақ күмістен қапталған, көбіне әйел қауымына арналған ер.

Алтын ер – күміс ердің күмістелген барлық бөлшектерінің орнына жаппай алтын жалатқан, сан алуан оймыштың үстіне жабылған күміс өрнектердің екі шетін жиектеп, нақ ортасын жара сыздықтап алтын жалатқан ер.

Боқан ер – алдыңғы қасы қошқар мүйіз болып, артқы қасы иіліп келген ер.

Бежін ер – алдыңғы қасы қоқиған, қазмойын ер.

Қоқан ер – басы құйма күміс, керсенін үш елі көзпазбен қаусырған, қоқан үлгілі ер.

Ашамай – балаға арналып, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған ер.

Әрбір қазақ шаңырағынан табылар заттың бірі – *қамшы*. Қамшы батырдың қаруы, әрі атты басқару құралы болып табылады. Бұл бүкіл түркі дүниесіне ортақ сөз. Ә.Нұрмағамбетов [67, 58 б.] *қамшы* сөзі атау болудан бұрын етістік қызметін атқарғандығын айтады. Мұны чуваш, тува сияқты тілдер дерегімен дәлелдейді. Чуваш тілінде «хамсар» біздегі «сермеу», «кезену» мағыналарын берсе, тува тілінде «ұру, соғу» – «кымчылар» делінеді екен. Қазақ тілімен туыстас тілдердің ішінде ең ежелгісі – чуваш тілі. Яғни қамшы сөзі бірте-бірте өзінің алғашқы «сермеу», «кезену» мағыналарынан айырылып, біздің тілімізде атау болып қалыптасқандығын айтады. Ал Н.Уәлиевтің [68] зерттеу мақаласында *қамшы* сөзіне мынадай жан-жақты түсінік беріледі: «Сырт қарағанда, *қамшы* сөзі түбір мен қосымшадан тұратындығы байқала бермейді. Шындығында, бұл сөздің түбірі *қам*, ал *-шы* малшы, егінші тәрізді сөздерде кездесетін қосымша. Әрине қазіргі қазақ тілінде *қам* түбірі жеке қолданбайды. Ал орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ, қазіргі туыстас тілдердің кейбірінде (тува, тофалар, алтай, сары ұйғыр, хакас т.б.) *қам* «бақсы» дегенді білдіреді. Қарайым тілінде де *қамшы* сөзі «шаман» мағынасында жұмсалады. Бұл салыстырудан бақсы мағынасын білдіретін сөздің бірде *қам*, бірде *қамшы* түрінде айтылатындығын байқаймыз. Қазақтарда *қамшы* сөзі әуел баста «бақсы, шаман» мағынасында жұмсала келе, екінші бір заттың атауына көшкен. Бұл әрине, кездейсоқ емес. Оған себеп байырғы кезде қамдар немесе қамшылар (қазіргіше, бақсылар) қолдарына көбіне шыбыртқы алып ойнайтын болған. Оны қамның немесе қамшының шыбыртқысы деп атаған. Бірте-бірте қамшы сөзі әрі «бақсы», әрі «шыбыртқы» мағынасында қолданыла басталып, уақыт оза келе

кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, қамшының бастапқы мағынасының ұмыт бола бастауын парсы тілінен енген *бақсы* сөзі жеделдете түскендігін» айтады.

Қазақ халқының ертедегі түсінігінше, әрбір жануардың өз иесі болған. Түйенің иесі *Ойсылқара*, жылқының иесі *Қамбар ата*, сиырдың иесі *Зеңгі баба*, қойдың иесі *Шопан ата*. Бұлардың ішінде жылқыға ерекше көңіл бөлген. Жылқының иесі Қамбар ата, түріктердің ауыз әдебиетінде Әзіреті Алидің дүлдүлінің атқосшысы ретінде танылған. Бұл сенім қазақтарда, түркімендерде, өзбектер мен қарақалпақтарда да бар.

Ғалым М.Кәмелханұлы өз мақаласында [69] *Қамбар* сөзінің *қам+бар* деген екі бөліктен тұратындығын, *қам* – шаман (шаман діні) деген мағынаны білдіретіндігін айтады. Шаман дінінің бір кейіпкері – бақсы, олай болса, *Қамбар ата* тіркесі – жылқы шаман дінінің атасы деген мағынада болуы мүмкін. Бірақ қалайда бұл сөзде әлмисақтық, тотемдік танымның образды түсі айқын тұлғаланған.

Қамшының этнос танымын танытудағы бір бейнесі – оған байланысты қалыптасқан түрлі ырым-жоралғылар. Мәселен, *қатын өлді – қамшының сабы сынды* деген мәтелдің астарындағы ырым-жоралғы. Сондай-ақ, қамшыны ұстап төрге шықса, ағайындар араздасып, дау-дамай туады деп жорамалдаған.

Қамшы – қазақтар өмірінде ұлттық-мәдени ерекшелікті танытатын сөз. Оның түрлері, өріп жасалуы, сапасы жағынан қамшы иелеріне байланысты эстетикалық әсері де бар.

Қамшы сөзіне қатысты қалыптасқан ФТ-тер: *қамшы болу, қамшы салым жер, сауырына қамшы тию, қамшыдай қату, қамшы жұмсау, қамшының астына алу, қамшы кесті шабан, қамшылар жақ, қамшы салдыру (салдырмау), қамшысын алып келуге (беруге) жарамау, қамшысынан қан сорғалау, қамшы үйіру* т.б.

Ат әбзелдерінің бірі – *құйысқан* сөзінің шығу тарихына тоқталу үшін Ә.Нұрмағамбетов ертедегі түркі тілдер сөздігіне жүгінеді. Ондағы «кудичак» тұлғалы сөз қазіргі қазақ тіліндегі *құйымшақ* дегенді білдірсе, қазіргі чуваш тіліндегі *хыдж* біздегі *арт*, *бөксе* сөздерінің орнына жүреді. Бұлардан байқайтынымыз, сөздің ең алғашқы түбірі – *қуд*, қазіргі тілімізде *құй* болып өзгерген. Демек, бұл *құйысқан* сөзінің бірінші буыны.

Ал тұңғыс-манжұрларда *hoшшан* тұлғалы сөз *қайыс* мағынасында қолданылады. Енді алғашқы *құй* түбіріне *hoшшан* сөзін қоссақ, *құй hoшшан* тіркесі шығар еді. Бұл тіркес *құйрық қайыс* деген мағынаны білдіріп, кейіннен *құйысқан* болып өзгерген.

Құйысқан сөзіне қатысты пайда болған ФТ-тер:

Құйысқанға қыстырылды // құйысқанға қыстырылған боқтай (боққа ұқсап) ФТ-і жөнсіз, ретсіз килігу туралы ұғымды береді. Мысалы: *Сен оның құйысқанына қыстырылып, қадіріңді кетірме, – деді Абзал* (Ә.Әбішев).

Құйысқаны берік ФТ-і екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) мал-жан аман (балгерлердің қолданатын сөзі); 2) сүйенерлік жақындары бар кісіге байланысты қолданылады. Мысалы: *Жұрағат-туғандары мол, арқа сүйер адам, дос-жарандары көп, құйысқаны мықты кісі* (АТ).

Тізгін сөзіне байланысты қалыптасқан ФТ-тер: *тізгінін жиды, тізгінінен айырылды, тізгінін берді, тізгін ұшымен келді, тізгінін тарту (тежеу), тізгінін тартпау, тізгін тартар бер, тізгінін өз қолына алды, тізгіндеп ұстады, тізгінге жабысу, тізгінді босатты (жіберді)* т.б.

Ер сөзіне байланысты қалыптасқан ФТ-тер:

Ер әбзелін түзеді – «ат жабдығын сайлады» («әбзел» – парсы сөзі, «ертұрман» деген мағынаны білдіреді) мәнін береді.

Ері мойнынан кетті ФТ-і екі түрлі ұғымда қолданылады: 1) жүдеп-жадады, берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді. Мысалы: *О, құрметті досым, Бақаш, ерің мойныңа кетіп қалыпты ғой, саған бір дос жәрдемі керек-ау, – деді ол* (С.Адамбеков); 2) қысылды, ұялды, ұнжырғасы түсті. Мысалы: *Тек Роза қиналғанда бірге қиналды. Доғалдың қалжыңына көтермеші бола алмай, ері мойнына кетіп төмен қарайды* (Т.Ахтанов).

Тақым – тізгіннің ішкі жағы. Тақымға байланысты қалыптасқан ФТ-тер: *тақымына ат тиді, тақымы атқа жарымады, тақымыңнан тұлпар кетпесін, тақым қағар, тақым бұрау салды, тақымы толмады, тақымға салды* т.б.

Үзеңгі сөзіне қатысты қалыптасқан ФТ-тер: *үзеңгі жолдас, үзеңгі қағысып келеді (қаз-қатар жүру мағынасында айтылып тұр), үзеңгі бауы алты қабат екен* (тәкаппар, өр көкірек, менменшіл кісі туралы айтылады).

Сонымен қатар тілімізде *айыл-тұрман тағынды, айыл-тұрманын тартты* сияқты ФТ-тер кездеседі. *Айыл-тұрман тағынды* деген «жол жүруге әбден дайындалды, сайланды» ұғымындағы ФТ. Мысалы:

Айыл-тұрман тағынып,

Туған елін сағынып,

Ақ бөрте тұр желіде,

Артқы аяғын қағынып (Д.Бабатайұлы).

Айыл-тұрманын тартты тіркесі екі мағынада жұмсалады: 1) қамданды; 2) ашу қысып, тас-түйін болып бекінді. Мысалы: *Орнына отырмастан, бастық алдына келді. Көзіне пенснесін киіп, ат жағын тістеніп, сұрланып алған. Айыл-тұрманын тартып, барлық нервісін шоқтай жиып апты* (М.Әуезов).

Тілімізде *айылын жимау* деген фразеологизм бар. Мысалы: *Шынтақтап сен мамықты, Айылыңды жимайсың, Аяғыңды көсіліп* («Қамбар батыр»). Қазақ тілінде тек болымсыз мәнде айтылатын *айылын жимады* деген тіркестегі *айыл* сырт қарағанда ер-тұрман әбзелінің бірінің аты сияқты. Р.Сыздық бұл сөздің шындығында моңғол тілінде «қорқыныш, үрей» деген мәндегі сөз екендігін айта келіп, мұндағы *айыл* сөзі бір кезде түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз болып «үрейін жимау», яғни «қорықпау, жасқанбау» мағынасын беретін тіркес ретінде қалыптасқан болар деп ойын тұжырымдайды [70]. Бұл өте көне тіркес болу керек. Осы сияқты құрамында түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздер сақталып қалған, «еншісі бөлінбеген» сірі тіркестер қазақ тілінде аз кездеспейді.

Түйін

Төрт түлік малдың ішінде қазақ халқының ең құрмет тұтатыны – жылқы малы десек, жылқы малы ұғымынан туындаған ФТ-тер қолданыс жиілігі жағынан да басқа төрт түлікке қарағанда алғашқы орынға ие. Өйткені оған

қатысты ФТ-тер тілімізде молынан кездеседі. Қазақ үшін мінсе көлік, жесе тамақ, ішсе сусын, кесе киім болған жылқы малымен оның тұрмыс-тіршілігі қай-қай заманнан тығыз байланыста болған. Бұл байланысты біз қазақ тілі тілдік материалдары негізінде құрастырылған көптеген сөздік материалдарынан да байқадық.

Қазақ тіліндегі төрт түлік малға байланысты бейнелі ФТ-дің басым бөлігін жылқы туралы ұғым-түсініктерге қатысты ФТ-тер құрайды.

Ұлттың жылқы малына жасаған көпжылдық бақылауы халық аузында сақталып қалған ФТ-тер түрінде көрініс тапқан.

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терді тақырыптық-мағыналық топтастыру, ең алдымен, олардың тілдік қолданыс аясын анықтайды, халықтың тілжасамдық ұзақ процесін, оның мәдени, рухани, әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігінің белгілі бір шамада елеулі деген аспектілерін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің тақырыптық-мағыналық топтарының ішінде ең көбі оның тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты қалыптасқан ФТ-тер.

Қазақ тілінде жылқы малының түр-түсіне байланысты мыңға жуық атаулар кездеседі.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ФТ-ТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ АНТРОПОЦЕНТРЛІК АСПЕКТІСІ

Қазіргі лингвистикада тілді адам мен оның санасы, болмысы, оның айналамен рухани қарым қатынасын зерттеу, яғни антропоцентрлік және тілдегі адамдық фактор ең басты бағыттардың бірі болып отыр.

Тіл мен мәдениетті байланыстыра қарау идеясы ғалымдар еңбектерінен XVIII–XIX ғасырлар аралығында көрініс бере бастады да, бүгінгі таңда саналы түрде тілді антрополингвистикалық позицияда зерттеу бағытына ұласты. Лингвистика ғылымында антропоцентрлік концепцияның қарқынды дамуы XX ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Антропоцентризм термині атқарылатын адами функциялардың бастау нүктесінен шығып, объективті әлемді танитын және оны өзгерте алатын белсенді субъектіге тән кейбір қасиеттер мен сапалардың дерексізденіп, абстракциялануын сипаттай алатын мүмкіндіктердің жиынтығы деген мағынаны білдіреді. Ю.С.Степановтың айтуынша, Э.Бенвенистің «тілдегі адам» концепциясы еуропалық тіл білімінің, әсіресе, орыс және француз лингвистикалық мектептерінің «айтарлықтай терең, әрі түбегейлі ойластырылған дәстүрлері негізінде қалыптасты» [71, 50].

Лингвистикадағы антропоцентрилік әдіс тілді адам болмысымен бірлікте қарастыруды көздейді. Әлемдегі барлық құбылыстар адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастырылады.

Қандай заманда болмасын ғылым, өнер, білім – барлығы да, түптеп келгенде, адамды тануды бірінші мақсат етіп қойған. Өмірдегі алуан әрекеттердің бәрі де адаммен немесе оның қасиеттерімен байланысты. Өйткені мәселелер қалай өрбісе де, бәрі айналып келгенде адам болмысына тіреле бермек. Себебі мұның бәрі адамды тану қажеттігінен туған идеялар екені мәлім.

А.Вежбицкая өзінің артефактілер мен табиғат объектілерінің атауын «антропоцентрилік» ыңғайда сипаттау позициясын былайша түсіндіреді: «Адам әрекетінің нәтижесінде пайда болған идеялық өнімді атаушы сөздердің мазмұнын түсіну үшін ең алдымен, сол объектілердің қандай мақсатта жасалғандығын, яғни негізгі қызметін ұғынып алу қажет» [72].

Соңғы 10-15 жылдың төңірегінде лингвистикалық зерттеулердің антропологикалық аспектісі қарқынды дамып келеді. Мұның мәні адам болмысы мен тіл табиғатының байланысы шеңберінде өрбитін кешенді проблемалардың туындауымен байланысты. Тек лингвистика ғана емес, жалпы гуманитарлық пәндердің ғылыми парадигмасы бұрын үстемдік еткен «қатаң ғылыми», әрі жүйелілік-құрылымдық ұстанымнан бет бұрып, функционалдық парадигманы жетекші бағытқа айналдырды [73].

Бұл бағыттың теориялық негіздемелері маркстік-лениндік ережеге сәйкес болмағандықтан, Кеңес тіл білімінде сынға алынды (Гухман, 1961; Чесноков, 1977). Сол себептен, біздің ғылыми кеңістігімізде бұл бағыт кешендеу, кенжелеу қалған әдіс болып отыр. Бірақ кеңестік заманда да тілшілер мәдениет пен тіл арасындағы байланыс проблемасынан қол үзбей, оған жиі көңіл аударып отырды. Ю.С.Степановтың пікірінше, «догмалық структурализм қағидасының құрсауында қалған біреулер болмаса, соңғы онжылдық ішінде бір де бір ірі лингвист тілдегі антропоцентризм мәселесінен айналып өткен емес» [71, 49].

XXI ғасыр лингвистикасында тіл қарым-қатынас пен таным құралы болумен ғана шектеліп қала алмайды, оны ұлт мәдениетінің белгісі ретінде қарастыратын жаңа қарқынды бағыт қалыптасуда. Бұндай тұжырымның негізгі іргетасы В.Гумбольдт [74], А.Потебня [75] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қаланған болатын.

В.Гумбольдттың пікірінше, тіл философиясының негізгі принципі – тілді және оның формасын халық тіршілігі мен оның ұлттық санасының көрінісі ретінде тану болып табылады. Ол тілдің бастау арнасын өмірдің материалдық

жағдаяттарынан емес, рухани әлемнен іздейтін лингвистикалық компаративизмнің тәсілдері мен мақсаттарына қатысты да өзіндік көзқарасын танытқан. В.фон Гумбольдт эволюция заңы бойынша тұжырымдалатын тілдің біртіндеп дамуы мен сол арқылы күрделене жетілетіндігі жайлы жорамалды теріске шығарып, оның әуел бастан-ақ адамзаттың жаратылысымен біртұтас жүйеде құрылып, ерекше қабілет түрінде бірден пайда болғандығын алға тартады. Сондай-ақ, В.Гумбольдт адамның сөйлеу қабілеті Жаратушының берген ғажайып сыйы ғана емес, сонымен қатар, бұл адам баласы болмысының ажырамас құрамдас бөлігі, айнымас сипаты деп түсіндіреді. Ғалым жеке тұлғаға тән субъективтіліктің тіл арқылы болмысты тану барысында сол тілдік ортаның ұжымдық субъективтілігінен, ал ұлттық субъективтілікті жалпы адамзаттың биологиялық ерекшелігінен емес, мәдени-этникалық негізінен туындайтындығын байыптай келе, *индивид – халық – адамзат* деген үш мүшелі тізбекті қисын түзеді. Ол ұлттың, халықтың рухын тілмен теңестіре байланыстырады.

Қазақ тіл білімінде соңғы кездері тілдегі антропоцентризмнің төңірегінде айтарлықтай сапалы зерттеулер жүргізіліп келеді. Ә.Қайдар, М.Копыленко, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Смағұлова, т.б. ғалымдар бұл мәселені тіл тарихы, лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан жан-жақты қарастырып, өз үлестерін қосу үстінде.

2.1 Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған заттар мен құбылыстарға этнос (ұлт) тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады.

Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күнкөріс, тұрмыс-тіршілік негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы фразеологизмдерден көрініс табады. Сондықтан фразеологизмдер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып есептеледі. Әр ұлт тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік бейнелі сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани, мәдени өмірінен хабардар етеді.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін зерттеген ғалым Г.Смағұлова: «Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек, асыра айтпағандық болар» – дей келе, «ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. Бұл деректердің түп төркіні, таралу көзі фразеологизмдердің тұлғалық

ерекшеліктеріне байланысты. Фразеологизм белгілеріндегі мағына тұтастығы, қолданылу тиянақтылығы, даяр қалпында қолданылу тұрақтылығы арқасында ұлт тілінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп сақталуда. Әр фразеологизмдерде мәдени ақпар беретін дағдылы қалыптасқан дүниетаным, ұлт ерекшелігі аңғарылады» – деген тұжырымды ой айтады [76, 149].

Қазақ тіліндегі ФТ-тер (фразеологиялық және паремиологиялық), өзге түркі тілдеріндегі тәрізді, құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын және т.б. бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды. Барлық осы ерекшеліктер, ең алдымен, сол ұлттың объективтік шындық жөніндегі нақты түсініктерін, тілде қандай да бір көрініс тапқан алуан түрлі табиғи құбылыстарға, қоғамның даму заңдылықтарына олардың баға беруін білдіретін ФТ-тердің бейнелі-аялық негізін құрайды. Басқаша айтқанда, белгілі бір халықтың әлеуметтік-экономикалық тіршілік сатысын, оның рухани әлемі мен заттық мәдениетін, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын, діни-мифологиялық ұғым-түсініктері мен наным-сенімдерін сипаттайтын факторлар ФТ-тердің бейнелі-аялық негізі болып табылады. Осыған байланысты ФТ-тердің қандай да бір категориясының түзілуіне экстралингвистикалық факторлардың жоғары немесе төмен дәрежеде ықпал етуі жөнінде айта кеткен орынды. Мысалы, егер Қиыр Солтүстік пен Сібірдегі түркі халықтары тілінің лексика-фразеологиялық категориялары өзінде бұғы шаруашылығының немесе аң аулау кәсіпшілігінің ерекшеліктерін, ал Орта Азия халықтарында мақта және бау-бақша өсіру шаруашылығының ерекшеліктерін, Волга бойындағы халықтарда балық аулау шаруашылығының ерекшеліктерін қамтыса, онда қазақтарда негізінен, мал шаруашылығының ерекшеліктері көрініс табады. Үй жануарларын өсіру және бағудың, оларды көлік, тағам өнімдері, сондай-ақ киім-кешек пен ыдыс-аяқ дайындау үшін қажет шикізат ретінде пайдаланудың көпғасырлық тәжірибесінің тілде көрініс таппауы мүмкін емес. Қазақтардың көшпелі тұрмысының осындай ерекшеліктері, бірінші кезекте, осы ФТ-тердің (фразеологиялық және мақал-мәтелдік) этнолингвистикалық сипаттамасы арқылы беріледі [77, 3].

Халықтың рухани творчествосының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның құдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік нақышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы – фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан [78, 41 б.].

Фразеологизмдер – тілдің мазмұндық жағының көпғасырлық дамуының нәтижесі. Олар бізді қоршаған шындық туралы анағұрлым күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі және эмоционалды түрде беруге өте қабілетті. Алайда әр нақты жағдайдағы фразеологизмдердің мұндай жалпы сипаттамасы бейнелі-аялық негізіне қарай өзара жіктеледі. Мал шаруашылығына қатысты фразеологизмдер туралы сөз болғанда, жануарлар

әлемі жөніндегі түсініктерді адамзат қоғамына ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығады. Фразеологизмдердің көпшілігі адамға сәйкес ерекшеліктері бар жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан, жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әртүрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлқтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі-аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақтықты және ұқсастықты таба аламыз. Мәселен, қазақ тілінде ғана кездесетін «адам жылқы мінезді» тіркесі адамды жағымды жағынан сипаттайды. Мұнда көнбістігімен, өзінің күшін тез қалпына келтіріп алуға деген қабілеттілігімен ерекшеленетін адам сөз болып тұр. Жылқыға тән бұл қасиетті көшпелілер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны ең абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады.

Төрт түлікке қатысты фразеологизмдердің көпшілігі шығу тегі жағынан көне болып келеді және көптеген жазба ескерткіштерінде кездеседі, дегенмен бұл қазіргі түркі тілдерінде олардың еркін қолданылуына кедергі келтірмейді. Мысалы, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түркінде» *Қорқмiш кiшiгä қож баши қош көрүнүр* – «Қорыққан адамға қойдың басы қос көрінеді» немесе *Kiшi сөзläшү jilкi jizлашу* – «Танысу үшін адамға сөйлесу, ал жылқыға иіскесу жеткілікті» (қазақ тілінде *Адам – сөйлескенше, жылқы – кісінескенше* сол мағынада қолданылады) [77, 4 б.].

Профессор М.М.Копыленконың «... фразеосочетания различной степени идиоматичности и паремии в целом, как и лексемы, их образующие, представляют благодатное поле для углубленного постижения особенностей жизненного уклада, духовного культуры и мыслительной энергии этносов» деген пікірінен мұндай бейнелі сөз орамдары арқылы әр халықтың өміріндегі өзіндік ерекшеліктерін байқауға болатындығын аңғартады [49, с. 41]. Сондықтан да фразеологизмдердің күрделі табиғатын танып-білудің және олардың пайда болу көздерін айқындай білудің кілті халықтың рухани құндылықтарын сақтаушы – тілдің өзіндегі бай деректерде.

Мал шаруашылығы саласының лексикалық бірліктеріне қатысты фразеологизмдердің шығу тегі зерттеушілерді ертеден-ақ қызықтырып келеді, себебі жан-жануарларға қатысты сөздер мен атаулар адамды сипаттау кезінде де қолданылады.

Құрамында зоолексиканы қамтитын фразеологиялық бірліктердің шығу тегі, олардың мағыналық бөлінгіштігі және сөздерді тұрақты орамдарға біріктіру заңдары жөнінде бұрынғы зерттеулерде белгілі бір шамада қарастырылған.

Осыған байланысты ең алдымен В.М.Мокиенконың «Славянская фразеология» (1980) атты кітабын, Ә.Т.Қайдардың (1986, 1987) еңбектерін атап айтқан жөн.

Бұл проблема сонымен қатар мынадай ғалымдардың еңбектерінде басты негізге алынған: Х.Қожахметова (1967), Е.А.Гутман, М.И.Черемисина (1970),

Ж.Ш.Ахметова (1975), Л.С.Войтик (1975), К.Дүйсетаева (1977), И.А.Бурбуль (1981), А.Ф.Журавлев (1982), Л.Е.Свентицкая (1982), В.Н.Телия (1996), Р.А.Алгимбаева (1987), Т.Өмірзақов (1988) және т.б.

Осылайша зоолексика негізінде жасалған фразеологиялық бірліктер көптеген тілдердің фразеологиялық құрамында жеткілікті түрде берілген. Бұл жануарлар әлемін білдіретін сөздер тілдің көне қабаттарына жататындығымен түсіндіріледі.

Бұл жағынан алғанда түркі тілдері де тыс қала алмайды, оларда фразеологизмдердің басым бөлігі тек мағына жағынан ғана емес, құрылымы бойынша да, бейнелілігі бойынша да бір-біріне сәйкес келеді, яғни бірыңғай ішкі тұрпаттың негізінде жасалған. Бұл әсіресе құрамында мал шаруашылығының терминдері бар фразеологизмдерге тән. Мысалы: өзбек тілінде *одам аласи ичда, мол оласи таида* // түркімен тілінде *адам аласы ичинде, хайван аласы дашында*; қазақ тілінде *ат жалын тартып міну* // қырғыз тілінде *ат жалын тартып минүү* т.б.

«Тұспалдау, абстрактілі ойлау, әртүрлі заттарды бір нәрсеге астарлай отырып жіберу және оларды шешу көшпелілердің дәстүрінде кең таралған», – деп атап көрсетеді философ Д.Кішібеков [3, 18 б.].

Кезінде Геродот та осы жөнінде көшпелі сақтарды негізге ала отырып жазған болатын. Бұл әдет-ғұрып көшпелілерде соңғы кезге дейін сақталған. Осылайша көпмағыналылық, астарлап сөйлеушілік, бейнелілік – көшпелі малшының ойлауына тән қасиеттер. Көшпелі малшы психикасының мұндай ерекшелігі шексіз ең даладағы тұрмыс-тіршілігі мен өзара қарым-қатынас жасауға деген адамдардың аса мұқтаждығынан туындаған, әр айтқан сөзі терең мағыналы, бейнелі және астарлы мәнге толы болған.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің басым бөлігі тіршіліктің әр қырын бейнелей отырып, жануарлардың қасиеттері мен ерекше белгілерін білдіретін сөздердің маңына топтасады.

Қазақ тіліндегі тіршіліктің әртүрлі қырларын: мәдени-тарихи аспекті, әлеуметтік-экономикалық жағдай, қарым-қатынас, психология, яғни оны әртүрлі параметрлер бойынша нақты көрсететін қырларын қамтитын ұлттың көпғасырлық өмір сүру тәжірибесі бейнеленген, түпнегізі мал шаруашылығы саласының кейбір элементтерімен, ингредиенттерімен байланысты болып келетін фразеологизмдер барлық мүмкін болатын танымдар, табиғат құбылыстарына жасаған бақылауының кешені болып табылады. Олар күнделікті қолданылатын қарапайым сөз тіркестерінен нақты фразеологизмдерге айналу жолынан өтті. Нақтылық – бұл салыстырмалы. Пайда болған күннен бастап қазіргі қолданысына дейін сандаған ғасырлар өтіп, түптамырлары шиеленісіп, бастапқы мағыналары көмескіленді де, мағыналық жағынан эволюцияға ұшырады. Бастапқы кезде еркін сөз тіркесінде бірнеше орам, сыңарларын өзара алмастыру мүмкіндігі болды. Фразеологизмдердің көпшілігінде эволюция нұсқалық көптүрліліктен нақты бірыңғайлыққа, ұғымдардың қабаттасуына өтетін процесс ретінде көрінеді. Тілдің мазмұндық жағынан сан ғасырлық дамуының нәтижесі болып табылатын фразеологизмдер қарым-қатынас жасаудың басты құралы болып отыр.

Фразеологизмдердің жасалуы мен ары қарай семантикалық дамуы белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтар фразеологизмдерді мұқиятты түрде диахрондық зерделеу мен олардың шығу тегін анықтау арқылы айқындалады.

Қазақ тіліндегі біз қарастырып отырған жылқы малына қатысты фразеологизмдер халықтың тарихи-этнографиялық процестері, рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, мифологиясы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен этностың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысы жарқын көрініс тапқан.

Тіл дамуының алуан түрлі кезеңдерінде қалыптасқан фразеологизмдердің осы зерттеліп отырған тобының сақталып қалуы олардың дамуының белгілі бір қарқынын, олардың пайда болуының тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Тіл мен этносқа, тіл мен рухани мәдениетке, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелді болуына қатысты мәселелерді этнолингвистика қарастырады, яғни бұл – тіл мен этносты, тіл мен халықтық мәдениетті, халық шығармашылығын тарихи-диахрондық аспектіде зерттеу, олардың арақатынасын қайта қарастыру.

Қазақ тіліндегі бейнелі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерделеу этнос тарихын, ол бастан кешірген тарихи өзгерістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, этнопсихологиялық ерекшеліктерін, ойлау логикасын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді.

Тіл мен этнос, тіл мен рухани мәдениет арасындағы байланыс этнография қарастыратын мәселелердің де ауқымына кіретін белгілі бір халықтың салалық лексикасымен байланысты болғанда ерекше аңғарылады.

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терге жасалған талдау көшпелілердің жылқы туралы ұғымдары мен түсініктері ассоциативтік салыстырулар арқылы адамдар әлеміне өтіп, тілде берік орнығып қалғандығына көзімізді жеткізеді. Бір нысаннан екінші нысанға бейнелі-ассоциативтік түрде өту (яғни жануарлар әлемінен адамзат қоғамына) белгілі бір ерекшеліктері, айрықша балама қасиеттері, сапалары, яғни бір тұрпаттас аялық элементтерінің және т.б. негізінде жүзеге асырылып отырды.

Этнолингвистикалық арналардың бірі – фразеологизмдер әр халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен ұлттық мәдениетінен хабардар етеді. Фразеологизмдер арқылы халықтың барлық келелі ой, пікір-түсінігі сырлы сөзбен кестеленіп беріледі. Олар адамның құлақ құрышын қандырып, сезіміне әсер етіп, ойындағы бейнелілікті жандандырады. Бұл жағынан алғанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ең бай, әрі шұрайлы тіл деп мақтан етуімізге толық мүмкіндік бар. Тіліміздегі фразеологизмдер – халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі.

Фразеологизмдер тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар ерте замандардан бергі барша рухани өміріміздің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттайды. Тек фразеологизмдер ғана халықтың өткен өміріндегі әр кезеңдерінен алуан түрлі құбылыстар мен оқиғаларды өрнекті тілмен сурттеп, бүгінгі уақытпен

үндестіреді. Сондықтан фразеологизмдердің қалыптасу уәжін анықтауда тілдік фактілерді халықтың рухани әрі заттық мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымына байланыста зерттеуді мақсат ететін тіл білімінің жаңа да құнарлы саласы – этнолингвистиканың рөлі ерекше құнды [79, 40].

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық бірліктер ауызекі және әдеби тілде әртүрлі стилистикалық мақсаттарда кең түрде қолданылатын көркемдік тәсілдерге өте бай. Мәселен, адамның сырт келбетін, әдеті мен мінез-құлқын, тіршілік ету салтын, халық мифологиясында сақталып қалған тұрмыстық ұғым-түсініктерді, ырымдар мен наным-сенімдерді, адам мінезінің ерекшеліктерін, қасиеттері мен сапаларын және т.б. сипаттаған кезде. Мұндай ерекшелік тек қазақ тіліне ғана емес, әлемдегі тілдердің көбіне тән болып келеді.

Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Мысалы: *жауыр болды* (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген фразеологизмнің негізінде көп мініліп, арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Басында атқа байланысты шыққанымен, қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, адамға байланысты айтылады. Сол себепті т.б. фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғандығын танып білуге болады.

Жылқы малына қатысты фразеологизмдердің басым бөлігінің негізінде балама аялық элементтерді, ұқсас белгілерді, адам санасындағы шындық өмірдің әртүрлі заттарының сапаларын ассоциативтік біріктіру нәтижесінде қалыптасқан бейнелі-аялық түсінік жатыр. Фразеологиялық бірліктердің генетикалық прототипі алуан түрлі қызық деректердің көзі болып табылады.

Тіл топтарының арасында белгілі бір айырмашылық болатындығына қарамастан фразеологизмдер процесіне әсер ететін экстралингвистикалық факторлар біртүрлі болып келеді, себебі оларға материалдық және рухани мәдениеттің барлық факторлары тән.

В.М.Мокиенко жоғарыда аталған еңбегінде С.Скорупканың фразеологизмдер процесіндегі экстралингвистикалық факторлардың елеулі рөлін ескере отырып, фразеологизмдерді табиғи және конвенционалды (шартты алынған) деп бөлетіндігін айтады [80]. Табиғи фразеологизмдер әр тілде бір-бірінен тәуелсіз пайда болады, себебі оларда адамның табиғатқа бақылау жасауына қатысты, оның құбылыстарына, жануарлардың тіршілігі мен мінез-құлқына қатысты жалпы негіз бар, сол сияқты адамның жалпы психологиялық белгілерінде, жалпы даму жағдайларында қалыптасады. Фразеологизмдер жасау кезінде бастапқы негіз болып табылатын ауыспалы мағыналар, лексемаларда дамитын жалпы семасиологиялық заңдар осыған қатысты болады. Алайда бұл фразеологизмдер, мысалы, бір тілдегі адамның жануарлардың тіршілігі мен мінез-құлқына жасаған бақылауына қатысты фразеологизмдер екінші бір тілдегіден осы қызметте ұдайы қолданылатын лексемалар құрамы жағынан да, сөздермен берілетін мағынасы жағынан да өзгеше болып келеді. Егер олардың жасалуының ортақтығы жөнінде айтар болсақ, онда бұл әр халықтың материалдық негізі аңшылық, егіншілік және мал шаруашылығы

болғандығымен түсіндіріледі, мұнымен қатар халықтардың мәдени дамуы, дүниетанымы, наным-сенімі, рухани құндылықтарының ортақ болуы да әсер еткен.

Қазақ тіліндегі көптеген фраземалар төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез-құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан, жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әртүрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністерді тауып, фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді [77, 71].

Г.Смағұлова фразеологизмдердің мәдени ақпар көздерінің түсініктері қандай мәдени негізде пайда болып, жасалынады деген сауалдарға мынандай ғылыми жорамалды ұсынады:

1) Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Оған ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт дәстүрлер жатады;

2) Фразеологиялық материалдардың мәдени деректер түсінігіне жататын қазақ тіліндегі ұлан-ғайыр паремиологиялық қор – мақал-мәтелдер;

3) Образ-эталонға айналған тұрақты теңеулер тіркесі;

4) Тілдегі сөз-символдар;

5) Дінге қатысты ой-толғамдар, оның адамгершілік, адамды сүю, құрметтеу, мораль, этика үлгілерін танытатын сөз тіркестері;

6) Ұлттың адамзат тарихында жасаған интеллектуалдық рухани мұрасы;

7) Ұлт тіліндегі өзіндік мән-мағынасымен белгіленген сөздер мен сөз тіркестері;

8) Тілдегі образды тіркестер.

Жоғарыдағы санамаланған ақпар көздерді ғалым күллі «мәдениет тілінің» мәселелеріне толық жауап береді дей алмайтындығын, себебі мұнда тек фразеологизмдерге қатысты тұстарына барлау жасап, біраз талдаулармен шектелгенінен хабардар етеді [76, 150 б.].

Этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – фразеологизмдердің ауыс мағынада қолданылу уәждерін түсіндіру.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру ісі соңғы 10-15 жылдың ішінде қатты қолға алынып келеді. Ә.Т.Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» атты сөздігі қазақ тіліндегі фразеологизмдерге этнолингвистикалық түсінік беретін алғашқы құнды еңбек. Мұнда 1000-нан аса фразеологизмдер талданып, олардың шығу тарихына, уәждеріне кеңінен тоқталады. Біз де зерттеу жұмысымызды осы еңбекті басшылыққа ала отырып жүргіздік.

Ғалымның жетекшілігімен қорғалған С.Сәтенованың «Төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестердің бейнелі-аялық негізі», Қ.Ғабитханұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» [81], Ш.Сейітованың «Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің

этнолингвистикалық сипаты» атты [47] зерттеу жұмыстарын осы орайда атап өтсек болады.

Ендігі атқаратын жұмысымыз осы жылқы малына қатысты фразеологизмдерге этнолингвистикалық түсінік беріп өтуді көздейді.

2.1.1 Салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзіндік мазмұны мен құрылымына қарай әр алуан. Олардың көбісі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын, дүниетанымын білдіреді. Осы ерекшеліктер фразеологизмдердің бейнелі-реңктік негізін құрайды. Фразеологизмдердің бейнелі-реңктік негізін халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін, рухани әлемі мен материалдық мәдениетін, тұрмыс-салтын, діни-мифологиялық наным-сенімдерін білдіретін факторлар көрсетеді. Сол себепті фразеологизмдердің пайда болуы мен жасалуына әртүрлі дәрежеде ықпал ететін экстралингвистикалық факторларды ұмытпау керек [44, 256 б.].

В.А.Маслованың: «Почему исследуются именно фразеологизме, метафоры и другие? Дело в том, что они – ценнейший источник сведений о культуре и менталитете народа, в них как бы законсервированы мифы, легенды, обычаи» [82, с. 26.] – деген пікіріне жүгінсек, тіліміздегі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің ұлттық құндылықтарымызды танудағы алар орнын анықтай аламыз.

Қазақ жылқыны «мал патшасы» деп қадір тұтқандықтан тіршілігінің қай кезеңін де онымен байланыстырған. Сондықтан да бұл бөлімде қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, наным-сенімі негізінде қалыптасқан жылқыға байланысты фразеологизмдерге этнолингвистикалық тұрғыдан түсінік беруді мақсат еттік.

«Малға тәуелділігін қазақтар әр қас қағым сәтте сезініп отырады. Сондықтан өздерінің барлық әдет-ғұрып, салт-санасын малмен байланыстырып отырады», – дейді белгілі түркітанушы В.В.Радлов [5, 67 б.].

Жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың бір тобы адам өмірінің кезеңдерімен (туу, балалық шақ, өсіп-ержету, үйлену, жерлеу) астасып жатса, енді бір тобы шаруашылығына байланысты туындаған. Мәселен, бұрынғы уақытта аяғы ауыр әйелдің толғағы қатты болып қиналғанда, үйдің сыртына әкеліп ат байлайтын немесе атпен тасырлатып шауып өткен, үйдің маңынан дүркіретіп жылқы айдаған. Мысалы, жазушы С.Сейфуллин бала кезінде, босана алмай жатқан бір әйелдің толғағы жеңіл болсын деп, ауылдастары көршілес елдің жал-құйрығы, кекілі жерге төгілген, тоқпақ жалды бір ақ-қара бас айғырын алып келгенін көзімен көргенін жазады [61, 128 б.].

«Періштенің ізі» деп жылқы тұяғының ізі түскен топырақты бесіктегі баланың жастығының астына жастап қояды, кейде ізінің орта шетінен бір шөкім топырақ алып, оны шүберекке түйіп, бесіктің басына жастайды не сол топырақты суға қосып, баланы шомылдырады. Зерттеуші А.У.Тоқтабаевтың пікірінше, алғашқыда тек жақсы аттың ізі ғана қасиетті саналған, келе-келе бұл

ғұрыптың ұмытылуына байланысты кез келген жылқының ізін жоралауға ауысқан.

«Дүниеге жаңа келген нәрестеге арнап ат болатын құлынды атап қою салты бар. Бұл салтты Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар «*бәсіре мал*», «*баланың бәсіресі*» деп атайды. «Орта жүз бен Кіші жүзде *балаға мал атадық, балаға ат деп ен салдық* деген, яғни «бәсіре» терминін қолданбаған», – дейді Т.Арынов [83, 23 б.].

Бәсіре берудің бірнеше түрі болған. Бірде нәрестемен қатар туған құлынды бәсіре деп атаса, бірде екі-үш жасында бәсіре атайды. Көбінде бәсірені баласы ат жалын тартып міне бастағанда, 7-8 жасында белгілейді. Бәсіре тек жылқыдан қойылады және ол көп емес, біреу ғана болуы керек. Баланың ата-анасы, туған-туыстары бәсіре малды ешқашан есінен шығармай, оған қатты көңіл бөледі. Оның аман-сау өсуін ержетіп келе жатқан баласымен қатар бақылап отырады. Бүгінгі күнде қазақ халқы ұстанатын әдет-ғұрыптардың ішінде бұл салт жалғасын тауып келеді. Бірақ бәсіре малға бұрынғыдай тек жылқы малынан ғана емес, сиыр, қой малдарынан да атай береді.

Этнограф А.Тоқтабаев «қазақ халқының түсінігінше, найзағай бұлттардың билеушісі, ол періштенің жаңбыр жауғызуға қарсы тұрған қаскөй шайтанға қарсы оқ атуынан болады» деп түсінетіндігін айтады. Сол кезде зәресі ұшып, адамға, малға бой тасалап тығылған шайтанның ізіне періште түседі, оның қаһарланып айқайлаған дауысы жерге күркіреп естіледі, ал найзағай – періштенің бұлтты ұрып-соққан шыбыртқысының ізі. Қазақтар найзағай жарқылдаған кезде атпен жүрмейді, себебі найзағайдан қашқан шайтан жылқының тұяғына кіріп паналайды деп сенген [61, 127 б.]. Сондай-ақ, қазақ халқының наным-сенімінде «жылан жылқының иісі мен терісінен қорқады» дейді. Сол себепті қазақтар түзде түнегенде ерді жастанып, тоқымды төсеніп, айыл-тұрманын айналасына тізіп қояды. Жылқы малының түрлі қимылдарына, іс-әрекеттеріне қарай болашаққа болжамдар жасау да қазақта жиі кездескен. Мәселен: Жылқы қорылдап ұйықтаса, жамандық болады;

Егер ұзын жол үстінде ат пысқырынса, жолыңызда туыс-жақын адамдарыңыздың бірімен кездесесіз;

Жылқы аузын керіп есінесе, үй иесіне жақсылық келеді;

Жылқының шылбырын аттауға болмайды;

Иесі өлмеген жылқының құйрығын кесуге, жалын күзеуге болмайды;

Халық ұғымында жылқының жусауын, қотанда жатқан қойдың тынысын, малдың өрісін бұзса, жаман болады;

Бие сауатын тері ыдысты төңкермейді және күбіні таяқпен немесе қолмен ұруға тыйым салынады;

Ат тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды болады;

Атты бастан, ауыздықпен соқпайды;

Егер сиыр не жылқы егіз туса, сол үйде жамандық болады. Ол үшін бұзау мен құлынның бірін енесінен бөліп тастау керек, болмаса бауыздап тастайды;

Құр ерге мінуге болмайды, тоқымды төсенуге болмайды. Бұл аты айдалада өліп, жаяу қалатын адамның белгісі.

Жылқыны отқа, яғни жайылуға қоярда, ең алдымен шылбырын шешіп алып, сонан кейін жүгенін алады.

Шылбырды аттамайды.

Қазақ ғұрпында жылқышының құрығынан, желіден аттамайды, бие сауатын көнекті теппейді, жылқыны басқа ұрмайды, ат сатса, жүгенін сатпайды. Ертеде батыр жауға аттанғанда ауылдағылар оның атының сілекейін алып қалып отырған.

Міне, біз қазақ халқының жылқыға байланысты ұстанған біраз салт-дәстүріне, наным-сеніміне тоқталып өттік. Енді осындай салт-дәстүрлер негізінде туындаған фразеологизмдерге түсінік беріп өтсек.

Ағаш атқа мінгізу. Бұл фразеологизм екі түрлі мағынада қолданылады: 1) келеке қылды, масқара етті; 2) сөз қылды, өсек-аяңға іліктірді.

Фразеологизмнің шығу тарихын Ә.Т.Қайдар бұрынғы кездегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде халықтық-цирктік қойылымдарға байланысты көрермендерді күлдіру мақсатында қолдан жасалған «аттармен» әзіл-сықақ ретінде көрсетілген фольклорлық-этнографиялық билер болуы мүмкін дейді. Мұндай халықтық билер көрінісінің кейбір азды-көпті жоғары элементтері қазіргі театрлық, сахналық қойылымдарда да кездеседі. Мысалы, халықтық спорттық «көкпар» ойынын және т.б. ағаш ат макетімен орындайды. Мұндай көрініске бұрын халық өздігінен күлген. Бұдан «ағаш атқа мінгізу» түсінігі ассоциативті түрде «халық алдында келеке қылу, масқара ету» мағынасына ауысты. Мысалы: *Бәріміздің айызымыз қанды! Өйткені ардақтап жүрген алаш азаматы ағаш атқа мінді емес пе?! «Өзіне де сол керек» деп ішімізден қуанып жүргендейміз* (Жұлдыз, №1, 2002, 119 б.).

Ал екінші мағынасына келсек, шындығында ағаш ат болмайды. Олай болса, дүниеде жоқ нәрсеге «мінгізді» деген сөз – «болмаған істі болды деп, біреуді өсекке таңды, өсектеді» дегеннен шыққан. Бұл мағыналарынан басқа соңғы шыққан ҚӘТС-нде «ағашат» деп қайтыс болған адамның мәйітін салып көтеретін ағаш ұғымы беріліп, ал *ағашатқа (ағашаттың басына) мінгізді* тіркесі қайтыс болды, көз жұмды, о дүниелік болды, бақилыққа аттанды мағынасын беретіндігі келтірілген (ҚӘТС, 69 б.).

Ат байлар. Қазақ тілінде екі түрлі мағынада қолданылады: 1) Қазақ халқы эвфемизм ретінде ер баланы осылай атаған. А.Тоқтабаев өз мақаласында [61, 132 б.] *ат байлар* тіркесін Орта жүз қазақтарының қолданғанын айтады. Баланың кіндігін кескенде, ұлдікін айғырдың жалына не қошқардың мүйізіне шүберекке түйіп байлап жібереді. 2) Құда түсіп келгенде атын байлағаны үшін берілетін кәде. Ілгеріде күйеу жігіт қалыңдығының ауылына тұңғыш барғанда «ат байлар» деп аталатын кәде орындалатын. Күйеу астына өзінің жақсы жүйрік жорға атын мініп, серіктерімен қыздың ауылына келеді. Ауылға жарты шақырым қалғанда атынан түсіп, оны жолдастарымен ауылға қарай жетектетіп жібереді де, өзі сол жерде қалады. Жолдастары ауылға күйеу жігіттің келгенін хабарлап, атын қалыңдықтың туған әкесіне не жақын туыстарының біріне береді. Бұдан соң қалыңдықтың өзі, әпкесі мен шешесі ауылда қалып, ауыл әйелдері, қыздары мен жігіттері күйеуді қарсы алуға шығады. Аттың тізгінін ұстаған адам міндетті түрде қыз болу керек, ол күйеу жігіттен «ат байлар»

сыйлық алады. Бұл дәстүрді қазіргі уақытта халқымыз ұстамағандықтан ұмытылып барады.

Атқосшылы болдың ба? Қырық жылқылы болдың ба? Салт бойынша дүниеге келген баланың не ұл, не қыз екенін білу үшін осылай сұраған. Атқосшы – ұл бала, яғни қасыңа атқосшы болып жүретін ұл туылды деген сөз, ал қырық жылқы – қыз бала. Ұлы жүз (Жетісу) жұртшылығында бала туғанда «қойшы ма, жылқышы ма?» деп сұрау әдеті болған. Бұл «ұл ма, қыз ба?» деп сұраудың жұмбақтап айтылған түрі. Қойшы – ұл, яғни «қой бағатын ұл» деген мағынада. Жылқышы – қыз. Қыздың қалыңмалына салт бойынша 47 байтал не 37, не 27 (әрі қарай 17, 9 болып кетеді) жылқы беріледі. Сонда қыз туылса әкешесіне қырық жылқы әкелетіндігі бұл фразеологизмге арқау болып тұр.

Ат қою. Ескі дәстүр бойынша қаралы үйге (ауылға) еркектердің алыстан атпен шауып «ой, бауырымдап» келуі. Бұл тіркес тек бейнелі бағалаушылық реңкте ғана емес, психоэмоционалды, яғни қайғы үстіндегі адамның іс-әрекетін бейнелеуден шыққан.

Ат мінгізіп, тон кигізді (шапан жапты). Риза етті, қадір-құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады. Бұл тіркес қазақ халқының қадірлі, сыйлы қонақтарға, құда-жекжаттарға жасайтын кәделерінің бірінің негізінде жасалған. Мәселен, құда түсу рәсімін құдалардың бір-біріне деген құрметі ретінде киіт кигізу, ат мінгізу дәстүрінсіз елестету қиын. Сондықтан да киім-кешек түрінде сый-кәделер тарту құдалықтың басты жоралғыларының біріне саналады. Ауқатты құдалар бір-біріне ат мінгізіп, өте қымбат ішіктер мен тондар да сыйлай алады. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған.

Ат-шапан (ат-тон) айып. Дәстүр бойынша төленетін айыптың бір түрі. Бұл фразеологизм кінәлі адамға бір ат пен шапан көлеміндегі айып төлету салт-дәстүрі негізінде халық арасында пайда болған. Ауыл ақсақалының немесе байдың шешімі бойынша, бір адам кінәлі деп танылса немесе өзінің мойындауы бойынша кінәлі болса, бүкіл халықтың алдында айыбын төлейтін болған. Бұл ежелгі дәстүр халық арасында дәстүрлік және материалдық жағынан жойылған, бірақ тілімізде ауыспалы «кінәсі үшін кешірім сұрау» мағынасында қолданылып жүр. Мысалы: *Менен түйе ғана үлкен, – деді шал, – босағамды рұқсатсыз аттағаның үшін ат-шапан айыбың бар, атымды аруаққа кештім, шапаным мойныңда, төрге шық* (С.Мұқанов).

Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып – құрбандық шалды, садақа берді. Мысалы,

*Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келіпті,
Өлгенде көрген шешесі («Қыз Жібек»).*

Көне түркілердегі төрт түліктен құрбандық пен тасаттыққа ақ (көк) ат, қой, өгіз шалуы халқымыздың ғұрпында жалғасын тауып келеді.

Көне аңыз, мифологияда «Жылқы – Күн – Аспан» космологиялық үштігі желісіндегі оларды байланыстырушы басты дәнекер – жылқының рөлі жоғары. О дүниеде «бағуы» үшін өлікке арнап құрбанға шалған қоймен қатар, жылқы

өсіріп тіршілік етуіне қажетті «егей атын» (өздік ат, қаза аты) қоса сояды (Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. 1985). О дүниеде арнап сойылған жылқының мүшелері кемтар болып қалмас үшін еті түгелдей үлестіріледі. Және сүйектері шағылып, өртеп жіберіледі. Құрбандыққа шалынған малдың арнап сойған «иесіне» тез жетуі үшін сүйегін дереу шағып (сындырып), етін пісіреді. Түркілер мен моңғолдардың сенімінде Тәңір елшісімен шендестірілетін жылқыны өліктің рухын Тәңірге қиналтпай жеткізетін медиаторлық қызмет атқарушыға балайды. Өлікті арулаған (жуған) орынға шырақ жағу рәсімінде «Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!» деп марқұмға тілек айтылған.

Жылқының иесі – Қамбар ата. Бұл сенім басқа да түркі халықтарында кездеседі. Өзбектер мен түркімендерде жылқы пірін *Дүлдүл баба* деп атау кең тараған. Дүлдүл атауының төркіні араб тілінен шыққан.

Түркіменстанда *Қамбар атаның* зираты бар, адамдар оған барып зиярат етеді. Қазақтар топан су басқанда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келгендігіне, жерге ең алдымен Қамбар атаның түскеніне сенеді. Қамбар атаның әрі дүлдүлдің атқосшысы болуы, әрі Нұх топанында болуы уақыты жағынан бір-біріне сәйкес келмесе де, бұл сенім қазақтардың Исламнан бұрын жылқылар мен басқа жануарлардың қорғаушысы немесе жаратушы иелерінің болғандығына сенгендіктерін көрсетеді. Бұрынғы наным-сенім Исламнан кейін өзгерген, жаңарған. Жұлдыздардың бірінің аты – Қамбар жұлдызы. Қамбар ата тек қана жылқының иесі болып қалмай, сонымен қатар көл мен жолдың да иесі болған. «Қыз Жібек» дастанында Төлегеннің анасы ұлы үшін Қамбар атаға былай деп сиынады:

Көл иесі, Қамбар-ай,

Жол иесі, Қамбар-ай,

Ұлымды қолдай гөр-ай! («Қыз Жібек»).

Мұнда *Қамбар атаны* көл мен жолдың иесі болуы, жолда қалғандарға көмектесетіндігіне сену де Исламнан бұрынғы наным-сенімге байланысты болған. Қамбар ата ұғымы түріктердің де наным-сенімінен орын алған.

Қамбар – қам+бар деген екі бөліктен тұрады. Қам – шаман (шаман діні) деген мағынаны білдіреді. Бұл туралы 1-тарауда *қамшы* сөзін талдағанда тоқталғанбыз, яғни қам «бақсы» мағынасын беретіндігі айтылған. Бақсы – шаман дінінің кейіпкері, олай болса, «Қамбар ата» – жылқы шаман дінінің атасы деген мағынада болуы мүмкін.

Біріншіден, бұл атау айқын символдық түс алған. «Қамбар ата» тілімізде «Жылқышы ата» деп те айтылып жүр. Бұлай аталу себебі «Қамбар ата» атауын жылқы үйірінің айғыры деп түсіндіргендіктен болса керек. Бірақ бұл М.Кәмелханұлының пікірінше [69, 165 б.], «Жылқышы ата» атауы мен «Қамбар ата» атауын теңестіруге әркез болмайды. «Қамбар ата» атауы салыстырып, ұқсатудан туған тарихи образды түс алған, тереңнен келу тегіне ие атау. Ал «Жылқышы ата» атауы бұған мүлде ұқсамайды. Ол жалаң бірсыдырғы мәнге ие. Келу тегін де таппай болмайды.

Екіншіден, бұл атау айқын тотемдік түске ие. Қазақ ұлты жылқыны ежелден бері «киелі», «өте таза» мал деп есептейді. Сойған жылқының басын

аяқ астына тастамайды. Оны арнаулы түрде биікке (үйдің төбесіне, биік жартас немесе дуалдың үстіне, талдың басына) шығарып қояды. Сақ заманын зерттеушілер «ханды үлкен қорғанның ішіне көмгенде, онымен бірге алтын, күміс және ат көметін» деген деректер айтады.

Қаралы ат – өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат. Мысалы, *Қаракөктің жал-құйрығы қара зой. Қаралы ат осы болсын. Көшкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін* (М.Әуезов). Қайтыс болған адамның атын алдын ала дайындап, ерін теріс қаратып ерттеп, үстіне киім-кешегін, қару-жарағын жайып қояды. Ер үстіне бас киімін қойып, өз үйінен кесіліп алынған арқанмен буып байлайды. Жоқтау айтып жүріп аттың құйрық-жалын күзеп тастайды, оны «*қаралы ат*» немесе «*тұл ат*», «*тұлданған ат*» деп атайды. Бұл атқа мінуге болмайды, бір жыл жылқымен бірге қоя береді. Бір жылдан соң марқұмға берілетін аста сояды. Бұл салттың мәні жайында Б.А.Калоев [84, 105 б.] былай дейді: «... эти обряды были связаны с представлением о том, что переходя в потусторонний мир, душа человека нуждается во всех тех благах, какими пользовался умерший при жизни. Отсюда обязательные заботы родственников об обеспечении покойника одеждой, питанием, конем для передвижения и т.д.».

Шеге ат – бұрынғы уақытта құда түскенде «шеге ат» деп құдандалы кісінің берген малын айтқан. Сондай-ақ, «*жанама ат*», «*түс ат*», «*кіші ат*» деген тіркестері де осы қыз ұзату дәстүрі негізінде қалыптасқан. Жанама ат – қалыңмал есебінен тыс, қыз туыстарына берілетін қосымша бір мал. Түс ат – қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат, түс атқа ең аяулы жорға, жүйрік таңдап алынады. Кіші ат – қалыңмал сыртында қыздың алыс туысқандарына берілетін мал. Фразеологизм туындауына қағылған шегедей ажырамас құда болу ниеті негіз болған сияқты.

Ат байлады. Сыйлады, тарту етті, ат мінгізді, өз атын жұртқа әйгілі етті дегенді білдіреді. Мысалы: *Өз атың жұртқа әйгілі Баймағамбет, Патшаға сексен қара ат байлаған бек* (Ш.Жарылғасұлы). Қазақта үйге келген сыйлы қонаққа, туған-туысына, құда-жекжатқа негізінен *ат байлау* дәстүрі бойынша сыйға ат беретін болған. Мұны кейде *ат мінгізді* деп те жатады. Фразеологизмнің бейнелі-аялық негізі осы дәстүрде жатыр.

2.1.2 Халықтық өлшемдерге байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық табиғаты

Ғасырлар бойы жылқыға байланысты қолданылып келген атаулардың, фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің көбі қазақ тілінің негізгі сөздік қорына айналды. Бұлардың ішіндегі жылқы атауларымен байланысты пайда болған халықтық өлшемді білдіретін фразеологизмдердің өзі біршама. Осы жағын сөз етіп, олардың этнолингвистикалық табиғатын ашу – осы тараушаның мақсат-міндетіне жатады.

Қазақтың негізгі байлығы көбінде жылқы санымен есептелінген. «*Атамызға мың біткен*» деген тіркестегі *мың* – жылқы санын білдіріп тұр.

Ертедегі қазақтардың малы көп байлары өздерінің түйесінің санынан шатаспау үшін әрбір жүзінші түйенің көзін ойып алып отырған. Сол көзі ойылған соқыр түйе арқылы жүз түйенің санын анықтайтын болған. Яғни осындағы «соқыр» атауы өзінің ауыспалы мағынасында *жүз* деген сөздің сандық, өлшемдік мағынасын білдіріп тұр. Ал тереңдікті – кісі бойымен мөлшерлеген. Мәселен, судың тереңдігін *бақайдан, қызыл асықтан (тобықтан), тізеден, белуардан, кіндіктен, емшектен, иықтан, төбеден, кісі бойы, кісі бойынан асады* деп бейнелеген. Су тереңдігін ат бойымен де өлшеген. Мәселен, *аттың шашасынан, толарсақтан, тілерсектен, ат бауырынан, үзеңгіден, қабырғалықтан, ат кекілінен, ат құлағынан, ат бойынан асады (келеді)* деп мөлшерлеген. Жылқының артқы аяғының табанынан ең төменгі (бірінші) буынына дейінгі аралық (шамамен 10-15 см) толарсақ деп аталады. Осыған орай *толарсақтан келген батпақ немесе қар* деп айтыла береді. Махамбеттің «Толарсақтан саз кешіп» дейтін өлеңі де бар. Ақмола қазақтарының арасында салт атпен күні бойы жүріп өтетін қашықтықты «қоналғы жер» (шамамен 70-80 км) деп айтады. Биіктікті – *тұсау бойы, найза бойы, оқ бойы, арқан бойы, құрық бойы, бақан бойы, сырық бойы, қамыс бойы* деп өлшеген. Өткен ғасырда ұзындық өлшемге кез, аршын, шақырым келіп араласты. Бұлар бұрынғы мөлшерлік ұғымдарды санға айналдырып, нақтылап олардың жігін айқындай түсті. Бүгінгі дәлме-дәлдік өлшемге ұластырды [85, 131 б.].

Жеке ұлт көлемінде, әр елдің өз мұқтажына, талап-тілегіне орай пайдаланылатын өлшемдер қаншама. Мысалы, ауа райы аса суық Қиыр Солтүстікті мекендейтін аз ұлттар арасында 12-15 км қашықтыққа сай келетін «передышка собачей езды» деген ұғым бар екен.

Қазақ тарихында жылқы өлшеуіш рөлін де атқарған. Километр өлшем бірлігі жоқ кезде жолдың ұзақтығы салт атпен жүргенде *күндік жер, қоналқалық жер, ара қоныс баратын жер, түстік жер, үш күндік жер* делініп алынған. Сағат орнына *бие сауым* деп айтылып келген.

Бүгінде уақытты, қашықтықты анықтауда түрлі техникаға, әртүрлі механикалық құралдарға арқа сүйейміз және оларды атауда қазақ тіліндегі сөздермен бірге басқа да тілдерден енген сөздерді де қолданып жүрміз. Мысалы: метр, сантиметр, минут, секунд т.б.

Өткен ғасыр мен осы ғасырдың басында біздің көшпенді өмірімізді зерттеген кейбір оқымыстылардың деректерінен халық арасында 20-25 шақырым жерді – *ат шаптырым жер*, 8-10 шақырым жерді – *құнан шаптырым жер*, 5 шақырым жерді – *тай шаптырым жер* деп шамалап айту кеңінен таралғанын біле аламыз.

Жылқы малына қатысты қалыптасқан өлшем бірліктерін білдіретін фразеологизмдерді өзара былайша топтастырып беруге болады:

1) Уақыт, мезгілдік мөлшерін білдіретін фразеологизмдер: *жылқы тұсар кез; бие сауымдай уақыт; ат қара тіл болғанда; бие байланған кез; бие ағытар кез* т.б.

2) Сан мөлшерін білдіретін фразеологизмдер: *бір үйір жылқы; бір қос жылқы; бір желі құлын; бір тай, бір тайпа ел; үйір-үйір жылқы; алалы*

жылқы, ақтылы қой; салт атты, сабау қамшылы; қоралаған қой, қостаған жылқы т.б.

3) Қашықтық, көлем, аумаққа байланысты фразеологизмдер: *ат шаптырымдай жер; ат жетпес, атан жетпес жер; ат басындай; ат тұяғы жетер жер; ат бойы; бес биенің сабасындай; бие бауындай жер; ат адым; тай шаптырым; құнан шаптырым; ат жетер жер; ат жетпес жер; желі бойы; тай тұяқ алтын; тай тұяқ күміс; ат басындай алтын; тай ізіндей* т.б.

Енді осы фразеологизмдерге этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасап көрсек.

Ат шаптырым жер. Бұл фразеологизм екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші, *қашықтық өлшем* ретінде қолданылады. Бұл шамамен 20-25 шақырымды білдіреді. Мысалы: *Нақ қазір Шоқан бетін жуып отыр. Шанхай өзені осы таудың кеудесінен жарыла шығады. Осы отырған тұстан ат шаптырым жерде бұлақ бар* (С.Бақбергенов). Екінші, *өте үлкен* деген мағынаны береді. Мысалы: *Ырсалдының үйінде қымбатты мебельдерде ешкім иығына ілмеген 10 пар костюмді ... 500 метр панбарқыт пен айналасы ат шаптырым жеті кілем қайдан келді екен деп ойлайсыз* (ҚТФС, 27 б.). Ат шаптырым – халық өлшемі негізінде пайда болған және тілімізде бірнеше метр қашықтықты білдіру үшін қолданылады. Бұл тіркестің адамдар санасында сақталуы *қозы көш жер, тай шаптырым жер, таяқ тастам жер* т. б. осы сияқты қашықтық өлшемдердің халықтық дәстүрдегі тұрақтылығымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, мұндай фразеологизмдер архаизмдік қашықтық өлшем бірлігі бола тұра, құрылымы жағынан тұрақты болып келеді.

Бие бауындай жер. Бұл фразеологизм өте жақын, шамамен арқан бойындай жерді білдіреді. Мысалы: *Абай бие бауындай жерде өремен жайылып жүрген аттарды көрді* (М.Әуезов). Мұндай арақашықтықты мағыналас басқа фразеологизмдермен де жеткізуге болады. Мәселен, *қозы көгеніндей жер, оқ жетер жер, иек артым жер, бөрік тастам жер, қамшы салым жер* т.б.

Ат басындай. Қандай да бір заттың көлемін анықтау кезінде қолданылады. Мысалы: *Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, қой басындай ділда алайын, сонан соң екеуміз қашайық* (ҚЕ).

Жоғарыда көрсетілген мысалда *ат басындай* тіркесі алтын құйманың көлемін көрсету үшін қолданылып тұр. Бұл жағдайда фразеологизм тікелей салыстыру арқылы жасалған. Бұл тіркес сонымен қатар бейнелі-ассоциативтік салыстыру ретінде қолданылады. Мысалы:

Қайғыменен басылар

Ат басындай жүрегім («Батырлар жыры»).

Ат төбеліндей (кекіліндей) фразеологизмі адамдардың шағын тобын көрсетуде қолданылады. Адамдардың шағын тобы жөнінде тұспалдай айтқан кезде оны бейнелі түрде жылқының маңдайындағы кекілімен салыстырады. Бейнелі-ассоциативтік салыстырудың уәжі балама белгілер – шағын көлем болып табылады: шағын белгісі мен адамдар санының аздығы.

Бие сауымдай уақыт – биенің екі сауымының арасы, 1-2 сағат шамасындағы мезгіл. Мысалы: *Асылтас асықпай капитанды енді бір бие*

сауымдай кідірткенде, Серіктің жүздігі де жетіп үлгіретін еді (Ж.Тілеков). Бұл фразеологизм халықтық уақыт өлшемін білдіреді. Халықтық пайымдау бойынша, бие сауымдай уақыт екі сағатқа тең, болмаса биені әрбір екі сағат сайын сауып отыратын болған. Қазіргі кезде бұл тіркес бұрынғыдай көп қолданылмайды, бірақ біз қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін бейнелеу кезінде қолданылатындығын кездестіреміз. Бұл фразеологизм өзінің мағынасын сақтай отырып, структуралық жақтан өзгеріп отырады: *бие сауым мезгіл ...// бие сауым мезет ... // бие сауымдай шақ ... және т. б.*

Салт атты (басты), сабау қамшылы. Жалғыз шошайып қалу ұғымын береді. Фразеологизм не отбасы, не туыстары жоқ, жалғыз адамның өмірін бейнелеуде қолданылады. Үйі, отбасы, шаруасы жоқ, тек астындағы жалғыз атынан басқа еш нәрсесі жоқ жасы келген адамның өмірі көшпенділер қоғамында ол адамның жалғыздығын ғана емес, оның кедейлігін, әлеуметтік жағдайының төмендігін көрсетеді. Фразеологизмнің сөйлемдегі құрылымы *...салт басты, сабау қамшылы, ...салт бас, сабау қамшы және т.б.* болып өзгеріп келе береді. Мысалы: *Кедей болса, салт атты, сабау қамшылы болмаса, одан артық қандай күйеу керек?* (ҚТФС, 154 б.). *Салт бас, сабау қамшы жүргеннің бәріне жайылып жастық, иіліп төсек болар жайым жоқ, – деді отағасы, сөз артын зілге басып.* (Ш.Күмісбайұлы).

Тай шаптырым жер. Тай ендікпей келетін қашықтық. Мысалы: *Алтыс-жетпіс кісі орнынан тұрғыза алмайтын Жандыбатырды тай шаптырымдай жерден-ақ жыланның демі орнынан қозғалтып қояды* (ҚЕ). Бұл фразеологизм қазақ атшыларының сөздік қорында халықтық өлшем негізінде арақашықтықты жуықтап өлшеуден туындаған. Бұл аса ұзақ емес қашықтық. Шамамен 5-10 шақырымды білдіреді. Үлкен ұлттық мейрамдарда болатын ат жарыстарында тайларын осы ұзақтықта бәйгеге қосқан. Бастапқы еркін мағынасы уақыт өте келе тұрақтылық қасиетке ие болған.

Дөнен қымыз. Төрт күн тұрған қымыз. Фразеологизм халықтық өлшем негізінде қалыптасқан. Яғни төрт күн тұрып ашыған қымызды төрт жасар атпен (дөненмен) теңестіруден шыққан. Бұл дәстүрлі әдіс бойынша қымызды ашыған уақытына қарап «тай қымыз» (екі күн тұрып ашыған қымыз), «құнан қымыз» (үш күн тұрып ашыған қымыз) деп атаған. Бұл жерде бір күнді бір жылға теңеп тұр. Бұл фразеологизм қымыздың күшін, сапасын білдіру мақсатында қолданылады. Мысалы: *Тай қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз; Тең-тең қып қара нарға сабаны артқан* (ҚТФС, 150 б.).

2.1.3 Әлеуметтік-қоғамдық факторларға байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Түркітөктес халықтардың ұлан-ғайыр жерлерді басып алуы аттың күдіретті күшімен жүзеге асқан. Мұның бәрі – әлеуметтік, экономикалық және әскери саладағы рөлі, маңызды мәдени элементі және символы болуына әсер еткен факторлар. Жылқының түркілер тарапынан қолға үйретілуі тек қана түркі мәдениетінің емес, адамзат тарихының да ұлы өзгерісі болған [7, 7 б.].

Жылқының ең басты қасиеті – ел қорғау жолында келтірген зор пайдасы. Өзінің ұлттық тарихында бүкіл тұрмыс-тіршілігі тек қана атқа байланысты, жылқы малына қатынасты қазақ сияқты ел кемде-кем. Өйткені оның тағдыры – ұлан-байтақ даласы. Аттың атын шығаратын да осындай жазықтық пен кеңістік. Тарихтағы қиян-кескі жорықтар, дала үшін ұзақ қан төгіс қырғындар ат арқасында өткен. Олар қырылса үстіндегі иесімен бірге қырылған. Қазақтың «Адам – жылқы мінезді» дейтін философиясы да содан қалған болар [60, 5 б.].

Ата-бабамыздың жылқыны қастерлеуінің себебі мол. Жылқы олар үшін тек азық, көлік құралы ғана емес, экономикалық, сауда, әскери және әлеуметтік өмірдің ажырамас бөлігі. Түркілер аттарының көмегімен бұл шеті Азия, Еуропа, ол шеті Африкаға созылған кең-байтақ жерді, жаңа әлемді басып алып, тәуелсіз тіршілігінің факторы етті. Жылқы, ең алдымен, сол жаугершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал еді. Себебі сол кезде жауды қуып немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған. Тіпті, өткен замандарда жылқы малын әскери стратегияға да қолданған. Мысалы, шабуылшылар жауға қарасын көбейтіп көрсету үшін алдарына жылқы малын салып айдаған да шаң көтерген, сол кезде қорғандағылар бұл шаңды қалың қолға жорып, одан қашқан. Арғы жағын былай қойғанда, мұндай әскери айла-тәсілді 1916 жылы Торғай даласында А.Имановтың да пайдаланғандығын жазушы С.Мұқановтың «Қазақ қауымы» атты еңбегінде келтіреді [61, 69 б.].

Жылқының қолға үйретілуі адамзат тарихының маңызды бір сатысы болып табылады. Адамзат жылқыны қолға үйрету арқылы әлемнің көп жерін басып алған, айналасына өз үстемдігін жүргізген. Түркілер жылқыны қолға үйреткен алғашқы халық болуымен қатар адамзатқа үлкен қызмет еткен, мәдениеттің дамуына әсер еткен халық. Бұнымен адамзат алғашқы жүйеден, топтасу жүйесінен де ілгері бір сатыға көтерілген. Қытай мемлекетінің б.з.б. IV ғасырдан бастап әскерлерінде түркілердің жүйесін жүзеге асырып, офицер бірліктері пайда бола бастағанына қарасақ, түркілердің жылқыны қолға үйретуі былай тұрсын, жылқымен байланысты материалды мәдениет элементтерінің де жасалуы мен қолдануы әлемге жайылған деуге болады [7, 26 б.] .

Қазақтардың *ат үсті* деген тіркесті көп қолдануы бекер емес. Бұрындары қазақ өмірінің көбі аттың үстінде өткендіктен кей мәселелерді ат үстінде отырып шешуге тура келген. Қазіргі кезде атта отырып емес, тұрып әңгімелесе де, *ат үсті* деп «асығыс, жол-жөнекей, жеңіл-желпі біткен істі» осылай айтады. Енді осы сияқты біршама халықтың әлеуметтік-қоғамдық өміріне байланысты қалыптасқан фразеологизмдердің этнолингвистикалық табиғатына тоқталсақ дейміз.

Аттың жалы, түйенің (нардың, атанның) қомы (қомында). Абыр-сабыр қарбаласта, сүргіншілік жолаушылықта, жүргіншілікте. Фразеологизм ауызекі тілде асығыс-үсігіс жасалған іс-әрекет кезіндегі қимылдың образдылығын көрсетуге қолданылады. Бұрын қазақ халқының басынан күтпеген жерден жауларының шабуыл жасауы, қас дұшпандарының барымта жасауы сияқты қиын жағдайлар жиі өткен. Мұндай жағдайда олар, әрине, оны тек атпен, түйемен қарсы алған. Қазақ халқының өмірінде бұндай көп болатындықтан, фразеологизм тарихи фактор болып қалыптасқан. Тарихы анық бұл тіркес кейін

адамның абыр-сабыр қарбаласта, сүргіншілік жолаушылықта, жүргіншілікте және т.б. осындай кездерді бейнелейтін сипатқа ие болады.

Фразеологизм құрылымы жағынан толық күйінде (аттың жалы, атанның қомында), жеке күйінде (аттың жалында...) және соңғы компоненті ...*түйенің қомында өту* //...*түйенің қомы* және т.б. өзгеріп қолданыла береді.

Атта жал, адамда қам жоқ. Күйсіз, жайсыз жағдай болды. Бұл тіркес жиі шапқыншылық, тонау нәтижесінде қоныс аудару қажеттігі пайда болатын халықтың өміріндегі қиын кезеңдерді сипаттайды. Кездейсоқ болған нәрсенің аласүргіндікке, бас сауғалауға әкелетіндігі белгілі. Нәтижесінде тұрмыста ауыртпашылықтар пайда болады және осыған байланысты адамдардың үйреншікті өмір сүру қалпы бұзылады, содан барып мал ариды да, жалсыз қалады, ал адам күйсіз қалады. Мысалы: *Әлден уақыттан барып Тәуке батыр: Атта жал, адамда қам жоқ, – деді ауыр күрсініп, – біз қозғалып Шуға жеткенше қыс болады* (ҚТФС, 60 б.).

Ат үстінен ұйқы алған. Жортуылда, жорықта, ер үстінде жүріп көз шырымын алған. Мысалы: *Аттанып барып жылқы алған, Ат үстінен ұйқы алған, – деп барымташыны мақтап, бұзылған кез Шыңғыстан соң болса керек* (Абай).

Шапқыншылық заманда өмірінің көбін ат үстінде өткізген қазақ жауынгерлерінің тынығу кезінде аттарының жанында тұрып немесе дайын болып тұруы үшін керек болса, аттың үстінде жатып демалған. Бір аяқты аттың үстіне, сауырына келтіріп, үйде төсекте жатқандай бойын жазып жатқан. Бұндай жағдайда аттың мойны жастық, үсті болса төсек қызметін атқарады. Ат та бұл жағдайға үйренгендіктен, тырп етпей тұрады, иесінің жақсы демалуына кедергі жасамайды. Атқа міну әдісінің бұл түрі кез келген ұлтта кездесе бермейді. Түркілер мен моңғолдарда кездесетін бұл әдіс, түркілерге тән қасиет болып табылады [7, 84 б.].

Байтал түгіл, бас қайғы – біреуге біреу қарасуға мұрша болмады, әркім өз басының қамымен болды мәніндегі фразеологизм.

Ә.Т.Қайдардың пікірінше, бұл фразеологизмнің шығу тарихына *байтал* сөзінің ешқандай қатысы жоқ. Байтал бұл фразеологизмде моңғолдың *байдал* «халі, жағдайы», «өмір сүру жағдайы, орта шаруашылық» сөзінен шығуы мүмкін, өйткені бұл сөздің мағынасы осы фразеологизмге сәйкес келеді: өлім мен өмір туралы жай қозғалғанда, материалдық және жақсы жағдайға қарауға мұрша жоқ. Фразеологизм көбіне әлеуметтік тұрмысы төмен (критикалық) жағдайда қолданылады. Мысалы: *«Байтал тұрсын, бас қайғы», молда-екеңнің бес теңгелік ақ шапаны да әркімнің қолында кетті* (С.Торайғыров).

Ереуіл атқа ер салды фразеологизмі жаугершілікте елін қорғауға аттанды, жортуылға сай тұрды ұғымында қолданылады. Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай,

Ерлердің ісі бітер ме (Махамбет).

Осы тіркес құрамындағы *ереуіл* сөзі төңірегінде көптеген даулы пікірлер болған. Мәселен, Б.Аманшиннің Ғ.Мүсіреповке жазған «Бір сөз туралы екі хат» мақаласында [86, 8 б.] жоғарыда мысалға алынған Махамбеттің атақты

өлеңіндегі *ереуіл* сөзінің қате жазылып кеткендігін, дұрысы *ерулі* деген сөз екендігін атап көрсетеді. Оған мынадай дәлелдер келтіреді: «Біріншіден, «ереулі» деген қазақ тілінде жоқ, жасанды, әйтпесе қате жазылған сияқты. Екіншіден, 1913 жыл шамасында Орынборда шыққан «Шайыр» деген кітапта осы сөз «ерулі» (ерулі атқа ер салмай) деп жазылған екен. Жинақты құрастырушы Ғабдолла Мұштақ осы *ерулінің* тұсына жұлдызша қойып, оған «мінбей сақталған ат» деп, түсінік беріпті. Мен де осы түсінікті қабылдап, оған қоса – мүмкін бұл сөз (ерулі ат) жауынгердің қасында, жетегінде еріп келе жатқан, астындағы аты болдырғанда, ауысып мінетін аты деген де мағына беретін шығар деген жорамал айтқанмын» – деп ойын қорытады. Ал әдебиетші-ғалым З.Қабдолов бұған қосылмайды. «Профессор Қ.Жұмалиевтің редакциясымен шыққан барлық басылымдарда «ереуіл» емес, «ереулі» деп жазылған. Ол кісі «ереулі атқа» деп қол қойса, біз енді келіп «ерулі атқа» деп қол қоюымыз қалай болады?» деген уәж айтады.

Көрнекті жазушы Ғ.Мүсіреповтің Б.Аманшинге жауап ретінде жазған мақаласында: «Махамбеттің атақты өлеңінің басқы екі жолы:

Ерулі атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай, – деп оқылуы тиіс. Бұл еш талассыз, басы ашық мәселе...» деген тұжырым жасайды.

Осы сөз жайында Ә.Т.Қайдардың [87, 4 б.] да баспасөз бетінде жан-жақты талдап, *ереуіл* және *ерулі* сөздерінің басын ашып көрсеткен мақаласы жарық көрді. «Меніңше, дұрыс нұсқасы – ереуіл емес, ерулі. Оған мына үш уәжді этимологиялық негіз ретінде келтіремін», – деп төмендегі дәлелдерін ұсынады:

«Біріншіден, бұл екі сөз де қазақ тілінде бар. Ерулі ат – ертедегі қазақ батырларының жаугершілік, шапқыншылық кезінде ұзақ сапарда ауыстырып міну үшін жайдақ күйінде, жетекке алып, ертіп жүретін қосалқы аты. Тарихтан белгілі Шыңғыс ханның жер қайысқан қалың қолының дұшпанына қара тажалдай көп болып көрінуінің бір себебі, әрбір сардардың қапталында қосақтаулы бір, кейде екі ерулі аттары болған. Олар еліріп, ерегеске мініп шығатын ереуіл аттар емес, әрине.

Екіншіден, Махамбеттің өзі-ақ «Ерулі атқа ер салмай...» деп, яғни күн-түн қатқан ұзақ жорықта бір атын (астындағы жорық атын) болдыртып, жанында еріп жүрген жарау атына ерін ауыстырып мінбей, яғни жауын титықтатып барып жеңбей, ерлердің алдына қойған мақсаты орындалмайды деп тұрған жоқ па. Бұл сөздің ереуіл емес, ерулі екенін осының өзі айқындай түседі.

Үшіншіден, Махамбет рухына сай жырдың тасқынды толқыны бірде-бір басы артық сөздің, тіпті, ұйқасып қатар тұрған екі сөздің бір буынының үйлеспей қатар тұрғанын да қаламайды. Махамбет жырына тән әуезділікті осы тұрғыдан қарастырсақ, екінші жолдағы:

Ерулі атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай... –

дегендегі егеулі (ұшы егелген найза) сөзіне (-лі жұрнағы жалғанып тұр) сәйкес келетін сөз тек ерулі (мұнда да еру түбіріне -лі жұрнағы жалғанып тұр). Ал осы «егеулі» сөзіне «ереуіл» сөзін жанастыруға болады, бірақ бұлар таза ұйқасқа жатпайды; ереуіл сөзі қазақ, моңғол тілдерінде – *-ауыл// -еуіл// -уыл// -уіл*

сөзжасам қосымшасы арқылы қалыптасқан 20 шақты атаудың бірі: *жасауыл, қарауыл, торауыл, тосқауыл* т.б.

Сондай-ақ қазақ тілінде *еру* мен одан туындаған *еру ел, ерулі көш, ерулік беру, еруліге-қарулы, ерулі ат, еруін қайтару* т.б. ұғымдар бар. Бұлардың бәрі көшпелі қазақ өміріне тән ұғымдар» – деген дәлелді пікірін ұсынады.

Р.Сыздық: «Ерулі атқа ер салмай» не «ереулі атқа ер салмай» екеуі де дұрыс емес. Дұрысы *ереуіл* болу керек. Ереуіл ат – «тың қосалқы ат», түп төркіні моңғол тілінің не «сау» мағынасындағы *эрүүл* сөзі немесе «жекпе-жек, турнир» мағынасындағы *ирүүл* сөзі болу керек» [70, 62 б.], – дейді. Жоғарыда Ә.Т.Қайдардың айтқан «ерулі ат – ертедегі қазақ батырларының жаугершілік, шапқыншылық кезінде ұзақ сапарда ауыстырып міну үшін жайдақ күйінде, жетекке алып, ертіп жүретін қосалқы аты» деген пікірі мен Р.Сыздықтың «ереуіл ат – тың қосалқы ат, сау ат», яғни «әлі мінілмеген ат» деген пікірлері ұштасып жатқан секілді. Дегенмен, ғалымдардың бірі бұл сөз тұлғасын *ерулі*, екіншісі *ереуіл* деп көрсетеді.

2.1.4 Дене мүшелеріне байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Фразеологизмдердің образдылығында және метафоралы ауыспалы қолданыстарында олардың компоненттер құрамында, жалпы ұғымдық тұтастығында мәдени ақпар беретін ішкі құрылым бар. Адам санасында қалып қойған жинақталған үйреншікті бейнелер (көрініс, зат, белгі, құбылыс) суретінде фразеологизмдер жасалу үшін ұлттық мәдени дағды мен үлгі байқалып отырады. Осындай сәл ғана хабар беретін немесе жылт еткен көріністер балама бейнелілікпен ұштасып, мәдени коннотацияға айналады. Құбылыстағы қайталамалылық, дағды (стереотип), үлгі (эталон) белгілердің ауыспалы метафоралық мағынада жандануы балама бейнелілікке жалғасады [76, 110 б.]. Мәселен, *ат жалын тартып мінді* фразеологизмі «адам болды, ер жетті, азамат болды» мәнін білдіреді. Фразеологизм ешкімнің көмегінсіз, өздігінен аттың жалынан ұстап мінетін, 7-12 жас аралығындағы баланың ер жігіттік мінезіне және жасына байланысты қалыптасқан. Бұрын қазақ арасында бұл жастағы бала өздігінен атқа міне алатын болған. Мысалы: «*Жаратқан, осы еркек кіндікті үш ақ үрпек балапанымның ат жалын тартып мінгенін көрсем арманым жоқ, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіре көрме жаратқан!*» – деп азынаған үні құлағымда әлі күнге дейін ызыңдап тұрғандай (Ә.Көшімов). Бұл сөйлемде аталмыш тіркес *ат арқасына міну* фразеологизмінің синонимі ретінде көрінеді, яғни «ер жету, есею» дегенді білдіреді. Дегенмен, осы мағынасымен қатар тілде «шынығу» деген мағынасы да бар. Мысалы: «*Қарсақпай*» заводында істейтін, бұрын «Спасс» заводында жұмыскер болған жұмыскер Нұрман: «*Тар жол, тайғақ кешу*» уақытында *ат жалын тартып мінген, өзімше қазақтың төңкерісшілер штабының бір мүшесі, жолдас Сәкен!..* (С.Сейфуллин). Жас баланың жалынан тартып атқа міну көрінісі осы фразеологизмнің балама-аялық негізі болып, ауыспалы мағынада қолданылып тұр.

Ат құйрығына байлау. Кінәлі адамның мойнына қыл арқан салып, аттың құйрығына байлап жіберу – ертеден келе жатқан жазалау түрі. Оны тіпті ертегілік уәждерден де байқаймыз. Мәселен, «Алтын ара» ертегісіндегі Зәйтүнқарлығаш Балықкөзге осындай жаза қолданады.

Патшаның алдына шауып шыққан Мұхит уәзір: – Патша ағзам Балықкөзге өлім жазасының қай түрін кеседі? – деді.

- Зәйтүнқарлығаш шешсін, – деді патша.

- Итке ит өлім!

Зәйтүнқарлығаш қыл арқанды Балықкөздің мойнына тастады да, бір ұшын шұбар айғырдың құйрығына байлады.

Өлім жазасының бұл түрін бұрын көрмеген сарбаздардың бірі тіксініп қалса, бірі «сол керек» деп тісін қайрады.

- Шұбарға қайсысың мінесің? – деп дауыстады Зәйтүнқарлығаш. Қарусыз жас жігіт алға ұмтылған топтан озып шығып, шұбарға қарғып мінді. Қарғып мінді де, қамшыны басып жіберді. Кескен теректей сұлап түскен Балықкөз ат құйрығында кете барды.

Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректерін қарастырған Ә.Хазимова өз зерттеуінде бұл фразеологизмнің шығу тарихын осы ертегідегі оқиғамен байланыстыра көрсетеді. Яғни қазақ халқының ертедегі ұлттық әдет-ғұрыптарында аса кінәлі адамдарға жазаның осындай түрі қолданылған. Бұл жазалаудың ең ауыр түрі болған деп есептейді [79, 89 б.].

Ат арқасына міну (мінген) фразеологизмі ересек тартқан, есейген адамды сипаттау үшін қолданылады. Қазақтар шаруашылықта ұстаған жылқы аласа болып келсе де, балалар оған өз бетінше міне алмайтын-ды. Ешкімнің жәрдемінсіз тек бойшаң немесе өте епті бала ғана міне алатын, сондықтан өз бетінше атқа мінген баланы халық ертеден-ақ ер жеткен, жігіт деп санаған. Осы конъюнктура (бір нәрсеге әсерін тигізетін жағдайлар) бұл тіркес жасалуының бейнелі-аялық негізі болып табылады. Қоғамның дамуына, тұрмыстың, халықтың өмір салтының өзгеруіне байланысты орамның екінші ауыспалы мағынасы адамның әлеуметтік жағынан есеюі дамыды. Қазір бұл тіркес табанды өмірлік көзқарасы қалыптасқан, аяғынан тік тұрған адам туралы ұғымды береді.

Ат кекілін (құйрығын) кесісті фразеологизмі «кетісті, араздасты, мүлде безді» ұғымын береді. Мысалы: *Екеуін де бай жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ* (Ғ.Мұстафин). *Жаңа жылда жас балапан өсеміз, Байдан аулақ ат құйрығын кесеміз* (А.Тоқмағамбетов). Фразеологизм қазақтардың ежелгі ат кекілін кесісіп, бәрінің көзінше (жұрт алдында) достық, туысқандық, бейбітшілік қарым-қатынастарды бұзу салты негізінде құрылған. Мұндай әрекет әдетте екі жаққа «аттың соғысуға дайын» екендігін білдіреді. Мысалы: *Ат кекілін кессең де, қатты айтып, ел өкпесін түгел жеткіз* (М.Әуезов). *Ат құйрығын кесісу* тіркесінің семантикасы қазақ батырлары жауынгерлік дәстүр бойынша әскери іске, басқа мәселеге болсын уағдаласса, «ат тізесін қостым» деп кеткен, ал келіспей қойса, «ат құйрығын кестім» деп кеткен.

Сауырдан сипау. Адамдар арасындағы дау-дамай кезінде жол тауып, бір-бірінің абырой-намысына тимей, өте ептілікпен жасалатын адамдардың қарым-қатынасын көрсететін фразеологизм. Бұл орамның жасалуы жылқыны тыныштандырып тұрған адамның әрекетіне байланысты. Иесі осындай қимылдармен кейде жануарға деген жақсы көзқарасын көрсетіп отырған. Халық жануарға деген иесінің қарым-қатынасын және өзінің серігін ренжітпестен «жылы көзқараспен» шығарып салатын кейбір адамдар қарым-қатынасының арасындағы ұқсастықты аңғара білген. Байқағанымыздай, бұл тіркес уәжінің бейнелі-аялық негізі адамның екі түрлі нысанға деген қарым-қатынасындағы ұқсас аялық реңктер болып табылады. Мысалы: *Отыратын болсаң мәлишерлі жер беріп, кететін болсаң «жол болсын» деп, сауырдан сипау қоя беретін шығар* (ҚТФС, 457 б.).

Сауырына қамшы тию. Жылқы мініп келе жатқан адам жүрісін тездету үшін оны ақырын қамшылайды. Бұл аталмыш тіркестің түпнегізі. Бұл орамда сондай-ақ өмірде қиыншылықтар көріп, шырғалаң жолдардан өткен адамды ассоциативті түрде қамшылап отыратын жылқыға ұқсата отырып көрсетеді. Бұл орамның адамға ауыстырылуы тірі жандылардың психологиялық күйінің ортақтығымен уәжделеді. Мысалы: *Мен ақ сұңқардан туған құмаймын, Бір сұңқарға жұбаймын, Сауырыма қамшы тигенде, Шаппай неғып шыдаймын* (Махамбет).

Сауырынан басып жүріп таңдау. Орамның бейнелі-аялық негізі қысқы соғымға малды таңдау тәсілі болып табылады: жылқы таңдаған кезде оның сауырын басып көріп, сауыры қондысын таңдайды, себебі ол жақсы семірген (байланған) жылқы деп саналады. Мал таңдаушы адамның әрекеті мен ең жақсысына ие болғысы келетін адам әрекетінің ұқсастығы негізінде тіркестің ең жақсысын таңдайтын адамның іс-әрекетіне қатысты қолданылатын екінші ауыспалы мағынасы пайда болған. Мысалы: *Осы шөлдегі үш ауданның ішінен ең жақсы деген қызын сауырынан басып жүріп, таңдап тұрып алмайсың ба, – деді Әсел Сағитқа* (М.Әуезов). *Ағай аман болса, тағы бір қызметті сауырынан басып жүріп алатын шығармыз* (ҚТТС, 8 т., 218 б.).

Ат сауырын беру (бір беру). Талданып отырған орамның шығу тегі шапқыншылық, тонау нәтижесінде аш-жалаңаш қалған адамдарға көмек көрсету, жәрдем беру әдетімен байланысты, яғни бір-біріне ас-су беру және т.б. Осындай ауыр, қиын жағдайлар ұлт тілінде өзінің іздерін қалдырып отырған. Бұл фразеологизм қазір «қажет болған жағдайда, қиын сәттерде жәрдем беру» деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Ел шетіне жау келсе, Ат сауырын бір берсе, Ұлдың батыр болмағы, Шыбын жанын аямас* (ҚТФС, 60 б.). *Базаралы Абайдың қиын күнде ат сауырын бергеніне қуанып тұрып, ырза болды* (М.Әуезов).

Қара қылды қақ жаратын (жарған) фразеологизмі адал, әділ, шыншыл, турашыл адамды сипаттаған кезде қолданылады. Бұл тіркес ертеректе, әсіресе адамдардың қиыншылықтарын дұрыс шеше білген билердің бейнелі сипаттамасы ретінде қолданылған. Дау-дамайларды шешкен билерді сыйлап, құрмет тұтқан және олардың дәл, бейнелі сипаттамасы ретінде *қара қылды қақ жаратын (жарған)* фразеологизмі таңдап алынған, яғни қандай жымын

жасырған өтірік болса да, бұл адам оны көре білген. Мысалы: *Жылағанды күлдірген, Әділдігін білдірген, Әділдікке келгенде, Қара қылды қақ жарған* (Жамбыл).

Ат құлағында ойнау фразеологизмі «пысық, өте икемді, жеңіл» мағынасында қолданылады (атқа мінуге құмар, шабандоз кісі туралы айтылады). Фразеологизм «атқа жақсы мінетін, жақсы отыратын» деген ауыс мағынасында қолданылу нәтижесінде пайда болған. Мұндай өнерді, әрине, кішкентайынан атқа мініп өскендер ғана игереді. Бұрын қазақтың балалары 5-7 жасында атқа өздігінен мініп, жүре алған, 10-12 жасында бәйгеге қатысқан. Фразеологизм сөйлемде *...құлағында ойнау //...құлағында ойнаған жігіт // ...құлағында ойнап өскен //...құлағында ойнауды үйренген...* т.б. болып етістігі өзгеріп келе береді. Мысалы: *Қазақтың бес жасар баласы ат құлағында ойнауды ешбір мектептен оқыған жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Ат құйрығын түйісу – серттен қайтпаудың шартты белгісі. Ертеде қарулас қол жорыққа аттанарда аттың жал-құйрығын түйю арқылы өзара анттан айнамастықты білдірген. Түркі тілдерінде «түй» сөзі *ант, серт* сөздерімен ауысады. Мұнда сыбанып майданға шығу деген мағына жатыр.

Ат сауырына салып келген фразеологизмі «қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келген» мәнін білдіреді. Тұрмыс-тіршілікте бұл фразеологизм екі жағдайда қолданылады: 1) соғыста қарсыластарын жеңген жауынгердің сол ауылдан ат сауырына мінгізіп, қыз алып кетуі; 2) кінәлі болған әйелін күйеуінің қайын жұртына дәл осылай алып баруы. Бұл жағдайда «ат сауырына мінгізу» деген фразеологизм адамға (қызға) жасаған қорлықты білдіреді.

Кекіл түйю // ат кекілін (құйрығын) шарт түйю фразеологизмі көшпелі тұрмыс салт-дәстүрлерімен байланысты туындаған. Тарихтың және этнографияның белгілі дереккөздері мен ақсақалдардың мәліметтері бойынша, жылқының кекілі мен құйрығын ұрысқа кірер алдында, ұзақ сапарға шығар алдында, барымта кезінде, ауа райы қолайсыз болған кездерде және т.б. байлаған. Мұнымен қатар жылқының кекілі мен құйрығын байлау ғұрпы ертеректе адамдардың бір рудан екінші руға барып, ру арасындағы дауды шешу жағдайларында қолданылған. Мысалы: *Біз де елге барармыз. Кер төбелдің кекілін, Шоқпардай ғып түйіп ап, Шыңғыс деген ханына Салмақтап дауды салармыз* (Сөз тапқанға қолқа жоқ, 1988). Малшылар қазірдің өзінде ауа райы қолайсыз болғанда кедергі келтіріп, ластанбас үшін жылқының кекілі мен құйрығын байлап тастайды. Қазіргі кезде орамның атауыштық мағынасы көмескіленіп, жанама коннотативтік «іске белсенді, табанды түрде кірісу» мағынасы – белсенді түрде қолданылады. Мысалы: *...Екі аудан ұдай болмай екі жақ боп, Айтысқа кекіл түйіп түстік жеке* (ҚТТС, 4 т., 579 б.).

2.1.5 Қимыл-қозғалыстары мен күй-жайына байланысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Құтпан айғырдай. Құтпан // құт – тілде бақыт, сәттілік дегенді білдіреді. Құтпан айғыр // құт айғыр – үйірінде бірнеше ұрғашы жылқылар болатын жасамалы айғыр. Әдетте қазақтың жылқы шаруашылығындағы үйірде 10-15

бие болады. Құлындарын қосқанда жалпы саны 30-40 басқа жетеді. Қазақтар мұндай үйірлік айғырды байлықтың басы деп есептеген. Неге оны молшылықтың үлгісі деп есептеген? Біріншіден, ол жануарлардың көбеюіне әсер етеді, екіншіден, иесінің ауқатты болуына қолайлы жағдай туғызады, үшіншіден, үйірді басқарады, қауіп төнген кезде ең алдымен байқап белгі береді (ерекше кісінеуі) және үйірін аңдардан қорғап, қауіпсіз жерге әкетеді, буаз және ауру ұрғашы жылқыларға жағдай жасап, құлындарға қамқоршы болады. Үйір айғырының мұндай мүмкіндіктеріне таңғалмау мүмкін емес. Уақыт өте келе бұл тіркесті қамқоршы, берекелі адамды сипаттаған кезде қолдана бастаған. Бұған адам мен жануардың мінез-құлқының, іс-әрекетінің бара-барлығы негіз болып табылады. Мысалы: *Мен де сені келешекте сол құтпан айғырдай, үйіріне жайлы, зәбірсіз жан бола ма деуші едім* (ҚТТС, 5 т., 533 б.).

Құтпан айғырдай азынау. Жылқылардың арасында кез келгенінің шақырып кісінеуіне жауап қайтаруы ерекше тән қасиет. Үйір айғыры өзінің үйіріндегі жылқыларды шашау шығармай бір жерде ұстап, басқарып, кісінеуі арқылы соңынан ертеді. Ол үйірлік аралықты бұзған басқа айғырларды қуып, өзінің аумағын қорғайды, құлағын жымқырып, тісін қышырлатып, кейде шайқасуға дейін барады, ол кезде ышқынған дауыс шығарып, қатты азынайды. Бұл жөнінде қазақ тілінде бар тіркестер дәлел бола алады: *сақа айғырдай сақылдау; өз үйірін шақар айғырдай қайыру.* Мысалы, бұл тіркес жануар мен адамның іс-әрекеттеріндегі ұқсас аялық элементтердің ассоциативтік ауыстырылуы негізінде адамды да сипаттайды, нақты айтқанда ешкімді өзіне, өзінің аймағына жақындатпау, оны қорғау. Мысалы: *Ертеңгі күні құтпан айғырдай ел шетін торып, азынап шыға келеді әлі-ақ! – деп, босалаңдау гана лекіте күлді де, – Мөңке, жә, мен кетейін, – деп түрегелді* (Ә.Нұрпейісов).

Ат көбең тартып қалды. Аттың кешеуілдеп, ұзақ мерзімді өткізіп семіруін айтады. «Көбең ат» деп қонданып, тойына бастаған атты айтады. «Көбең» деген сөздің о бастағы мағынасы үрген қарын сықылды ісініп-қабыну; «көбең тартқан ат» деген көктемде жайылып жүріп семірген, еті бос ат мағынасын білдіреді. «*Көбеңді көр де қой*» деген осыдан шыққан.

Ат раңын алды // ат раң етін алды. Раң – қыс қыспағынан тарылып шыққан малдың, әсіресе жылқы малының қорегі. Раң ерте көктемде шығып, аз уақыттан соң қурап қалатын өсімдік. *Ат раңын алды* тіркесі мал аузы раңға тиісімен, тез көтеріліп, жетіліп, түлеп шыға келетіндігінің көрінісі іспеттес. Осыған орай шөптің ең әдепкі шыққан маңызына, алғашқы уызына семірген атты осылай айту қалыптасқан.

Құр атқа мінгендей фразеологизмнің мағынасы – «тынығып, сергіп қалу» дегенді білдіреді. Мұндағы *құр ат* дегеннің мағынасы «ұзақ уақыт мінілмеген, семіз, тың ат». Р.Сыздық осы тіркестегі *құр* сөзі туралы: «*Құр* сөзінің түпкі бір мағынасы моңғол тілінде «өткен жылғы, былтырғы» дегенді білдіреді, осыдан келіп өткен жылдан мінілмей, қоңы сақталған малды *хур тарға* деп атайды, өткен жылдан күзелмеген жалды *хур дәл* дейді. Демек, *құр* сөзі түркі тілдерінде де мал атауларына қатысты келіп, тіркескенде, «өткен жылдан мінілмеген, демек, қоңы сақталған, семіз, тың» дегенді білдіретін болған. Бұнда түркі-

моңғол тілдеріне ортақ сөздердің кейбіреулерінің жеке тұрғандағы мағынасы сақталмай, тіркес құрамында тұрғанда сақталғаны байқалады» – деген пікірі өте дәлелді [70, 98 б.]. *Құр* сөзі «семіз, қоңды, мінілмеген» деген ұғымда жылқы баласының асау, айғыр сияқты атауларымен де, өзге атаулармен де тіркесіп келе береді.

2.1.6 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Су жорға // су төгілмес жорға // сауырдан су төгілмес жорға. Көшпелілерде алдымен бір аяғын, сосын екінші аяғын алға тастай отырып, бір қалыпты қозғалатын жорға ең құнды деп танылған, бұл жағдайда жылқы бір қалыпты қозғалатындықтан адамды селкілдетіп, шайқалтпайды. Оларды сонымен қатар халықта «су жорға, төрт аяғы тең жорға» деп те атайды. Тілде бұл тіркес сөзі аузынан үздіксіз төгіліп тұратын талантты шешен ақынды сипаттауда да қолданылады. Бұл аталған орамдар адамға біркелкілік және бірқалыптылық белгілерінің негізінде ауыстырылады, себебі бұл белгілер ақынның жырлауы кезінде де, жорғаның жүрісі кезінде де аңғарылады. Мысалы: *Бозбала жиынында өлеңнен бәйгені шаппай алатын да Нұрым, жақсылардың тобында жырдан өрмек өретін су жорға да сол* (Х.Есенжанов). *Су төккісіз жорға болу* фразеологизмінің мысқылдық реңкі бар және «икемделу, көңілін табу» деген мағынада қолданылады: *Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап, Су төккісіз жорға боп шал жылмаңдап. Отыз құл мынау тек жан емес қой деп, Әлінше қызметінде жүр тырбаңдап* (Абай). Бұл тіркестің бейнелі-аялық негізі адамға ыңғайлылық туғызатын жорғаның жайлы жүрісі болып табылады. Сол сияқты біреудің көңілін табатын адам екінші бір адамға ыңғайлы, қолайлы жағдай жасайды. Сөйтіп тіркес адамға балама аялық элементтердің (жайлылық, ыңғайлылық) негізінде ауыстырылады.

Мысалы: *Ііні құрғыр тартады,*

Еруге қамқа кигендей.

Тақымы құрғыр тартады,

Су жорғаны мінгендей («Алпамыс батыр»).

Жорғалықпен көңілін алу фразеологизмі бар ынты-шынтысымен екінші бір адамның сеніміне кіру үшін көңілін табуға тырысатын адам туралы ұғымды береді. Мысалы: *Жорғалықпен көңілін алсам деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын, жауырыннан бір қаққанға сатады* (Абай). Бұл тіркесте де алдыңғы тіркестегі тәрізді жорғаның адам үшін жайлы және ыңғайлы жүру қасиеті негіз болып табылады. Ол бейнелі-ассоциативтік тұрпатта жарамсақтануға, мәймөңкелеуге қабілетті адамға ауыстырылады. Ол өзінің жағымпаздығымен екінші адамның жанын баурап алып, сеніміне кіреді. Жорғаның қасиеті мен адамның мұндай іс-әрекетінде белгілі бір ұқсас белгілер бар: жорға өзінің ыңғайлы жүрісімен адамның ойынан шықса, ал адам өзінің жағымпаздығымен екінші бір адамның көңілін табады, осының негізінде бұл тіркес адамға ауыстырылады.

Жабы болу. Жабы текті жылқылардың қатарына жатпайды. Ол қалың жалды, жуан мойынды, қысқа және дөрекі аяқты, қалың жүнді және құйрықты болып келеді. Олар еш нәрсесімен ерекшеленбейді, шабан жүрісті, күшті емес, тез жүріске төзбейтіндіктен оларды ат жарыстарына қоспайды, үркек болып келеді. Халық шаршаған, қалжыраған психологиялық қажыған адамды сипаттағанда нысандар күйінің ұқсастығына сүйене отырып, оны бейнелі түрде жабыға теңейді. Жабының шаршауы, қалжырауы және адамның өмірдегі әртүрлі келеңсіз жағдайлардан қажуы, қалжырауы. Мысалы, – *Бәсе, келші! Сен болмай тынысым тарылғандай жабы болып кетіп ем* (ҚТТС, 3 т., 482 б.).

Жабыдай жалтаңдау. Жабы жоғарыда атап өткендей, негізінен үркек боп келеді. Қазақтар оның үркектігін, шабандығын түсіне отырып, шайқас кезінде қолданбай, оны тек жүк аты ретінде пайдаланған. Халық жоғарыда аталған жабыға тән қасиетті жадында сақтай отырып, оны ынжық, жігерсіз, ешкімге қарсы келе алмайтын адамның мінез-құлқын сипаттауда қолданады. Мысалы: *Арғымақ дейтін жығылар, Найза бойы жер келсе, Жабыдайын жалтаңдап, Түсер жерін қарай ма?* (Махамбет).

Барлыққан жабыдай. Жабы тұқымы жоғарыда айтып өткеніміздей, тез жүрісімен ерекшелбейді, бірақ ол төзімді болғандықтан ұзақ жолға анағұрлым ыңғайлы [60, 31 б.]. Жабы жайлауда тез оңалады, бірақ оны тез жүріске салып немесе қамшылайтын болса, онда ат аз уақыт ішінде тез барлығып қалады. Жануардың осы ерекшелігіне көңіл аударып, оны сасқалақтаған кезде абдыраған, барлыққан жылқы тәрізді өкпесі қысылып, тұншыға бастаған адамның күйін сипаттауда қолданады. Мысалы: *Шеке, мана Көрпеге жауап бере алмай, сонша қысылып қалдыңыз зой. Ұлы жиында талай мүдірмей сөйлеген қызыл тілің Көрпені көргенде барлыққан жабыдай, құтың қашып, сасып қалғаның қалай* (Сөз тапқанға қолқа жоқ, 1988).

Жегін аттай жортақы. Жегін ат – ең ауыр да ұзақ жұмыстарға төзімді, шыдамды, өзінің күшін тез қалыпқа келтіруге қабілетті. Төзімді, көнгіш, жұмысын күнкілсіз орындайтын адамды бейнелі түрде балама қасиеттеріне байланысты жегін атқа теңейді. Мысалы: *Орысша семинария бітірген, түгел қалаша киінген Тұрлыбек – Еснейдей ұрт мінез, өр көкірек емес, заң шеңберінен шықпайтын, жегін аттай жортақы адам еді* (Ғ.Мүсірепов).

Тарпаң жігіт фразеологизмі адамның өрескел, дөрекі іс-әрекетін сипаттайды, сонымен қатар қыңырлық, қырсықтық тәрізді мінездің кейбір белгілерін де көрсетеді. Мысалы, *Ехластан: «бұл қай Жұнысов?» деп те сұрай алмады, түрлері де ала-құла, мінездері де әлем-тапырық қырдың бір топ тарпаң жігіттерін бастап келген офицер формалы басшы қазақтан да жай-жапсарды сұрай қою орынсыз көрінді* (Х.Есенжанов). Бұл сөйлемде дала жігіттері дөрекі, ысымаған, қырсық, қыңыр ретінде суреттеледі. Халық дала жігіттерінің мінез-құлқын сипаттай отырып, қазақтың басқа балама сөзін емес, неге дәл «тарпаң» сөзін қолданған? Соңғы кездерге дейін тарпандар оңтүстік орыс далаларында, Литва мен Белоруссияның орманды далаларында және ормандарында, Украинада, бүкіл далалы Қырымда, Предкавказьеде, Донда, Төменгі Поволжьеде, тіпті Уралға дейін өмір сүрген. Тарпандар қыңыр, үркек және тістегіш болып келеді [60, 316 б.]. ҚТТС-нде «тарпаң» жабайы жануар

ретінде түсіндіріледі (ҚТТС, 9 т., 28 б.). «Акимушкин *тарпаң* сөзінің шығу тегін татардың *турпан* сөзімен байланыстырады. Бұл ірі емес, бірақ төзімді және мықты ат» [88, 45 б.]. Осылайша жоғарыда келтірілген мысалда бейнелі-ассоциативтік тұрпатта адамды мінез-құлқындағы балама белгілері негізінде тарпаң атпен салыстырады.

2.1.7 Түр-түсі мен ауруларына қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Ала тайдай бүлдіру. Бұл тіркесті түсіндіретін екі нұсқа бар. Оның бірін Ш.Ш.Уәлиханов былайша түсіндіреді: «Ала тайдай бүлдірді» мәтелі қалмақтардың аңыздарымен түсіндіріледі. Мен Құлжада ойрат тайпасының бір қарт білгірімен әңгімелестім. Ол маған Хо-Ұрлықтың қозғалысы туралы көне жырларды айтып берді. Бұл кезең туралы қырғыздардың аңыз-әңгімелері қаншалықты қайғылы болса, қалмақтардың аңыз-әңгімелері соншалықты мадақтауға, мақтанышқа толы. Бұл жырдан мен жоғарыда келтірілген мәтелді түсіндірудің кілтін таптым. Ноғайлар қалмақтардың шабуылын күн сайын үрейлене күтетін еді, қалмақтар ноғайлардың күшінен қорқып оларға шабуыл жасауға бата алмады. Кенеттен түнде ноғай ұлыстарында ала тай бас жібін үзіп, үйірде ойран салады. Ноғайлар қорыққандарынан туған жерлерін, малдарын тастай қашады, содан кейін барып қалмақтың тайшасы Сары-Манджу шабуыл жасап, ол жерді өзінікі деп жариялайды» (Ш.Уәлиханов, 1985).

Екінші нұсқа табыншылардың байқағандарына қатысты болып келеді: «Ала түсті жылқылар асау, тістегіш, төбелескіш. Сондықтан ала түсті жылқыларды ешкім мақтамайды, олардан төзімді, жегін аты шыға қоймайды». Біздің пікірімізше, тайлардың мінезі екеуінде де бірдей болғандықтан, берілген нұсқалар бір-біріне қарама-қайшы келмейді [29, 101 б.].

Ала тайдай бүлдіру тіркесімен мінезі жаман, дес бермейтін, өзінің қызбалығын ұстай алмайтын, ұрысуға дайын тұратын адамдардың іс-әрекеті де сипатталады. Мұндай адамдар тез ашуланып, әртүрлі дау-дамай туғызады. Мысалы: *Елді ала тайдай бүлдіріп, сені мұнша не қара басты, көк төбет* (С.Омаров).

Ала тайдай бүлдіру фразеологизмінің пайда болуы туралы жоғарыда аталған нұсқалардан бұл тіркестің негізі Ш.Уәлиханов келтірген этнографиялық дерек болуы керек деген болжау жасаймыз.

Ала тайдай бөліну. Мысалы: *Күн өтті, ай өтті. Бір уақытта елдің іші ала тайдай бөлініп, адам басы дал болды да қалды* (Ғ.Мүсірепов). Ертеде ауқатты адамдардың мыңдаған табындары болған, жылқылардың әр тұқымын жеке-жеке табында ұстаған. Өзгелеріне қарағанда ала түсті жылқылар табыны біркелкі түсімен ерекшелене отырып, еріксіз көзге түсетін. Халық ала түсті жылқылардың осындай айырықшылығына назар аударып, оны ойы өзгелерден ерекше болып келетін адамға бейнелі-ассоциативтік тұрпатта ауыстырды. Бейнелі-ассоциативтік ауыстыру бөліну, жекелену тәрізді балама-аялық элементтермен уәжделеді.

Бұл талданған фразеологизмдер жылқының түр-түсіне байланысты болатын. Енді ауруларына қатысты фразеологизмдерге тоқталамыз.

Делбе болған жылқыдай тіркесінің пайда болуына жылқының миына құрт түсіп ауырғандағы күйі тірек болған. Ауру жылқы екі көзі шарасынан шыға оскырынып, пысқырып, маңайына жан жуытпай, тарпынып, басын сілки беретін көрінеді. Қазақта сөз ұқпай, адамның ойына сыйғысыз әрекеттер жасап, онысына ұялып, есеп те бергісі келмейтін адамды жақтырмағанда «ой, делікұлы» деп жатса, ерекше шабыттанып, арқасы қозып, шулы бір әрекетке ілесе кеткісі келіп тұрған адам жайлы «делебесі қозып тұр» деп жатады. «Делбе жұқса, ауырады. Жылқыға қырғыншылығы соншалық, әр жүзінен тірі қалатындары бірді-екілі ғана екендігіне көз әбден жеткен. Көктем – індеттің таралып жұғатын кезі. Індет белгісі: тұтқиыл кісінейді, зымырап шаба жөнеледі. Көзіне қарамайды, жарға соғылып тастан ұшып өледі. Ұстайын десе, тістейді, жолатпайды. Делбе деп аталатын тасжапырақ шөпті індет кезінде бұл аурумен ауырмаған жылқыға қайнатып, шелектеп ішкізіп, қазақи ем қолданып, жылқыны шылбырға, тізгінге бағынатын қалыпқа келтіреді. Сондықтан осы ауруды емдейтін шөп – *делбе* деп аталады. Яғни *делбе* шөп атауының шығуына «делбе» ауруының қарсы ем жасайтын қасиеті себепші болып тұр. *Делбе болған жылқыдай* тіркесі о баста жылқыға қатысты айтылса да, олар, түптеп келгенде, адамның іс-әрекетін сипаттауға бағышталып тұр.

Құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін айту фразеологизмі «дәнеңе қалдырмай, түп-тұңғиығымен айтты, бар кінәні артып, теріп, үйіп-төкті» мағынасын береді.

Фразеологизм алғаш малшылар арасында пайда болған. Жылқышылар әр жастағы жылқы төлдерін қатты қадағалаған. Сақау (құлынның тамағы безденіп кетеді, ол іріңдейді, жарылады) және тісеу (аттың сүт тістерінің түсуіне байланысты болған ауру) жылқыда көп ұшырасатын ауру. Мұны малшылар жақсы білген. Кейін бұл тіркестің мағынасы адамға байланысты ауысқан. Қолайлы сәтті пайдаланып немесе соған бір сылтау тауып өзінің ескі өкпесін айтса, яғни өкпесі құлын мен құнанда міндетті кездесетін, бірақ айтарлықтай емес және бұрын өтіп кеткен ауру сияқты. Осы факторлар тіркестің пайда болуына себеп болған. Мысалы: *Даудың қарасын көбейтейін деп, құлындағы сақауды, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз* (М.Әуезов).

Киеңкі болғыр! М.Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» атты пьесасында: *Тек келінің киеңкі болмағай-ақ та...* Және бір жерінде: *Жер соқтырар күн болса, киеңкінің киесі* – деген сөздер бар. Мұндағы *киеңкі* сөзінің дәл мағынасын бұл күнде екінің бірі тап басып айтып бере алмайды. «Бүгінгі қазақ білетін *киеңкі* сөзі – жылқыда болатын құрт ауруының атауы, ал ауруды *қара қаптал* деп те атайды дегенді қазақ тілінің түсіндірме сөздігі көрсетеді (ҚТТС, 5 т., 31 б.). Л.Будагов, В.Радловтардың сөздіктерінің көрсетуі бойынша, Қазан татарлары тілінде *кийенки* «бедеу әйел» деген мағынасындағы сөз: *кийенки қатын* – бала көрмеген әйел (Радлов. Т. II. 2, 1345). Р.Сыздық жоғарыдағы мысалда М.Әуезов осы мағынасында қолданылып тұрғанын айтады [70, 33 б.]. Біз қарастырған материалдарда *киеңкі* – «биенің, байталдың несебі бұзылып

ауыратын ауру» дегенді кездестірдік. Яғни *киеңкі* Р.Сыздықтың айтып отырған «бедеу әйел» мағынасына сәйкес келетін жылқының тек ұрғашысында (байтал, бие) кездесетін ауру екенін аңғартады, яғни қарғыс ауыс мағынасында тек әйел адамдарға қаратыла айтылады.

Ақ қаптал фразеологизмі көпті көрген, тәжірибесі мол адамды сипаттауда қолданылады. Оның бейнелі-аялық негізі ақ қаптал, яғни айыл астындағы терінің үнемі үйкелуі нәтижесінде пайда болатын жылқы денесіндегі ақ (бозғылт) жолақтар болып табылады. Бұл жолақтар жиі жегілетін аттардың денесінде пайда болады. Бұл тіркес көпті көрген, тәжірибесі мол тәрізді ұқсас белгілердің негізінде өмір сүруге анағұрлым бейімделгендігін, өмірлік тәжірибесі молдығын көрсете отырып, адамға ауыстырылады. Мысалы: *Біздің жақта жасынан ұрлық істеп, ақ қаптал болған Кәрібоз деген ұры болды* (ҚТТС, 6 т., 29 б.).

2.1.8 Мінезіне қатысты фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты

Халқымызда «*Жылқының мінезі қабағында тұрады*» деген сөз бар. Жұдырықтай түйіліп тұрған қабақ қайсар мінезді аңғартады. Қалың жарыста мұндай жылқы қуатына қуат қосып, өршіп, егесе шабады, алдына қара оздыруға намыстанады.

Батырлар жырында аттардың шайқас үстінде айла жасайтын сюжеттері кездеседі. Негізінде бұл айлаларды аттың иесі үйретеді. Аттың бұндай қабілеті дастандарда маңызды орын алады. Аттар оқтардан қашады, керекті кезде жерге иіледі, оқтан құтылады. Аттың айламен қашуы да шындық және оның мақсаты жауды алдау. Біраз уақыт өткеннен кейін аттылар арттан айналып жауды қоршап алады, сөйтіп шабуылға шығады. Мұндай аттардың атты әскерлер тарапынан бапталғандығы тарихи шындық. Жауды алдау мақсатымен аттың қиын халге душар болғандығы да кездеседі. Мәселен, Қобыландының жары Құртқа, туған-туыстары мен аты жаудың қолына түсіп қалады. Осы кезде Қобыландының аты аяғынан жараланған сияқты боп көрініп, ақсай бастайды. Мақсаты уақыт өткізу, жаудың аз уақытта өлкені босатуына кедергі жасау. Ол Қобыландының біраздан кейін келіп өздерін жаудың қолынан құтқаратынын сезеді. Жауды алдау үшін аттың сұлулығын көрсетіп, мінезін өзгертуі мүмкін. Бұл өзгеріс кейбір жағдайда аттың өзін өлетіндей етіп көрсетуіне дейін апарады.

Батыр ұйықтағанда, ат жарыстарында, қауіпті жағдайларда тұлпар ат оны қорғайды. Қауіпті кезде ұйқыда жатқан иесін жерді теуіп, кісінеп немесе аяқтарымен су серпіп оятады. Ақылды аттың жау тарапынан жасалғалы жатқан әрекеттерді сезіп, естуі, жамандықтарды, жер сілкінулерді т. б. жануарлар мен құстар сияқты адамдардан бұрын сезетін қасиеті бар.

Тұлпар ат адамға тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Батыр жараланған болса, оны соғыс алаңынан алып шығып, тістерімен абайлап жерге қояды. Шапқан кезде батырдың құлап қалмауын ойлайды. Егер батыр алға қарай құлайын деп бара жатса мойнын, артқа құлайын деп бара жатса құйрығын

көтеріп, оған кедергі болады. Жаралы батыр үшін жылайды. Батыр өлетін жағдайда болса, оның жанынан еш кетпейді. Жаралы батырды жеу үшін әрекеттенген жыртқыш аңдарды, жабайы құстарды қуады. Жаралы немесе өлген батырдың денесін еліне апаруға әрекеттенеді. «Қобыланды батыр» дастанында Тайбурылдың жаралы батыр Қобыландыны сыртқы жаулардан қорғау жолындағы күресі тамаша суреттелген. Жаулар Тайбурылды ұстап, елдеріне әкетуге әрекеттенсе де оған қолдары жетпейді. Тайбурыл Қобыландымен сөйлесіп, оны қалай да дұшпаннан құтқару үшін әрекеттенеді. Міне, жылқы басқа түлік түрлеріне қарағанда оны ерекшелеп тұратын осындай қасиеттерге ие жануар.

Қазақтар әлі мінілмеген, үйретілмеген жылқыны *асау* дейді. Асау жылқы үйретілгеннен кейін мінуге дайын болады. Үйрету барысында жылқы иесін құлатқысы келеді, жылқының бұл қимылын мөңку дейді. Жылқы жүген мен ерге де үйретілуі керек. Ол үшін ерттеледі, аузына ауыздық салынады, сөйтіп тартылады.

Жылқының түрлі мінездеріне қарай қазақ тілінде біраз атаулар қалыптасқан. Мәселен, *жуас, асау, шәлкеш, үркек, тарпаң, шақар, қашаған, ерқашты, тебеген, тістеуік, қарашыл, шабан, көсем, ұрыншақ, сүріншек, бас асауы, қырыншыл. Қырыншыл* – ойнақшып, бір орында тұрмайтын, бір қырындап жүретін жылқы мінезі. Олай ойнақшып бір қырынан жүретін аттарды қазақтар «нағыз жігіт аты» екен деп мақтайды. Мысалы: «*Қызыл шапан кимедік, қырыншыл ат мінбедік*» («Ер Сайын»). Мұның өзі жылқы мінезіндегі толып жатқан ерекшеліктерді байқап, оған қазақ халқының жіті мән беретіндігін көрсетеді [60, 23 б.].

Ш.Жанәбілов халқымыздың бар өмірін жылқымен бірге өткізіп келгендігін, жер жыртып кәсіп тапса да, көлік етіп мінсе де, аң аулап, серуен құрса да, бүкіл тіршілік тынысы осы жылқымен байланысты болғандығын, осыған орай түліктің мінездеріне қарай бірқатар атаулар қалыптасқандығын айта келе төмендегі атаулар тізімін береді:

Бас асау жылқы, кекжсек (шегіншек) жылқы, безер (тентек) жылқы, жебір жылқы, жеуірік, қара тарту (жол үстінде міністе келе жатқанда немесе жегіліп жүргенде, жақын жердегі ауылға, кетіп бара жатқан көлікті адамға жалт бұрылып жүре беретін жылқының әдетін білдіреді), *желдеу, жерсінбеу, жерқорқақ, үйездеу, шұлғу* (бас изеу), *шыбындау, масалау* [22, 35 б.].

Құлында болатын мінезге байланысты: *шу асау құлын, еміншек құлын, тіленшік құлын, асау құлын.*

Биеде болатын мінезге байланысты: *бедіреуік бие, тарпаң бие, жебір бие, безер бие, жанасқыш бие.*

Арғы тегі керкұлан қазақ жылқысы ақылды жануар екені анық. Жылқының мінезіне байланысты атаулар оларға қойылған аттардан да көрініс табады. Мысалы: *Байпаң, Жуас, Тебеген, Жалқау, Қашаған, Үркек, Тұсалған* т.б.

Үйірсек аттай. Жылқыларда кеңістіктік консерватизм (кертартпалық) жақсы дамыған. Ересек жануарлар жаңа жайылымға ұзақ (2-3 жыл) үйрене алмай, ескі жайылымына қаша береді. Халық белгілі бір жерге жиі бара беретін адамның іс-әрекетін бейнелі түрде көрсете отырып, ассоциативті түрде өз

үйіріне немесе белгілі бір жерге үйренген жылқыға теңейді. Ассоциативті теңестіру екі нысан іс-әрекетінің ұқсастығы негізінде іске асады. Мысалы: *...Үйірсек аттай бүрсеңдеп, ауылдан шықпай қойды* (АТ).

Тарпаң тайдай қылтылдау фразеологизмі мінезі тұрақсыз, құбылмалы адамды сипаттайды. Мысалы: *Өкпешілін қайтерсің! Тарпаң тайдай қылтылдап. Пәтуасын қайтерсің?! Тазы ит қуған қояндай, Қаққанша қабақ бұлтылдап* (Д.Бабатайұлы). Мұндай сипаттама осы ат тұқымына бақылау жасау негізінде пайда болған. Ассоциативті түрде олардың мінез-құлқындағы белгілерін тұрақсыз, сенімсіз, жауапсыз адамның мінезіне ауыстырған.

Ер қашты фразеологизмі ығыр қылу, мезі ету мағынасын береді. Тіркестің туындауына көп мініліп, жауыр болған аттың ер-тоқымынан қатты қашқалақтау мінезі негіз болып тұр. Мысалы:

*Онда өмір қайыршының киіміндей,
Қыс қысып таудың азған киігіндей,
Езілген ер қашты боп елде сұр жоқ,
Бидайдың шөлде қалған түйіріндей* (Д.Еркімбаев).

2.2 Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

«Тіл арқылы барлық құбылыс, заттар, яғни әлемнің тілдегі көрінісі тілдік единицаларға тән болғанымен, кумулятивтік қызмет, әсіресе фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі сол ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады» – деген Г.Смағұлованың [76, 33 б.] тұжырымды ойы біздің зерттеуіміздің өзектілігін айқындай түседі.

Мақал-мәтелдер (ММ) кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. ММ-дер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, ақыл-ойы, даналығы көрініс табады. ММ-дер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

ММ-дер де этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы ММ-дердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни ММ-дер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттың менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [89, 25 б.].

ММ-дердің өзіне тән лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері бар. Қазақ тіліндегі ММ-дер көбіне тура мағынасында, игі қасиеттерді үндеу,

уағыз, өсиет сипатында келеді немесе белгілі бір ойды нақтылап, тұжырым жасап, себебін дәлелі мен қорытынды пікірін қатар жинақтап айтады.

ММ-дер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілер тарапынан, ұлттық философияның танымдық негізі ретінде философтар тарапынан қарастырылса, Ә.Т.Қайдар негізін салған жолмен келе жатқан тілші-ғалымдар әбден тұрақтанған, қолдануға сайланып, жұрт жадында дайын тұратын көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақтанған күрделі мағыналық бірлік ретінде қарастыруда. ММ-дер ендігі жерде: фразеологизмдерге кейбір ұқсастығына қарай – фразеология объектісі, құрам-құрылымы тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология объектісі, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі болып отыр. Сонымен қатар ММ-дердің мән-мағынасы мен о бастағы жасалу уәжіне тереңірек үңілуге байланысты оның этнолингвистикалық қыр-сыры да ашыла бастағанын соңғы кезде жарық көріп жатқан еңбектерден көреміз. Ә.Т.Қайдардың бұл саладағы өзіндік түсінік-тұжырымы бойынша, «фразеологиялық тіркестер де, ММ-дер де – тіл астында тілі бар құбылыс».

ММ-дер фразеологизмдерден өзгеше лексика-грамматикалық параллель қатар түзейді, өздеріне тән айырым белгілерге ие. ММ-дер фразеологизмдер сияқты компоненттері тұрақты, орын ауыстыруға болмайды. Фразеологизмдерден ММ-дердің айырмашылығы эмоционалдық-экспрессивтік немесе әртүрлі мезгілдік не мөлшерлік өлшем бірліктерінің орнына нақтылай белгілі бір тұжырымды ой түйінін білдіреді.

Біз ММ-дердің этнолингвистикалық сипатын анықтау деп – көне дәуірден келе жатқан тұла бойы тарихқа толы ММ-дердің мағына қалыптасуының уәждерін, шығу тарихын, дереккөздерін, қазіргі тілдегі қолданылуын, яғни ауыспалы мағыналарының қалыптасуын зерттеуді айтамыз. Мағына қалыптасуындағы уәждері дегенді – ММ-дердің шығуына негіз болған жағдайлар деп түсінеміз. Біртұтас жүйесін, тұлға-тұрпаты мен мән-мағынасын сақтап қалған әрбір ММ-дің ішкі формасынан, яғни мағынасынан ұлттық діл, мәдени-ұлттық нақыш айқын көрінеді. Тілді халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүріне, ұлттық дүниетанымына байланыстыра зерттеуді мақсат ететін этнолингвистика болғандықтан, ММ-дер тіл білімінің осы жаңа да құнарлы саласының зерттеу нысаны бола алатынына көз жеткіземіз [90, 10 б.].

Этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығы көрінетін ММ-дер тарихымызды, халқымызды тануда маңызды төл тарихи деректеріміз. Мәселен, *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген мақалға зер салып қарасақ, жылқының қыр-сырына қанық қазақ халқы мінезін, қасиет-әдетін әбден білмейтін жылқы малының сырт жағынан жақын өтуге болмайтынын, себебі оның мінезі шайпау, өзі асау болып, теуіп жіберіп, бейтаныс адамға зақым келтіруі мүмкін екендігін білген. Қазір бұл мақал адамға қатысты «мінез-кұлқын, жақсы-жаман қасиеттерін, ішкі сырын анық білмеген бейтаныс, сыр мінез адаммен бірден араласып, бар сырынды, іс-тірлігінді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асау ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық (қаскүнемдік,

сатқындық, пайдақорлық, екіжүзділік, күншілдік т.б.), жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал, сырын, ішкі жан дүниесін жақсы білмейтін адаммен бірден етене араласып кетуден абай бол» дегенді білдіреді.

Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Фразеологизмдер сияқты, мұнда да күрделі мәселе – ММ-дердің тілде пайда болу факторлары мен дами келе, адамға (оның сын-сипатына, мінез-кұлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу уәждерін тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Мысалы, «*Ат айналып қазығын табар, Су айналып жазығын табар*» деген мақал «белгілі себептермен туған жерінен, өскен елінен алыстап, жат жерде өмір кешкен ер-азамат күндердің бір күнінде ата жұртын іздеп табады» деген ауыс мағынада қолданылады. Этнолингвистика осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Шындығында, жылқы малы жылдың төрт мезгілінде еркін жайылып өссе де, жем жеп, су ішетін, байлаулы (қорада, белдеуде, желіде, мама ағашта т.б. жерде арқандаулы) тұратын өзінің тұрақты бір мекенін, «байланған қазығын», қандай жағдайға ұшырамасын, тірі болса, әйтеуір бір тауып келуге бейіл жануар. Су да солай, қаншама тау-тасты аралап, ой-шұңқырды толтырып, асып-тасып, лықсып жатқан ағын су ақыр аяғында жер бетінің ең төменгі деңгейін – «өз жазығын» тауып еркін ағуға тиіс. Осы құбылысты ата-бабамыз тап басып тани білгендіктен, осындай сөз орамы туындаса керек.

Әр халықтың ММ-і – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез келген оқиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп, көп ойлауды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады.

ММ-дердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі түрлі объективті факторға байланысты екенін Ә.Т.Қайдар өз зерттеуінде атап көрсетеді [39, 16 б.]. Оның біреуі және негізгісі – ішкі фактор да, екіншісі – сыртқы фактор. ММ-дердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүниетанымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

ММ-дер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. ММ-дердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады.

Жоғарыда атап өткен екі фактордың алғашқысының нәтижесінде қазақ халқының халық болып қалыптасу процесіндегі мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне байланысты ММ-дер пайда болды.

Соның негізгілерінің бірі – қазақ халқының жылқы малына байланысты пайда болған ММ-дер.

XI ғасырда, Қарахан дәуірінде жазылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде де жылқы туралы біраз ММ-дер кездеседі [91]. Мысалы:

Куш қанатын, *Құс қанатымен,*
Әр атын. *Ер атымен.*

Андуз болса, ат өлмәс. *Андыз болса, ат өлмес.*

Кіші аласы ічтін, *Адам аласы ішінде,*
Иылқы аласы таштын. *Жылқы аласы сыртында.*

Алб еріг йаурытма, *Батыр жігітті қорлама,*
Ықылач арқасын йағрытма. *Сайгүліктің арқасын жауыр қылма.*

Бұл мақал-мәтелдердің беретін мағыналары бүгінгі түркі халықтарының ММ-дерімен мағыналас болып келеді. Біз қарап шыққан қазақ ММ-дерінің жинақтарында [92, 93] М.Қашқаридың сөздігінде берілген ММ-дермен мағыналастары жиі кездесті. Мұнан сол дәуірден әлдеқайда бұрын басталып, күні бүгінге дейін өзегі үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің үлгісін көруге болады.

Көптеген ММ-дердің о баста ФТ түрінде қалыптасып, тағылым, өсиет ұйытқысына айналуы бірден бола қоймайды. Ол үшін болашақ ММ-дер тұлғалық жағынан ғана емес, мағына-мазмұн жағынан да эволюциялық дамуды басынан кешіруі қажет болған, яғни ол ММ-дерге қойылатын шартты талаптарға – «тілге жеңіл, айтуға оңтайлы, көңілге қонымды, ақылға сыйымды болу» – сай болуға тиісті [39, 17].

Қазақ тіліндегі ММ-дерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу ісінде академик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегі өте құнды. Бұл зерттеуде ғалым тіліміздегі қазақ халқының 2 мыңнан астам ММ-деріне этнолингвистикалық түсінік береді және ММ-дердің табиғатына ғылыми талдау жасайды.

Біз де зерттеу жұмысымызда осы еңбекті басшылыққа ала отырып, сөздік қорымыздағы жылқы малына байланысты қалыптасқан ММ-дерді пайда болу уәждеріне орай мынадай топтарға бөле отырып, этнолингвистикалық талдау жасаймыз:

1) Жылқы мінезіне байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.

2) Салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.

3) Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.

4) Жылқының бабына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.

5) Қимыл-қозғалыстары мен күй-жайына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты.

2.2.1 Жылқы мінезіне байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

Жылқы – мінезге бай жануар. Жылқыда кездесетін мінездерге, оның негізінде қалыптасқан атауларға 1-тарауда тоқталып өткендіктен, бұл жолы қайталамауды жөн санадық. Сондықтан бұл тараушада тек жылқының мінезіне байланысты туындаған ММ-дерге этнолингвистикалық түсінік беріледі.

Адамның қуы молда болар,

Жылқының қуы жорға болар. Молда болып, аңқау елді айтқанына иландыру – басқа істен гөрі әлдеқайда оңай, әрі пайдалы, ал тайпалмас жорғаларды малшы халық ауыр іске салмай, ауыл арасында, той-жиында сән-салтанат үшін ғана мінеді. Бұл қу жылқы да жорғалылығымен өз жұмысын жеңілдете алады дегенге саяды.

Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше. Адамның бір қасиеті – тез тіл табысу, тіпті бейтаныс адамдармен алғаш рет көріссе де, бірден шүйіркелесіп, өзара тез түсінісіп кететін әдеті. Жылқы малында да осы қасиет бар. Олар да кісінесу арқылы бірін-бірі тез ұғысып, үйірге қосылып кетеді. Адамды жылқы мінезді деудің бір себебі осы бір ұқсастық болса керек. Бұл мақалды «жақсыда жаттық жоқ» деу де айқындай түседі.

Ай мінбей, атыңды мақтама,

Жыл тұрмай, қатыныңды мақтама. Алған атыңды біраз мініп көрмей, алған жарыңмен біраз тұрып көрмей, олардың мінез-әрекетін, жан дүниесін жақыннан біліп танымай мақтауға болмайды. Себебі олардың жаман қасиеті, жағымсыз мінезі бірден емес, біртіндеп қана көрінеді. Мақал соларды біліп барып қана мақтаған жөн демекші. Ауыс мағынада кез келген жақын жүретін нәрсенің сырына әбден қанықпай, ол туралы артық-кем пікір айту әбестік. Малдың да, адамның да жан дүниесі – жұмбақ, оны бірден білу оңай емес дегенді аңғартады.

Атының сыры иесіне мәлім. Күндіз-түні баптап мінетін атының сыры (тебеген бе, асау ма, жүйрік пе, шабан ба т.б.) тек иесіне ғана белгілі, сол ғана оны бағалай алады. Мақал ауыс мағынада әрбір адамның сырын, жақсы-жаман қасиетін оның туысы ғана, онымен аралас-құралас, бірге жүріп, біте қайнасқан жақыны ғана (ері әйелі туралы, әкесі баласы туралы т.т.) толық айта алады дегенді аңғартады.

Балажанды биелер құлындарын теппейді,

Балажанды адамды бала айналып кетпейді. Хайуан екеш хайуан да балажанды болатыны бар, ал балғын жүрек жас бала да балажанды, мейірбанды адамды жақсы көреді, соған үйір болады.

Байсалды айғыр үйірін ат жақтайды. Көшпелі тұрмысқа сәйкес қазақ халқы жылқыларды қысы-жазы бағуға қолайлы болуы үшін үйірлерге бөліп, жақсы тұқымнан айғыр салатын болған. Мұндай айғырлар үйірінен шашау шығармай, үйірін қорғап, ит-құсқа жегізбей қысы-жазы қориды. Үйіріндегі жылқылардың көп болып жүруі, аттардың үйірге қосылуы айғырға байланысты. Мақал осы себептен шыққан болу керек.

Болар бала бесігінде бұлқынар,

Болар құлын желісінде жұлқынар. Бесігінде жатып көп ұйықтайтын маубас, не көп жылайтын жылауық емес, «аяқ-қолымды босат!» дегендей тебініп, бұлқына беретін сәбиден атам қазақ «еті тірі, ер азамат өседі» деп жорыған. Шиыршық атып, желіде тұрып жұлқына беретін құлыннан да «батыр мінер тұлпар шығады» деп жорыған. Мақал мағынасы адам болар бала да, жақсы ат болар құлын да жасынан-ақ мінез-құлқынан айқын байқалады дегенді білдіреді.

Жақсы атқа бір қамшы,

Жаман атқа мың қамшы. Малдың мінез-құлқы адамның іс-әрекетімен салыстыра бейнеленген бұл сөз жаман адамды қанша жетектесең де, ұрыссаң да, бәрібір оның нәтижесі шамалы, ал жақсы адам бір айтқаннан-ақ бәрін өзі түсініп, өзі біліп істей беретін қасиетке ие демекші.

Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас,

Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас. Басына бақ қонып, беделі көтерілген адамның басқаларға мұрнын көтеріп, менсінбей қарайтын, басқалардан бойын алыс ұстап, аспандап кететін әдеті болады. Ол мінез, мысалы, әбден семіріп, қоңданып алған жылқының жанына торсық байлатпай, оқырынып, оған шошына, үрке қарауынан бір байқалса, мал бітіп, ел көзіне түсе бастаған өресіз, жаман адамның қызғанып, маңайына басқаларды жолатпауынан тағы байқалады.

Мың асауға – бір тұсау. Жылқы малы қаншама асау болса да, қайратты да айлалы жылқышы жігіттердің бұғауына бір түсері, сөйтіп жуасуы сөзсіз. Мақал елден ерекше шығып, мейманасы тасыған адамның да ерте ме, кеш пе, әйтеуір, біреуден беті қайтуы, жөн-жосық, тәртіпке бойсұнуы сөзсіз демекші.

Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме. Мінезін, қасиет-әдетін әбден білмейтін жылқы малының сырт жағынан жақын өтуге болмайтын себебі оның мінезі шайпау, өзі асау болып, теуіп жіберіп, бейтаныс адамға зақым келтіруі мүмкін. Мінез-құлқын, жақсы-жаман қасиеттерін, ішкі сырын анық білмеген бейтаныс, сыр мінез адаммен бірден араласып, бар сырыңды, іс-тірлігіңді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асау ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық (қаскүнемдік, сатқындық, пайдақорлық, екіжүзділік, күншілдік т.б.), жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал. Сырын, ішкі жан дүниесін жақсы білмейтін адаммен бірден етене араласып кетуден абай бол деген сөз.

Тұмса тұсақ – қызғаншақ, тұмса бие – құлынсақ. Себебі алғаш туған әйел сияқты (тұсақ, бие) ұрғашы мал да алғашқы төлін өте жақсы көреді, оны қатты қызғанатыны да, басқалардан қорғаштап, жақын келтірмейтіні де содан. Бұл – табиғи қасиет.

Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді. Жылқы мінезіне тән әдеттің бірі – жақтырмаған тосын адамға айбат көрсетіп, алдына жақын келсе, құлағын жымырып тістеу, артынан абайсызда байқалса, тебу. Өзін қорғау мақсатымен тістеп алуға ұмтылатын жылқы тістеуік аттай емес, тісін қасқайтып көрсетпейді. Сол сияқты біреуге қастық істегісі келген адам оған өзінің қастық ниетін алдын ала білдірмеуге тырысады. Бұл осы салыстырудан туған ұқсас әрекет.

Ат айналып иесін табар,

Сөз айналып жүйесін табар. Жасынан бағып-қағып өсірген ат көп жұрттың ішінен өз иесін іздеп таба алады. Сол сияқты артық-кем айтылған қаңқу сөз, өсек-ғайбат кімнің аузынан шықпасын, бәрібір, дұрыс-бұрыстығы ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір айқындалатыны анық.

Ат айналып қазығын табар,

Су айналып жазығын табар. Жылқы малы жылдың төрт мезгілінде еркін жайылып өссе де, жем жеп, су ішетін, байлаулы (қорада, белдеуде арқандаулы, желіде, мама ағашта т.б. жерде) тұратын өзінің тұрақты бір мекенін, «байланған қазығын», қандай жағдайға ұшырамасын, тірі болса, әйтеуір бір тауып келуге бейіл жануар. Су да солай: қаншама тау-тасты аралап, ой-шұңқырды толтырып, асып-тасып, лықсып жатқан ағын су ақыр-соңында жер бетінің ең төменгі деңгейін – «өз жазығын» тауып еркін ағуға тиіс. Белгілі себептермен туған жерінен, өскен елінен алыстап, жат жерде өмір кешкен ер-азамат күндердің бір күнінде ата жұртын іздеп табуы – заңды құбылыс. Мұндайда үлкендер: «шет жүрген азаматты халқының қаны, ата жұрты мен ата-бабаларының рухы тартады» дейді екен. Әрбір істің, құбылыстың өзгеріп дамуы, өзінің жөнді жүйесін табуы – табиғи заңдылыққа байланысты деген сөз.

2.2.2 Салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

Жылқы малын өсіру ерте заманнан бері ерекше бағаланып, олар туралы көптеген ММ-дер де қалыптасқан. Бұндай ММ-дерде халқымыздың өзіндік ой-өрісі, білімі, тәжірибесі т.б. тұжырымдалған. Бұған тіліміздегі салт-дәстүр, наным-сенім негізінде қалыптасқан жылқы малына байланысты ММ-дердің этнолингвистикалық мәнін талдағанда көз жеткізуге болады.

Ат жүйрігі – асқа,

Тіл жүйрігі – басқа. Қазақ дәстүрінде жүйрік пен сайгүліктердің бағын сынайтын, даңқын асырып, бағасын беретін бір оңтайлы сәт – ұлы тұлғаларға берілетін ұлан-ғайыр астар мен дүбірлі тойларда шабылатын аламан бәйге болса, ал сөз сайысына түскен шешендер мен ділмарлардың бірі болмаса бірі сөзден жеңіліп, «мерт болуы» да, не сөзден жеңіп, даңқы шығуы да мірдің оғындай өткір тілдің күдіретті күшіне байланысты деген сөз. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген мақал да осыған жақын.

Ат майы толады,

Киім майы толмайды. Қазақ дәстүрінде біреудің көлігінің майын сұрап міну, біреудің киімінің майын сұрап кию салты болған. Осы әдетке орай майға мінілген ат арықтап, қоңынан айырылып, жүдеп қалса, ол біраз күтіп, баптаса, қайтадан семіріп, қалпына келеді, ал майын киген киім (тон, шапан, етік т.б.) ескіріп, тозып қалса, оны орнына келтіру мүмкін емес. Мақал түйіні: «Майын пайдалануға алған заттың орнына келетіні де, келмейтіні де бар – соны білген жөн!» дегенді аңғартады.

Ант ұрмай, ат жығылмас. Көшпелі елдің салтында «ер қанаты – ат» деп, ат пен ат иесі – ер азаматты тағдырлас деп қарау бар. Тар жол, тайғақ кешуде,

қысыл-таяң жағдайда аттың сүрініп жығылуы ат иесінің ниетіне байланысты деп қарайды. Ол ниеті жаман, ант бұзғыш, опасыз болса, оның аты да сүріншек келеді. Демек, аттың жығылуы – ат иесінің уәдесінде тұрмай, сертін бұзуына байланысты «ант ұруынан» деген сенімнен туған мақал. Ант бұзып, уәдесінде тұрмаған адамды, әдетте, антұрған (ант + ұрған) деп атайтын қазақ қауымы анттың тылсым күшіне, антты аттап кеткен адам ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір ат үстінен мұрттай ұшуы, жазатайымда жалпасынан түсіп, жазым болуы ықтимал деп сенген. Алланың ақ өлімі емес, оқыстан, ғайыптан қаза тапқан адамның өлу себебін «ант ұрды ма екен?» деп ойлаудың себебі де осы.

Апама да барайын, тайымды да үйретейін. Мақал қазақтың өмір-салтынан алынған. Күйеуге шыққан апасын көптен бері көрмей сағынған баланың (інісінің) ержетіп, тайын үйретіп жүріп, «екі істі бірдей бітірейін!» деп ата-анасынан сұрануы. Бұл бір істің сылтауымен, желеуімен екінші істі де тындыру, екі қоянды бір оқпен атып алу мәніндегі мақал.

Ат өледі, құс қашады. Ер-жігіттің қазына мүліктеріне жататын жүйрік аты мен ұшқыр құсын қалап сұрайтын көңілі жақын дос-жаран, құда-жекжат, елдің елеулі азаматтары да көп болған. Қимас затын қанша қиылып сұраса да, бергісі келмейтіндерге айтылған бұл сөздің мәні – «қанша аясаң да, жүйрік атың да өз ажалынан өледі, алғыр құсың да күндердің күнінде өзіңді тастап кетеді, өлмейтіні достық көңіл, соны аман сақтап қал!» дегенді аңғартады.

Ат сатсаң ауылыңмен ақылдас. Біріншіден, ауыл адамдары ауылда жақсы аттың болу-болмауына бейтарап емес, өзара мүдделес, екіншіден, жақсы аттың нарқы мен парқын иесі ғана емес, бүкіл ауыл адамдары да жақсы біледі. Сатуға бола ма, болмай ма дегенге ақыл-кеңес береді.

Атсыздың атасы құнсыз кетеді. Ат үстінде ғұмыр кешіріп келген кешегі қазақтың қастерлейтін атасын айдалада біреулер өлтіріп кетсе (ол, әрине, жазатайым өлімге де душар болуы мүмкін), ондай жағдайда астында аты жоқ баласы (жақын туыс-жекжаттары) оның өлігін іздеп табуының да, өлтірген адамын айқындаудың да, одан құн талап етуінің де мүмкіндігі болмайды. Астында аты жоқ адамның өмірде қолы қысқа, шарасы аз. Бұл мақал өткен бабаларымыз үшін қыл құйрықтың қасиеті мен өмір-тіршіліктегі атқарған аса мәнді рөлін дәріптеуден туған.

Аруақты жерден ат үркеді. Аруақты жер – ата-бабаларымыздың сүйегі жатқан мола-мазарлар. Одан өте бергенде жолаушының аты үркетін себебін халық аруақтар адам көзіне көрінбесе де, мал (жылқы) көзіне көрінеді деген діни наным-сенімнен туындаған деп түсіндіреді. Қасиетті, киелі жерлерден «аруағы ұрады» деп, алыс жүрген, оған жуымаған жөн деген сөз.

Бес қажет: жақсы әйел, жүйрік ат, ұшқыр тазы, тұзу мылтық, адал дос. Жақайым Жетес би: кезінде «тентек» аталған Сердалы Жаңабай ақын «тентек» деген аттан құтылудың жолын сұрай келгенде ол: «...Сен сияқты әлденеден қапалы болған ерлерді сабасына түсіріп, сабырын сақтайтын бес нәрсе бар...» деп (жоғарыдағыларды санамалап), «сен де солардың екеуі кем болып жүр, ол жақсы дос пен жақсы ат болатын, қолыңа соларды түсір» деп ақыл-кеңесін айтады (Дала, №1, 1999, 39 б.). Жігіт адамға қажет осы бес нәрсе туралы сөздің ел арасына тарауына себеп болса керек.

Ердің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы. Ертедегі қазақ салт-дәстүрінде қалыптасқан қағида бойынша, «ердің құны – жүз жылқы» болғанымен, дауласушы би бұл өлшемнің үстіне ердің өлімін ғана емес, оның өлімнен де қымбат аяққа тапталған арын қоса бағалап, тағы мың жылқы даулап, бопсалайтын болған. Осындай бір құн дауында жоқтаушы би былай дейді: «Кісісін өлтірген жақ ұмытқанымен, кісісі өлген жақ ұмытпайды. Мен өзге даугерлердей қырдың қыл құйрығына бітіспеймін. Ердің құны – жүз жылқы болса, ары – мың жылқы. Келелі маймақ түйе, қоралы маубас қой, табынды сасық тұмсық сиырыңның да керегі жоқ. Сырты түк, іші тезек, ақтылы малыңмен бітетін болсам жарасы жеңіл екен дейсіз де, ертең бір кісімді тағы өлтіресің. Сондықтан «қазан жулы (жуулы), қан шайлы (шаюлы)» құн дауын ада-күде бітірем десендер, осы қазір дар құрғызбай тынбаймын. Оны істемесең, дінімді ұмытсам ұмытармын, кегімді ұмытпаймын. Сойылмен соғам ба, уығыммен ұрам ба, өшімді алам да кетем, сөзім сол!» – дейді («Өркен», №26, 1992, 12 б.).

Жауға аттанар жігіт төл атын мінеді. Ел шетіне жау келгенде қарсы аттанған азамат қазақ салты бойынша тек өзінің күтіп мінетін төл атын ғана мініп, бір ғана тілекпен аттанатын болған. Мұндай ақ жолға, ақ тілекке баруға ат таңдағанда тегі белгісіз, әртүрлі жолмен (ұрланған, тұлданған, дау-талас арқылы келген, жаудан олжа боп түскен, ырымды т.б.) келген, біреуден майын сұрап алған не ауыл арасында жүрген малды емес, ата малын, табан ақы, маңдай терімен келген өзінің төл малын мінген. «Өз иесіне опа жасамаған басқа мал маған да опа жасамайды» деп ырымдаған.

Жауынды күні ат көрме,

Айтты күні қыз көрме. Жылқы малының ажары оның бітім-болмысынан ғана емес, түк-түрінің бояу-реңкіне байланысты. Оның әрлі-әрсіздігі әсіресе, үстін тазалап жуғанда, не жауынды-жаңбырлы күндері айқын байқалады, сондықтан да ат таңдаған адам оны түк-түсі жарқырап тазаланған жауынды күні емес, жай күндері көріп, ұнатып алғаны жөн. Сондай-ақ, қыз таңдайтын жігіттер оларды қызыл-жасыл желеңге бөленіп, жасанып, құлпырып шығатын айт күндерінде емес, жай күндері іздегені жөн. Бұл – қыздардың жасанды тұлғасын көріп, «шынайы сұлу мен шырайсыз қыздарды шатастырып жүрме» деп ескерту. Бұл – әр нәрсені өзінің табиғи көрініс, болмысына қарай тани біл деген сөз.

Жауыр атқа – жіп құйысқан. Қазақ салтында жауыр атқа, әдетте, жай ер (құранды ер, қапталды ер, орыс ері т.б.) салмай, жауырына ыңғайлы желқом ер салған. Сондықтан да желқом ерге өзіне лайықты жамансал, ескілеу құрдан, жәй жіптен есілген құйысқан тағады. Басқаша айтқанда, жауыр атқа тоқылатын желқом ерге лайықты жіп құйысқанның тағылғаны жөн дегенді аңғартады. Ауыс мағынада қатар қолданылатын бір-біріне қатысты екі нәрсенің (заттың, бұйымның, жиһаздың т.б.) өзара сапасы мен сәні, мәні мен мағынасы сәйкес болғаны абзал, бірі қымбат, бірі арзан, бірі сұлу, бірі сүйкімсіз болу – жараспайтын, екіұдай дүние.

Жылқы жылы әлі ілгері. Қазақ наным-сенімінде «жылқы жылында қоғамда соғыс, атыс-шабыс болады» деген ұғым бар. Демек, «жылқы жылың әлі ілгері»

деген сөздің ауыс мәні – «өмірде көретін құдайың әлі алдыңда, одан сақтанғайсың».

Құданы – құдай қосады,

Үйірі басқаны нөқта қосады. Құдандалық байырғы салт-дәстүрді жалғастырып келе жатқан қазақ қауымы «құданы – құдай қосады» дегендегі екі ата, екі басқа әулеттің ойламаған, күтпеген жерден басы қосылып, туыс болуын – ғайыптан, бұйрықтан, жазмыштан болатын, яғни адамның қалауымен емес, Алланың әмірімен деп қарауына байланысты. Сол сықылды, бұл ұғым қаптаған қалың малдың ішінен үйірі басқа екі жылқыны бір адамның қолына әкеліп байлап беретін нөктаның да өзіндік қызметімен салыстырылып тұр. Өртүрлі құбылыс табиғаттың қоғамдағы адамдар қарым-қатынасының заңдылығына байланысты қалыптасады.

Сиыр – судан, түйе – күннен, жылқы – желден, қой – аспаннан (көктен), ешкі – тастан, адам – топырақтан (жаралған). Бұл ертеден келе жатқан түркі т.б. халықтарға тән мақалға айналған пайымдау. Ертедегі түркілердің малды қасиетті санап, малға табынуының бір себебі де, міне, осы болса керек. Өйткені Күн, Көк, Жер, су, жел, тас – дүниенің негізі саналған, демек, аталмыш малдар да, адам да осы негізден өніп-өскен. Малды құрметтеу, қастерлеу, құрбандыққа шалу т.б. дәстүрдің бәрі осыған байланысты. Сонымен қатар, әрбір мал жай мал емес, оны қорғап, қолдап, сақтап жүретін қамқоршы иесі – пірі, бабасы, атасы бар қастерлі де қасиетті жануарлар саналады. Қойдың қасиетті бабасы – Шопан ата, түйенікі – Ойсылқара, жылқынікі – Қамбар ата, сиырдікі – Зәңгі баба, ешкіні – Шекшек ата.

Жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен – топырақ, су, от және желден (ауадан) жаралған деп қарайтын заманда төрт түлікті өртүрлі нәрсенің символы етіп, оларды тотем тұтқан. Сондықтан да қазақтардың ертедегі наным-сенімінде *түйе шөлден, сиыр судан, қой ауадан, жылқы желден жаралған* деген түсінік қалыптасқан. Түркі халықтарының ішінде қазақтан басқа да халықтар жылқының желден жаралғанына сенген. Осылайша жылқының жылдамдығын желге теңеген, желдің қасиеті мен күші жылқыға берілгендігіне сенген [7, 74 б.].

2.2.3 Тегі мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды.

Асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды. Арғымақ ат тұқымына тән қасиеттің бірі – оның аз оттап, көп жусауы болса, табиғаты асыл ер-азаматтың аз сөйлеп, көп тыңдайтын әдеті – оның абзал қасиетін сипаттап тұр. Шынайы азамат, асыл ердің өзіне тән тұлпар тектес асыл қасиеті, абзал мінез-құлқы, әдепті әдеті болады дегенді аңғартып тұр.

Жапалақ сипағанмен сұңқар болмас,

Жабыны мақтағанмен тұлпар болмас. Құс асылы – сұңқар, оның асыл қасиеті күтімінен (сылап-сипаудан) емес, тектілігінен, жылқының пырағы – тұлпар, оның асыл қасиеті де мақтап-мадақтаудан емес, тектілігінен. Ауыспалы

мағынасы адамның жақсы-жаман болуы оның күтімінен, не мақтап-марапаттаудан емес, жаратылысынан, тектілігінен демекші.

Жорғаның қадірі желгенде білінер,

Жақсының қадірі өлгенде білінер. Жүрісі жайлы жорға мініп үйренген адам оның қадірін желісі қатты атты мініп, денесі дел-сал болғанда біледі. Сол тәрізді қатар жүрген жақсы адамның қадір-қасиеттерін оның көзі тірісінде емес, өлгеннен кейін ғана бағалай алады. Адам болсын, мал болсын, бәрібір, оның абзал қасиеттерін адам бірден емес, біртіндеп, басқамен салыстырып барып, әсіресе одан асқан сорақысын көргенде ғана, артықтығын сезіну арқылы ғана дұрыс байқай алады.

Жора-жолдас не керек – жауға бірге шаппаса,

Арғымақ мініп не керек – жабыдан озып, артпаса? Жасанған жауға білек сыбанып, бірге бармаса, тізе қосып бірге шаппаса, онда жолдас-жора болып жүрудің де қажеті жоқ; сол сияқты астыңдағы атың тұлпар болып аталғанымен жабыны басып оза алмаса, пайдасы жоқ дегенді аңғартып тұр.

Жүйрік ат аяғынан қалады. Бәйгеге көп түскен жүлделі жүйріктердің көбіне-көп аяғына зақым келіп, көз тиіп ауырады. Бұл бейне бір кәсіби ауру іспеттес нәрсе. Осыған орай, бұл мақал мергеннің, не оқитын оқымыстының көзі зағип болғанда, не арқылы ақын мен алдына жан салмас, аузы дуалы шешеннің – тілден, әнші-күйшінің – құлақтан, өнерпаз шебердің – қолдан қалғанында айтылады. Әркім ауырып, азап шексе, оны өзі сүйетін кәсібiнен табады деген сөз.

Жүйрік атқа – жел қамшы. Жүйрік атқа қамшының керегі жоқ, оның маңдайынан ескен желдің өзі-ақ сипап, шабысын демеп, дем беріп отырады. Ауыспалы мағынасында білікті де білгір, ақылды да парасатты адамға қамшылаудың, жол-жорық көрсетудің еш қажеті жоқ, өйткені олардың өздері-ақ не істеу керек екенін біледі, олар алған бағыты мен үрдісінен жаңылмайды дегенді береді.

Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар. Мал жайын, әсіресе жылқы қасиетін жақсы танып-білген қазақтардың ұғымында жүйрік пен тұлпар сирек кездесетін мал тұқымы, яғни жүз жылқыдан бір жүйрік, мың жылқыдан бір тұлпар шығуы мүмкін. Сол сияқты, адамдар арасындағы біртуар, маңдайалды (шешен, көсем, ақылды, парасатты ер, батыр т.б.) азаматтар да сирек кездесетін, ілуде бір дүниеге келетін құбылысқа жатады.

Жүйріктің де жүйрігі бар – қазанат жөні бір басқа,

Жігітте де жігіт бар – азамат жөні бір басқа. Жылқы ішінде жүйрік те, ел ішінде жігіт те баршылық. Бірақ сол жүйріктердің асылы – батырлар мінер қазанаттың, сол жігіттердің ардагері, абзалы – азаматтың жөні мүлдем бөлек. Батырлар эпосында жырланатын, алты айшылық жолды алты күнде басатын қазанаттың басқа жылқыдан қандай ерекшелігі болса, тұғыры биік, өресі кең, халықтың қамын ойлайтын, соның жолында өзін құрбан етуге дайын азаматтың жөні де мүлдем басқа.

Тұлпардың оттауы – бір, жусауы – басқа. Қас тұлпар да – жылқы тұқымдас мал, сондықтан да ол жылқылармен бірге жайылып, бірге оттайды, бірақ одан бір айырмашылығы – оның жусауы өзге жылқыдан басқашалау.

Жалпы жүйрікке тән әдет бойынша тұлпар ат та – аз оттап, көп жусайтын мал, ол сол арқылы өзін-өзі жарата түседі. «Арғымақ аттың белгісі – аз оттар да, көп жусар» деген сөз осыдан қалған. Жүйрік тұлпардың, сондай-ақ жалпы жүйрік қылқұйрықтардың екінші бір қасиеті – түрегеп жусауы, бұл оның ерен күш-қуатының бүкіл денесіне түгел тарап, шымыр да біртұтас тұлға болып қалыптасуының бір жолы деген сөз. Табиғаты асыл, ізгі қасиеті мол адам көп адамның бірі болса да, бір қасиеті (қылығы, мінезі, ой-парасаты, іс-әрекеті т.б.) басқа адамдардан ерекше көзге түседі, ол оның басқалардан артықтығын, тектілігін көрсетеді деген сөз.

Тұлпардың өз тұяғы өзіне ем. Тұлпар тұлпармен тебіссе де, одан олардың денесі ауырмайды, өйткені олардың денесі шымыр, өзі төзімді. Игі жақсы жандардың өзара базына-қалжыңы, ауыр сөз, өрескел іс-әрекеті де өздеріне білінбейді, өйткені ол өздерін жат емес, өзім деп санауынан.

Шабан ат – өршіл, жаман адам – төршіл. Шамасына қарамай, шабан аттың алдынан өр шыққанда оны тез асып түсуге тырысатын әдеті болса, жаман адамның үйге келгенде, әдеп сақтамай, үлкен-кішілердің ыңғайына қарамай, бірден төрге ұмтылатын әдеті бар. Мақал кейбір адамның қоғамдағы орнын, өзінің әлеуметтік деңгейін білмей, жөнсіз өз қатарынан озып, алға ұмтылатын, орынсыз өркөкіректік көрсететін әдетін айыптап тұр.

Шабан жылқы ұранды білмес,

Жаман жігіт туганды білмес. Жаугершілік, шапқыншылық кезінде атқа қонған ер-азаматтардың ұрандатып, ел-жұртты жауға қарсы шақырғанда да немесе мәреге жақындаған аламан бәйге жүйріктеріне ата-баба аруағына сиынып, ұрандатқанда да әсер алып, селт етпейтін шабан жылқы сияқты, кейбір тексіз жаман адам да туыс-жақын деген ұғымды сезініп, одан әсерленбейді.

Айтқызған – жаманның ісі,

Қамшылатқан – шабанның ісі. Жаман адамның әдеті – айтып, құлағына құймаса, өзі түсінбейді. Яғни жаман адам мен қамшыламаса жүрмейтін шабан ат арасындағы ұқсастық мақалға өзек болып тұр.

2.2.4 Жылқының бабына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

Ат шаба ма, бақ шаба ма, бап шаба ма? Бұл (риторикалық) тұспал сауалға бірде «ат шаппайды, бақ шабады» десе, бірде «ат шаппайды, бап шабады» деп жауап береді. Бақ пенен «бапты» баламалап таластыруда үлкен мән бар. Біріншісінде адамға бақ сыйлайтын киелі күшке сенім бар да, екіншісінде атты баптауға байланысты қажырлы еңбек, атбегінің кәсіби шеберлігі жоғары бағаланады. Адамның адам болуы бағына байланысты емес, оған берілген тәлім-тәрбиеге, үлгі, өнегеге байланысты демекші.

Ат болатын құлынның, бауыры жазық келер,

Адам болар баланың, маңдайы жазық келер. Халқымыз тұлпар шығатын құлынды сыртқы бейнесіне, түр-тұлғасына қарап, жас кезінен-ақ түстеп таныса, адам болар жас баланы да бітім-пішініне, сырт тұлғасына қарап-ақ анықтай білген. «Ата – балаға сыншы» деудің себебі де осы.

Ат болар тай саяққа үйір,

Адам болар бала қонаққа үйір. Себебі «ат болу» бұл арада ер-азаматтың жорыққа, жолаушылыққа, сапарға сайлап, баптап мінер жарамды көлігі болу деген сөз. Ондай аттың тай күнінен саяқтарға үйір болуы, үйірден шеттеп, еркін жүруі сондай мініс аты болуға дағдылана бастағаны. Сол сияқты, ойын баласының үйге келген қонаққа үйір болып, оның айтқан әңгімесін тыңдап, өнерін тамашалауға құмар болуы да саналы азамат болуға талпынуының бір нышаны.

Атты қамшымен айдама, жеммен айда. Жем бермей, күтпей мінген аттың болдырып, жүрісі мандымайтыны, әлі құрып, белі босаңситыны белгілі. Оны қамшы астына алып, қанша борбайлап сабасаң да, аяғын бір басқызу қиын. Мал жағдайын білетін адам мінер атын алдымен жемдеп, күтіп, тыңайтып алса, ол соғұрлым тың да жүрдек болады. Демек, «атты қамшымен емес, жеммен айдау керек» деген сөздің мәні осы. Адамның өнімді жұмыс істеуі, еңбек етуі, өнермен, ғылыммен, кәсіппен өндіре шұғылдануы күштеп, зорлаудан емес, оған жайлы жағдай туғызып, жан-жақты қамқорлық жасауға байланысты.

Бәйгеге шаппаған жүйріктің күні құрсын. Шынайы жүйрік иесінің баптап ұстап, бәйгеге салып, бақытын сынауды қалайды, ол шапқан сайын құлпыра түседі, түлей береді. Ал бәйгеге қосылмайтын жүйрікте күтім де болмайды, бағасы да жоқ, бір орында тұрып жүдейді. Мақал ауыс мағынасында бойында ерекше қасиеті бар дарын иесі де, тұлпар тәрізді, жаңа іске, болмысына тән өнер, өнегесін көрсетуге, өз бақытын сынауға талпынып тұратын, оны істей алмаса, ішқұса болатын, азып-тозатын әдеті болады дегенді аңғартады.

Бәйгеден ат келмейді, бап келеді. Жүйрік аттың бәйгеден озып келуі, не келмеуі тек оның жүйріктігіне ғана емес, сонымен қатар оны бәйгеге қосқан бапкердің бабына байланысты деген сөз: «Ат шаппайды, бап шабады» деген де осы мағынада.

Жақсының жасын сұрама, жүйріктің аузын ашпа. Жылқының тектілігін, ерен жүйріктігін малсақ қауым тісіне қарап-ақ айыра білген. Демек, бұл жақсы жылқының тісін ашып қарамай-ақ, оның жүйрік екенін сын-сымбатынан білуге болады деген сөз. Сол сияқты сүйегі асыл, жақсы адамның бет-әлпетіне, сыртқы болмысына қарап-ақ, яғни қаншаға келгендігін тәптіштеп сұрап жатпай-ақ, білуге болады. «Жақсы адам» аталудың бір сыры, бір нышаны – жасы ұзап, біразға келсе де, көзі ашық, көкірегі ояу, көңілі көтеріңкі, еңсесі биік, санасы сергек, сезімтал болуында. «Жасына келмей қартаю» деген жақсы адам табиғатына жат қасиет.

Тұлпарды тай шағынан таны. Ат бегілер аттың жүйрігін, сәйгүлігін, тұлпарын тай күнінен-ақ тани білген. Осыған орай мақалдың айтары: жақсы ат тұқымын тай-құлан кезінен танудың сыры – батыр мінетін тұлпарды тәрбиелеу үшін көп уақыт, көп машақат керек. Қыз Құртқа қолынан тәрбиеленген Қобыланды батырдың Тайбурылы немесе Райымбек батырдың өзі тай кезінен тәрбиелеп өсірген Көкойнақ атты тұлпары т.б. міне, осыны көрсетеді.

Тұлпар желіде танылады. Өмір бойы жылқы өсірумен шұғылданып келе жатқан малшы қауым, бапкерлер жылқының қасиетті тегін, тұлпар екендігін құлын күйінде, желіге байлаулы тұрған кезінде-ақ танып, білетін болған. Ауыс

мағынасында мақал адамның асылдығын, тектілігін жас күнінен-ақ байқауға болады дегенді аңғартып тұр.

Тұлпар түбін табады. Жылқы қасиетін терең біліп, табиғатын тап басып, тани білген атбегілер тұлпардың тұқымын құрсақта жатқан кезінен бастап-ақ, біліп, кейін ол бие ұрланып, барымталанып, қай жерде жүрмесін, қалай өспесін, оны дәл танып, тұлпар үйіріне қайта қосылуына, не өз иесіне қайтаруына себепкер бола алады. Ал ауыс мағынасында адамға қатысты: тектілер айналып келіп өз тегін табады дегенді аңғартады.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, тасты басса кетілер, сазды басса жетілер. М.Қашқари сөздігіндегі *сідірғақ* (тұяқ) пен әдеби тіліміздегі *сырғасы таю* деген тіркестегі *сырға*, *сирақ* және сөйлеу тіліміздегі ұшырайтын *сырғақ* сөздері түбірлес сөздер. Сөйлеу тілінде сырғақ деп тұяқтың ұшын, бедерін айтады. Мысалы, аяғының сырғағы таусылғанда мінуге жарамай қалады. Сырғағы таусылған жылқыны сазға байлайды. Сырғағы тозған жылқыны сазды жерге қойса, бір айда жетіліп кетеді. Мақал осыдан шықса керек.

*Шеге тағаны сақтайды,
Таға тұлпарды сақтайды,
Тұлпар ерін сақтайды,*

Ер елін сақтайды. Шегесіз тұлпар аяғына таға тұрмас еді, таға болмаса, тұлпардың өзі сақталмас еді, тұлпар болмаса, ердің (батырдың) өзі аман болмас еді, ер-азамат болмаса, елі жаудан аман қалмас еді. Мақалда кішкентай ғана шегенің жалғаса, сатылана келіп, бүкіл елдің амандығына себепкер болуы сияқты, кейде өмірде болмашы ғана істің тетігі ұлан-ғайыр тірліктің шешуші түйіні болатыны паш етіліп тұр.

«Күлікте күлкі қыла көрме». *Көктеп мінген еріңнің, Астында көп жүгірер күлік бар,* – деген (Шалкиіз жырау) жолдардағы *күлік* сөзі жылқы мағынасын беріп тұрғанын аңғару қиын емес. *Күлік* сөзінің бұдан басқа «ат сыны, атты санатқа қосу, сынату» мағынасы да бар: қазақтар тері алынған, бапталған, суытылған жүйріктерін бәйгеге қосар алдында төреші сайыпкерлердің, атсейістердің алдынан шұбатып өткізетін, не күлікке тұрғызып сынататын. Әрине, бәйге аты – сайгүліктер екіден, төрттен емес, біртіндеп сыналатын. Өйткені бәйгеге қосылатын жүйріктің мүшесін, үстіне мінер шабандозын, тұрманын тегіс көріп, бағасын беру керек болған. Одан ұлы бәйгеге болсын, ұлан бәйгеге болсын жарамайтын, тек ат қарасын көбейтетін кейбір шорбуын, қарақсақ, құжауырын, суыту кезде саңсырап қалған жылқыларды алып қалу құқы берілген. *«Күлікте күлкі қыла көрме»* деген мәтел осыдан шыққан. Сайгүлік сөзі, яғни «күлікке сай» деген сөз. Бұл сөз кейде *күрк* деп айтылады. Мысалы: *«Порымына қарасып алдынан өтті күрктен»* (Қамбар батыр). *Күлік* сөзінің «атты сынау» мағынасымен синонимдес *тәбия* деген сөз кездеседі [94]. Мысалы: Бұқар жыраудың *«Күпшек санды күреңді тәбияға жаратқан»* деп отырғаны осы ат сынау шарасын білдіреді. Бірақ *тәбия* тек ат сынау емес, қыз сынау, жігіт сынау шараларында да қолданылған.

2.2.5 Қимыл-қозғалыстары мен күй-жайына байланысты паремиологиялардың этнолингвистикалық сипаты

Арық атқа – қамшы жау,

Жыртық үйге – тамшы жау. Ат арық, күйсіз болғаннан кейін ол тез болдырып, жүргісі келмей, шегіншектей берген соң иесі оны аямай қамшының астына алады. Арық атқа бұл ауыр жаза, оның қамшыны жау көретін себебі сол. Киізі тозған, жыртық, қырық жамау кедейдің үйіне жанбыр жауған сайын тамшы сорғалайтыны белгілі. Тамшының кедейге жау болатыны да содан. Ауыс мағынасында қиянат көбінесе әлсізге, қалы мүшкіл, бейшара, нашар мал мен адамға жасалынады дегенді білдіреді.

Ат бір басқан жерін үш басады. Ат жүрдек мал, өз өмірінде ол талай жерді таптап, бір басқан жерін аяғымен талай басады. Адам баласының басында бір болған жағдай талай рет қайталануы мүмкін, бір болған жерінде талай болуы да мүмкін. Бұл адам қауымының заңды құбылысы деген сөз.

Ат қартайса – ұрыншақ,

Ер қартайса – жаңылшақ. Мақал қартайған аттың әдеттегі жүрісінен жаңылып, әр нәрсеге ұрына беруі, ой-шұңқырға сүріне беруі де, қартайған адамның айтар ой-пікірін шатастырып, жаңыла беруі де – бәрі, сайып келгенде, қартаюдан болатын табиғи құбылыс екенін аңғартып тұр.

Ат үйірін сағынса, артқы аяғын қағынар,

Ер үйірін сағынса, ер-тұрманын тағынар. Себебі үйіріне қосылғысы келген ат артқы аяғын қағынып (тепкілеп, жер тарпып) жүргісі келеді, әскери қосын, қаруластарын сағынған батыр ер-тұрманын сайлап, атын ерттегісі келеді. Туып-өскен жерді, өскен ортаны сағыну табиғи сезім болса, соған қосылу үшін жай тұрмай, пәрменді әрекет қажет.

Ер сүрінбей – ел танымас,

Ат сүрінбей – жер танымас. Мақал жүйрік аттың көп сүрініп, жол азабын көрмей, жүрген жерінің ой-шұңқырын түгел біліп алмай, бауырын жазып қатты шаба алмайтыны сияқты, ер жігіт те өмірінде қателеспей, ел-жұртының салт-дәстүрін білмей ержетуі, дұрыс өсіп-өнуі мүмкін емес дегенді аңғартады.

Жүйріктен жүйрік шықса,

Төрт аяғы тыпыр-тыпыр етер. Өзім деп, өзгеден қайтсем озамын деп, біреумен жанталаса, жарысып жүрген өзімшіл адам тыраштанып, өзін-өзі әшкерелеп, өз кемістігін көрсетіп алуы мүмкін.

Жүйріктің шабысы қалса да қырыны қалмайды. Қырын – жүйрік жылқының жұрт жиналған жерден өткенде шаппаса да, бой жасап, қыр көрсетіп өту әдеті. Мақал ауыс мағынада жақсы адам жасынан үйренген әдептілігі қартайғанда да әдет болып, бойында сақталады деген ұғымды аңғартады.

Сүмбіле туса сымпып, семіреп құлын құнтыып. Желіге құлын байлап, бие сауу маусымы биебау деп аталады. Биебауда байланған құлын сүмбіле салқыны түсе ағытылып, үйірде, жайылып жүріп енелерін емін-еркін еміп, күздің алғашқы кезінде қою саумалға тояды, қысқы бағымға көнбісті болады. Бұл сияқты бие саумалының сапалы болуына екі жағдай әсер етеді: осы кезде қара от әбден пісіп құнарланады; құжынаған шыбын-шіркей, қабындаған маса-сона, әсіресе жылқы жауы мен құйрық бөгелек құриды; шілде шығады; биенің сауырына күн өтпейді. Демек, жаны саябыр тапқан жылқы малы рақатқа

бөленеді, биенің сүті де қорланады. «Сүмбіле туса сымпиып, семіреп құлын құнтиып» деген нақыл осыдан қалған.

2.3 Түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Әрбір халық өзінің әлемдік суретін тілі негізінде қалыптастырады. Осыған байланысты адамның бір-бірін түсінуі қиынға соғады. Әрине, бір-бірінен қатты ерекшеленетін тілдерге қарағанда туыстас тілдерде сөйлейтін халықтар үшін бір-бірін түсінуі анағұрлым жеңілдеу. Түркітілдес халықтар үшін қай кезде де өз ұлтының тілі арқылы түсінісу күні бүгінге дейін ешбір қиындықсыз жүзеге асырылып келеді. Тіпті олардың ортақ ФТ-тері де осының айғағы.

Жылқы малына қатысты ФТ-тердің сабақтастығы мен ортақтығы түркі тілдерінің синхронды дамуында аңғарылады. Бұл әртүрлі топтар мен аймақтардағы қазіргі түркі тілдерінде жылқы малына қатысты бір-біріне өте ұқсас немесе нұсқалас ФТ-тердің көптеп кездесетінін көрсетеді. ФТ-тердің бұл қабатында заңды түрде болған фоно-морфо-семантикалық ауытқуларда және құрылымдық түрленулерде олар не бұл халықтардың шығу тегі мен тұрмысының ортақтығын көрсетеді, не олардың әртүрлі тарихи даму кезеңдеріндегі тіларалық кірме сөздердің нәтижесі болып табылады. Бұған кейбір мысалдарды келтіруге болады: қаз. *ат жалын тартып міну*// қырғ. *ат жалын тартып минүү* (сөзбе-сөз жалынан ұстап атқа міну) ержету, шешім қабылдай алатын жігіт болу; қаз. *ат басындай* // өзб. *отнинг калласиндай* – қандай да бір заттың көлемін анықтау кезінде қолданылады; қаз. *жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы* // қырғ. *жакшы атка бир камчы, жаман атка миң камчы* // өзб. *яхши отга бир қамчи, ямон отга минг қамчи* // ұйғ. *яхши атқа бир қамча, яман атқа миң қамча* // түркім. *ягышы ата бир гамчы, яман ата муң гамчы*; қаз. *атының сыры иесіне мәлім* // өзб. *аттын сыры ээсине маалым, кыздын сыры төркүнүнө маалым* [77, 4 б.].

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің сөздік құрамы туыстығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Оның үстіне ФТ-тердің лексикалық қоры көптеген ғасырлардың куәсі.

Сонымен қатар әрбір түркі халықтарында жылқы малына деген өзіндік көзқарасы, дүниетанымы қалыптасқанын да айтып өту керек. Мұндай ерекшеліктерді халық тілінде сақталған сөз орамдарынан байқауға болады.

Географиялық жағынан алшақта орналасқан түрік халқының жылқыға деген көзқарастарында біраз ерекшеліктер кездеседі. Түріктер жылқының етін жемейді, сүтін ішпейді. Мұның себебін түрліше түсіндіреді. Қазақтар мен түріктердегі жылқы өсіру мәдениетін зерттеген Али Аббас Шынар «түріктер ислам дінін қабылдағаннан бастап жылқы етін жемейді» деген мәлімет келтіреді [7, 78 б.]. Енді бірде жылқыға деген құрметтің жоғары болғандығы себепті оның етін жемейтіндіктерін айтады. Бірақ ислам дінінде жылқы етін жеуге тыйым салынбағаны бәрімізге аян. Сондықтан зерттеушінің бұл келтірген мәліметі дәлелді емес сияқты.

Түріктерде *atın ölümü arpadan olsun* (тамақсаулық); *at izi it izine karışmak* (жақсыны жаманнан ажырата алмай); *ata et, ite ot vermek* (істі дұрыс атқармай); *atlar tepişir, arada eşekler ezilir; at kafalı* т.б. ФТ-тер кездеседі.

Atlar tepişir, arada eşekler ezilir (атлар тепишир, арада ешеклер езилир) деген мақалында үлкендердің әсерінен кішілердің зардап шегуі жайлы мағына бар. Бұл қазақ тілінде «екі түйе жанасса, арасында шыбын өледі» мақалымен беріледі. Әлдінің әлсізге жасайтын зорлығын бейнелейтін бұл тіркеске «ірілік», «зорлық» семалары негіз болған. *At kafalı* (ат кафалы; сөзбе-сөз аудармасы: *ат басты*) деген тіркес «ақымақ» мағынасын береді. Негізінен түркі халықтарында «ақымақтық» көбінесе қой, есек, шошқа денотаттары арқылы берілген. Халық жылқы жайын сөз еткенде, біріншіден, оның ерге серіктігін, жүйрік қасиетін, дене бітімінің сұлулығын сөз еткен. Ал оны «ақымақ» ретінде көрсету сирек кездеседі [95, 56 б.].

Қырғыз халқында «*Сиыр сойсоң, уч күн үйүңө жолобо, жылкы сойсоң, жети күн үйүңөн чыкпа*» деген тіркесі бар. Сөзбе-сөз аудармасы: «*сиыр сойсаң, үш күн үйіңе жолама, жылқы сойсаң, жеті күн үйіңнен шықпа*». Бұл жерде қырғыздардың сиыр етінен жылқы етін артық бағалайтындығын білуге болады.

Түркі сөздері өз басынан сан түрлі тарихи кезеңдерді өткізіп келді. Солай болуына қарамастан, олар өзінің негізгі сөздік қорын сақтап қалды. Бұл пікіріміздің дәлелі – ерте кезеңдерден келе жатқан түркі халықтарының ескі жазба мұралары, әртүрлі деректері, түркі ойшылдарының, ақындарының, ғалымдардың, билердің даналық сөздері болып есептеледі. Мысалы: Махмұд Қашқаридың сөздігінде кездесетін «*кіші аласі ічтін, жілкі аласі таштін*» мақалы қазіргі түркі халықтарының көбінде сақталған. Бұл мақалдағы *жілкі* сөзі «мал» мағынасында қолданылып тұр. Сондықтан да болар қазіргі түркі тілдерінде сақталған нұсқаларында «мал» мағынасындағы сөздер (мал, мол, хайван) қолданылады. Мысалы: қаз. *адам аласы ішінде, мал аласы сыртында* («*адам аласы ішінде жылқы аласы сыртында*» нұсқасы да кездеседі) // өзб. *одам аласи ичда, мол оласи таида* // түркім. *адам аласы ичинде, хайван аласы дашында* // түрік. *инсан алажасы ичинде, хайван алажасы дишинда*.

Түркі тілдерінде кездесетін жылқы малына қатысты ортақ ФТ-тердің (фразеологиялық және мақал-мәтелдік) бәрінде де ұқсас немесе ортақ бейнелі-аялық негізді көреміз.

Қазақ тіліндегі ЖМҚФТ-тер	мағынасы	Қырғыз тіліндегі ЖМҚФТ-тер	мағынасы
<i>Ақ қаптал</i>	Көпті көрген, тәжірибесі мол	<i>Ак каптал</i>	1. дасынқан, көптү көргөн, башы бышқан
<i>Алдына қара салмау</i>	Маңдай алды болу	<i>Алдына ат салдырбаган</i>	Мықты, тын, чыгаон, башкаларға салыштырмалуу бышык.
<i>Ат арылту</i>	Әуреге	<i>Ат арыту</i>	Абдан алыс

	түсті		жол жүрүү, узак сапар тартуу.
<i>Ат қара тіл болғанда</i>	Ерте көктемде шыққан жылқы іліккен деген айтылады.	<i>Ат кара тил болгондо</i>	Жай келип, жылқы көккө тойгондо.
<i>Ат майы; ат майын берді (мінді)</i>	Біреудің атын міну мағынасында	<i>Ат майы</i>	Аттын күчүн убактылуу алу, убактылуу пайдалануу деген мааниде.
<i>Ат ізін (терін) құрғатпады (суытпай)</i>	Жиі-жиі келіп тұрады, көп зарықтырмай қатынас жасайды.	<i>Ат тезегін кургатпай</i>	Арадан анчалык убакыт өткөрбөй, тез-тез, тынымсыз, дайыма.
<i>Жал-құйрығы төгілген (сүзілген)</i>	Сұлу мүсінді жылқы.	<i>Жал-құйрығы төгілген</i>	Сын-сыпаты келишкен, мықты, сындуу (жылқыға карата).

Жоғарыдағы мысалдардан түркі тілдерінде (қазақ, қырғыз, түрік) жылқы малына қатысты ФТ-терде мынадай ұқсастықтар байқалады:

1) Құрылымы да, мағынасы да бірдей ФТ-тер: *жал-құйрығы төгілген* - «сұлу мүсінді жылқы», *ақ қаптал* – «көпті көрген, тәжірибесі мол» (қазақ және қырғыз тілдері).

2) Мағыналары бірдей, құрылымында азды-көпті өзгерістер кездесетін ФТ-тер: қаз. *алдына қара салмау*, қырғ. *алдына ат салдырбаган* – «маңдайалды болу».

Ал түркі тілдеріндегі (қазақ, қырғыз, түрік) жылқы малына қатысты ФТ-тердегі негізгі айырмашылықтары әр халықтың жылқыны тануда қалыптасқан өзіндік дүниетанымына, түліктің осы түріне деген көзқарасына байланысты туындаған деп ойлаймыз. Мысалы: қазақ халқы *адам жылқы мінезді* деп өзін жылқыға ұқсатады. Мұндай таным басқа түркі халықтарында кездеспейді. Ал Анадолы түріктері тамақсаулықты *атын өлүмү арпадан олсун* деген тіркеспен бейнелейді. Бұл түрік халқының жылқыға деген өзіндік танымын көрсетеді.

Осы арада «жылқыға қатысты ФТ-тердің диалектілік ерекшелігі бар ма?» деген сауал туады.

Этнолингвистиканың диалектологиямен шендесуі, ең алдымен, біріншісінің түбегейлі мақсатына байланысты: ол этносқа қатысты деректердің бәрін тіл қорының қойнау-қойнауларын тінте қарап, тірнектеп жинап, түгел

камтуды көздейді. Ал диалектология болса, әдеби тілдің «сыртында» жатқан, сонау тайпа тілінен бастау алып, жергілікті тұрғындар қолданысында сақталып келе жатқан көне де байырғы сөздерді, көрші халықтар тілінен әр кезде қабылдаған ауыс-түйістерді, жергілікті кәсіпшілікке байланысты ұғым-түсініктерді жинақтап, түсіндіру арқылы этнолингвистиканың бастау алар бұлақтарының бірі болып саналады. Этнолингвистика мен диалектологияның арақатыстығына байланысты, мәселен, академик Н.И.Толстой бастаған ғалымдар тобының көп жылдан бері славян тілдерінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу арқылы бүгінде ұмыт бола бастаған көне дүниелерін жаңғыртуды мақсат ететіндігін айта кеткен жөн [45, 17 б.].

«Диалектілік тұрақты сөз тіркестері дегеніміз – жалпыхалықтық қолданыста жоқ, тек белгілі бір говорларда сөйлейтін жергілікті халықтың географиялық орналасу жағдайына, өмір тіршілігіне, айналысатын кәсібіне, рухани танымына байланысты ұзақ уақыттар бойында туған, құрамы жағынан тұрақталып, дайын единица ретінде бейнелі мағынада қолданылып жүрген сөз тіркестері», – деп көрсетеді қазақ говорларындағы тұрақты тіркестерді зерттеген Қ.С.Қалыбаева [96, 24 б.].

Диалектілік ФТ-тердің әдеби тілден басты ерекшелігі – қолданылу аясының тарлығы. Соның салдарынан оның саны да әдеби тілге қарағанда шектеулі болады. Әрине, тілдік тұрғыдан қарағанда оның құрамындағы тұлғалар да біршама өзгергіш болып келеді. Осыдан барып жергілікті говорларда диалектілік ФТ-тердің түрліше варианттары туған.

Жалпы ФТ-тердің пайда болуына әсер ететін фактордың бірі – сол өлкенің жағдайы, табиғаты, халықтың айналысатын негізгі кәсіп түрі екендігін жоғарыда айтып өткенбіз. Міне сондықтан да әртүрлі аймақтарда өмір сүріп жатқан қазақтардың тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терге талдау жасау арқылы олардың осы түлікке деген көзқарастарындағы, танымдарындағы ерекшеліктердің көп емес екендігі байқалды.

Мәселен, Түркіменстандағы қазақтар тілінде *ат та шөл, адам да шөл* деген ФТ кездеседі. Яғни «адам мен аттың қатты шөлдеуі» мағынасындағы тіркес. Бұл тіркестің пайда болуына, біздіңше, сол жердің табиғаты әсер еткен секілді. Себебі Түркіменстанның табиғаты құмды, шөлді, ыстық болып келеді. Мысалы: *Бір тәулік қасқыр қуып, құмда ат та шөл, адам да шөл болып, әрең шыққан күніміз болған* (ҚТАС, 26 б.).

Қытай қазақтары тіліндегі тұрақты тіркестердің диалектілік ерекшеліктерін зерттеген ғалым С.Мұстафаұлы: «Қытай қазақтары қолданылып жүрген фразеологизмдердің табиғатын түсіну үшін оның лексикалық құрылымына, яғни құрамындағы сөздерге көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені Қытайда тұратын қазақ диаспорасының тілдік ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер етіп отырған тілдік факторлар жеткілікті. Қолда жиналған материалды сұрыптай келе біз олардың құрылымындағы 2 түрлі жайтқа көңіл аудардық:

1) Қытай қазақтары тіліндегі диалектілік фразеологизмдердің лексикалық құрылымы негізінен жалпыхалықтық лексикадан құралған тіркестер болып келеді.

2) Бұл өлкедегі диалектілік фразеологизмдердің ендігі бір ауқымды бөлігі жалпыхалықтық лексика мен диалектілік лексикадан құралған тіркестер болып табылады» – дейді [97, 34 б.]. Мысалы: *аттан түссе де үзеңгіден түспеу* – жеңілісті мойындамау; *аузы асқа, ауы атқа толу* – тұрмысы, күн көрісі оңалу; *баладан бұзылған аттай болу* – жаман әдетке бой үйретіп қалған, оғаштық, сөлекеттік жасау; *алыстан ат өксітіп келу* – алыс жол жүріп, шаршап жету; *сөзден құрық ұстаған* – сөзге шешен; *кері айыл* – қырсық, көк бет т.б.

Кейбір жай тіркес нәтижесінде жасалған фразеологизмдердің қалыптасуында тарихи шындық жатыр. Тіл элементтері жалпыхалықтық қолданысқа түскен кезде өзінің бастапқы тілдік нұсқасын бірте-бірте өзгертіп, жоғалтып, өшіріп алуы мүмкін. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты, – дейді Б.Ақбердиева [98, 10 б.].

Осыған байланысты С.Мұстафаұлының келтірген мына мысалын біз де келтіріп өтуді жөн көрдік: «*Жерді көрсең Наратқа бар, Озатты көрсең Мананқа бар, Бәйгені көрсең кері атқа бар*» .

Нарат – Іле аймағына қарасты Күнес ауданының топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, суы тұнық, табиғаты көркем құтты мекен, ырысты ауыл. Нарат ауылы қазіргі күнде өзінің жанға жайлы көркем табиғатымен сырттан келген саяхатшыларды өзіне ерекше баурайтын әйгілі саяхат орнына айналған жер.

Манан Ахметұлы (1909-1985) – Күнес ауданындағы Нарат ауылының тұрғыны. Шыңжаңда тұңғыш рет Ыластай мал шаруашылық кооперациясын құрып, Мау Зыдонның қабылдауында болған, әйгілі еңбек ері.

Кері ат – 1959 жылы ішкі Моңғолияда бүкіл Қытай бойынша өткізілген ат бәйгесіне Нараттан апарылып қатысқан, 1-бәйгені алғаны үшін Бейжіңгер атанған бәйге аты.

Бұл мәтелді өзінің бастапқы мағынасы бойынша да «жақсының бәрі бір жерге жиналған» деген ауыспалы мағынасын түсіндіруге болады.

Жылқының жас мөлшерін, жынысын анықтайтын атаулардың басқа да жануарларға байланысты ФТ-терде қолданылу көрінісін диалектілік ерекшеліктерден байқауға болады. Мысалы: Қытай қазақтарының тілінде *дөнен итше кергу* – «ешкімді менсінбеу, көкірек көтеру» мағынасындағы фразеологизм қолданылады. Мысалы: *Өзі дөнен итше кергімей, тұрыстықтарын айтсын* (Ғ.Қанапияұлы). Әдетте әдеби тілде *дөнен* сөзі төрт түлік малға қатысты жұмсалады. Ал бұл сөздің итке анықтауыш болуы говорлық ерекшелікті танытады [97, 37 б.]. Сондай-ақ Түркіменстанда есектің еркегін *айғыр ешек* дейді. Бұл сипат Қазақстанның аймақтарында да кездеседі. Мысалы, Алматы облысы, Шелек ауданында *жабы ит* деген тіркес қолданылады. Қаппайтын итті осылай атайды екен.

«Зат есімдердің ішінде затты немесе заттық ұғымды әдеттегіше атаумен қатар, сол аталған заттың сын-сипат жағынан қандай екендігін қоса-қабат білдіре атайтын, олардың кейбір өзіндік сипатын нақтылай түсіп, әсірелеу не бейнелеу жолымен сезімді түрде эмоциялы-экспрессивті рең беретін тіркестер бар. Олар заттық мағынада жұмсалатын фразеологиялық тіркестер», – деп көрсетеді Г.Смағұлова [99, 28 б.].

Осы тұрғыдан алғанда Қытай қазақтарының тілінде қолданылып жүрген зат есім мәндес фразеологизмдер де негізінен лексикаланып, экспрессивтік бояуы солғындап, көбіне нақты зат, құбылыс атауларына арналған болып келеді. Алайда олардың бойындағы фразеологизмдерге тән азды-көпті образдылығы бар түрлеріне көңіл бөлмеске болмайды. Мысалы, Қытай қазақтары ұзатылған қызға қатысты «*ат байлар*» тіркесі қолданылады. Әдетте, әдеби тілде «*ат байлар*» деп ұлды айтады. Ал бұл өңірде ұзатылған қыз жұрты «*келешек сенің барар үйің, ат байларың, қазығың*» деген мағынада образды айтылса керек.

2.4 Жылқы малына қатысты ФТ-терге ұйытқы болған сөздердің этимологиялық негіздері

Халық тіліндегі байырғыдан келе жатқан ФТ-тердің сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Ғалым Н.Уәлиевтің: «Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [100, 12 б.] – деген пікірі тіліміздегі көне қабаттардан саналатын сөздердің негізінен осындай сөз орамдарының құрамында кездесетінін аңғартады. Шындығында, ФТ-тердің жалпы алғандағы мағынасы түсінікті болғанымен, оның құрамындағы кейбір сөздердің мағыналарын басып айту қиынға соғады.

Сөздер мен сөз тіркестерін төркіндете зерттеу этимологияның төл міндеті болса да, бұған кейде этнолингвистиканың да мұқтаж екендігін байқауға болады. Мұндай жағдайда, әсіресе, мағынасы күнгірттенген бірліктердің мәнін ашып, жасалу уәждері мен қолданыс шеңберін айқындауда этнолингвистиканың этимология көмегіне жүгінуіне тура келеді. Сөз төркінін айқындаудың тағы бір қажеттігі тіл практикасында мұндай фактілерді «халықтық этимология» тұрғысынан түсіндіру жиі кездеседі. Мұндай жағдайда бұл тәрізді «еркін» жоба-жорамалдарға дұрыс бағыт-бағдар беру қажет [45, 15 б.].

Жылқы малына қатысты ФТ-терге ұйытқы болған сөздердің этимологиялық негіздерін берудегі негізгі мақсатымыз – жылқы малына қатысты түбір сөздердің негізі түркі тілдерінің өзінде жатқандығын көрсету. Яғни басқа салалық лексикаға қарағанда жылқымен байланысты сөздердің көбі өз тілімізде пайда болғандығын айқындау. Мәселен, *жұнттай семіз* фразеологизміндегі *жұнт* сөзінің шығу төркініне көз жіберіп көрсек:

Жұнт сөзінің ҚТС-нде 2 мағынасы берілген: 1) *ұлпаны жып-жылтыр, суда мекендейтін итбалық тәрізді мақұлық*; 2) көне. *жылқы, ат* (жұнт жылы – жылқы жылы). Яғни бұл сөз де «жылқы» деген мағынаны беретін сөз. М.Қашқари сөздігінде бұл атау *йунд* тұлғасында келіп, «ат, жылқы, оның үйірі» деген ұғымда қолданылады. Түркі халықтарында 12 жылда бір қайырылатын жыл атауларының бірі – жетінші жылдың аты осы сөзбен аталған: *йунд йылы* (жылқы жылы). Ескі қыпшақтар ескерткіштерінің тілінде *йунт* деп табынға бос

жіберілген жылқылардың бір үйірін айтатын болған. Онда қыпшақ тобына жататын тілдердің өзіндік ішкі даму заңдылығы бойынша, қалыптасқан тұрақты фонетикалық ереже бойынша сөз соңындағы ұяң дыбыс (-д) қатаң (-т) болып айтылады: жәдігерлерде *йунт*, қазақ тілінде *жұнт* [9, 36 б.].

Зерттеуші А.М.Щербак еңбегінде *јонт* сөзі «лошадь» деген мағына беретінін сөз ете келіп, мынадай мысалдар арқылы оның мағынасын анықтай түседі: «*mēglük* кулун ёркәк јонда (<јонтда?) ёміг *miłäjür* «страдающий жеребенок обращается за исцелением к жеребцу, где в сочетании ёркәк *јонт* (букв. «самец-лошадь») слова *јонт*, несомненно, имеет видовое значение, ср. также ёркәк *јунад* «лошадь» (Китаб ал-идрак, 245). Более общим явлением, уже начиная с X, XI вв., стало употребление *јонт* в качестве наименования года в двенадцатилетнем животном цикле» [13, с. 85].

М.Қашқари сөздігіндегі төрт түлік атауларын зерттеген ғалым М.Бейсенованың пікірінше, сөздің негізгі түбірі *йығ* = (жый) болса керек, оған өздік етістің жалғауы *-ун* қосылғанда *ғ* дыбысының кейде түсіп қалатын заңдылығы бойынша *йыун* (2 дауысты дыбыс қатар келіп қолданылмайтын болғандықтан) > *йун* болып қысқарады. Көне түркі тілдеріндегі *-т* реликтік көптік жалғауы жалғанып (йунт), ол түбірмен кірігіп, қалыптасып кеткенге ұқсайды. Көне түркі тілдерінде *йығ* деген сөз «бір жерге жинау» деген мағына береді [9, 36 б.].

Бұл лексема жөнінде Ә.Т.Қайдар: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *жұнттай* сөзіне «жылтыр, тақыр, таза, әдемі» деген анықтама берілген. *Жұнттай* сөзі әдетте, тығыршықтай семіз, күйлі-қонды малға, көбінесе жылқы малына байланысты айтылады. Ал семіз малдың жүні әрі тықыр, әрі жылтыр болатыны белгілі нәрсе. Олай болса, *жұнттай* сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде ерте замандарда қолданылған *јонт* (*јynd*) сөзімен байланысты деуге болады. Сонда тіліміздегі салыстыру моделі бойынша (салыстыр: сиырдай, шошқадай семіз, еңгезердей, түйедей, алпамсадай үлкен, титтей, құрттай, тағы басқа), *жұнттай* сөзі о баста «*аттай семіз, аттай күйлі, ат мүшелі*» деген мағынада тек атқа байланысты айтылса, одан кейін жалпы малға, адамға байланысты да айтыла бастаған болуы керек», – дейді (ҚТҚЭС, 95).

Бұл сөздің о баста-ақ таралу өрісі шектеулі болған секілді. Жылқы малынан қол үзбеген жерлерде ғана айтылып жүрсе керек, сондықтан да қазақ тілінде сақталған. Бұл лексема негізгі сөздік қордан орын алғанмен, ескіріп үлгерген, белгілі бір сөз тіркесінің кірігіп кеткен құрамында ғана кездеседі, онда да ауыс мағынада жұмсалады: «жұнттай болып семіріп кетті», «жұнттай семіз» деп айтылады. Сын есімнің салыстырмалы шырай жұрнағынсыз бұл түбір өз алдына жеке қолданылмайды.

Көкпар тарту фразеологизміндегі *көкпар* сөзінің шығу төркіні ҚТҚЭС-нде *көк+бөрі* деген екі сөзден құралғандығы айтылады. *Бөрі* сөзі көпшілік түркі тілдерінде «қасқыр» деген ұғымда жұмсалады. Бұл сөз алтай тілінде *бөрү*; тува тілінде *бөрү*; ноғай, татар, башқұрт, ұйғыр тілдерінде *бьори*, *бүре*, *бөрө* болып айтылады. Бурят-моңғол тілінде *буруу* деп бұзауды және әртүрлі тағы аңның (аю, барс т.б.), малдың (бұғының) жылға толмаған төлін айтады. *Көк* сөзі басқа түркі тілдеріндегідей қазақ тілінде де «заттың түсі, аспан, жас балауса шөп,

жаңа шыққан жеміс-желең, өрімдей жас» деген мағыналарда қолданылады. *Бөрі* сөзіне қосылып *көк* сөзі «мықты, азулы, нағыз көк жал қасқыр» деген ұғымды білдіреді. Тува тілінде көк жал қасқырды *көк бөрү* дейді. Қазақ тілінде *бөрі* сөзін *қасқыр* сөзі азды-көпті әдеби тілден ығыстырғанға ұқсайды. Бірақ *бөрі* сөзі тілімізден қолданылудан шықпаған, жалпыға бірдей түсінікті. Сөйтіп, *көкпар* сөзі *көк* және *бөрі* деген екі сөзден құралған. Бастапқы *б* дыбысының қатаңдап, *п*-ға айналуына бірінші сөздегі қатаң *к* дыбысы әсер еткен. Екпін алдыңғы дауыстыға түсуімен байланысты *і* дыбысы түсіп қалған. Алғашқыда қасқыр соғумен байланысты шыққан *көкпар* сөзі кейін келе ұлт ойынының бір түріне айналып, қасқыр (*бөрі*) емес, көкпарға тартатын лақ, ешкі, қозы сияқты қолда ұстайтын малдардың төлі болған (ҚТҚЭС, 105 б.).

ФТ-тер жасауда ең көп қолданылатын сөз – *ат* сөзі. Біз жинастырған 850-дей ФТ-тің 300-дейі *ат* сөзіне байланысты қалыптасқан.

XI ғасыр жәдігері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде жылқы малының жалпы атауларына *йылқы*, *йунд*, *ат*, *арқун*, *қатыр* сөздерін берген.

Ат сөзінің ҚТС-нде бірнеше мағынасы берілген. Соның ішінде жылқы малына тиісті мағынасы: 1) *піштірілген еркек жылқы*; 2) *мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік*. Кейде піштірілген, піштірілмегені белгісіз (тосыннан көрінген) жылқы малын *ат* деп айта беретініміз бар.

Түрік ғалымы Али Аббас Шынар Қытай жылнамаларында кездесетін деректерге сүйене отырып, Азия ғұндарының қолға үйретілген жануарға берген «*ат*» атауының мағынасының әрдайым бар күшпен алға ұмтылуды қалайтын қасиеті негізге алынғандығы, сондықтан аттың динамикалық құрылымы мен осы түбірден тараған сөздер арасында мағыналық жағынан жалпылама қасиеттің барлығы айтылады [7, 45 б.]. Мысалы: *оқ атты*, *атып шықты*, *аттау* т.б.

Жылқы сөзіне қарағанда *ат* сөзі жиі қолданылады. Төл атаулары, үйірге түсу, ұрпақ өрбітуге байланысты жағдайлардың басқасында *ат* сөзі қолданыла береді, яғни *ат* бір жануарды, *жылқы* болса ат үйірін білдіреді. Аттың басты міндеті – жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық т.б.

М.Қашқаридың сөздігінде бұл сөз «жылқы» деген жалпы ұғымның бір атауы ретінде көрсетілген. Ғалым М.Бейсенованың зерттеу жұмысында *ат* сөзі жылқының бір жалпы атауы ретінде қарастырылады. Автордың айқындауынша, жылқы мағынасында қолданылатын *ат* сөзі *а* дауысты дыбысын қысқа айту арқылы айналымға қосылады, ал егер ол созылыңқы айтылатын болса (зат), ол кісінің атын, есімін білдіретін басқа сөз ретінде жұмсалады. Дәлірек айтқанда, «жылқы» деген ұғымда *ат* сөзі бір ғана *а* дыбысымен айтылады, қазақ тілінің тұрғысынан алып қарағанда ол ашық дыбыс болып есептеледі. М.Қашқари дауысты дыбыстардың түркі тілдерінде екі түрлі айтылатынын дөп басып, дәл таныған. Бұл жердегі «*а*» созылыңқы дауысты дыбыс емес, әдеттегі дауысты, ол бір ғана *әліп* таңбасы арқылы беріледі (*ат*), ал оның созылыңқы түрі екі таңба (*әліп*) арқылы беріледі (*аат*). Бұл лексема қазіргі түркі тілдерінің ішінде алтай, қырғыз, гагауыз, түркімен, тува, шор, хакас, саха тілдерінде созылыңқы дыбыспен айтылады. Бұл өзі ертеден бері (Орхон-Енисей жазуынан бері) көзге

түсіп келе жатыр. Тек қазақ тілінде ғана өзіндік мағыналық өзгешелігі бар: біріншіден, піштірілген еркек жылқының бәрін *ат* деп атайды, екіншіден, піштірілгені, піштірілмегені белгісіз (тосыннан көрінген) мініс көлігін (жылқы малын) де солай атай береді. *Ат* сөзі бірқатар сөздер үшін түбірлік қызмет атқарады. *Ат* сөзінің этимологиясы туралы Ц.Д.Номинханов моңғолдың *адагун* (ат) деген сөзімен байланыстырады [17, 88 б.].

Сахалар (якут) – атамекенінен көптеген ғасырлар бұрын кеткен түркі халықтарының бірі. Олар бүгінде өздеріне атамекен еткен Сібірде сол жердің табиғи шарттарына бейімделген жануарларды пайдаланады. Бірақ жылқыны ешқашан ұмытпаған. Бұл жерде күнделікті өмірде қолданған, маңызды қызметі болған жануарларды *ат* сөзімен атаған. Орта Азиядағы жылқы малының маңыздылығы саха жұртындағы Сібір киігінің маңыздылығымен бірдей. Осыған орай Сібір киігінің аталуы *аттаба* болған. Сондай-ақ, саха тілінде кейбір терминдер «ат» түбірінен әсерленіп жасалған. Мәселен:

Атланмак – аттану, кету, жолға шығу.

Сылғылаа (иылкыла) – іздеп табу.

Атур муннах – (айғыр жиылысы) «өте үлкен жиылыс».

Атур тимир – (айғыр темір) «қатты темір».

Атур тымну – (айғыр суық) «қатты суық».

Атур ойун – (айғыр шаман) «ұлы шаман».

Атур кихи – (айғыр кісі) «қызғаншақ адам».

Атур алжархай – (айғыр бәле) «үлкен бәле» [7, 85 б.].

М.Бейсенова мынадай ой айтады: «Қазақ тілінде «атқа мінді» десе де, «жылқыға мінді» демейді. Өйткені бұл жерде *ат* сөзі жылқы малының мінуге жарайтын барлық түріне байланысты айтылып тұр, ал *жылқы* сөзінде ондай ұғым жоқ, оның айтылу аясы мен қолданылу ерекшелігі стильдік бояу-бедері *ат* сөзінен гөрі басқалау болып келеді. Тірі тілдердің материалдары бойынша мұндай стильдік әрқилы мүмкіншіліктерді зерттеп білуге болар, бірақ өкінішке орай, өлі тілдердің кезінде жазылып қалған азын-аулақ мысалдарына орай ондай бақылау жұмыстарын жүргізуге бола қоймайды, өйткені мұндай мысалдар құрамында кездесетін сөздердің саны аз, өрісі тар, өзіндік ерекшеліктері ашыла бермейтін ауқымда ғана көрінеді. Орта ғасыр түркілерінің тілінде үйірге түсіп, ұрпақ өрбітуден басқа жағдайдың бәрінде де *ат* сөзі қолданылады» [9, 56 б.].

ФТ-тер жасауда *ат* сөзінен кейін жиі қолданылатыны – *жылқы*. *Жылқы* – тақ тұяқты ірі қара, төрт түліктің бірі. Бұл жылқы атауына ҚТС-нде берілген анықтама. Жылқы атауының дәл қазіргі күнде тек төрт түліктің бірі ретіндегі мағынасы ғана сақталынған.

Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жас мөлшерлік атауларын зерттеген Б.Тоқтағұлдың жұмысында [34, 78 б.] бұл сөздің «Күлтегін» ескерткішінде *йылқы* сөзіне *-сығ* жұрнағы жалғану арқылы *йылқысығ* – «бай, дәулетті» деген ұғым тудыратын жаңа сөз жасалатындығы сөз болады. Малдың, оның ішінде жылқының байлық көзі болып есептелінетінін біз қазақ өмірінен жақсы білеміз. Аталмыш жәдігерлікте осы сөздің *йылсығ* деген тұлғасы бар, негізгі түбірі *йыл* болса керек. ДТС-да «скот» деген мағынасы берілген (ДТС, с. 267).

М.Қашқаридың сөздігінде «жылқы» сөзі үйірде жүрген малдың жалпы атауын білдіреді. *Жылқы* сөзінің мағынасы қазіргі қазақ тілінде де осындай. Зерттеуші А.М.Щербак бұл сөз туралы «оно обозначало первоначально «табун» и в этом значении ассоциировалось с табунными животными, наиболее важное место среди которых занимало лошадь» деп жаза отырып [13, с. 86], Г.Вамберидің (H.Vambery. Dieprimirive Cultir des tirko-tatarischen Volkes. Jeipzid, 1897, с. 190) «jilki» сөзі «jil» – жинау, біріктіру етістігінен болуы мүмкін деген пікіріне назар аударуды жөн көреді. Яғни *жылқы* атауы *йығ* – бір жерге жинау (көне түркі) мағынасынан туындаған. *Айғыр, ат, бие, құлын, тай* атауларының жиынын «үйір» деген ұғымды білдіретін *чылғы* сөзі бар екендігін ескерсек, *жылқының* алғашқы мағынасы осы «үйір», «табын», «мал тобы» дегенге келеді.

Ат сөзімен салыстырғанда *жылқы* атауы жыныстық ерекшелікті білдірмейді. *Жылқы* сөзінің этимологиясын зерттеген өзбек ғалымы Н.Махмудов сөздің түбірін желмен байланыстырған. Бұл сөздің түбірі *йыл* (жыл), *-gi* болса *уику* (ұйқы), *сезги* (сезу), *дуйгу* (сезім), *билги* (білім) сияқты сөздерде кездесетін етістіктен зат есім тудыратын қосымша болады [101, 35 б.]. Түбір деп есептейтініміз *йыл* (жыл) сөзі *иелмек* (желпу) «жылдам қимылдау» етістігі мен *йел* (жел) сөзі сәйкес келеді. Бұларға сүйене отырып *йылғы* (жылқы) сөзінің бірінші мағынасының «жылдам қимылдайтын жануар» я «бұл жануарлардың барлығы» деп ойлау мүмкін (Вамберидің жылқы сөзінің «жинау» мағынасындағы *иылмак* (бас тарту, жалығу) етістігінен тарағандығы туралы айтқан ғылыми жұмысына А.М.Щербак күмәнданады және оның пікіріне қосылмайды). Осы пікірлерді саралай келе, біз белгілі түркітанушы А.М.Щербактың айтқан пікіріне қосыламыз.

Қазақ тілінде тұлпар аттарға қатысты қолданылатын *пырақ, дүлдүл* сөздері жиі айтылады. Мемлекетіміздің елтаңбасында символдық белгілердің біріне *пырақтың* бейнесін беруі де қазақ халқының тарихындағы жылқы малының айрықша орын алатындығын білдіріп тұр.

Бұл сөздің түп негізіне тоқталсақ: бұл сөздер қазақ тіліне ислам дінімен қатар келген. «*Пырақ*» (арабша ол – *бурақ* немесе *буран*) – Мұхаммед пайғамбар ғ.с. «миғрадж» түні жеті қат көкке көтеріліп, Алла тағаның алдына барған және қасиетті Иерусалим қаласына сапар шеккенде мінген қасиетті қанатты жануары. Діни ілім бойынша, бұл қасиетті жануар басқа пайғамбарларға да қызмет еткен. Оны Алла тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырады. Алғашқы мұсылман дәстүрінде *бурақ* ақ түсті, ұзын денелі, құлағы ұзын, алдыңғы аяғында ақ қанаттары бар жануар ретінде сипатталатын. Кейін адам басты, қолтығында қанаттары бар, аша тұяқты, атқа ұқсас жануар түрінде суреттеле бастады. Мұсылмандық дәстүрдегі шығыс миниатюраларында «миғрадж» түнін бейнелейтін суреттерде Мұхаммед пайғамбар аспанда бұлт арасында, періштелер қоршауында осы *бурақтың* үстінде бейнеленді. Ислам дінін қабылдағаннан кейін қазақтар өздерінің қанатты тұлпарларын осы қасиетті жануарларға теңеп атай бастаған. Бүгінде «*Бурақ*» сөзі өзгеріске түсіп, «*пырақ*» болып кеткен. Ал «*Дүлдүл*» (арабша – «*Дул-дул*») – Хазірет Әлінің талай шайқасқа мінген атының есімі. *Дүлдүл*

шындығында, жылқы мен есектің буданы *қашыр* болатын. Мұсылман бейнелеу өнерінде Хазірет Әлінің мінген Дүлдүлі қашырға тән ерекшеліктерімен (ұзын құлағы, үлкен басы) бейнеленеді. Ерлігімен аты шығып, аңызға айналған, мұсылмандар арасында әулие саналатын Хазірет Әлінің аты да қасиетті сипатқа ие болып, жүйріктің символына айналды. Мұсылмандыққа еніп, Хазірет Әліні пір тұтқан қазақ батырлары өз тұлпарларын да «дүлдүлге» теңейтін. Сөйтіп *пырақ*, *дүлдүл* сөздері жүйріктіктің символы, жүйрік аттардың эпитеттері, теңеулері болып қалыптасты [103, 40 б.]. Бұл сөздер қазір сөздік қорымыздағы *пырақ мінді*, *пырақтай ұшты*, *жыр дүлдүлі*, *дүлдүл ақын* т.б. секілді тіркестер құрамында қолданылады.

Делбе болған жылқыдай фразеологизмінің құрамындағы *делбе* сөзін кейбір түркітанушылар көптеген түркі тілдерінде қолданылып жүрген *тели* («Кодекс Куманикус»), *тиле*, *тилү* (татар), *тили* (шағатай) не *дали* (қарақалпақ, түркімен, әзірбайжан), *делу*, *делі* (түрік), *дели* (гагауыз) деген формамен іліктес, ол «ақылсыз, ақылы жоқ, миы жоқ, көк ми, ақылынан алжасқан, мақау, жынды, құтырған, ақымақ» деген ұғым береді деп түйеді: татарша *дилбэ*, қырғызша *дәлебэ* (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар.), көне шағатай тілінің көптеген ескерткіштерінде *mälbär*, (А.Боровков. Бадай, ал-лугат). Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде *делбе* (аттың ауруы) күйінде де жұмсалады. Сөз түбірі кейбір түркі тілдерінде басқа түрлі формаларда келіп те қолданыла береді: хакас тілінде *телік*: *телік кізі* – ақылсыз кісі, әзірбайжан тілінде *далихана* – жындылар үйі, гагауыз тілінде *дели канны* – бойдақ, түрік тілінде *дели канлы* – жас жігіт (сөзбе-сөз аударғанда: қаны бұзық кісі) (Дмитриев. Строй тюрк. яз.). Зерттеуші Абаев кейбір кавказ тілдеріндегі *oedyly/oeduli* (осетин), *delä, dejlä* (кабардин), *deli* (лезгин) – «ақымақ, мисыз, ақылынан алжасқан» сөздерін түркі тілдеріндегі *deli, дәлі* формаларымен бірге арабтың *abda* – «ақылсыз, қаңғыбас», авардың *adal* – «ақымақ» деген сөзінен алынған деп көрсетеді. Араб тілінен енген сөздерді әрдайым көрсетіп отыратын Магазаник түрік тілінде кездесетін формаларды араб тілінен алынған деп көрсетпейді. Шынында да, осы мағынаны беру үшін араб тілінде басқа түрлі сөздер қолданылатын тәрізді: аблат – «ақымақ, мисыз», балат – «топас, надан», аблад – «ақымақшылық, топастық, надандық», балид – «көргенсіз, надан, көр соқыр». Бұлар етістік формада былай айтылады: бала, балада, балида. Әрқилы тұлғаларда (мысалы, *телік*) келіп қолданылуына қарағанда, бұл сөз түркі тілдерінің төлтума сөзі болуы да мүмкін. Қазіргі қазақ тіліндегі *деліқұл*, *телі-тентек* сияқты тіркестерде кездесетін *делі*, *телі* формалары жоғарыда көрсетілген мысалдармен әуендес сықылды. Ал *делебесі қозу* деген тіркес *жыны қозу* деген сөзбен барабар келеді. *Деле* деген түбірге *-бе* жұрнағы қосылу арқылы жасалған болу керек. Бұл қосымша көптеген түркі тілдерінде осы ретте қолданылады (ҚТҚЭС, 67 б.).

Ә.Т.Қайдар «Структура односложных корней и основ в казахском языке» деген еңбегінде бұл сөз жайында: «дел [*del*] II (болезненное состояние человека, животных) – дел-құлы<дел+құлы> эпилептик; психически ненормальный человек; делбе<дел+бе> инфекционный энцефаломиелит (болезнь лошадей); делебе<дел+ебе> болезнь человека» - деп түсінік береді.

Делбе сөзі моңғол тілінде *дэлбэ* – 1) (гүл) жапырақша, 2) цулбур-шылбыр, цулбур өвс-өс деген мағынаны береді. Таспажапырақ, жыланқияқ; якут тілінде *далбі* – сильно до последней крайности разбить; *далбі а ыла* – сильно запыхаться; түркімен тілінде *дали* кемақыл, тентек дегенді білдіреді [47, 83 б.].

Қазақ дене бітімі сұлу келген, жүйрік жылқы тұқымын *арғымақ* дейді. Сондықтан да сұлулық пен жүйріктіктің символы ретінде арғымақ атауынан көптеген мақалдар жасалған. Мысалы:

Арғымақ аттың құйрығы, әрі жібек, әрі қыл.

Ер жігіттің белгісі, әрі мырза, әрі құл.

Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды.

Асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды.

Арғымақ атауы М.Қашқари сөздігінде *арқун* деп берілген. Әдетте, бұл бәйге, шабыс аты, өте жүйрік жануар болып келеді. «Диуанда»: *Чары алып, арқун мүнүп, арқар йетер* «шәулі алып, арғымақ мініп, кісі арқарды қуып жетер» (ДТС, с. 136). Сөз түбірін А.М.Щербак *арқ* (біріктіру, қосу, шату, шатыстыру) түбір етістігімен байланысты болу керек дейді [13, 89 б.]. «Диуани» тілінде *арқ* деген сөз «жақ» (*висок*) және жүгеннің екі жақтау қайысы» деген ұғым береді (ДТС, с. 53) орысша «окалина». Бұл өзі – басқа түркі тілдерінен байқала бермейтін сөз.

А.Шынардың айтуынша, ұйғыр тілінде *аргун*, *аргын* тұлғаларының түбірі – *аргы* әртүрлі ірі қараның өзара будандасуынан пайда болған гибрид малдың аты болып есептеледі, соның ішінде *як* қодас пен сиырдан туған қоспа да бар [7, 88 б.].

Сөз соңындағы *-н(-ун//үн, -ын//-ін, -ан//-ен)* аффиксі түркі тілдерінің тарихында үлкен орны бар морфема [102, 35 б.]. Бұл аффикстердің сөзжасам, сөз тудыру, сөз мағыналарын түрлендіру, жаңарту саласында қолданылу ауқымы өте кең. Мысалы, қазақ тіліндегі *қатын* сөзінің тұлғалық құрамында да осы жұрнақтың жүруі мүмкін (*-ын* ет. түбірден есім жасаған белгілі формант (ДТС, с. 658). Көне және ескі түркі тілдерінде *қат* деген етістік сөзі «қосып араластыру, жалғастыру, қоспа жасау» деген мағына береді (ДТС, с. 432). Қазақ тілінде «сүт кату», осыдан барып *қатық, қатынасу, кату, қатынас* т.б. сөздер мен тұлғалар өрбіген.

Айғыр – үйірге түсетін еркек жылқы [ҚТТС, 90-б]. Басқа түркі тілдеріндегі осы сөздің көне варианты – **адғыр** [ДТС, 10-б]: **ат-адғыр**, (**ат**, яғни піштірілген ат және **айғыр**, (бұл да сонда). М.Қашқари еңбегінде **азғыр** түрі жиі қолданылады. «Диуанида» осы сөздің **адғыр** түрі кездеспейді.

М.Бейсенованың ғылыми еңбегінде: «Жылқы малына байланысты еркек жынысты білдіретін сөздер: **ат, айғыр**, ұрғашы жынысты білдіретін: **қысыр, қысырақ, би**» - деп берілген [12].

Ат сөзінің «еркек жынысты жылқы» мағынасын берумен қатар жалпы «мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік» (жылқы)мағынасын беретін екінші мағынасы бар екендігін «Жылқы малы атауларының жалпы атаулары» деген

тараушамызда келтіріп, бұл сөз қақындағы мәселелерді сол тарауда әңгіме етіп өттік.

«**Айғыр** (азғыр) сөзі «Диуанидің» түп нұсқасында [ДТС, 28-б] қазіргі қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады екен: жылқының үйірге түсетін піштірілмеген, тұқымын алу үшін әдейі ұсталатын еркек жынысты түрі. Оған кейбір көне түркі жәдігерліктерінде **айғыр ат** (қазақша: айғыр) деген де сөз тіркесі бар [ДТС, 28-б].

Түркі тілдерінде ертеден бері қолданылып келе жатқан **азғыр** сөзінің мағынасында айта қаларлықтай ерекшелік жоқ, ол жылқының үйірге түсетін еркек жынысты түрі [I, 121]; бірлі-жарым өзгешелік оның семантикасына байланысты. Мысалы, түркімен, қарақалпақ тілдерінде осы көрсетілген мағынамен бірге есектің еркегін де айғыр дейді (еркек есектің бәрі де үйірге түсе беретін болғандықтан осылай аталған болу керек, кейде тіпті **айғыр есек** деп те айта береді).

Қазақ тілінде **айғыр** сөзін өсімдік атауларына тіркестіріп қолданылу кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде **айғыр жуа** деп жабайы (табиғи) өскен жуаның ішіндегі ең ұзын және өзегі өте жуан түрін айтады (бұл оңтүстіктегі қазақтар тілінде жұмсалады). Шамасы бұл өсімдіктің пісуіне мезгілі өтіп кеткен сипатына орай айтылған, өсімдіктерге байланысты осы мағынада қолданылатын «еркектеп кеткен» деген тіркеспен синонимдес мағынада қолданылған сөз болса керек.

Әдеби тілімізде **айғыр** сөзінің қолданылу аясы оның семантикалық өрісіне қарай құбылып отыруы мүмкін. Түркі-монғол тілдерінде бұл сөздің лексикалық мағынасы біртектес, бірақ оның грамматикалық құрылысында азды-көпті айырмашылық бар: көне түркі жазба нұсқаларында – **адғыр**, «Тефсирде» жазба нұсқаларында – **азғыр**, қыпшақ тілдерінде – **айғыр**, өзбекше – **айғыр**, тува тілдерінде – **асқыр**, монғол тілінде – **азраға**. Мұндағы з дыбысын М.Қашқари эмфатикалық дыбысты білдіретін арабтың «заль» таңбасы арқылы береді, әрине, бұл кәдімгі д (даль) әрпі емес – Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі **адғыр** осы әріппен беріледі.

Әдетте з дыбысы түркі тілдерінде арабтың «зейн» таңбасы арқылы белгіленуге тиіс. Түркі тілдері араб тілінің өзіндік ерекшеліктерін еркін меңгерген М.Қашқари «даль» // «зейн» дыбыстарының табиғатын жіті аңғарып, бұл жерде «зальды» әдейі қолданып отырған болу керек, өйткені «заль» айтылу техникасы жағынан «зейннен» гөрі «дальге» жақын. Фонетикалық құрылымы жағынан алып қарағанда, түркі тілдерінің әртүрлі классификациялық жүйелерде жиі айтыла беретін д//а//й/ **адақ//азақ//айақ**) заңдылығы бойынша **азғыр** сөзі ескі түркі тілдеріне тән ерекшеліктерге байланысты жасалынған: **адғыр** (көне түркі тілдерінде) **азғыр** (**ескі түркі** тілдерінде), **айғыр** (жаңа т.т.).

Қ.Жұбановтың зерттеулері бойынша, **айғыр** сөзі **ай (ат)** деген негізгі түбірге «**еркек**» деген мағына беретін көне түркі жұрнағын (-**қыр**) жалғау арқылы жасалынған: ай+қыр – айғыр [салыстырыңыз: **қои (қой)** – **қош+ақан**, **қош+қар** т.т. [60].

Айғыр сөзінің **ай** – деген етістік түбірінен жасалған болу керек деген Е.И.Убрятованың [36] пікірін А.М.Щербак та қолдайды. Негізгі түбір **ай** – етістігі ертеден бері қолданылып, «айт», «сөйле», «де» деген мағына береді.

Айғыр өз үйірін әдетте азынап кісінеу арқылы ықтырып, оқырына жүріп басқарады. Осындай дыбыс шығаратын ат (жылқы) деген мағынада **ай** сөзінен **айғыр** тұлғасының жасалуы да мүмкін.

А.М.Щербак өз мақаласында **айғыр** сөзіне: «Айғыр «жеребец», ср. монг. **азрага** (монгол. письм. **ajirya**); маньч. **ачжирган**; тунг. **хусэ морин, адирга, мурон корбэн**. Азерб., алт., башк., казах., кирг., к.-карак., кумык., ног., тат., турк., узб., уйг. **айғыр**; балк. азір; гаг. хаіғыр; тув. **аскір**; хак. **асхір (ахсір)**; чув. **ајар**; якут. **Амір** [15].

Фонетические различия, обнаруживаемые в пределах этого слова в современных тюркских языках, являются результатом многообразного отражения общетюрского ***б**(ср. ***абғыр**)» - деп тоқталады.

Татар тілінің маманы Р.Г.Ахметьянов: «Термины, относящиеся к полу и возрасту лошадей, в татарском языке носят общетюркский характер: ајуур «жеребец», asaw ајууг или uјug ајугу «племенной жеребец», «жеребец в табуне кобыл», azman «жеребец-нутряк (трудно поддающийся выхолощиванию)» [16].

Бұл сөз тәжік тілінің говорларында да кездесетінін А.Махмудов өз мақаласында айтады: «Айғыр» в южных говорах таджикского языка – «жеребец» [62, 40]. «Айғыр – мінезіне, түр-түсіне қарай әр түрлі атайды.

Түйін

Қазақ тіліндегі бейнелі фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерделеу этнос тарихын, ол бастан кешірген тарихи өзгерістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, этнопсихологиялық ерекшеліктерін, ойлау логикасын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді.

Тіл мен этнос, тіл мен рухани мәдениет арасындағы байланыс этнография қарастыратын мәселелердің де ауқымына кіретін белгілі бір халықтың салалық лексикасымен байланысты болғанда ерекше аңғарылады.

Жылқы малына қатысты фразеологизмдер қандай ұғым-түсінікке қатысты болмасын, сайып келгенде, адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтарына жатады.

Жылқы малына қатысты фразеологизмдердің басым бөлігінің негізінде балама аялық элементтерді, ұқсас белгілерді, адам санасындағы шындық өмірдің әртүрлі заттарының сапаларын ассоциативтік біріктіру нәтижесінде қалыптасқан бейнелі-аялық түсінік жатыр. Фразеологиялық бірліктердің генетикалық прототипі алуан түрлі қызық деректердің көзі болып табылады.

Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрп, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор.

Жылқы малына қатысты ФТ-дің бейнелі-аялық негізі халықтың тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бейнелейді.

Белгілер, ассоциативтік семалар, нышандар, ұқсас элементтер, қасиеттер аялық білімнің құрамына кіріп, барлық ФТ-тер салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, баламалау, ұқсас белгілер, элементтер, нышандар негізінде жасалған.

Түркі тілдерінде жылқы малына қатысты ФТ-терде ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да кездеседі. Бұл айырмашылықтар әр халықтың орналасқан жеріне, айналысқан шаруашылығына, дүниетанымына, салт-дәстүріне т.б. байланысты болып келеді.

Қазақ халқының жылқы малына қатысты ФТ-терінде әр аймақтың табиғатына, айналысатын кәсібіне байланысты диалектілік ерекшеліктер де кездеседі.

2-тарауда 130-ға жуық ФТ-ке этнолингвистикалық түсінік берілді және *жұнт, ат, жылқы, аргымақ, делбе, көкпар, пырақ, дүлдүл* сөздерінің этимологиялық негіздері сөз болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, біздің жинаған материалдарымыз қазақ тілінің сөздік қорындағы жылқы малына қатысты ФТ-тердің өзіндік орны мен үлес салмағы бар екендігін көрсетеді.

Халықтың рухани творчествосының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның күдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік нақышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы ФТ-тердің (фразеологизм мен паремиология) этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға этнолингвистикалық талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан.

Жылқы малына қатысты ФТ-терге (фразеологизмдер мен паремиологиялар) этнолингвистикалық талдау жүргізу барысында олардың сөздік қорымыздың көне лексикалық қабаттарынан екендігіне көз жеткіздік.

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тер (фразеологиялық және паремиологиялық) құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын және т.б. бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды. Барлық осы ерекшеліктер, ең алдымен, халықтың объективтік шындық жөніндегі нақты түсініктерін, тілде қандай да бір көрініс тапқан алуан түрлі табиғи құбылыстарға, қоғамның даму заңдылықтарына олардың баға беруін білдіреді.

Жылқы малына қатысты ФТ-тердің жасалуы мен ары қарай семантикалық дамуы белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтар ФТ-терді мұқият түрде диахрондық зерделеу мен олардың шығу тегін анықтау арқылы айқындалды.

Қазақ тіліндегі біз қарастырып отырған жылқы малына қатысты ФТ-тер халықтың тарихи-этнографиялық процестері, рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, мифологиясы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен этностың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысы жарқын көрініс тапқан.

Тіл дамуының алуан түрлі кезеңдерінде қалыптасқан ФТ-тердің осы зерттеліп отырған тобының сақталып қалуы олардың дамуының белгілі бір қарқынын, олардың пайда болуының тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терге жасалған талдау көшпелілердің жылқы туралы ұғымдары мен түсініктері бейнелер және ассоциативтік салыстырулар арқылы адамдар әлеміне өтіп, тілде берік орнығып қалғандығына көзімізді жеткізеді. Бір нысаннан екінші нысанға бейнелі-ассоциативтік түрде өту (яғни жануарлар әлемінен адамзат қоғамына) белгілі бір ерекшеліктері, айрықша балама қасиеттері, сапалары, яғни бір тұрпаттас аялық элементтерінің және т.б. негізінде жүзеге асырылып отырды.

Қорыта келе, жұмыста қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-терді тақырыптық-мағыналық жағынан топтастыру арқылы олардың жасы мен жынысына, түр-түсіне, сыны мен бабына, тегі мен табиғи ерекшелігіне, мінезіне, дене мүшелеріне қатысты ФТ-тердің табиғаты айқындалды. Сондай-ақ жылқы малына қатысты әлеуметтік-қоғамдық факторлардан туындаған фразеологизмдер мен жылқы шаруашылығы мен ат әбзелдеріне ғана қатысты қаншама ФТ-тердің тілдік сипаты ашылды.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты ФТ-тердің этнолингвистикалық сипаты айқындалу барысында олардың салт-дәстүр, наным-сенімге байланысты қалыптасқан, халықтық өлшем негізінде пайда болған ФТ-тердің жылқыға қатысты алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты кеңінен қарастырылды.

Қысқасы, жұмыста, біріншіден, жылқы малына қатысты ФТ-тер тақырыптық-мағыналық жағынан топтастырылса, екіншіден, сол классификация бойынша оларға этнолингвистикалық сипаттама беріліп,

қазақтың ұлттық болмысын танытатын коннотация сипаты дәлелденіп, осы жіктелген ФТ-тердің антропоэзектік контексті айқындалды.

Құрылымы мен мазмұны жағынан ұқсас жылқы малына қатысты ФТ-тер түркі тілдерінде көптеп кездеседі. Бұны түркі халықтарының тарихи сабақтастығынан деп түсінеміз. Жылқы малына қатысты ФТ-тердің сабақтастығы мен ортақтығы түркі тілдерінің синхронды дамуында аңғарылады. Бұл әртүрлі топтар мен аймақтардағы қазіргі түркі тілдерінде жылқы малына қатысты бір-біріне өте ұқсас немесе нұсқалас ФТ-дің көптеп кездесетінін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. 1994, 20 қаңтар, – Б.7.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 320 б.
- 3 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы, 1999. – 199 б.
- 4 Қайдаров Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10. – Б.18-22.
- 5 Радлов В.В. Қазақтардың малдары // Жалын, 1989, № 4. – Б. 63-69.
- 6 Ақышев К. Идеи и реальность евразийства. – Алматы, 1999. – С.107-108.
- 7 Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
- 8 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

- 9 Бейсенова М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 1997, – 170 б.
- 10 Малбақұлы М. Тіршілік тірегін сөз еткен // Білім және еңбек. 1986, № 1. – Б. 30-33.
- 11 Убрятова Е.К. К этимологии слова айғыр (жеребец) // Вопросы тюркологии. – Ташкент, 1965. – С. 11-16.
- 12 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва, 1974. – 767 с.
- 13 Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Издательство Академии наук СССР, 1961. – 467 с.
- 14 Благова Г.Ф. Соотношение «истории литературного языка» и «исторический грамматики» в исследовании средневекового тюркоязычного памятника // Советская тюркология, 1988, № 1. – С. 48.
- 15 Ахметьянов Р.Г. Некоторые названия лошадей в татарском языке // Советская тюркология, 1975, № 2. – С. 115.
- 16 Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов среднего Поволжья // АН ССР, Казан. филол. институт языка, литературы и истории. – М.: Наука, 1981. – 144 с.
- 17 Номинханов Ц.Д. Термины животноводства в тюркских и монгольских языках // Труды сектора Востоковедения. – Алматы: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1959, Т. 1. – 223 с.
- 18 Ишбердин Э.Ф. Некоторые названия животных и птиц в башкирском и монгольском языках. – Л., 1971. – 220 с.
- 19 Корнилов Г.Е. Алтайские параллели к чувашским названиям оленя, верблюда и слона. – Л., 1971, – 403 с.
- 20 Новиков К.А. Иноязычные элементы в тунгусо-маньчжурской лексике, относящиеся к животному миру // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. – Л., 1972. – С. 104-150.
- 21 Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – М.: Наука, 1975. – 195 с.
- 22 Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы: Қайнар, 1982. – 150 б.
- 23 Нақысбеков О. М.Қашқаридің «Дивани лұғот ит-түрк» атты еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1973. – 203 б.
- 24 Қасиманов С. Махмуд Қашқари еңбектеріндегі мал туралы мақал-мәтелдер // Қазақстан мектебі, 1976, № 5. – Б. 95-96.
- 25 Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.
- 26 Бабалықов Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. – Алматы: Қайнар, 1986. – 240 б.
- 27 Жакипов А. Термины верблюдоводства в казахском языке. Автореф. дисс. КФН. – Алматы, 1983. – 23 с.

- 28 Линко Т.В. Зоонимы в казахском и русском языках. Автореф. дисс. КФН. – Алматы, 1989. – 23 с.
- 29 Сатенова С.К. Образно-фоновая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке. Дисс. КФН. 10.02.06. – Алматы, 1990. – 167 с.
- 30 Тоқтабаев А. Қазақтардың XIX ғ. мен XX ғ. басындағы жылқы шаруашылығы. Т.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 07.00.07. – Алматы, 1992. – 228 б.
- 31 Мұқышева А. Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 22 б.
- 32 Тлепин Б.Қ. Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты (ҚЕ атаулары). Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 1997. – 153 б.
- 33 Панзарбекова Р.З. Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы. Ф.ғ.к., дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 1998. – 114 б.
- 34 Тоқтағұл Б. Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 2005. – 124 б.
- 35 Керімбаев А. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2007. – 30 б.
- 36 Айтбаева Н. Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2007. – 29 б.
- 37 Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 с.
- 38 Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368 с.
- 39 Кайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
- 40 Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии. – Воронеж: Воронежский университет, 1972. – 123 с.
- 41 Филин Ф.П. Очерки по теории языкознания. – М.: Наука, 1982. – 430 с.
- 42 Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: «Мектеп», 1996. – 168 с.
- 43 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 191 б.
- 44 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 45 Кайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 46 Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Ф.ғ.д. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 1997. – 260 б.
- 47 Сейітова Ш. Қазақ тіліндегі өсімдікке қатысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 1998. – 144 б.

- 48 Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2004. – 26 б.
- 49 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 с.
- 50 Копыленко М.М. О мотивации наименований животных в тюркских языках // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 395 с.
- 51 Кеңесбаев І. Кейбір фразалар төркіні // Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
- 52 Гинатуллин М.М. К исследованию мотивации некоторых лексических единиц (на материале наименований птиц). Автореф. дисс. ДФН. – Алматы, 1973. – 27 с.
- 53 Уюкбаева Г.И. Народные наименования растений. Автореф. дисс. КФН. – Алматы, 1983. – 28 с.
- 54 Воронин С.В. Основы фоносемантики. – Л.: Издательство ЛГУ, 1982. – 244 с.
- 55 Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 226 с.
- 56 Ермеков Ә. Қазақтың малшылық лексикасы жөнінде // Қазақстан мектебі, 1962, № 2. – Б. 10-13.
- 57 Қайдаров Ә.Т., Өмірбекова Б., Ахтамбердиева З.Т. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- 58 Бабалықұлы Ж. Жылқының түсі // Егемен Қазақстан, 2005, 25 мамыр.
- 59 Потапов Л.П. Мифы алтае-саянских народов как исторический источник//Вопросы археологии и этнографии Горного Алтая. – Горно Алтайск, 1983. – С. 22-27.
- 60 Ер қанаты (кұрастырған Ж. Ауыпбаев). – Алматы: Қайнар, 1987. – 328 б.
- 61 Тоқтабаев А.У. Қазақтың мал патшасы – жылқыға байланысты әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.
- 62 Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет (ғылыми мақалалар жинағы). – Түркістан: Тұран, 2005. – 221 б.
- 63 Полцарства за коня... (лошадь в мировой культуре). СПб.: Славия, 2006. – 256 с.
- 64 Дәдебаев Ж. Тұлпардың сыны мен бабы. – Алматы: Бастау, 1994. – 16 б.
- 65 Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 263 с.
- 66 Өмірзақов Т. Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
- 67 Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат. – Алматы: Жалын, 1990. – 128 б.
- 68 Уәлиев Н. Қамшы сөзі қайдан шыққан? // Қазақстан әйелдері. 1985, № 7.
- 69 Кәмелханұлы М. Түлік атаулары // Р.Сыздықова және қазақ тіл білімінің мәселелері (конференция жинағы). – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.

- 70 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
- 71 Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики. – М.: Наука, 1975. – 311 с.
- 72 Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов // Семантические универсалии и описание языков. – М., 1999. – С. 263-305.
- 73 Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2006. – 129 б.
- 74 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – 397 с.
- 75 Потебня А.А. Слово и миф. – М.: Правда, 1989. – 622 с.
- 76 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
- 77 Қайдар А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1987, №1.
- 78 Авакова Р.А. Қазақ фразеологиясының семантикасы. Ф.ғ.д. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2003. – 257 б.
- 79 Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2002. – 120 б.
- 80 Мокиенко В.М. Славянская фразеология. – М.: Высшая школа, 1980. – 207 с.
- 81 Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.06. – Алматы, 1995. – 27 б.
- 82 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – 208 б.
- 83 Арынов Т., Дәулетқұлова Ш. Ат жалын тартып мінгенше // Қазақстан әйелдері. 1986, № 2. – Б. 23.
- 84 Калоев Б.А. Обряд посвящения коня у осетин // VII Международный конгресс антропологических и этнографических наук. – М.: Наука, 1964. – 287 с.
- 85 Болғанбаев Ә. Өлшемдік ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 176 б.
- 86 Бір сөз туралы екі хат (Б.Аманшиннің Ғ.Мүсіреповке жазған хаты) // Жұлдыз, 1983, №1. – Б. 8.
- 87 Қайдаров Ә. Ерулі ме, ереуіл ме? // Қазақ әдебиеті. 2002, 29 қараша, № 48. – Б. 4.
- 88 Акимушкин И. Мир животных. – М., 1981. – 238 с.
- 89 Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
- 90 Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 31 б.
- 91 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
- 92 Қазақ мақал-мәтелдері (құрастырған Ө.Тұрманжанов). – Алматы: Ана тілі, 1997. – 184 б.
- 93 Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Көшпенділер, 2002. – 272 б.

94 Қыдырбекұлы Б. Сөз төркінін танық//Түгел сөздің түбір бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.

95 Қайырбекова Ұ. Түркі лексикасын компонентті талдау (қазақ, түрік, өзбек тілдеріндегі үй жануарлары негізінде). Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Шымкент, 2003. – 141 б.

96 Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997. – 72 б.

97 Мұстафаұлы С. Тұрақты тіркестердегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, – 170 б.

98 Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2000. – 28 б.

99 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

100 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 128 б.

101 Mahmudov N. Özbek dilindeki atçılık terimleri // Türk kulturinde at ve Çaydaş Atçılık. İstanbul, 1995. – S. 32-37.

102 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, – 1994.

103 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996. – 256 б.

104 Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 283 с.

105 Витт В.О. Роль туркменской и арабской лошадей в истории коневодства и коннозаводства Западной Европы и России с XVI по XX вв // Конские породы Ср. Азии. – М., 1937, – С. 33-51.

106 Токтабай А. Культ коня у казахов. – Алматы: КазИздат, 2004. – 124 б.

107 Бердыбаев Р.Б. Образ тулпара в героическом эпосе // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. – Алматы: Наука, 1980. – С. 139-141.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СӨЗДІКТЕР ТІЗІМІ

1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 607 с.

2 Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. – Ұланбатыр, 1977. – 392 б.

3 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 677 с.

4 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

5 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.

6 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, (1974-1986, I – X т.).
- 8 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
- 9 Қожахметова Х.Қ., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп, 1988. – 224 с.
- 10 Осмонова Ж., Конкобаев К., Жапаров Ш. Кыргыз тилинин фразеологиялық сөздүгү. – Бишкек, Кыргыз-түрк Манас университеті, 2001, – 519 б.
- 11 Русско-казахский фразеологический словарь. – Алматы: Наука, 1989. – 229 с.
- 12 Татарско-русский учебный словарь. – М.: Русский язык, 1992. – 416 с.
- 13 Türk atasözleri. – Istanbul, 1993. – 220 s.
- 14 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, 2006. – 752 б.

ҚОСЫМША- А

ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

1. Ағаш атқа (ағаш аттың басына) мінгізді; Ағаш аттың басына іліп әкетті. *Сөз қылды, өсек-аяңға іліктірді; келеке қылды, масқара етті.*
2. Адам (кісі) жылқы мінезді. *Осы жерде құбылмалы деген мағынада айтылып тұр.*
3. Айғырдан шыққан бие. *Құрсағына жаңа гана құлын біткен тоқтаған бие.*
4. Айғыр құлақ су (диал.). *Мол су.*

5. Айғыр үйірге түсті//айғырды үйірге салды. *Үйірлі биеге айғыр салды (жіберді).*
6. Айғыр үйір шолақ жылқы. *Аз ғана, бір топ.*
7. Айғыр үйірден шықты. 1) *Үйірдегі биелер тоқтап болды;* 2) *Айғыр үйірге жарамай қалды деген мағынада да жұмсалады.*
8. Айғыр шапты. *Биеге айғыр жанасты (сол сияқты бура, лөк шөкті; бұқа, қошқар, теке қашырды делінеді).*
9. Айыл-тұрман тағынды. *Жол жүруге әбден дайындалды, сайланды.*
10. Айыл-тұрманын тартты. 1) *Қамданды;* 2) *Ашу қысып, тас-түйін болып бекінді.*
11. Ақ қаптал. *Көпті көрген, тәжірибесі мол.*
12. Ақ саңдақ жүйрік. *Жолы боп озып жүрген саңлақ жүйрік, ақын.*
13. Алалы жылқы, ақтылы қой. *Мыңғырған мал; табын-табын жылқы; қотан-қотан қой (көбіне «алалы» сөзі ақ (боз)түстісі көп жылқы малына айтылса, ақтылы сөзі ақ түстісі көп қой малына айтылады).*
14. Ала тайдай бүлдірді (бүлінді). *Лаң, бүлік салды, атыстырып-шабыстырды; астан-кестені шықты; қатты ашуланды, долданды.*
15. Ала тайдай бөліну. *Бөліну, жекелену тәрізді мағынада қолданылады.*
16. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін тепті. *Маңына жолатпады.*
17. Алдына қара салмау. 1) *Жарыста алдына мал түсіріп көрмеген күлік-жүйрік туралы айтылады.* 2) *Өзгеге есе-жол беріп көрмеген, сөзге жүйрік шешен, ақын т.б. туралы айтылады.*
18. Алыста жүрсе кісінескен, жақында жүрсе тістескен.
19. Арда емді. 1) *Тай шыққанша, есейгенше емді;* 2) *Оңаша, еркін иемденді.*
20. Арқасы алынды (арқасы жауыр болды) арқасын жауыр қылды. 1) *Арқасына ер батып, жауыр болды;* 2) *Ығыры шықты, көк иық болды; азап шекті, азып-тозды.*
22. Асауға құрық салғандай шыңғыру. *Азар да безер болып, ат-тонын ала қашты.*
23. Асау қымыз. *5 күн ашыған қымыз. Ол бесті қымыздан да күшті болады.*
24. Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп. *Ауыз әдебиетінде кездесетін әсірелеудің бір түрі.*
25. Ат айдаушы. 1) *Бәйгеге қосылатын аттарды алып барып, мәреден жіберуші адам;* 2) *Арбаға, шанаға жегілген атты жүргізуші адам, көшір.*
26. Ат арқасына міну (мінген).
27. Ат арыды, тон тозды. *Шаршап-шалдықты, қалжырады, ұзақ жүрді.*
28. Ат арылтты (сабылтты). *Дүреге түсті.*
29. Ат байлар (ұстар). *Қазақ эфемиз ретінде ер баланы осылай атаған.*
30. Ат байлар (диал.). *Құда түсіп келгенде, құданың атын байлағаны үшін беретін кәде.*
31. Ат байлады. *Сыйлады, тарту етті, ат мінгізді; өз атын жұртқа әйгілі етті.*
32. Ат басына күн туды. *Қиыншылық шақ келді, сыналар мезгіл болды.*

33. Ат басына соқты (соғысты). *Шегіншектеді, жүрексінді.*
34. Ат басын бұрды. *Бұрылды, бағытын өзгертті.*
35. Ат басындай. *Көлемді, үлкен.*
36. Ат басын тартты. *Тоқтады, аялдады.*
37. Ат басын (тұмсығын) тіреді. *Қонақ болып түсті, белгілі бір межелі жерге келіп жетті, тоқтады.*
38. Ат бауырына алды. *Атпенен қуып, өлімші етіп сабады.*
39. Ат бойы. *Халықтық өлшем түрі.*
41. Ат дорба. *Атқа жем беретін қапшық.*
42. Ат жақты. *Бет әлпеті сопақша келген адам туралы айтылады.*
43. Ат жалын құшты. 1) *Еңкейе келіп, етпетінен ат мойнына асыла құлады;* 2) *Тағдырдың талқысына түсу.*
44. Ат жалын тартып мінді. *Адам болды, ер жетіп азамат болды. (Өзі-өз болғалы адам бола бастады деген мағынада айтылады).*
45. Ат жанды. *Атты жақсы көретін, жаны сүйетін адам.*
46. Ат жаңбырлығын жапты. *Семірген ат туралы айтады.*
47. Ат жаратты (суытты). *Атын баптады.*
48. Ат жарыс. *Ат бәйгесі. Құнан жарыс, дөнен жарыс т.б.*
49. Ат жетпес, атан жетпес жер; ат аяғы (тұяғы) жетер жер. *Ұзақ жол, алыс жер; атпен жететін жер.*
50. Ат кекілін (құйрығын) кесісті (кесті, үзді, кесе айырылысты). *Кетісті, араздасты, мүлде безді.*
51. Ат көбең тартып қалды. *Аттың кешеуілдеп, ұзақ мерзімді өткізіп семіруін айтады. («Көбең ат» деп жедел, жіті жүрмейтін атты айтады. «Көбең» деген сөздердің о бастағы мағынасы үрген қарын сықылды ісініп қабыну; «көбең тартқан ат» деген көктемде жайылып жүріп семірген, еті бос ат мағынасында. «Көбеңді көр де қой» деген осыдан шыққан болу керек).*
52. Ат-көлігің аман ба? *Жолаушы, жүргінші кісіге айтылатын аман-саулық сұрасу, сәлемдесу.*
53. Ат көпшік. *Ердің үстіне салатын көпшік.*
54. Ат көрпе. *Ердің үстіне салатын кішірек көрпе.*
55. Ат көпір қылып алды. *Молынан көтере алу мағынасында айтылады.*
56. Ат к...іне мінгізді (үңілтті). *Құл етті, тұтқын етті. Тартып алды, қорлады.*
57. Атқа жем түсті; аяғына жем түсті. *Жемді көп жегендіктен т.б. себептен аттың аяғы ақсап қалады.*
58. Атқа жеңіл құдаша. 1) *Тым ұшқалақ, жеңіл мінезге айтылады;* 2) *Барып кел, алып келге дайын қолды-аяқтай.*
59. Атқа жеңіл Телпекбай.
60. Атқа қамшы басты. *Екпіндеді, қарқынды күшейтті деген ауыс мағынада айтылады.*
61. Ат қақты. *Жол жүріп, шаршап-шалдықты.*
62. Атқа қонды (мінді). *Көлікпен жолға шықты.*
63. Атқа мінер. *Пысық, белсенді кісі туралы айтылған.*

64. Ат қара тіл болғанда. *Ерте көктемде шыққан отқа жылқы аузы іліккен шақ деген мағынада айтылады.*

65. Ат қосты. *Бәйгеге ат жіберді.*

66. Атқосшылы болдың ба? Қырық жылқылы болдың ба? *Не туды: ұл ма, қыз ба?* («Қырық жылқылы» ескі салт бойынша қызға беретін қалыңмал ұғымынан шыққан).

67. Ат қою. *Ескі дәстүр бойынша қаралы үйге (ауылға) еркектердің алыстан атпен шауып «ой, бауырымдап» келуі, лап беріп шаба жөнелуі.*

68. Ат құрғатпай қатысты. *Ылғи, үнемі, жиі келіп тұрды.*

69. Ат құйрығын шарт түйді. *Іске белді буып, белсене кірісті.*

70. Ат құйрығын түйісу. *Серттен қайтпаудың шартты белгісі.*

71. Ат құлағы көрінбейді. 1) *Өте биік, өте ұзын;* 2) *Ақ түтек боранға байланысты айтылады.*

72. Ат құлағы текесті.

73. Ат құлағында ойнайды. *Пысық, өте икемді, жеңіл. (Атқа мінуге құмар кісі, шабандоз кісі туралы айтылады).*

74. Ат майы; ат майын берді (мінді). *Біреудің атын уақытша міну мағынасында («майын мінген ат» мінушінің қолында бірнеше ай, жыл бойы, одан да көп уақыт болуы мүмкін, ал «лау мінген ат» мінушіге жақын жерге, қысқа мезгілге қажет болады).*

75. Ат майы қайтты. *Мал ақысы төленді деген мағынада.*

76. Ат маңдайы аумай. *Қателеспей, адаспай тұп-тура.*

77. Ат маңдайын алысқа меңзеу.

78. Ат мініп, аспан асынып.

79. Ат мінгізіп, тон кигізді (шапан жапты). *Риза етті, қадір-құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады.*

80. Ат ойнатты. *Астамшылық етті, басынды; атқа мініп қаумалап, қамап тұрды (қорқыныш ұялату).*

81. Ат өтті (қолқа сөз). *Сөз ара айтылған тілек.*

82. Ат раң етін алды; ат раңын алды. *Шөптің ең әдепкі шыққан маңызына, алғашқы уызына семірген ат туралы айтылады.*

83. Ат (кісі) салды; ат салып алды (диал.). *Хабарласты, байқады.*

84. Ат сауырын (сауырсын) берді. *Қиын кезде көбінесе шапқыншы шақта қол ұшын берді. (Атқа мініп, соғысқа шығар шақ туралы айтылады.)*

85. Ат сауырына салып келген. *Қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келген.*

86. Ат сауырына мінгізу. *Қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келу.*

87. Ат соқты болды. *Көлікпен жол жүріп қажыды, шаршады, болдырды.*

88. Ат сүйек беру. *Дәстүр бойынша жауынгерлік қызметте көрініс тапқан тіркес.*

89. Ат сүмек болды (диал.). *Ат терледі, борша-борша болды (Шығ. Қаз.).*

90. Атта жал, адамда қам жоқ. *Күйсіз, жайсыз жағдай болды.*

91. Аттай желді. 1) *Ерінбейтін еңбекшіл кісі туралы айтылады;* 2) *Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадірін білетін адам жөнінде айтылады.*

92. Ат терлетіп келді. *Адамның әдейілеп келгендігін меңзеу.*

93. Ат-тонын ала қашты. *Азар да безер болды, басын алып қашты.*

94. Ат төбеліндей. *Азғантай, аз ғана.*
95. Ат (тұяғы) жетер (жетпес) жер. *Қашықтық өлшем.*
96. Ат тұяғы тимеген. *Ешкім бармаған, аяқ баспаған.*
97. Ат тұмсығын тіреу.
98. Атты арбап, атан жұтты. *«Түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жсалмауыз ұғымында.*
99. Аттыға жол, ауыздыға сөз бермейді. *Сөзуар, сөзшеңдік.*
100. Ат (-тың) басын тартпады. *Сескенбеді, именбеді деген мағынаны білдіреді.*
101. Аттың жалы, түйенің (нардың, атанның) қомы. *Абыр-сабыр қарбаласта, сүргіншілік жолаушылықта, жүргіншілікте.*
102. Атты майламай берді (диал.). *Атты мініске тегін берді, ақысыз берді. (Шығ. Қаз.).*
103. Атты суытты. *Аттың терін басып, демін алдырды, тынықтырды.*
104. Ат ұстарың өзіңе тартсын (алғыс-тілек.). *Ұлың болсын, ол өзіңдей жақсы болсын деген мағынада.*
105. Ат үсті. 1) *Жол жөнекей, үстірт, асығыс;* 2) *Жеңіл-желпі, қалай болса, солай, немқұрайды.*
106. Ат үстінде күн көрді. *Ақын бұл жерде жортуылды, жорықта, аттаныста болып деген ұғымды айтып отыр.*
107. Ат үстінен ұйқы алған. *Жортуылда, жорықта, ер үстінде жүріп көз шырымын алған.*
108. Ат шалдырды (оттатты). *Атын азын-аулақ отқа қойды. (Аттың белін жазғызып, шөпке жайып алғанда айтылады).*
109. Ат-шапан (ат-тон) айып. *Ескі дәстүр бойынша төленетін айыптың бір түрі.*
110. Ат шаптырды. 1) *Ат жарыстырды, бәйге тікті;* 2) *Хабаршы жұмсады, кісі жіберді.*
111. Ат шаптырым. 1) *Қашықтық өлшемі ретінде айтылады;* 2) *Өте үлкен.*
112. Ат шөлке (диал.). *Киізден істелген қамыт (Қызылорда, Арал).*
113. Аты (көлігі) болдырды. *Мінген көлігі жүйкелеп, шаршап қалды, титықтады.*
114. Атын көк тер (қан сорпа) қылды. *Көлігін әбден болдыртты.*
115. Атың арып, тулақ болсын, ерің арып, аруақ болсын! *Бар жамандық сендерге келсін деген мағынадағы қарғыс.*
116. Атыңыз бәйгелі болсын! Атыңыз мәртебелі болсын! *Атты бәйгеге қосарда айтылатын тілек.*
117. Ат ізін (терін) құрғатпады (суытпады). *Жиі-жиі келіп тұрады, көп зарықтырмай қатынас жасайды.*
118. Ат ізін салмады. *Қатынаспады, хабарласпады, хабарсыз кетті.*
119. Аузы асқа, ауы атқа тиді; аузы асқа, ауы атқа жарыды. *Енді ғана бірдеңеге қолы жетті мағынасында айтылады.*
120. Аузыңа май, астыңа тай (алғыс). *«Айтқаның келсін, дегенің болсын» деген мағынада.*

121. Ауыздыға сөз, аттыға (аяқтыға) жол бермейді; Аттыға сөз, жаяуға жол бермейді. 1) *Ешкімнің айтқанына көнбейді, көк бет, долы;* 2) *Сөзге жүйрік, қызыл тілдің шешені туралы да айтылады.*

122. Ауыздықпен алысты. *Аласұрып, жанын жеді, жұлқынды (жараулы ат туралы айтылады).*

123. Ауыз жармаған құнан (диал.). *Үйретілмеген асау құнан (Орал).*

124. Әулиеге ат айтты. *Құрбандық шалды, садақа берді.*

125. Бабына (күйіне) келді // бабында тұрды. *Баптауы, суытуы келді; нағыз жетілген күйіне түсті, шабытына келді.*

126. Байтал тұрсын (тұрмақ, түгіл), бас қайғы. *Біреуге-біреу қарасуға мұрша болмады, әркім өз басының қамымен (өзгенің қамы былай тұрсын) болды.*

127. Байтал шауып бәйге алмас. *Әйел заты қанша тырысқанмен қолынан келмейтін істер бар деген мағынада.*

128. Балығы жылқы жусатпас, бақасы кісі ұйықтатпас. *Айдын шалқар көл, дария, сулы алқап туралы айтылады.*

129. Барлыққан жабыдай. *Сасқалақтаған, абдыраған адам күйін білдіреді.*

130. Бас асау. 1) *Басына жүген кигізбейтін (салғызбайтын) асу жылқы;* 2) *мінезі шатақ, айтқанға көнбейтін адам.*

131. Бас бәйге. *Бірінші жүлде, маңдай алды сыйлық.*

132. Бас білдірді. *Асауды үйретті; көндірді.*

133. Бас білмейтін. *Асау, мініске үйретілмеген.*

134. Бас мама бие. *Үйірдегі кексе бие, өрбіген (ұрпағы үйірде көп бие).*

135. Басынан жүгенін сыпырды. *Еркіне қоя берді.*

136. Басынан сырық, малынан құрық кетпеу. *Қысым көрді, таяқ жеді, аяқ-асты болды.*

137. Бауыр (бауырын) жазды//бауыры жазылды. *Көсіле шапты (ат туралы).*

138. Бауырын жаздырмады. 1) *Атты бар қарқынымен жібермеді, бар пәрменімен шаппады, тізгінін тартып жібермеді;* 2) *Бір іске еркін, көсіле кірісе алмау мағынасында айтылады.*

139. Бауыры тартылды. *Ат күйіне келді, жарады.*

140. Бәйге атындай аңқылдады. *Мүдірмеді, тоқатаусыз ағыла сөйледі.*

141. Бәйгеге ат қосты. *Жарысқа ат жіберді.*

142. Бәйгенің алдын бермеді. *Қуса жетіп, қашса құтылатын жүйрік ат жсайында.*

143. Бәйге төбе. *Бәйге жарысы өтетін төбе.*

144. Бәйгенің тоғызы. *Бәйгеде тігілетін сыйлықтар (саны тоғыз болып келеді).*

145. Бәйге тікті. *Озғанға берер жүлдесін атады.*

146. Бәйгеге түсу.

147. Бедеу ат. *Жүйрік ат.*

148. Бедеу бие. *Құлындамайтын қысыр бие.*

149. Бел қызығын көрді. *Бұл жерде айғырдың биеге шабуы туралы айтылып тұр.*

150. Бес биенің сабасындай. *Толық, етженді, үлкен; тым семіз.*
151. Бесті қымыз. *Бес күндік қымыз.*
152. Бие ағытар кез.
153. Бие байлады. *Қымыз дайындау үшін желіге құлын байлап, бие сауды.*
154. Бие байлар кез.
155. Бие бауындай жер. *Өте жақын, шамамен арқан бойы жер.*
156. Биені бүгімен жұтады; биені бүгімен, түйені түгімен жұтады. *Жебір, жемқор, парақор.*
157. Бие сауымдай уақыт. *Биенің екі сауымының арасы, 1-2 сағат шамасындағы мезгіл.*
158. Боз биенің сүтіндей.
159. Боз қасқа, ақ сары бас шалды / боз қасқа сойды. *Мал сойып, құдайы берді.*
160. Боз қасқаның қанымен анттасу.
161. Бұғалық алып кете қоймас. *Ешқайда кетпес; тай тулап үйірінен шықпас, ашуланса да кек сақтамас.* (Бұғалық – асау, қашаған жылқыны ұстайтын бір ұшы тұзақталған арқан).
162. Бұғалығын ала қашты. *Бас асаулық етті.*
163. Бұғалық (бұғау) салды. *1) Ауыздықтады, ырқына көндірді; 2) Қол артты; күш көрсетті; қысымға алды.*
164. Бұғауын бұзды (үзді). *Қысым-қиянаттан құтылды, еркіндікке шықты.*
165. Бұт артар. *Мініс ат, көлік.*
166. Бір биеден ала да, құла да туады. *Біркелкі, бірдей нәрсе (адамдар) жоқ дегенде айтылады.*
167. Бір күні бие, бір күні түйе. *Адамның іс-әрекетінің, мінезінің тұрақсыздығы мен құбылмалылығын білдіреді.*
168. Делебесі қозды. *Арқасы қозды; кеу-кеуге еріп қызды, көтерілді, желікті.*
169. Додаға түсті. *1) Көкпаршылардың қалың үйірілген тобына кірді («дода», «үйірілген топ», шаршы топтың ортасынан додаға түсіп, көкпарды шығарушы күшті, тәсілқой жігітті қазақ «шабандоз» дейді). 2) Талауға салды, жан-жаққа сүйреді.*
170. Дом боп жараған. *Жұп-жұмыр боп семірген, семіріп күйіне келген жылқы.*
171. Дөнен қымыз. *Төрт күн тұрып ашыған қымыз.*
172. Екі тізгін, бір шылбыр (айыл). *Ынтымақты ел-жұрттың ерік-билігін, билік тізгінін ұстау, ел-жұрттың көш басшысы болу мәнінде айтылады.*
173. Ер әбзелін түзеді. *Ат жабдығын сайлады («әбзел» - парсы сөзі, «ертұрман» деген мағынаны білдіреді. Парсының «әбзел» деген сөзі «мүлік, құрал» деген мағынада қазақ тіліндегі басқа сөздермен де тіркесіп келеді (үй әбзелі).*
174. Ереуіл атқа ер салу. *Жаугершілікте елін қорғауға аттанды; жортуылға сай тұрды.*
175. Ер қашты. *Ығыр қылу, мезі ету мағынасын береді (көп мініліп, жауыр болған аттың ер-тоқымынан қатты қашқалақтау мінезінен келіп шыққан).*

176. Ерттеулі аттай.
177. Ер-тоқымды теріс ерттеу.
178. Ері мойнынан кетті. 1) *Жүдеп-жадады; берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді; 2) Қысылды, ұялды, ұнжырғасы түсті.*
179. Ерін бауырына (мойнына) алды. *Қатты ашуланды, шала бүлінді.*
180. Еті ояздады (ояз тартты). *Арықтады, еті тартылып, қоңы түсті.*
181. Жабыдайын жалтаңдап. *Тайсалып, беттей алмау.*
182. Жабы емеспіз, тұлпармыз, құлады емес, сұңқармыз. *Екінің бірі емеспіз, қарапайым, әншейін емеспіз.*
183. Жайдақ атқа мінгендей жұлқынды. *Орнықты мінез көрсетпеді, желікті.*
184. Жайлауың байсалды болсын, айғырың байталды болсын. *Жаңа жайлауға шыққанда айтылатын тілек.*
185. Жал бітті. 1) *Қоңданды; 2) Тұрмысы түзелді, шаруасы оңалды.*
186. Жал кетті. *Арыды, қоңынан айырылды.*
187. Жал-құйрығын келте алды. *Жастай қазаға ұшырады.*
188. Жал-құйрығын күзеді. 1) *Қысқартып шұнтитты; 2) Тып-типыл етіп, бар дүние-мүлкін тартып алды.*
189. Жал-құрығы төгілген (сүзілген). *Әдемі, сұлу жылқы малы туралы айтылады.*
190. Жалы бар. *Семіріп, жал біткен жылқы малына айтылады.*
191. Жалына қаңтарулы (диал.). *Семіз.*
192. Жалына қол апармады. *Бұл жерде ырыққа келмей оқыра асаусыды, жылқы мінез көрсетті деген мағынада.*
193. Жанама ат (диал.) *Қыздың туыстарына «қырық жетіден» - негізгі қалың малдан бөлек берілетін мал (Жамбыл, Мойынқұм).*
194. Жаңбырлығы жабық. *Қоңды, сауыры тұтас жылқы.*
195. Жараған аттай. *Нағыз кемеліне келген қайратты қас батырдай ұғымын береді.*
196. Жарау ат. *Әдейі мініске баптап қойған жылқы малы туралы айтылып тұр.*
197. Жардай семіз / жардай болып семірді. *Бұл фразеологизм малдың, әсіресе түйе мен жылқының семіздігін білдіреді. Ауыс мағынада адамға да қолданылады.*
198. Жау басар жүйрік. *Ұрысқа, қиянға шығар таңдаулы саңлақ; сайысқа сай тұлпар.*
199. Жауыр болды (қылды). *Әбден мезі қылды, ығыры шықты.*
200. Жауырды жаба тоқу. *Кемшілігін бүркеді, жасырды; жең ұшынан жалғаса қостады.*
201. Жауыр сөз. *Айтыла-айтыла, үнемі қайталанып, жұртты мезі еткен әңгіме.*
202. Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай. *Адам таңданарлық әдемі, көз тартатын аса сұлу.*
203. Жел жетпейтін. *Өте жүйрік, ұшқыр ат мағынасында айтылады.*
204. Жел саңлақ. *Жараулы ат, сайгүлік жүйрік.*

205. Желі бойы. *Желінің ұзындығындай.*
206. Жокқа жүйрік жетпейді. *Қолы қысқа кісінің жұртқа берері болмағанда айтылатын тіркес.*
207. Жол жорға. *Бір қамшылық жорғасы бар, жүрісі жайлы ат.*
208. Жолына боз қасқа айтты. *Садақа атады, құрбандыққа мал атады.*
209. Жонынан жарылған. *1) Семіз мағынасын береді; 2) Өте бай.*
210. Жоны ашылмау.
211. Жонын беру.
212. Жонын күдірейту.
213. Жонынан (жон-терісінен) таспа алу.
214. Жорғалықпен көңілін алу.
215. Жуас қымыз. *Қатты ашымаған қымыз.*
216. Жұнттай (болып) семірген. *Өте семіз мал (көбінесе жылқы малына байланысты айтылады).*
217. Жүген-құрық тимеген. *Үйретілмеген, бұғалық тимеген; еркін, тағы болып өскен.*
218. Жүгенсіз кетті. *Ешкімге бағынбады, өз бетімен кетті.*
219. Жүзден (мыңнан) озған жүйрік. *Топтан, жұрттан суырылып шыққан өнерлі, елден ерек.*
220. Жүйрік аттай ойқастады. *Қыр көрсетті.*
221. Жүйрік ат шаппаса да, қырындайды. *Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймады, кеуде болмаса да, көңіл үйреніп қалғанына басады деген мағынада.*
222. Жүрегі алып-ұшты / жүрегі аузына тығылды / жүрегі аттай тулады. *Қатты толқыды. (Қорыққанда я қуанғанда көңілде болатын қатты қобалжу сәті туралы айтылады).*
223. Жыландай жарау ат. *Таң асып, жаратылған ат туралы айтылады.*
224. Жылқыға (қойға, малға) салды. *Мал бағуға жіберді деген мағынада айтылады.*
225. Жылқыға (қойға, малға) түсті. *Ұрлық қылды деген мағынада.*
226. Жылқыдай жусатып, қойдай өргізді. *Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізді.*
227. Жылқы жасы. *25-40 жас аралығы.*
228. Жылқы мінезді (сияқты) адам. *1) Шыдамды, төзімді; 2) Менсінбей кету, жылқы тәрізді оқырып кету.*
229. Жылқышы (Қамбар) ата. *Қазақ ескі салт бойынша, өзі баққан төрт түлік малының «иесі» бар деп ұғынған. Оларға ат қойып, осы малдарды сақтау солардың ісі деп білген.*
230. Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. *Қылау, сақалы жоқ, беті жып-жылтыр көсе туралы айтылады.*
231. Кебеже қарын, кең құрсақ. *1) Ауыз әдебиетінде мама биелердің баламасы ретінде қолданылады; 2) Денелі келген бай кісілерді көркем шығармаларда осы теңеу арқылы беру кездеседі.*
232. Көк айыл (айылдану). *1) Ашушаң, ұрысқақ (әйел туралы); 2) Күші ерен.*

233. Көк қасқа. *Үлкен асқа, құрбандыққа шалынар малдың таңдаулысы.*
234. Көк қасқа айтты. *Ескі сенім бойынша, ірі тойға, құрбандыққа, т.б. мал атау, сою дәстүрі.*
235. Көкпары (көкпар лағы) болды. *Әркімнің жұлқыында жүрді, сүйретпесі болды.*
236. Көкпарға түсті.
237. Көкпар тарту.
238. Көлденең жүрген (келген) көк атты. *Кез келген, кім көрінген.*
239. Көлденең өткен көк аттыны жібермеді (кұр өткізбеді). *Сайқалдық, жезөкшелік істеді.*
240. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? *Ұшқыр қиял туралы айтады.*
241. Күдері жал. *Шүйдесі тұтасып, тік қалың біткен, семіз ат желкесі.*
242. Күзеген байталдай. *Киімді тым тар, әрі қысқа киетін адамға туралап айтылады.*
243. Күземе қылдың түбіндей. *Мінезі тік кісіге тиесілі айтылады.*
244. Күйсіз күлік (диал.). *Бапсыз-ақ бәйгеден келетін жүйрік ат.*
245. Қайыстай қату. *Ат бабына келіп жарады.*
246. Қаламы аттай желеді // қаламы жүйрік // қаламының желі бар. *Жазғыш, шығарма шебері туралы айтылады.*
247. Қамшы боп тиді. *Жанына ауыр (қатты) батты.*
248. Қамшы болды. *Тұрткі болды, итермеледі.*
249. Қамшыдай қатты. 1) *Қаншырдай қатып арықтады, жүдеді;*
2) *Бапталды.*
250. Қамшы жеді (көрді). *Ұрылды, таяқ астына алынды; таяқ жеді, соққы көрді.*
251. Қамшы жұмсады//қамшының астына алды//қамшы ойнатты. *Басы-көзіне қарамай сабады, сілейте ұрды; зорлық жасады.*
252. Қамшы кесті шабан. *Аяғын баспайтын, тым қырсау.*
253. Қамшылар жақ. *Оң жағы деген мағынада.*
254. Қамшы салмады. *Қамшы тигізбей жүріп отырды.*
255. Қамшы салдырды. *Болдырды, шаршады.*
256. Қамшы салым жер. *Халықтық өлшем. Өте жақын, тым жақын жер.*
257. Қамшысын алып келуге (беруге) жарамады. *Шірік, болжыр, қолынан дәнеңе келмейтін кісі мағынасында.*
258. Қамшысынан қан сорғалаған. *Қаныпезер, жауыз, зорлығы, билігі жүріп тұрған.*
259. Қамшысын үйіреді де отырады (көне). *Ақырып, «бір шыбықпен айдайтын», зорлықшыл, озбыр кісі.*
260. Қамшы сілтесіп келеді. *Егесіп келеді, «сені ме!» деп кіжіністі.*
261. Қамшы тигізбеді. *Қамшы салдырмай жүретін жүйрік ат туралы айтылады.*
262. Қамшы үйірді. *Қорқытты, қауіп төндірді, күш көрсетті.*
263. Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. *Мінсіз, кемшіліксіз ешбір нәрсе болмайды деген мағынада.*

264. Қара байыр. 1) *Күш көлік аты*; 2) *Арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан*.

265. Қара жүріс. *Шаппай жүріп отырған аяңды ұзақ жүріс*.

266. Қара қаптал. 1) *Жылқының желдік астына келетін қабырға тұсы*; 2) *Айғырдың зәрі бұзылып, қамшысының (қасасының) сырты қотыр болып, жия алмай қалатын ауруының аты*.

267. Қарақұлақ болды. *Құлынишақ құлағының ішкі жүні сары мамық сияқты болады да, тарала келе сол жүнді қара қылышқ басатын шақты «қарақұлақ болды» дейді. Бұл – марқаю нышаны, құлындық кезеңге жеткендігі, байларманға көнбістігін білдіреді*.

268. Қаралы ат. *Өлген кісінің құрметіне арналған азалы ат*.

269. Қаралы ер-тұрман (көне.) *Өлген кісінің азалы ат әбзелі*.

270. Қас бедеу. *Асқан жүйрік мағынасында қолданылады*.

271. Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады. *Жақсыдан жақсы туады, дәл өзіндей болмаса да, жетегабыл туады деген мағынадағы нақыл сөз*.

272. Қашаған ой.

273. Қойдан қоңыр, жылқыдан торы. *Момын, жуас адам*.

274. Қолы жүйрік. *Епті, икемді деген мағынада*.

275. Қу аяқ ат. *Өте жүрдек жылқы туралы айтылады*.

276. Құлық бие. *Жас (бірінші рет) құлындаған бие*.

277. Қу тақым. 1) *Мініс атқа жарымайтын кісі туралы айтылады*; 2) *Тақымдасып, тартысып жүретін пысық, қу адам*.

278. Құйрығын майлады. *Қолға жаңадан түскен атқа ырым ретінде сый көрсету салты*.

279. Құйрық тістеп (тістесіп) келді. *Қатар жарыса, бірінің-бірі ізін баса жетті*.

280. Құйысқанға қыстырылды//құйысқанға қыстырылған боқтай (боққа ұксап). *Жөнсіз, ретсіз килігу туралы айтылады*.

281. Құйысқаны берік (мықты). 1) *Мал-жан аман (балгерлердің қолданатын сөзі)*; 2) *Сүйенерлік жақындары бар кісіге байланысты айтылады*.

282. Құйысқаны көтерілу.

283. Құлында(ғы) даусы шықты (құраққа шықты). *Жан даусы шықты; жан даусымен айқайлады, шыңғырды*.

284. Құлындағы сақау, құнандағы тісеуін айтты. *Дәнеңе қалдырмай, түп-тұңғиығымен айтты, бар кінәні артып, теріп, үйіп-төкті*.

285. Құлындай ойнап шыға келді. *Құлантаза айығып, сергіп кетті*.

286. Құлын жас.

287. Құлын мүше.

288. Құлын-тайдай айқасты (тебісті, күн кешті, бірге өсті, күліп-ойнады). *Жұбын жазбай бірге жүріп шаттанды, қызықтады. (Көбіне жастық шаққа орай айталды)*.

289. Құнанын құдайындай, тайын тәңірісіндей көреді. *Түймедейді түйедей етіп есептейтін сараң адам туралы айтады*.

290. Құнан қымыз. *Үш күн тұрып ашыған қымыз.*
291. Құнан шаптырым – *халықтық өлшем. 8-10 километр шамасындағы арақашықтық.*
292. Құр ат. *Ұзақ уақыт мінілмеген семіз ат.*
293. Құр атқа мінгендей тың едім.
294. Құрығынан кеткен (құтылған) жоқ. *Құтыла алмады, сытылып кетпеді.*
295. Құрығына түсті (ілінді). *Тұтылып қалды, ұсталды.*
296. Құрығы ұзын. *Әмір-билігі күшті, жұмсар қолы көп.*
297. Құрық әкетті (алды). *Ырық бермей кетті, бой бермеді, бұра тартты.*
298. Құрық басы (бойы). *Құрықтың ұзындығындай арақашықтық.*
299. Құрық берді. *Еркіне жіберді.*
300. Құрығы жеткен жер. *Қарамағына алған, қол астындағы жер.*
301. Құрық көрмеген. *Ұсталмаған жылқы (беті қайтпаған деген ауыс мағынада қолданылады).*
302. Құрыққа сырық жалғады. *Өтірік-шынын араластыра сөзін көбейтіп, көпірте сөйледі, алыпқаиша өсек айтты.*
303. Құрық салды (тастады). *Өзіне иемденді, тұзаққа түсірді.*
304. Құтпан айғырдай азынады//құтпан төбеттей әупілдеді. *Қорғаштан, маңайлатпады деген мағынада.*
305. Қызыл май болды (кылды, етті). 1) *Ат алқынып, қан сорпасы шықты;*
2) *босқа әуреленді, арам тер болды.*
306. Қымыз мұрындық. *Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы.*
307. Қысырдың қымызы. *Қысыр биенің сүтінен дайындалған қымыз.*
308. Қыршаңқы сөз (тіл). *Біреуге тиісе, біреуді қағыта айтылатын сөз.*
309. Қысыр әңгіме. *Бос, мәні жоқ әңгіме мағынасын береді.*
310. Мақпал қара. *Жылтыраған мата сияқты әдемі қара түс (көбінде жылқы малына айтылады).*
311. Мойнына құрық түсті. 1) *Біреуге кіріптар болды; еркінен айырылды;*
2) *басы бос емес; үйленді; ерге шықты.*
312. Мойнынан жалы кетті. *Арықтады, арыды.*
313. Наз бедеу. *Көрікті, келісті әсем жүрісті жарау бие.*
314. Ноқта кимеген (тимеген). 1) *Басына жүген-құрық ілмеген асау;* 2) *Біреуге айттырылмаған (қыз бала).*
315. Обалы қырық (қырық бір) жылқыға. *Ұзатылған, қалыңмалға сатылған қыз туралы аянышты өкінішпен айтылып тұр.*
316. Ой желке. *Жал тұсы биік, желкесі ойқы.*
317. Оқтаудай боп жараған. *Қанишырдай қатып, әбден бабына келген (ат).*
318. Ояздап қалды // ояз тартты. *Етінен арылып, арықтап қалды.*
319. Өз атының басын алып жүре алмау.
320. Өлі (тышқан) тиді. *Жылқыда болатын ауруға байланысты қолданылады.*
321. Өрен (ерен) жүйрік. *Өте асқан жүйрік.*
322. Өркен тастау. *Өркен – құлыншақтың ішінен түсетін бірінші тоңғақ. Желіні сабасына келген саумалды мама биенің құлыншағы уызға бөгіп, өркенін*

ерте тастайды. Өркені түскен құлынды жылқы малына кәнігі шаруа тапжылтпай таниды.

323. Өркені қатқан. *Өркені түспеген құлын.*

324. Пырақ мінді // пырақтың дүлдүлін мінді. *Діни ұғымға байланысты туындаған фразеологизм.*

325. Пысқырып та қарамады. *Менсінбеді, тәкаппарлық етті, паңданды.*

326. Сабасына келді (түсті). 1) *Су бұрынғы қалпына келіп, арнасына толыды; 2) Ашуы, ызасы басылып, саябыр қалыпқа келді.*

327. Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі. *Бір-біріне ұқсас, мінездес, сайма-сай келеді деген мағынада.*

328. Сабасынан шықты//сабасына сыймады. 1) *Су ернеуінен, арна қалпынан шығып, асып кетті, тасыды; 2) Ашу, ыза кернеді, шектен асып кетті.*

329. Сағағынан үзілген. *Әсем, сұлу деген мағынада.*

330. Салқы төсті. *Омырауы алға шығыңқы.*

331. Салт атты, сабау қамшылы. 1) *Жалғыз шошайып қалу; 2) Малы жоқ, жарлы-жақыбай.*

332. Сал торы. *Кербез, сұлу торы ат деген мағынада.*

333. Сары желіс. *Аттың бірқалыппен көсіле шабуы.*

334. Сары тіс сақа айғыр. *Әккі, кексе жылқы.*

335. Сауырдан сипады. *Жайбарақат, жанына батырмай-ақ шығарып салды.*

336. Сауырына қақ тұрады. *Сауыры кең; жотасы келісті жылқы туралы айтылады.*

337. Сауырын алғызды. *Бет қайтара, жасқантар тәк-тәк көрді, теперіш, соққы көрді.*

338. Сауырына қамшы тиді. *Өмір, тұрмыс қысымшылығы мағынасын береді.*

339. Сауырынан басып жүріп таңдады (таңдап алды). *Ең жарамды, маңдайалдысын талғап, іріктеп алды деген мағынада...*

340. Сөзге жүйрік.

341. Сөз тізгінін берді. *Емін-еркін сөйлеуге ерік берді.*

342. Сөзі (тілі) қыршаңқы. *Тілі ащы, қисық сөйлейтін адам туралы айтылады.*

343. Су (судай) жорға; су төгілмес (сауырдан су төгілмес) жорға. 1) *Жон-бөкесіне су құйып қойса да, төгілмейтін жайлы айдама, нағыз жорға ат; 2) Тілге жүйрік, шешен.*

342. Су төккісіз жорға болды. *Жұп-жұмсақ мінез көрсетіп, құрдай жорғалады, бәйек болды.*

343. Сұлу тораттай болды (диал.). *Сыпайы болды, әдепті болды, тыныш болды.*

344. Сүмбідей боп жарады. *Бабына келе қатып суыды.*

345. Сыптай болды. *Жіп-жіңішке, жып-жынақы, түп-түзу.*

346. Сілкініп жабағы тай бесті ат болар. *Жас өсер, жарлы байыр.*

347. Сірге мөлдіретер (диал.). *Күздігүні бие ағытарда ең ақырғы ішетін қымыз.*
348. Тайға да, танаға да жетті (диал.). *Жұрттың бәріне, тайлы-таяғына түгел жетті.*
349. Тайға таңба басқандай//тасқа басқан таңбадай//тасқа басылып қалғандай. *Өте анық, бадырайған, беп-белгілі.*
350. Тайдай тал түсте. *Тапа-тал түсте.*
351. Тай қазан. *Ірі мал еті сыйып кетерліктей үлкен қазан.*
352. Тай-құлындай тебісті. *Асыр салып, бірге ойнап өсті.*
353. Тай қымыз. *Құйған сүті жаңа тараған екінші күнгі қымыз.*
354. Тайлы-таяғы болып//тайлы-таяғы қалмады (қалмай жиналды). *Үлкен-кіші, бала-шаға, ауыл-аймақ бірі қалмады.*
355. Тай тері. *Тай терісімен тыстаған көрпеше.*
356. Тай тұяқ. *Тайдың тұяғына ұқсас, тұтас бір кесек күміс.*
357. Тай шаптырым жер – халықтық өлшем. *Тай ентікпей келетін қашықтық.*
358. Тақымына ат тиді. *Астына ат бітті.*
359. Тақымы атқа жарымады. *Мініп жүрер көлігі болмады.*
359. Тақымыңнан тұлпар кетпесін! *Бесікке саларда айтылатын тілек.*
360. Тақым қағар. *Атқа мінгенде тақым тимеу үшін былғарыдан, киізден жасалған зат.*
361. Тақымға бұрау салды. *Қылмыстыны азаптады, аяусыз жазалады.*
362. Тақымы толмады. *Місе тұтпады, менсінбеді.*
363. Тақымға салды (тақымы батты). *Тізесін батырды, күш көрсетті.*
364. Талабы тай жегендей (тай жеген бөрідей). *Шабыты шалқып, талабы тасқындай, жұтынып тұрған кісіге айтылады.*
365. Таң астырды//таң асып шығарды//таң асырды. *Атты суытты, баптап күтті, таң атқанша қаңтарулы тұрды.*
366. Тарпаң жігіт (адам).
367. Тарпаң тайдай қылтылдау. *Асау тайдай бұлт еткіш мінез туралы айтылады.*
368. Темір тұлпар – трактор.
369. Тоны тозбайды, аты азбайды. *Аш-жалаңаш болмайды, қатардан қалмайды.*
370. Төрт аяғы тең (теңселген) жорға. *1) Жақсы жорғалайтын ат туралы айтылады; 2) Төгілте жырлайтын ақын туралы айтылады.*
371. Ту бие. *Қысыр қалған жылқы.*
372. Ту ұстап, тұлпар жаратты. *Ерлік жорыққа елді көтерді, қол бастады.*
373. Тумыш ат. *Арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан.*
374. Тұлпардай жүйрік бол, сұңқардай ұшқыр бол! *Тұсаукесерде айтылатын тілек.*
375. Тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы. *Жақсы адамның ұрнағы деген мағынада.*
376. Тұлпар желіден танылады. *Тұлпар болар ат құлынынан белгілі деген мағынада.*

377. Тұсау бойы.
378. Түйені түгімен, биені бүгімен жұтқан. *Жұртты ойсырата жеген, параны көп алған ретте айтылады.*
379. Түс ат (диал.). *Қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат.*
380. Тізгінің берді. *Еркін, тағдырын қолына ұстатты.*
381. Тізгінінен айырылды. *Билігінен, еркінен айырылды.*
382. Тізгінің жиды. *Аяғын тартты, қарқынын басты, арынын тоқтатты.*
383. Тізгін ұшымен келді (диал.). *Асығыс келді, тез келді.*
384. Тізгінің тарту (тежеу). *Байқап, абайлап сөйлеу.*
385. Тізгін тартар бер! *Алып қашып алған қызға айтылады.*
386. Тізгінің өз қолына алды. *Билік тиді, ерік өз қолына келді.*
387. Тізгіндеп ұстады. *Еркіне жібермеді.*
388. Тізгінге жабысу. *Билікті өз қолына алғысы келу, ел билеуге тырысу.*
389. Тізгінді босатты (жіберді). *Ерік берді, ырық берді.*
390. Ұзын арқан (арқау), кең тұсау. *Арқасын кеңге салу, жасайбарақаттыққа түсу мағынасында.*
391. Үзеңгі бауы алты қабат екен. *Тәкаппар, өр көкірек, менменшіл кісі туралы айтылады.*
392. Үзеңгі жолдас. *Ұзақ мерзім істес болған, тұрғылас, сырлас кісі туралы айтылады.*
393. Үзеңгі қағысып келеді. *Қаз-қатар жүру мағынасында айтылып тұр.*
394. Үйірге қосылды. *Өз ортасына қайта келді, қатарға қосылды.*
395. Үйірге түсті. *Дау-дамай, талас-тартысқа араласу туралы айтылып тұр.*
396. Үйірден айырылды. *Өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады, адасты, өз тобынан кетті.*
401. Үйірсек аттай. *Бір үйге я ауылға келе бергіш кісі туралы айтылады.*
397. Үйіріп алды (әкетті). *Басын айналдырды, сөзге еліктірді, дөңгелектеніп ала жөнелді.*
398. Үйірін сұйылтты. *Айнала-төңірегіндегілерді мүйіздеп сыйғызбады, маңына жолатпады.*
399. Үйірін тапты. *Өзі өскен ортаға қосылды.*
400. Үйірімен үш тоғыз. *Олжа көбейсін деген мағынадағы тілек.*
402. Шабар көбейсін! *Бәйгеге ат қосқанда айтылатын тілек.*
403. Шаңырағына ат ойнату (қобыз ойнату, қобыз тарту). *Астан-кестеңін шығара ойрандады, әлек салды; қым-қуыт, у да шу етті.*
404. Шапқан аттай желіккен дау-жанжал. *Ел ішін алақұйындатқан, елірмеге дем болған ерегіс, егес.*
405. Шапқа түрту. *Ашуландыру, жынына тию.*
406. Шашасына шаң жұқпайды (шалдырмайды). *Жүйрік, шабысқа жүйрік; сөзге жүйрік, саңлақ.*
407. Шеге ат. *Бұрынғы уақыт құда түскенде «шеге ат» деп құдандалы кісінің берген малын айтқан.*
408. Шоқтығы асты//шоқтығы көтерілді. *Мерейі үстем болды, масайрады.*

409. Шу асау. *Жүген-құрық тимеген, үйретілмеген асау.*
410. Шылбыр (ұшын) берді. *Көмек етті, жәрдемдесті.*
411. Шылбыр тастам жер. *Жап-жақын, алыс емес жер.*
412. Шідер салу. *Асау жылқыны үйрету кезінде аяғын байлау.*

ҚОСЫМША- Ә

ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

1. Ағайынның аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
2. Ағайын тату болса – ат көп,
Абысын тату болса – ас көп.
3. Адал адамның аты арып, тоны тозбас.
4. Адам болатын бала қонаққа үйір,
Ат болатын тай саяққа үйір.
5. Адам құлақтан азады,
Ат тұяқтан азады.
6. Адамның қуы молда болар,
Жылқының қуы жорға болар.
7. Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше.
8. Адамсыған жігітті үйінде көр,

- Атсынған айғырды үйірінде көр.
9. Азамат ердің ішінде ат басындай шер өсер.
 10. Азаматтың қадірін ағайын білмес, жат білер,
Айыл-тұрман батқанын иесі емес, ат білер.
 11. Азулы ат арымас.
 12. Айғырды неден салсаң,
Атты содан мінерсің.
 13. Айғырды құладан салсаң,
Атты құладан мінерсің.
 14. Айғырмен ойнаған ат арқасын алдырады.
 15. Ай мінбей, атыңды мақтама,
Жыл тұрмай, қатыныңды мақтама.
 16. Айтқызған – жаманның ісі,
Қамшылатқан – шабанның ісі.
 17. Айыр пішен қасында,
Кісен кереге басында.
 18. Ақ көңілдің аты азбайды, тоны тозбайды.
Бірақ... қатарынан озбайды.
 19. Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды.
 20. Ақылды ердің ішінде алтын ерлі ат жатар,
Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатар.
 21. Ақыл – жас ұланнан,
Жүйрік – тай құлыннан.
 22. Ақылсыз атқа мінсе,
Атасын басып кете жаздайды.
 23. Ақылсыз бас – аяққа тыныш бермейді.
Арғымақ айғыр – саяққа тыным бермейді.
 24. Ақылсыз жігіт – ауыздықсыз ат.
 25. Ақымақ білмес атының арығанын,
Көсе білмес жасының кәрілігін.
 26. Ала айғырдан ала аяқ тумаса да, ала тұяқ туады.
 27. Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама.
 28. Алғаның жақсы болса, ат үстінен дүбір ет,
Алғаның жаман болса, үйге кіріп, сыбыр ет.
 29. Алдымен атыңды тұса,
Кейін Құдайға тапсыр.
 30. Алтын ерің атқа тисе,
Алтынын ал да отқа жақ.
 31. Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер.
 32. Алып анадан туады,
Ат биеден туады.
 33. Алыс жол атты сынайды,
Ауыр жол ерді сынайды.
 34. Алысты жақындатар – ат,

- Жақынды алыстатар – жат.
35. Андыз болса – ат өлмес,
Айыр болса – ер өлмес.
 36. Ант ұрмай, ат жығылмас.
 37. Аңқау астындағы атын алты ай іздепті.
 38. Андызды жерде де ат өлмейді,
Үйірлі жерде де ер өлмейді.
 39. Апама да барайын, тайымды да үйретейін.
 40. Арбаны ат тартпайды, арпа тартады.
 41. Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды.
Асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды.
 42. Арғымақ ат жабы болмайды, жалы кетіп арыса да.
Назары аштың көзі тоймайды, бақ пен қыдыр дарыса да.
 43. Арғымақ аттың құйрығы әрі жібек, әрі қыл.
Ер жігіттің белгісі әрі мырза, әрі құл.
 44. Арғымақ аттың тұяғы тасты басса, кертілер, сазды басса жетілер.
 45. Арғымақ жүйрікпін деп мақтанба, алдында талай өр бар.
 46. Арғымаққа оқ тисе, мәстектей туламас.
Сыпайыға оқ тисе, жамандардай жыламас.
 47. Арғымақты байтал бастайды,
Аруақты шайтан бастайды.
 48. Арғымақты жамандап, кәне тұлпар тапқаның?
Ағайынды жамандап, кәне туған тапқаның?
 49. Арқанды ат қазығына оралар.
 50. Артқы айылым берік болса, атым тулап не етерсің,
Ағайында бірлік болса, жатым маған не етерсің.
 51. Арық атқа – қамшы жау,
Жыртық үйге – тамшы жау.
 52. Арық деген жаман тай жазға шығып ат болар,
Жамандығы сезілсе, жақсы кісі жат болар.
 53. Ас барында дос жоқ,
Ат барында той жоқ.
 54. Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазанды,
Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін жазанды.
 55. Атадан жақсы ұл туса, қар үстінде от жанар,
Атадан жаман ұл туса, ат үстінен ит қабар.
 56. Атаным сай, атым сай, қашсам, жаудан кетермін.
Кетпенім сай, шотым сай, қазсам, суға жетермін.
 57. Ат – адамның қанаты,
Ас – адамның қуаты.
 58. Ат айналып иесін табар,
Сөз айналып жүйесін табар.
 59. Ат айналып қазығын табар,
Су айналып жазығын табар.
 60. Ат айында құлындайды,

- Бие жылында құлындайды.
61. Ат алсаң, ауылыңмен ал.
 62. Ат арбадан қашып құтылмас,
Түйе жүктен қашып құтылмас.
 63. Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады.
Ерге жаттың тізесі батса, ағайыншыл болады.
 64. Ат арыса, тулақ болар.
Ер арыса, аруақ болар.
 65. Ат аунаған жерде түк қалар.
 66. Ат аяған ат мінер,
Тон аяған тон киер.
 67. Ат аяған жерге қарайды,
Құс аяған көкке қарайды.
 68. Ат аяғынан семіреді,
Адам құлағынан семіреді.
 69. Ат баққан аш болады,
Аттанған күні тоқ болады.
 70. Ат барда есекке жол болсын,
Дос барда есепке жол болсын.
 71. Ат баспаймын деген жерін үш басар,
Ер көрмеймін деген жерін үш көрер.
 72. Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер,
Ер басына күн туса, етігімен су кешер.
 73. Ат – биеден, аруана – түйеден.
 74. Ат болар тай саяққа үйір,
Адам болар бала қонаққа үйір.
 75. Ат болатын құлынның, бауыры жазық келер,
Адам болар баланың, маңдайы жазық келер.
 76. Ат бір басқан жерін үш басады.
 77. Ат дорбасын иіскемей, ат тоймайды.
 78. Атқа аз арт та қатты жүр,
Түйеге көп арт та жай жүр.
 79. Атқа ердің батқанын қаптал білмес, ат білер.
Ағайынның алғанын жақыны білмес, жат білер.
 80. Ат ерінді келсін,
Ер мұрынды келсін.
 81. Ат жақсысы – бозы болар,
Ит жақсысы – тазы болар.
 82. Ат жақсысы енеден,
Зат жақсысы шеберден.
 83. Ат жақсысы кермеде,
Ер жақсысы түрмеде.
 84. Ат жақсысы қартаяды, негізіне тартады.
 85. Ат жақсысын мақта,
Адам жақсысын жақта.

86. Ат жалдаған өсер,
Ит жалдаған бітер.
87. Ат жалында ажал тұрады.
88. Ат жаманы таймен ойнар.
89. Ат жаманы сүріншек,
Ет жаманы шеміршек.
90. Ат жүйрігі азаптан құтқарады,
Тіл жүйрігі мазақтан құтқарады.
91. Ат жүйрігі айырады,
Тіл жүйрігі қайырады.
92. Ат жүйрігі – асқа,
Тіл жүйрігі – басқа.
93. Ат жүрісімен пұл болады,
Жаман жүрісімен құл болады.
94. Ат иесіз болмас, қазан күйесіз болмас.
95. Ат көрмеген ат көрсе, шаба-шаба өлтірер.
Тон кимеген тон кесе, қаға-қаға бітірер.
96. Ат күйгелек болса арық болар,
Ер күйгелек болса кәріп болар.
97. Атқа бергісіз құнан бар,
Қызға бергісіз жуан бар.
98. Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін жазанды.
Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазанды.
99. Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес.
100. Атқа міндің – «ажалға» міндің.
101. Ат қартайса, есекпен дос болады,
Адам қартайса, төсекпен дос болады.
102. Ат қартайса – ұрыншақ,
Ер қартайса – жаңылшақ.
103. Ат қосақсыз жүгірмейді.
104. Ат – құлыннан,
Батыр – баладан.
105. Ат қызығы арығанша,
Адам қызығы қарығанша.
106. Ат майы толады,
Киім майы толмайды.
107. Ат мінбеген ат мінсе, шаба-шаба өлтірер,
Тон кимеген тон кесе, сілке-сілке бітірер.
108. Ат орнына тай төлеу.
109. Ат өледі, құс қашады.
110. Ат пен ат ақырлас болса, мені жұғады,
Ат пен есек ақырлас болса, зеңі жұғады.
111. Атпен ойнаған тайдың арқасы шилі болар.
112. Ат пысқырса – жолға, байтал пысқырса – сорға.

113. Ат раңдап, ер тыраңдап.
114. Ат сабылды – жоқ табылды.
115. Ат сатсаң ауылыңмен ақылдас.
116. Ат семірсе иесін тебер.
117. Ат сүрінбей жер танымас,
Ер сүрінбей ел танымас.
118. Атсыздың атасы құнсыз кетеді.
119. Аттан тай озады,
Атадан бала озады.
120. Аттан айырылсаң да, ер-тоқымынан айырылма.
121. Аттан аттың несі артық?
Жүрісі мен күші артық.
Ерден ердің несі артық?
Ерлігі мен ісі артық.
122. Ат – тойған жеріне, ер – туған жеріне.
123. Ат тұяғын тай басар.
124. Ат тұяғы – алтын,
Алысқа алып баратын.
Адам тілі – алтын,
Алысты сұрап табатын.
125. Атты ақысын жаяуға жібермейді.
126. Атты алтын тағамен тағаласа,
Есек емексіп аяғын көтеріпті.
127. Атты жолдас болмайды арбалымен,
Жортақ жолдас болмайды жорғалымен.
128. Атты күнде мінсең – тулақ,
Аптада мінсең – қунақ.
Айында мінсең – ат,
Жылында мінсең – тұлпар.
129. Атты кісі жаяудың ақысын жемейді,
Ақысын жесе, оны жұрт мақұл демейді.
130. Атты қамшымен айдама, жеммен айда.
131. Аттының атын алған,
Жаяудың таяғын алған.
132. Аттының несібесі алтау,
Жаяудың несібесі – жалқы.
133. Аттың атағы, түйенің табаны үлкен.
134. Аттың жемін жеп, тайдың тірлігін істеу.
135. Аттың көркі – жал, қыздың көркі – шаш.
136. Аттың көркі – құйрық, жалы, құлағы,
Таудың көркі – тасы менен бұлағы.
137. Аттың тұсаусыз аяғы да ешқайда кетпейді.
138. Ат ұстаған азабынан құтылар,
Ер ұстаған еңбегінен құтылар.
139. Ат үйірін сағынса, артқы аяғын қағынар,

- Ер үйірін сағынса, ер-тұрманын тағынар.
140. Ат үсті – жел.
141. Ат шаба ма, бақ шаба ма, бап шаба?
142. Аты барға тай мінсе де жарасады,
Асы барға сұрап ішсе де жарасады.
143. Аты бардың тынысы бар,
Асы бардың ырысы бар.
144. Атына әлі келмеген, арысын төбелейді.
145. Атын алдырған ерін жоқтамайды,
Басын алдырған сақалын жоқтамайды.
146. Атына қарай – тұрманы, еңбегіне қарай – қырманы.
147. Атын сабаған досынан айырылады.
148. Атының сыры иесіне мәлім.
149. Атың арық болса, бір шап,
Отының аз болса, бір жақ.
150. Атың жаның ашыса, айылын қатты тартпа.
151. Атың барда жер таны желіп жүріп,
Асың барда ел таны беріп жүріп.
152. Атың болмаса аяғыңа жалын,
Аяғың болмаса таяғыңа жалын.
153. Атыңды жүріп тұрғанда қамшыла.
154. Атыңды мақтама, жүрісінен жаңылады.
Қатыныңды мақтама, жүрегiнен қабынады.
155. Атың жақсы болса – бір бақыт,
Қатының жақсы болса – мың бақыт.
156. Атың жаман болса, арманың кетер,
Балаң жаман болса, дәрменің кетер,
Әйелің жаман болса, келгенің кетер.
157. Атың жаман болса, сатып құтыларсың,
Қатының жаман болса, қайтып құтыларсың.
158. Атың жаман болса, қырың кетер,
Балаң жаман болса, арың кетер.
159. Атың жаман болса, арманың кетеді.
Алғаның жаман болса, мейманың кетеді.
160. Атыңнан айырылсаң да, ер-тоқымынан айырылма.
Қатыныңнан айырылсаң да, қазан-ошағыңнан айырылма.
Қазан-ошағыңнан айырылсаң да, халқыңнан айырылма.
161. Атың тайғақ болса, ақтекенің мүйізімен тағала.
Заманың тайғақ болса, бір жақсыны сағала.
162. Атың сат, тоның сат,
Жатарыңда тойып жат.
163. Аты семіздің жолы тегіс.
164. Ашаршылық көрмеген ас қадірін білмейді,
Жаяушылық көрмеген ат қадірін білмейді.
165. Аш отырып ас таңдайды,

- Жаяу отырып ат таңдайды.
166. Әкеңде жоқ арғымақ, шешенде жоқ арғымақ,
Саған оңай болып па, биік жардан қарғымақ.
 167. Аруақты жерден ат үркеді.
 168. Әулекі би ат үстінен билік айтар.
 169. Бай атқа мінсе, «құтты болсын» - дейді.
Жарлы атқа мінсе, «қайдан алдың» - дейді.
 170. Бай баласы мақтанса, жылқыдан жорға міндім дер,
Би баласы мақтанса, парадан шапан кідім дер.
 171. Байдан – сәуірік, жарлыдан – байтал.
 172. Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен белі жуан бесті артық.
 173. Байсалды айғыр үйірін ат жақтайды.
 174. Байтал – жүйрік, парқы жоқ.
Қатын – шешен, нарқы жоқ.
 175. Байтал мінсең – құлын жоқ,
Саумал ішсең – қымыз жоқ.
 176. Балажанды биелер құлындарын теппейді;
Балажанды адамды бала айналып кетпейді.
 177. Балықшының аты шөлден өледі.
 178. Бар қашаған құтылмас,
Жоқ қашаған жеткізбес.
 179. Бәйгеге шаппаған жүйріктің күні құрсын.
 180. Бәйгеден ат келмейді, бап келеді.
 181. Бәйге атқа бәйге ат шалдырмайды.
 182. Берместің үйінде бесті қымыз тұрады.
 183. Бес қажет: жақсы әйел, жүйрік ат, ұшқыр тазы, түзу мылтық, адал дос.
 184. Бесті айғырдың бетінен сақтаған.
 185. Бесті қымыз ішсең, белдеуден шықпай қаласың.
 186. Бие кәрі, құлын жас,
Келер жолы қолың бос.
 187. Бие көп болса, құлын көп.
Әйел көп болса, бала көп.
 188. Бие құлындамай, байтал аты қалмайды.
 189. Бие қоста жүріп терлесе, құлыны босқа жүріп терлейді.
 190. Биен сүтті болса – жебей сау.
 191. Болар бала бесігінде бұлқынар,
Болар құлын желісінде жұлқынар.
 192. Борай-борай қар жауса, боран атты өлтірер.
Аз кісіні көп кісі орайына келтірер.
 193. Бөтен ауылдың аты озғанша,
Өз ауылыңның тайы озсын.
 194. Бұралқы сөз – күлуге жақсы,
Бұралқы ат – мінуге жақсы.
 195. Бізде кісі болармыз, атқа кісен салармыз.

196. Білсе – барымта, білмесе – сырымта.
197. Білсең – барымта, білмесең – қарымта.
198. Бір атқа екі жүген керек емес.
199. Бір атым бар аралда,
Не қамшым бар боранда.
200. Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар.
201. Бір биеден ала да туады, құла да туады.
202. Бір биенің екі емшегі, бірі кетсе сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші, бірі кетсе күші жоқ.
203. Бір қу байтал екі айғырды аш қалдырады.
204. Бір теңге бие болмас, екі теңге түйе болмас.
Біреудің малын қызғанған өз малына ие болмас.
205. Досыңа ат берме,
Ат берсең ақырын жүр деме.
206. Егіз аттан жығылса,
Басын сүйер ағасы.
Жалғыз аттан жығылса,
Неге келер шамасы.
207. Екі бие – ел асы, үш бие – бұлақ асы, бір бие жоқтың қасы.
208. Екі торының өзгелігі жоқ,
Игі жақсының бөтендігі жоқ.
209. Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.
210. Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ.
211. Ер басына күн туса, үйінен безеді.
Айғыр басына күн туса, үйірінен безеді.
212. Ер басына күн туса, ереуіл атқа ер салар.
213. Ер басына күн туса, етігімен су кешер,
Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер.
214. Ердің атын я аты шығарар, я әйелі шығарар.
215. Ер көңілін кім ашар, жарқылдаған жар ашар.
Ат көңілін кім ашар, қадірін білген ер ашар.
216. Ердің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы.
217. Еркенің көзі кеппес,
Жорғаның тері кеппес.
218. Ер қанаты – ат.
219. Ер сасқанда белгілі, ат шапқанда белгілі.
220. Ер сүрінбей – ел танымас,
Ат сүрінбей – жер танымас.
221. Ерте тұрсаң, атыңның бойын көрерсің,
Жай тұрсаң, атыңның боғын көрерсің.
222. Есекке жүк артқанмен түйе болмас,
Сиырды көп сауғанмен бие болмас.
223. Есек мінген ат сұрамайды,
Балық жеген ет сұрамайды.
224. Есек өзін атқа балайды,

- «Әттен», деп құлағына қарайды.
225. Есік алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең.
Ауылыңда қарт болса, жазулы хатпен тең.
226. Жабағының биті ащы,
Жаман адамның сөзі ащы.
227. Жабағы тай деп жорылар,
Жазға шықса ат болар.
228. Жабағы тайдың тері ащы,
Жаман кісінің тілі ащы.
229. Жабыны жалды екен деп сатып алма,
Жаманды малды екен де жақын алма.
230. Жайшылықта анау да ат, мынау да ат.
Ұлы дүбірде келеді шын жүйрік ат.
231. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.
232. Жақсы ат ажалға ара тұрса да, жаудан құтқарар.
233. Жақсы ат жанға серік,
Жақсы ит малға серік.
234. Жақсы ат көптікі, жақсы жігіт жұртікі.
235. Жақсы ат алдынан сүрінбейді, артынан сүрінеді.
236. Жақсы ат аяғынан қалады,
Жақсы адам тамағынан қалады.
237. Жақсы ат жатырына шаппайды.
238. Жақсы ат малдан артық.
239. Жақсы атқа – бір қамшы,
Жаман атқа – мың қамшы.
240. Жақсы аттан жығылса,
Жаман табашыға тұрады.
241. Жақсы атын мақтар,
Жаман қатынын мақтар.
242. Жақсы аттың жалын сақтағанша,
Жақсы жігіттің арын сақта.
243. Жақсы еркектің ішінде алтын ерлі ат жатады,
Жақсы әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады.
244. Жақсының қадірі өлгенде білінер,
Жақсы аттың қадірі мінгенде білінер.
245. Жақсы қартайса да, ақылынан танбас.
Жаман ат қартайса да, жүрісінен танбас.
246. Жақындықты ат айырады,
Оқымағандықты хат айырады.
247. Жалаң аттың жалымен,
Жалаң қылыш жүзімен.
248. Жалғыз ағаш пана болмас,
Жалғыз биеге саба толмас.
249. Жалғыз атың айғыр,
Жат та болса қайғыр.

250. Жалғыз баласы атқа шапса,
Анасы үйінде тақымын қысады.
251. Жалғыз шапқан ат жүйрік,
Жалғыз сөйлеген жігіт шешен.
252. Жаман айғыр енесіне тап берер.
253. Жаман айғыр үйірін жауға алдырар,
Жаман жігіт жолдасын жауға алғызар.
254. Жаман ат – өршіл, жаман адам – төршіл.
255. Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас,
Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас.
256. Жаман ат қамшыласаң өрге шаппас,
Жақсының жаман бабын таппас.
257. Жаман әйел алғанша, әйелсіз жүрген жақсырақ.
Ақымақ балаң болғанша, баласыз жүрген жақсырақ.
Жаман атқа мінгенше, жаяу жүрген жақсырақ.
258. Жаман биені жабула да, құлынын ал.
259. Жаман да болса жылқы жасағы.
260. Жаман ердің батқанын иесі білмес, ат білер,
Ағайынның қадірін өзі білмес, жат білер.
261. Жаман қатын байына жалғыз атын сойғызар,
Жақсы қатын жолдасын жоқтан құрап тойғызар.
262. Жаманның аттан құлағаны да жаман.
263. Жаман түйесін іздеймін деп биесінен айырылыпты.
264. Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ.
265. Жапалақ сипағанмен сұңқар болмас,
Жабыны мақтағанмен тұлпар болмас.
266. Жарамсыз ат жан қинар.
267. Жарлы болатын жігіт байталын атқа сатады.
Жалғыз қалатын жігіт ағайынын жатқа сатады.
268. Жауға аттанар жігіт төл атын мінеді.
269. Жауынды күні ат көрме,
Айтты күні қыз көрме.
270. Жауыр атқа жіп құйысқан.
271. Жаяушылық тартқанда, жүрмес есек ат болар,
Қарның қатты ашқанда, қара талқан қант болар.
272. Желіген атқа жел жаңғырық,
Тентек жігітке тіл жаңғырық.
273. Жер көнді жақсы көреді,
Ат жемді жақсы көреді.
274. Жонға салсаң – жүйрік,
Жолға салсаң – жорға.
275. Жора-жолдас не керек – жауға бірге шаппаса,
Арғымақ мініп не керек – жабыдан озып, артпаса?
276. Жорға жолына тоқтар,
Жақсы жөніне тоқтар.

277. Жорғадан туған жортақ бар,
Батырдан туған қорқақ бар.
278. Жорға жүрісімен пұл болады,
Жаман жүрісімен құл болады.
279. Жорға жылқы жолмен жүрсе де жорғалайды,
Жолсызда кібіртіктеп қорғалайды.
280. Жорға мінген жолдасына қарамас.
281. Жорға мінген жолдасынан айрылар,
Көп жасаған құрдасынан айрылар.
282. Жорғаның қадірі желгенде білінер,
Жақсының қадірі өлгенде білінер.
283. Жорғаңнан да жортағым жақсы, межелі жерге жеткізсе,
Дарияңнан да арығым жақсы, оңай ғана өткізсе.
284. Жорғаң қатты болса, төске сал,
Ісің ақ болса, көпке сал.
285. Жортар аттың тоғы игі.
286. Жұртсыз ер болмас, үйірсіз ат болмас, ұясыз құс болмас.
287. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар.
288. Жүйрік ат аяғынан қалады.
289. Жүйрік атқа жал бітсе,
Тақтаққа мал бітпес.
290. Жүйрік атқа – жел қамшы.
291. Жүйрік атқа мінген құдайын ұмытады.
292. Жүйрік аттың сауырын берік алар.
293. Жүйрік ат шашасына сиеді.
294. Жүйрік бестіден шығар, кеңес келбетіден шығар.
295. Жүйрікке де – бір томар.
296. Жүйрікке не жапсаң да жарасады.
297. Жүйріктің де жүйрігі бар – қазанат жөні бір басқа;
Жігітте де жігіт бар – азамат жөні бір басқа.
298. Жүйріктен жүйрік шықса,
Төрт аяғы тыпыр-тыпыр етер.
299. Жүйріктің тоқымы кеппес.
300. Жүйрік шабан болады, мойнынан жал кетсе,
Жақсы жаман болады, қолынан мал кетсе.
301. Жүйрік тоқтығын білдірмес,
Жомарт жоқтығын білдірмес.
302. Жүйрікті кекіл қағысынан байқайды.
303. Жүйріктің шабысы қалса да қырыны қалмайды.
304. Жүйрік шашасына сиеді.
305. Жылқы айдаса жаудікі, ысқырса желдікі.
306. Жылқы анасы бестен, қой анасы оннан.
307. Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ.
308. Жылқы етін жемесең, түсіңе кіреді, жесең тісіңе кіреді.
309. Жылқы жайдым, жылап жайдым.

310. Жылқы – жүз, жүйрігі – біреу,
Азамат – алпыс, адамы – алтау.
311. Жылқы күндіз ұлың мен қызындай,
Түнде қырынан соққан қызылдай.
312. Жылқы құлынынан өнеді,
Ақша тиынынан өнеді.
313. Жылқылы елде жау көп,
Жатақ елде дау көп.
314. Жылқы – малдың патшасы,
Түйе – малдың қасқасы.
315. Жылқыны бөгелек аздырар, ешкіні кебенек аздырар.
316. Жылқының басы мың қаладан қайтады.
317. Жылқының сүті – шекер, еті – бал.
318. Жылқың мәстек болсын – мың болсын,
Түйең қоспақ болсын – жүз болсын.
319. Жылқы үйірін сағынар, сағынар да сабылар.
Ер үйірін сағынар, етек-жеңін қағынар.
320. Жылқы – үстінен жығылған кісіге жалын төсейді,
Есек – үстіне жығылған кісіге тұяғын төсейді.
322. Жігіттің сорлысын аттың жолдысы теңейді.
323. Жігіттің шерулі аты қаралас.
324. Иесі келсе, биесін бер.
325. Иесіне қарай биесі, сабасына қарай піспегі.
326. Кәрі атын мақтаған қара жаяу қалар.
327. Кедей болайын деген жігіт биесін сатып ат қылар.
Жалғыз болайын деген жігіт туысқанын ұрсып, жат қылар.
328. Кемеңгер келістіден шығар,
Қара байыр желістіден шығар.
329. Көбең мініс көтермейді,
Мәстек мініс көтермейді.
330. Көк шыққанда жылқы ойнар,
Көбік қарда түлкі ойнар.
331. Күлікте күлкі қыла көрме.
332. Кісі аты тершең, кісі киімі кіршең.
333. Кісі болар жігіттің кісесінен белгілі,
Бәйге алар жүйріктің мүшесінен белгілі.
334. Кісімсінген жігітті үйінде көр,
Кісінеген айғырды үйірінде көр.
335. Қалмақ аты жем жемес, жесе, дорба тесер.
336. Қанағат қарын тойғызар,
Қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар.
337. Қанша тұлпар десе де, мініп болмас жалсызды.
Қанша білгіш десе де, халық сүймес арсызды.
338. Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.
Қара көзден нұр тайса, бір көруге зар болар.

339. Қара арғымақтан жал кетсе,
Қарға адым жер мұң болар.
Қара көзден нұр кетсе, жарық күнің түн болар.
340. Қарағаным қара айғыр,
Қара айғырды алған соң,
Қалай қылсаң солай қыл.
341. Қартайғанда кәрі боз жорға шығарды.
342. Қасқа тұлпардың құлыны қасқа болмаса да, төбел болар.
343. Қас батырдан қорқақ туады,
Қас шеберден шорқақ туады,
Қас жорғадан жортақ туады.
344. Қас жүйрікте сын болмас,
Қас сұлуда мін болмас.
345. Қашаған ат қасқырға тап болады,
Ұрыншақ ат ұрыға тап болады.
346. Қолдағы туған құлынның тай аты қалмайды.
347. Қонақтың аты жемқор болса, дорбаның түбін тесер.
348. Қонақ атының тоғы игі.
349. Қос атымен қол көбейеді,
Қозымен қой көп көрінеді.
350. Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді.
351. Қу бас айғыр құнанын қажылайды.
352. Құданы – құдай қосады,
Үйірі басқаны нөқта қосады.
353. Құлын даусы құр аттікіндей шығады.
354. Құрық тимес құлын жоқ,
Қырықтық тимес қозы жоқ.
355. Құсы жоққа тұрымтай – сұңқармен тең,
Аты жоққа қотыр тай – тұлпармен тең.
356. Қыздан артық жуан бар,
Аттан артық құлан бар.
357. Қыздың жаманы ат жемдеуге жарайды.
358. Қыз – «қуыршақ» - дейді,
Бала – «құлыншақ» - дейді.
359. Мың асауға – бір тұсау.
360. Мың биенің – борышынан,
Бір құлақтың – тынышы.
361. Өзім ойласам тайлы, құлынды бие тиеді,
Біреуге ойлатсам, аяғым анда-санда бір тиеді.
362. Өмірі зақым жылқы бақсын, үзеңгісін ұзын тақсын.
363. Өнер – жас ұланнан,
Жүйрік тай – құнаннан.
364. Өнер – мінсең ат, ұшсаң – қанат, кісең – жанат, ішсең – тамақ.
365. Өкпелесең, көшке берген тайыңды ал.
366. Салмай жортқан жігіттен, салмай құлындаған бие озар.

367. Саумал ішсең, қымыз жоқ,
Байтал мінсең, құлын жоқ.
368. Сауын саусаң, бие сау,
Боз қырау түспей суалмас.
369. Саяқтың ажалы – қасқырдан.
370. Сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салар?
371. Сенің атың жүре тұрсын,
Менің атым тұра тұрсын.
372. Сиыр бауырынан, жылқы сауырынан жаурайды.
373. Сиыр – судан, түйе – күннен, жылқы – желден, қой – аспаннан
(көктен), ешкі – тастан, адам – топырақтан (жаралған).
374. Сұлу әйел сұлу жылқы сияқты – көздің құрты, жүректің дерті.
375. Сүйегі жылқы малдың тастан қатты.
376. Сүмбіле туса сымпыып, семіреп құлын құнтиып.
377. Сыланған аттың тісі қарымас.
378. Сылбырдың аты шылбырына сүрінер.
379. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
380. Тағасының күмісіне мақтанба,
Атыңның жүрісіне мақтан.
381. Таздың ең жаманы көпір астында жатып ат үркітеді.
382. Тай ат болса, ат тынады,
Ұл ер болса, ата тынады.
383. Тайдың жақсысы атқа ерер,
Аттың жақсысы тайға ермес.
Тай тулап үйірінен кетпес.
384. Тайдың мінгені білінбес,
Баланың істегені білінбес.
385. Тай тулап үйірінен шықпас.
386. Таласқан айғырдың үйірі өседі.
387. Тарта жесең – тай қалар,
Қоя жесең – қой қалар,
Қоймай жесең – не қалар?
388. Таяқ тайға жеткізер,
Тай құнанға жеткізер,
Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
389. Тегін келген аттың тісіне қарама.
390. Тұғырынан саңғыған сұңқар оңбас,
Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас.
391. Тұлпар бітпейді, бітсе кетпейді.
392. Тұлпардан тұяқ қалар,
Сұңқардан қияқ қалар.
393. Тұлпардың оттауы – бір, жусауы – басқа.
394. Тұлпардың өз тұяғы өзіне ем.
395. Тұлпардың ізі бітпейді, тұяғы кетпейді.

396. Тұлпарды алтын тағамен тағаласа,
Есек емексіп аяғын көтереді.
397. Тұлпарды тай шағынан таны.
398. Тұлпар желіде танылады.
399. Тұлпар тулақ болады, орта түссе оясы.
400. Тұлпар түбін табады.
401. Тұлпар шапса жетіледі, сұңқар ұшса жетіледі.
402. Тұмса тұсақ – қызғаншақ, тұмса бие – құлынсақ.
403. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, тасты басса кетілер, сазды басса жетілер.
404. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.
405. Түйе – байлық,
Қой – мырзалық,
Ешкі – жеңілдік,
Жылқы – сәндік,
Сиыр – ақтық.
406. Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді.
407. Тісің тісіңе тимесе – ас,
Аяғың жерге тимесе – ат.
408. Ұлы дүбірдегі ұрыншақ, ұрыншақ болса құлыншақ.
409. Үйірінен айырылған айғыр ат болады,
Көңілді қалдырған ағайын жат болады.
410. Үйіріне жеткенше тұлпар асығады,
Ұясына жеткеше сұңқар асығады.
411. Үйірі басқаны ноқта қосады,
Атасы басқаны Құдай қосады.
412. Ханнан – қазық, биеден – тоқпақ.
413. Шабан атқа қамшы демеу.
414. Шабан ат – өршіл, жаман адам – төршіл.
415. Шабан жылқы ұранды білмес,
Жаман жігіт туғанды білмес.
416. Шеге тағаны сақтайды,
Таға тұлпарды сақтайды,
Тұлпар ерін сақтайды,
Ер елін сақтайды.
417. Шұбар ат мінгеннің – көзі тыныш,
Шұбар қатын алғанның көңілі тыныш.
418. Шүберек тозар, тай озар.
419. Шын батыр құйысқансыз ат мінер.
420. Шын жомарт жоқтығын елемейді,
Шын жүйрік тоқтығын елемейді.
421. Шідерлі ат – өз атың, тұсаулы ат – бос атың.
422. Ылау атты жұрт көргендей тәуір ғып бер,
Болмаса бәрін құртып жауыр ғып бер.

ҚОСЫМША Б

ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.
ҚТФС – Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.
ҚТС – Қазақ тілінің сөздігі.
ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.
ҚТАС – Қазақ тілінің аймақтық сөздігі.
ҚТФС – Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү.
ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі.
ДТС - Древнетюркский словарь.
АТ – «Ана тілі» газеті.
ҚЕ – Қазақ ертегілері.

